



ӨСАБ КАЗАХСТАН

Өндіруші салалар ашықтығы
бастамасын асыру туралы.



ИПДО КАЗАХСТАН

Реализация инициативы
прозрачности добывающих
отраслей в Республике
Казахстан.



EITI KAZAKHSTAN

Implementation of the extractive
industry transparency initiative in
the Republic of Kazakhstan.

ҰЛЛТЫҚ ЕСЕП

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОТЧЕТ

NATIONAL REPORT



МУНАЙГАЗ СЕКТОРЫ
НЕФТЕГАЗОВЫЙ СЕКТОР
OIL AND GAS SECTOR



ТАУ-КЕН СЕКТОРЫ
ГОРНОРУДНЫЙ СЕКТОР
MINING SECTOR

2017



**2017 жылдағы Қазақстан Республикасындағы өндіруші
салалардың қызметінің ашықтығы бастамасының жүзеге
асырылуы туралы**

13-ші ҰЛТТЫҚ ЕСЕП

Жұмысты «Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті» РММ-мен 2018 жылдың 22 маусымында жасалған №75 қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес «UHYSAPAConsulting» ЖШС орындады

МАЗМҰНЫ

	Қысқартулар мен аббревиатуралар тізімі	6
	Келісілген рәсімдерді орындау нәтижелері туралы есеп	8
	2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы	11
I.	Қаражат ағындарын жинақтау және салыстыру, келісілген рәсімдердің орындалуының нақты нәтижелері туралы есеп	11
1.1.	Қазақстан Республикасындағы ӨСАБ	11
II.	ДЕРЕКТЕРДІ САЛЫСТЫРУДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ АМАЛ-ТӘСІЛДЕРІ	13
2.1	Мақсат	13
2.2.	Жұмыстың көлемі	13
2.3.	Салыстырып тексеруді жүргізудің тәсілдемесі	14
III.	2017 ЖЫЛДАҒЫ ӨНДІРУШІ САЛАҒА ШОЛУ ЖАСАУ	18
3.1.	Лицензиялар мен келісімшарттар	18
3.1.1.	Құқықтық негіз және қазыналық тәртіп	18
3.1.2.	Лицензияларды беру	49
3.1.3.	Лицензиялар/келісімшарттар тізілімі	51
3.1.4.	Келісімшарттар және ӨБК бойынша ақпарат	53
3.1.5.	Бенефициарлық құқық бойынша ақпарат	76
3.1.6.	Мемлекеттің өндіруші салаларға қатысуы	78
3.2.	Өндіруші салаларға шолу жасау	93
3.2.1.	Мұнай-газ секторы: қорлар, геологиялық барлау, өндіру және экспорт	93
3.2.2.	Тау-кен секторы: қорлар, өндіру және экспорт	111
3.3.	Өндіруші салалардан келіп түсетін үкімет табыстары	132
3.3.1.	Салықтар мен басқа төлемдер	132
3.3.2.	Заттай нысандағы төлемдер	137
3.3.3.	Тасымалдан түскен табыстар	137
	Мұнай тасымалы	137
	Газ тасымалы	142
	Темір жол тасымалы	145
3.3.4.	Инфрақұрылымды ұсыну және басқа-бас айырбас келісімдері	146
3.3.5.	Мемлекеттік компаниялардың транзакциялары	148
3.4.	Өндіруші салалардан келетін табысты бөлу	150
3.5.	Әлеуметтік шығындар	154
3.6.	Мемлекеттік компаниялардың қазыналық сыңайлы шығындары	154
3.7.	Қазақстандық қамту жөніндегі ақпарат	156
3.8.	Өндіруші сектордың экономикаға қосатын үлесі	156
IV	ЕСЕПТІК ТӨЛЕМДЕРДІ САЛЫСТЫРЫП ТЕКСЕРУ	158
4.1.	Елеулі салықтық және салықтық емес Төлемдер/Түсімдер туралы жиынтық есеп	158
4.1.1.	Салық түсімдері	160
4.1.2.	Табиғи және өзге ресурстарды пайдалану үшін түсімдер	177
4.1.3.	Бюджетке келіп түсетін өзге салықтық емес түсімдер	183
4.1.4.	Кеден төлемдері	195
4.2.	Шетел валютасында бейнеленген төлемдер (АҚШ доллары)	227
4.3.	Салықтар мен бюджетке өзге міндетті төлемдер жиыны	229

4.3.1.	Мұнай-газ секторының төлеушілерінен бюджетке түсетін салық төлемдері	229
4.3.2.	Тау-кен секторы төлеушілерінен бюджетке төленетін салық төлемдері	229
4.4.	Салықтар мен өзге міндетті төлемдерді бюджеттер бойынша бөлу	229
4.5.	Анықталмаған айырмашылықтар деңгейі мен пайызы	230
4.6.	Әлеуметтік сала мен жергілікті инфрақұрылымды дамытуға бағытталған төлемдер туралы жиынтықты есептер	233
4.7.	2018 жылы төленген/келіп түскен 2017 жылдағы Төлеушілер меншігіндегі мемлекеттік үлестер бойынша Төлемдер/Түсімдер туралы Жиынтықты есеп және оларды салыстыру нәтижелері	234
V	ҰСЫНЫСТАР	235

ҚОСЫМШАЛАР

1-3- Қосымша	Шетел валютасында жүзеге асырылған Төлемдер/Түсімдер бойынша есеп нысаны
1-4- Қосымша	2017 жылға арналған Тау-кен секторының әрбір Төлеушісіне ақшалай нысанда айтарлықтай салықтық және салықтық емес Төлемдері / Түсімдері туралы жиынтық есеп нысаны.
1-5- Қосымша	2017 жылға арналған мұнай-газ секторының әрбір Төлеушісіне ақшалай нысанда айтарлықтай салықтық және салықтық емес Төлемдері / Түсімдері туралы жиынтық есеп нысаны.
1-6- Қосымша	2017 жылға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ және тау-кен секторларының Төлеушілерінің айтарлықтай салықтық және салықтық емес Төлемдері / Түсімдері туралы жиынтық есеп.
2-2- Қосымша	Меншіктегі мемлекеттік үлестер бойынша төлемдер/түсімдер туралы жиынтық есеп
3-2- Қосымша	БСК 206114 аударылған қаражатты қоспағанда, әлеуметтік дамуға және жергілікті инфрақұрылымға жұмсалған шығындар туралы жиынтық есеп
4- Қосымша	Квазифискалды шығыстар жөніндегі есеп
5- Қосымша	ЛКТ нысандары жөніндегі есептілік негізінде тазарту құрылысжайларына, жер қойнауының ластану мониторингісіне, әлеуметтік салаға және мамандарды оқытуға жұмсалған қаражат
6- Қосымша	Мұнай-газ және тау-кен секторы бойынша пайдалы қазбалардың түрлерін өндіру және экспорттау көлемдері
7- Қосымша	2017 жылдағы «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ және «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бойынша тасымалдау жөніндегі ақпарат
8- Қосымша	Өндіруші салалар туралы ақпарат
9- Қосымша	Мұнай-газ және тау-кен өндіру секторындағы жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуындағы қазақстандық қамту жөніндегі 2017 жылғы ақпарат
10- Қосымша	Мұнай-газ және тау-кен секторлары компанияларының атауы.
11- Қосымша	Елеулілік туралы мәлімдеме (5 кесте)
12- Қосымша	«БСК 206114 аударылған қаражатты қоспағанда, әлеуметтік дамуға және жергілікті инфрақұрылымға жұмсалған шығындар туралы жиынтық есеп» атты 3-2 қосымшасы бойынша анықталмаған және анықталмаған айырмашылықтар бойынша ақпарат

КЕСТЕЛЕР ТІЗІМІ

1-кесте	Салыстырып тексерілуі тиіс төлемдер мен түсімдер тізімі	15
2-кесте	ӨБК бойынша деректер: қатысушылар, олардың үлестері, шығу елі, келісімшарттар бойынша мәліметтер	71
3-кесте	ӨБК бойынша деректер: инвестициялар, әлеуметтік салаға жұмсалатын шығындар мен салықтар	73
4-кесте	«Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ-ның компанияларға қатысу үлестері	79
5-кесте	Самұрық-Қазына таза активтерінің құны, 2017	79
6-кесте	«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2016-2017 ж. қатысу үлестері	85
7-кесте	Мұнайдың негізгі кен орындары (А+В+С1 категориялы алынатын бастапқы қоры 30 млн.тоннадан асатын (өндіру бойынша деректер жер қойнауын пайдаланушылардың есептілігінен алынған)	94
8-кесте	Өнеркәсіптік өнімді (тауарлар, қызметтерді) шығару көлемі, құндық берілісте, 2016-2017ж., млн.теңге	102
9-кесте	Өнеркәсіптік өнімді (тауарлар, қызметтерді) шығару көлемі, құндық берілісте, аймақтар бойынша, 2016-2017ж. млрд. теңге	102
10-кесте	Тас көмірді мемлекеттер бойынша экспорттау	106
11-кесте	Мемлекеттер бойынша мұнай және газ конденсатын экспорттау	107
12-кесте	Табиғи газды мемлекеттер бойынша экспорттау	111
13-кесте	Қазақстан Республикасының ірі алтын кен орындары	116
14-кесте	Шетелдік инвесторлармен серіктестікте жүзеге асырылатын инвестициялық жоба	119
15-кесте	Тартылатын инвестициялар сомасы	120
16-кесте	2016-2017 ж. KAZMinerals өндірістік қызметі	126
17-кесте	Мыс және полиметаллдар өндіру	126
18-кесте	2016-2017ж. ҚР Ұлттық Қорының түсімдері және пайдаланылуы туралы есеп	134
19-кесте	2017ж. Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорына түсімдер, олардың мемлекеттік бюджет табыстарындағы үлесі	135
20-кесте	Шоғырландырылған бюджеттің (МБ+ ҰҚ), республикалық және жергілікті бюджеттің 2017 жылдағы салықтық түсімдеріндегі өндіруші сектор компанияларының салықтық түсімдерінің үлесі туралы деректер	136
21-кесте	«ҚазТрансОйл» АҚ жүйесі бойынша мұнайды бағыттар және тұтынушылар бойынша мұнайды тасымалдау көлемдері	138
22-кесте	2017ж.мұнайды тасымалдау бағыттары және көлемдері	140
23-кесте	2017 жылдағы «ҚазТрансОйл» АҚ мұнайды тасымалдауға байланысты алынатын деректер туралы деректер	141
24-кесте	2017ж. «ҚазТрансОйл» АҚ салықтары мен тасымалдау бойынша бюджетке төлемдер	142
25-кесте	2017ж. ҚР Ұлттық қорынан мақсатты трансферттерді пайдалану.	150
26-кесте	2016-2017ж. Қазақстан өнеркәсібі құрылымындағы тау-кен өндіруші өнеркәсіп	157
27-кесте	Тау-кен өндіруші өнеркәсіп қызметкерлерінің саны және жұмысбастылардың жалпы санындағы олардың үлесі	157

СУРЕТТЕР ТІЗІМІ

1-сурет	Жер қойнауын пайдалану бойынша интерактивті карта	53
2-сурет	ТШО мұнай және газ конденсатын өндіруі	74
3-сурет	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ға мемлекеттік қатысу құрылымы	81
4-сурет	ҚМГ ҰК еншілес компанияларын иелену құрылымы	82
5-сурет	ҚМГ БӨ активтерін иелену құрылымы	84
6-сурет	«Қазатомпром» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді компаниялары	86
7-сурет	«ҚазМұнайГаз» АҚ берешектерін жабу	92
8-сурет	ҚР облыстары бойынша алынатын теңгерімдік мұнай қорларын бөлу	93
9-сурет	ҚМГ БӨ геологиялық барлау жобалары	97
10-сурет	Геологиялық барлау және іздестірулерді жүргізу бойынша қызметке ТШИ жиынтықты ағыны	97
11-сурет	2010-2017ж. аймақтар қимасындағы тас көмірді өндіру.	98
12-сурет	2007- 2017 ж.мұнай және газ конденсатын өндіру қарқыны	98
13-сурет	Мұнай және газ конденсатын өндірудің негізгі көлемін қамтамасыз еткен компаниялар (2017ж. желтоқсан айындағы деректер).	99
14-сурет	2017 ж.аймақтардағы мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі және өсу қарқыны	100
15-сурет	Табиғи газды өндіру	100
16-сурет	Табиғи газды өндірудің негізгі көлемін қамтамасыз еткен компаниялар (2017 ж.желтоқсан), %	101
17-сурет	2017 ж.аймақтардағы табиғи газды өндіру көлемі және өсу қарқыны	101
18-сурет	2017 ж.мұнай және газ конденсатын импорттаушы топ 10 мемлекет	107
19-сурет	2016-2017ж.табиғи газ экспорты және импорты	109
20-сурет	«ҚазРосГаз» ЖШС газдың жүзеге асырылуының негізгі сызбалары	110
21-сурет	Жалпы әлемдік барланған қорлардағы Қазақстан үлесі	116
22-сурет	2017 ж.аймақтар бойынша жер қойнауын пайдалануға инвестициялар бөлу	119
23-сурет	2017 ж.пайдалы қазбаларға инвестициялар бөлу	118
24-сурет	2017 ж.жер қойнауын пайдалануға салынатын инвестициялар құрылымы	119
25-сурет	2010-2017 ж.аймақтар қимасында алтынды өндіру	122
26-сурет	2010-2017 ж.алтын мен күмісті өндіру	125
27-сурет	2010-1017 ж.аймақтар қимасында темір кендерін өндіру	128
28-сурет	2010-2017 ж.марганец, алюминий және хром кендерін өндіру	129
29-сурет	2014-2017 ж.уранның орташа айлық бағалары	129
30-сурет	2016-2017ж. Ұлттық қорға мұнай-газ секторынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтардан басқа)	133
31-сурет	Магистральды құбырлар сызбасы	139
32-сурет	Қазақстан Республикасының газ құбыры желісі	144

Қысқартулар мен аббревиатуралар тізімі

EITI	Extractive Industries Transparency Initiative
BP	British Petroleum
CRIRSCO	Committee for Mineral Reserves International Reporting Standards
EIA	Energy Information Administration (EIA) — энергия және энергетика туралы ақпаратты жинақтау, талдау және таратуға жауапты, АҚШ федералдық статистикалық жүйесі құрамындағы тәуелсіз агенттік
JSC	Joint Stock Company
KASE	Қазақстан қор биржасы
LSE	Лондон қор биржасы (London Stock Exchange)
NCOC (НКОК)	North Caspian Operating Company (Норт Каспиан Оперейтинг Компани) халықаралық консорциумы
LTD (ЛТД)	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
FATF (ФАТФ)	Ақшаны жылыстатумен күресудың қаржылық амалдарын құрастыру тобы (ФАТФ) Financial Action Task Force on Money Laundering - FATF
СВОП (swop)	Активтерді айырбастау бойынша операциялар
ТКМКҚ	Тау-кен өндіруші және кен-металлургия кәсіпорындары қауымдастығы
АҚ	Акционерлік қоғам
«ҚМГ» АҚ	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
«ҚМГ БӨ» АҚ	«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
«Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ
«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ	«China National Petroleum Corporation–Ақтөбемұнайгаз» АҚ
АПМЗ	Ақтау пластикалық массалар зауыты
БСН	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі
ЖІӨ	Жиынтықты ішкі өнім
ТБК	Тау-кен байыту комбинаты
ТКК	Тау-кен компаниясы
ГБЖ	Геологиялық барлау жұмыстары
ММ	Мемлекеттік мекеме
ББМЖ	Жер Қойнауын Пайдалануды Басқарудың Бірыңғай Мемлекеттік Жүйесі
ҚР ЖҚП ББМЖ БАЖ	ҚР Жер Қойнауын Пайдалануды Басқарудың Бірыңғай Мемлекеттік Жүйесінің Біріктірілген Ақпараттық Жүйесі
ӨСАБ	Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы
«Қазатомпром» ҰАК	«Қазатомпром» ұлттық атомдық компаниясы» АҚ
ҰҚ	Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
ҰБХ	Ұлттық басқарушы холдинг
БЖК	Бюджеттік жіктеу коды
МКК	Мемлекеттік кірістер комитеті
ҚМГИ	Қазақ мұнай және газ институты
ҚПО	Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В..
КТС	Корпоративтік табыс салығы
КС	Статистика комитеті

КҚК	Каспий құбыр консорциумы
ЛКТ	Лицензиялық-келісімшарттық талаптар
ХАТЭА	Халықаралық атом энергетикасы агенттігі (қысқар. ХАТЭА, <i>ағылш. International Atomic Energy Agency</i> , сокр. <i>IAEA</i>)
ЖБ	Жергілікті бюджет
ИДМ	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі
ММҚ	Магистральды мұнай құбырлары
ЭМРМ	Энергетика және минералды ресурстар министрлігі
МЭ	Энергетика министрлігі
ВАК	Ведомствоаралық комиссия
ӨТМ	Өзара түсініктік туралы меморандум
АЕК	Айлық есептік көрсеткіш
ХАС	Халықаралық аудит стандарттары
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ҚМ	Қаржы министрлігі
ПҚТС	Пайдалы қазбаларды табу салығы
ҚКС	Қосылған құн салығы
ҒЗТКЖ	Ғылыми-зерттеулік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
«Ақтөбе» ӘКК» ҰК	«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы
ҮПС	Үстеме пайда салығы
МТҰК	Мүдделі тараптардың ұлттық кеңесі
МХЗ	Мұнай-химия зауыты
ҰХК	Ұлттық холдингтік компания
ӨБТК	Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім
ӨК	Өндірістік компания
ПҚОП	«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС
РБ	Республикалық бюджет
ҚР	Қазақстан Республикасы
ӘКК	Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация
ӨБК	Өнімді бөлу туралы келісім
ЖЖК	Жиынтықты жылдық кіріс
ССКӨБ	Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі
ТТ	Техникалық тапсырма
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ТЭН	Техника-экономикалық негіздеме
ТШО	«Теңізшевройл» ЖШС
ҮМЗ	Үлбі металлургия зауыты

2017 жылы теңгенің орташа мөлшерлі айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 326,00 теңгені құрады

050036, Республика Казахстан
г. Алматы, мкрн. Мамыр-4, д. 14

Тел +7 727 380 01 82
+7 727 380 02 95
Факс +7 727 380 01 57

Email office@uhy-kz.com
Web www.uhy-kz.com

14, Mamyр-4, Almaty
050036, Republic of Kazakhstan

Tel +7 727 380 01 82
+7 727 380 02 95
Fax +7 727 380 01 57

Email office@uhy-kz.com
Web www.uhy-kz.com

Келісілген рәсімдердің орындалу нәтижелері туралы есеп

ӨСАБ секретариаты мен Қазақстан Республикасындағы ӨСАБ-тың жүзеге асырылуы бойынша Мүдделі тараптардың ұлттық кеңесінің мүшелеріне:

Біз 2017 жылғы Өндіруші салалардың ашықтық бастамасын (ӨСАБ) іске асыру туралы ұлттық есепті әзірлеу үшін берілген Техникалық тапсырма (ТТ) талаптарына сәйкес, Мұнай-газ және Тау-кен секторлары Төлеушілерінің және Төлем алушылардың деректерімен ұсынылған «Елеулі салықтық және салықтық емес Төлемдер/Түсімдер туралы есепті» және салық төлемдері МТҰК тарапынан елеулі деп танылған «Жер қойнауын пайдаланушылар бойынша қоғамдық маңызы бар мақсаттар үшін тағайындалған Төлемдер/Түсімдер туралы есепті» салыстырып тексердік.

Салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің алушысы (бұдан әрі – «Төлем алушы»):

- Қазақстан Республикасы (ҚР) Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті – салық төлемдері, сондай-ақ кедендік төлемдерді қоса, бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша.

Салыстырып тексерудің мақсаты – Қазақстан Республикасында ӨСАБ-ын іске асырумен байланысты 2017 жылы мемлекетке өндіруші салалардан келіп түскен төлемдер/түсімдер жайлы ақпараттың толықтығын, анықтығын және қолжетімдігін қамтамасыз ету.

Салыстырып тексеру ҚР Үкіметі, ҚР Парламентінің депутаттары, өндіруші салаларда қызмет ететін компаниялардың және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері 2013 жылғы 9 қазанда қолын қойған ӨСАБ-ын іске асыру жөніндегі ӨСАБ Өзара түсіністік меморандумының (бұдан әрі – ӨТМ) және Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті» РММ-мен жасалған 2018 жылғы 22 маусымдағы мемлекеттік сатып алу туралы № 75 шарттың негізінде жүргізілді.

Салыстырып тексеру ілеспе қызметтерге қатысты қолданылатын Халықаралық Аудит Стандарттарына (ХАС) (ІҚКХС 4400 «Қаржы ақпаратына қатысты келісілген рәсімдерді орындау бойынша келісім») сәйкес жүргізілді. Келісілген рәсімдерді орындау туралы келісім деректерді тексеруден, талдаудан және оларды бастапқы құжаттармен, салық төлеушілердің дербес шоттарының деректерімен, Төлем алушының есептерімен салыстырудан, валютаны қайта есептеуден тұрған. Осыларға сәйкес аудиттің мақсаты бойынша пікірді білдірудің жеткілікті деректері мен дәлелдерін алу үшін салыстырып тексеру орындалды.

Салық төлеуші ақпаратының сапасы мен анықтығы үшін жауапкершілікті Төлеушінің бірінші басқарушысы немесе тиісті өкілеттіктер табыс етілген және қол қою құқығы бар өкілі, сондай-ақ қаржы-экономикалық қызметтің жетекшісі көтереді. Төлем алушы ақпаратының сапасы мен анықтығы үшін жауапкершілікті тиісті Уәкілетті мемлекеттік органның және/немесе ұйымның жетекшісі көтереді.

Салыстырып тексеру Төлеушілер ұсынған есептердің Төлем алушының деректерімен салыстырып тексеруді растайтын дәлелдерді тестілеу негізіндегі тексерістен тұрады.

Біз келесі рәсімдерді орындадық:

- БМБЖ БАЖ порталынан тиісті мемлекеттік органдардан және ӨСАБ есептілігіне қатысқан өндіруші компаниялардан келіп түскен түсімдер және төлемдер бойынша толтырылған есептерді алдық;
- Бюджетке түскен түсімдерді өндіруші компаниялардың 2017 қаржы жылындағы төлемдермен салыстырдық;
- Өндіруші компаниялар мен мемлекеттік органдардың есептеріне енгізілген сомалар арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда:
 - кездесулер, электрондық хабарламалар және қоңырау шалу арқылы өндіруші компаниялар мен мемлекеттік органдардан әр айырмашылық бойынша себептерді анықтадық;
 - мүмкіндігінше, өндіруші компаниялар мен мемлекеттік органдардың айырмашылықтар бойынша ұсынған түсіндірмелерін дербес шоттардан бюджетпен есеп айырысу жағдайы бойынша алынған үзінді көшірмелер, төлем тапсырмалары, чектер, салыстыру актілері сияқты растаушы құжаттармен салыстырып тексердік;
 - әр айырмашылық бойынша соманы және ұсынылған растаушы құжаттарды сипаттап бердік;
 - барлық анықталмаған айырмашылықтарды біріктіріп, IV «Елеулі салықтық және салықтық емес төлемдер/түсімдер туралы жиынтық есеп» бөлімінде сипаттама бердік, салық сомасынан анықталмаған айырмашылықтардың пайызын анықтадық та, ақпараттың бұрмалануына әкелген әсердің қаншалықты елеулі екендігіне баға бердік.

Келесідей орындалған жұмыстардың– Төлеушілер мен Төлем алушы ұсынған есептерді жинау, салыстырып тексеру, талдау және жинақтау; Төлеушілерден де, Төлем алушыдан да сұралған бастапқы құжаттарды, дербес шоттарды және өзара есеп айырысуды салыстыру актілерін зерттеу, оларды талдау және салыстыру, айырмашылықтарының себептерін анықтаудың нәтижесінде Төлеушілер мен Төлем алушы берген 2017 жылғы есептердің бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес жасалды деген қорытындыға келдік. Анықталған айырмашылықтарға түсініктеме және сипаттама берілді.

ТТ талаптарына және жаңа ӨСАБ стандарттарына сәйкес, ұлттық есепке III тарауда өндіруші салаларда әрекет ететін құқықтық негізді және қазыналық тәртіпті сипаттайтын өндіруші секторға шолу (мәнмәтіндік ақпарат), өндіруші салалардың сипаттамасы, өндіру және экспорт көлемі, экспорт бағыттары, өндіруші салалардың 2017 жылы экономикаға қосқан үлесі, мемлекеттің өндіру салаларына қатысуы туралы, сондай-ақ табыс пен шығынды басқару бойынша, лицензиялау үдерісі мен тізілімі туралы, сондай-ақ бенефициарлық құқық пен келісімшарттар бойынша ақпарат енгізілген.

Тәуелсіз аудитордың есебі
3-бет

Орындалған жұмыстың нәтижесі - өндіруші салаларды шолудан және МТҰК-мен бекітілген ТТ-ның талаптарына сәйкес 2017 жылғы елеулі салықтық және салықтық емес Төлемдерді/Түсімдерді салыстырып тексеруден тұратын 2017 жылғы 13-ші Ұлттық есептің жасалуы болды.

**Бас директор,
ҚР аудиторы:**
1997 жылғы 02 мамырда берілген
№ 0318 біліктілік куәлігі

**Жобаның жетекшісі:
ҚР аудиторы:**

ҚР аудиторы:
2015 жылғы 18 ақпанда берілген
№ МФ-0000238 біліктілік куәлігі



Т.Е.Нұрғазиев

М.Ш. Ілиясов

С.А. Сейтмағзымова

Күні 2018 жылғы «26» қазан

ҚР, Алматы қ., Мамыр-4 ы.а., 14 үй

ӨНДІРУШІ САЛАЛАРДЫҢ АШЫҚТЫҒЫ БАСТАМАСЫ

2017 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЕСЕП

I. ҚАРАЖАТ АҒЫНДАРЫН ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРУ, КЕЛІСІЛГЕН РӘСІМДЕРДІҢ Орындалуының нақты нәтижелері туралы есеп

1.1. Қазақстан Республикасындағы ӨСАБ

Қазақстанда ӨСАБ-ты жүзеге асыру президент Н.Ә.Назарбаев тиісті мәлімдемені жариялаған сәттен бастап, 2005ж. бері жүзеге асырылуда.

Үкіметтің ҚР ИДМ қағидаларын бекіту туралы 19.09.2014ж. №995 (2-тарау, 12-тармақ, 73) тармақша) Қаулыға сәйкес, ҚР ИДМ функцияларымен Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасын (бұдан әрі –ӨСАБ) жүзеге асыру қарастырылған. Тиісінше ҚР ИДМ ГЖҚК қағиларымен де осы функция қарастырылған.

Қазақстанда ӨСАБ бойынша қызметті Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек басқаратын Мүдделі тараптардың Ұлттық кеңесі үйлестіреді. Оның құрамына Мәжіліс депутаттары, ИДМ, ЭМ, ҚМ, мұнай-газ және кен-өндіруші сектор компанияларының, сонымен қатар, азаматтық қоғам өкілдері (негізгі үш мүшеден және 3 алмастырушы мүшеден) кіреді. Жұмыс органы – ҚР ИДМ ГЖҚК РҒАО-дағы Секретариат.

Жүзеге асыру кезеңінде әзірленуі мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын 12 ұлттық есеп шығарылды.

Заңнамалық негіз. Жер қойнауы және жер қайнауын пайдалану туралы Кодекстің 76-бабы, 3-тармағы. Кен іздеушілікті және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды қоспағанда, пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар құзыретті органға ӨСАБ стандартында көзделген, «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудитор болып табылатын тұлға растаған есептілікті ұсынуға міндетті.

Осы есептілік нысаны мен оны толтыру бойынша нұсқаулықты Қазақстан Республикасындағы өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы стандартын жүзеге асыруға құзіретті мемлекеттік орган әзірлейді және бекітеді.

Мемлекет үшін ӨСАБ мақсаты – елдің табиғи ресурстарын басқарудағы ашықтықты қамтамасыз ету және өндіруші сектордан келетін мемлекеттік кірістерді ашу. Стандарттың әсер ету тетігі – өндіруші компаниялардың төлемдер туралы ақпаратты жариялауында, ал үкіметтің түсімдердің сомаларын халыққа жариялауында. Бұл деректер жыл сайын ӨСАБ ұлттық есебінде салыстырылады және халықаралық сарапшылармен бірге жүргізіледі. Үдерісті МТҰК бақылайды. МТҰК-тің барлық шешімдері консенсус негізінде қабылданады.

2013 жылы Халықаралық ӨСАБ өкілдері валидация нәтижесі бойынша Қазақстанға ӨСАБ-ның барлық талаптарына сай келетінің анықтап оң баға берді және «ӨСАБ жалғастырушы елдер» атағын берді (*Халықаралық ӨСАБ Басқармасының 25-ші отырысының хаттамасы <http://eiti.geology.gov.kz/ru/homepage/normative-base>)*

2014 жылдан бастап Қазақстанның жер қойнауын пайдаланушы компаниялары (салық төлеушілер) бойынша есептілікті онлайн БМБЖ порталы арқылы ұсыну енгізілген. ҚР Қаржы министрлігінің деректерімен (салықтарды алушы) келісу автоматты түрде жүргізіледі және әр компания үшін бөлшектелген ақпараттарды қоса алғанда, соңғы салыстырып тексеру туралы есептер веб-сайтта барлық мүдделі тұлғаларға онлайн түрде қарауға болады http://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/ipdo/appendix_1_5.jsf?faces-redirect=true

Графикалық-аналитикалық сипатқа ие, елдегі ӨСАБ-тың жүзеге асырылу тарихы, соңғы 5 жылдағы төлемдер қарқыны, тау-кен және мұнай-газ секторларының үлесі, аймақтар бойынша табыстардың бөлінуі, әлеуметтік инвестициялар, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бейнеленген ӨСАБ есебінің кеңінен таралған нұсқасы әзірленген <http://eiti.geology.gov.kz/ru/national-reports>.

2015 жылдан бастап барлық пайдаланушыларға қол жетімді, БМБЖ порталы арқылы онлайн режимінде өңірлерді әлеуметтік дамыту үшін жер қойнауын пайдаланушылар компанияларының шығындар туралы есептер енгізілді. Жер қойнауын пайдаланушы-компаниялардың өңірлерді әлеуметтік дамытуға жұмсаған шығындары бойынша деректерді және аталған қорларды пайдаланған әкімдіктердің деректерін салыстыру жүргізілуде. Әлеуметтік инвестицияларды салыстыру бойынша қорытынды есеп Ұлттық ӨСАБ сайтында қол жетімді түрде көрсетілген.

2017 жылы ӨСАБ-тің мемлекеттік деректерді мониторингке енгізу жүйесі - «Маинстриминг» жүйесіне кіріктіру бойынша пилоттық зерттеу аяқталды, оның мәні қолжетімді ашық деректерді ескере отырып, компаниялардың және Үкіметтің бұрыннан бар есептерімен ӨСАБ есептеріндегі деректердің қайталануын болдырмау болды.

ӨСАБ қағидаларына сәйкес, ендіруші мемлекеттер әрбір 3 жыл сайын ӨСАБ стандартына сәйкестілікке валидациядан өтеді.

2017 ж. Қазақстан кезекті валидация үдерісінен өтті. 2018 ж. 13-14 ақпанда Осло қ. (Норвегия) ӨСАД Халықаралық Басқармасының 39-жиналысы барысында Қазақстанға қатысты мәртебе бойынша шешім қабылданды. ӨСАД Халықаралық Басқармасы Қазақстан ӨСАД-ты енгізуде елеулі ілгері басушылыққа қол жеткізді деп шешті, бұл ретте ӨСАД-ты әрі қарай енгізуді жақсарту үшін бірқатар ұсыныстар берілді <http://eiti.geology.gov.kz/ru/validation>.

II. Деректерді салыстырып тексерудің тәсілдемесі

2.1 Мақсаты

Салыстырып тексерудің мақсаты – Қазақстан Республикасында ӨСАБ-ын іске асыруға байланысты, мемлекетке 2017 жылы өндіруші салалардан келіп түскен төлемдер/түсімдер жайлы ақпараттың толықтығын, анықтығын және қолжетімдігін қамтамасыз ету.

2.2. Жұмыс көлемі

Салыстырып тексеру кассалық есеп жүргізу әдісінің негізінде жүргізілді. Жұмыс жүргізу кезінде біз тиісті мемлекеттік органдардан және өндіруші компаниялардан алған есептерге, ақпаратқа және мәлімдемелерге сүйендік. Біз осындай ақпараттың нақтылығына немесе толықтығына қатысты ешқандай растама бермейміз. Компаниялардың және мемлекеттік органдардың ұсынған есептерінде көрсетілмеген төлемдер бар болса, және біз оларды басқа жолмен анықтамасақ, демек, біз қолданған шаралар оларды анықтау үшін жеткіліксіз болды.

Осы есеп ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде жасалған. 3 тілді нұсқаларда айырмашылықтар немесе қарама-қайшылықтар анықталған жағдайда, орыс тілді нұсқасы басым күшке ие болады.

Осы есеп оған қоса берілген қосымшалармен бірге қаралуы тиіс. Осы есептегі сомалардың барлығы, өзгесі көрсетілмеген жағдайда, мың теңгемен көрсетілген.

Салыстырып тексеру мұнай газ және тау-кен секторларының компанияларының, сонымен қатар, МТҰК бекіткен мұнай газ секторы үшін елеулілік шегі 1000 млн.теңге және тау-кен секторлары үшін 100 млн.теңгені құрайтын (2015ж. 10 наурыздағы №52 хаттама) пайдалы қазбаларды тасымалдау секторының компанияларының тізбесіне сәйкес, тізілім бойынша (ТТ-ның 10-қосымшасы (7.2 тарауды қараңыз)) жүзеге асырылады.

Төлеушілер мен алушылардың деректерін салыстырып тексеруден елеулілік шегі белгіленген компаниялар өтті. 2017 жылдың қорытындысы бойынша ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті МТҰК бекіткен елеулілік шегімен салыстырып тексеру үшін компаниялар тізбесін анықтау мақсатында мұнай-газ және тау-кен секторларының төлеушілерінен түскен түсімдердің сомалары сұратылды. Мұнай-газ секторы бойынша 181 төлеушілерден, МТҰК белгілеген елеулілік шегі жылына 1 млрд.теңгеден асатын 72 компаниядан түскен табыстардың жалпы сомасы мұнай-газ секторы бойынша барлық табыстардан 99,56% құрады.

Тау-кен секторы бойынша 369 төлеушілерден, МТҰК белгілеген елеулілік шегі жылына 100 млн.теңге құрайтын 90 компаниялардың табыстарының жалпы сомасы тау-кен секторы бойынша барлық табыстардың 99,53 % -нан астамын құрады.

Салықтар мен бюджетке өзге төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді орындауды Төлеушілер «Салықтар және бюджетке өзге міндетті төлемдер туралы» Кодекске және ҚР Үкіметімен жасалған жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Ұлттық есеп 2016ж. ӨСАД Стандарты талаптарына сәйкес дайындалған.

2.3. Салыстырып тексеруді жүргізудің тәсілдемесі:

- Тиісті құжаттарды, соның ішінде, атап айтқанда, бухгалтерлік есеп қағидаттарын және есептілік үлгілері үшін белгіленген рәсімдерді қарау және ӨСАБ Хатшылығымен талқылау арқылы Қазақстан Республикасы үшін белгіленген ӨСАБ рәсімдерінің толық түсініктемесін алу;

- Төлеушілерден және Төлем алушылардан келіп түскен алымдар мен төлемдер туралы есептіліктің толтырылған үлгілерін алу және тексеру;
- Төлеуші жасаған төлем сомасы мен Төлем алушы алған сома арасында айырмашылықтар анықталған кезде, қосымша ақпарат әр түрлі мемлекеттік органдар мен өндіруші компаниялардан сұралды.

2017 жылғы ӨСАБ аясында деректерді салыстырып тексеру және есепті әзірлеу үшін 2017 қаржы жылында жүзеге асырылған мемлекеттік түсімдер мен компаниялардың төлемдері бойынша есептердің келесі үлгілері қолданылды:

- Төлеушілер/Төлем алушылар толтыратын салықтық және салықтық емес төлемдер бойынша есеп үлгісі: онда компаниялардың мемлекеттік органдарға төлеген төлемдері көрсетілген (ТТ-ның 1-қосымшасы);
- АҚШ долларымен жасалған төлемдер бойынша үлгі (Төлеуші үшін ТТ-ның 1-1-қосымшасы, Төлем алушы үшін ТТ-ның 1-2-қосымшасы);
- БСК 206114 бойынша аударылған қаражаттан басқа, келісімшарт міндеттемелері (ЛКМ) аясында әлеуметтік даму және жергілікті инфрақұрылымға жұмсалған шығындар бойынша үлгі (ТТ-ның 3-қосымшасы).
- 2017 жылғы Әлеуметтік даму және жергілікті инфрақұрылымға жұмсалған шығындар бойынша үлгі (ТТ-ның 3-1-қосымшасы);
- Қазыналық сыңайлы органдар бойынша есеп (ТТ-ның 4-қосымшасы);
- Меншіктегі мемлекеттік үлестер (дивидендтер) бойынша төлемдер бойынша үлгі (Төлеушілер үшін ТТ-ның 2-қосымшасы, Төлем алушылар үшін ТТ-ның 2-1-қосымшасы);
- Әр Төлеуші бойынша Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау бойынша есеп комитеті ҚР Қаржы министрлігінде өткізген тексеріс негізінде расталған барлық Төлем алушылардың түсімдері туралы әр Төлеуші бойынша шоғырландырылған есептер;
- Техникалық тапсырмада көзделген өзге қосымшалар.

Мемлекеттік органдардың да, өндіруші компаниялардың да есептерінде ұсынылған төлемдердің түсіндірмелері алынды және қаралды.

Мүмкіндігінше, тексеріс барысында анықталған айырмашылықтар бойынша түсіндірмелердің растамасы алынды. Барлық анықталған айырмашылықтар растаушы құжаттамамен бекітілді. Бұдан әрі жақсарту үшін барлық күрделі мәселелер мен аймақтар ескерілді.

Әр анықталған айырмашылық бойынша келесі рәсімдер орындалды:

- Төлеуші және Төлем алушы берген ақпарат ТТ-ның 1-қосымшасында көрсетілген сомаларға сәйкес келетіндігін растау. Төлеушіден және Төлем алушыдан анықталған кез-келген айырмашылықтарға қатысты түсіндірме алу;
- Осындай айырмашылықтар анықталған сомалар бойынша растаушы құжаттамаға бұдан әрі сұрау салу;
- Айырмашылықтар жоқ болған жағдайда, ешқандай шаралар қолданылмаған.

Қосымша анықтауды қажет ететін баптар үшін келесі рәсімдер орындалды:

- Айырмашылыққа әкелуі мүмкін транзакцияларды анықтау үшін берілген төлемдер мен нұсқаулықтардың егжей-тегжейі нақтыланды;

- Кездесулер, электрондық хабарламалар және қоңырау шалу арқылы тиісті компаниялар мен мемлекеттік органдардан анықталған айырмашылықтар бойынша түсініктемелер алынды;
- Елеулі айырмашылықтардың барлығы сандық тұрғыдан анықталып, IV «Елеулі салықтық және салықтық емес төлемдер туралы жиынтық есеп» бөлімінде келтірілген.

1-кесте. Салыстыруға жататын салықтар мен төлемдер

№ р/н	Салық немесе төлем түрі	Бюджеттер бойынша бөліну
1	Корпоративтік табыс салығы, КТС	РБ/ ҰҚ
2	Жеке табыс салығы, ЖТС	ЖБ
3	Әлеуметтік салық	ЖБ
4	Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер мүлкіне салынатын салық	ЖБ
5	Жер салығы	ЖБ
6	Заңды тұлғалардан ұсталатын көлік құралдарының салығы	ЖБ
7	Қосылған құн салығы (ҚҚС)	РБ
8	Акциздер	РБ
9	Өзге салық түсімдері	РБ/ ЖБ
10	Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына, көмірге рента салығы	РБ/ ҰҚ
11	Үстеме пайда салығы	РБ/ ҰҚ
12	Бонустар	РБ/ ҰҚ
13	Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	РБ/ ҰҚ
14	Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі	РБ/ ҰҚ
15	Өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі	РБ/ ҰҚ
16	Республикалық (жергілікті) маңыздылығы бар қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану төлемі	РБ/ ЖБ
17	Жер учаскелерін пайдалану төлемі	ЖБ
18	Қоршаған орта эмиссиялары төлемі	ЖБ
19	Тарихи шығындардың орнын өтеу төлемі	РБ
20	Радиожиілікті спектрді пайдалану, кеме жүретін су жолдарын, жер бетіндегі көзден шығатын су ресурстарын, орман алқаптарын пайдалану төлемдері	РБ
21	Мұнай секторы ұйымдардың зиянның орнын өтеу туралы арыз-талаптары бойынша табиғатты пайдаланушылардан алынатын қаражат	РБ
22	Орталық мемлекеттік органдар, олардың аймақтық бөлімшелері мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, ықпалшаралар, өндіріп алулар	ҰҚ
24	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің мұнай секторы ұйымдарына салатын өзге өсімпұлдары, айыппұлдары, ықпалшаралары, өндіріп алулары	ҰҚ
25	Мұнай секторы ұйымдарынан алынатын түсімдерді	РБ

№ р/н	Салық немесе төлем түрі	Бюджеттер бойынша бөліну
	қоспағанда, зиянның орнын өтеу туралы арыз-талаптар бойынша табиғатты пайдаланушылардан алынған қаражаттар	
26	Мұнай секторы ұйымдарынан өзге салықтық емес түсімдер	ҰҚ
27	Мұнай секторы ұйымдарынан түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджетке өзге салықтық емес түсімдер	РБ
28	Мұнай секторы ұйымдарынан өзге салықтық емес түсімдер	ҰҚ
29	Жер қойнауын пайдаланушылардың аймақты әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға басқа аударымдары	ЖБ
30	Кеден баждары	РБ
31	Кеден бақылауы мен кеден рәсімдерін жүзеге асырудан түсімдер	РБ
32	Арнайы қорғаныстық, демпингке қарсы және өтемақы баждары	РБ
33	Меншіктегі мемлекеттік үлестер бойынша төлемдер (дивиденттер) бойынша есеп (ТТ 2-қосымшасы)	
34	Меншіктегі мемлекеттік үлестер бойынша төлемдер (дивиденттер) бойынша есеп (ТТ 2-1 қосымшасы)	

Республикалық, жергілікті және Ұлттық қорға түсімдерді бөлу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №404 «Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты мен Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады ¹ (04.12.2015 жылдағы қалпы бойынша өзгерістер және толықтырулармен қоса) <http://eiti.geology.gov.kz/ru/homepage/normative-base>

Салыстыруға жатпайтын деректер тізімі:

- Заттай нысандағы төлемдер жүзеге асырылмағандықтан, заттай нысанда жүзеге асырылатын төлемдер бойынша үлгі (ТТ-ның 1-3 қосымшасы);
- Қазыналық сыңайлы органдар бойынша есеп (ТТ-ның 4-қосымшасы);
- ЛКТ үлгілері бойынша есептілік негізінде тазартқыш имараттарға, жер қойнауының ластануына мониторинг жүргізуге, әлеуметтік салаға және мамандарды оқытуға бағытталған қаражат бойынша үлгі (ТТ-ның 5-қосымшасы);
- Мұнай-газ және тау-кен секторларының пайдалы қазбалардың түрлері бойынша өндірісі мен экспортының көлемдері (ТТ-ның 6-қосымшасы);
- Тасымал жайлы мәліметтердің, соның ішінде: өнім/тауар (тауарлар); тасымал бағыты (бағыттары) және тасымалға тартылған ГҚ-ын қоса, тиісті компаниялар мен мемлекеттік ұйымдар сияты деректердің сипаттамасы (ТТ-ның 7-қосымшасы);

¹<http://eiti.geology.gov.kz/ru/homepage/normative-base>

- Тасымал бойынша төленген салық пен бюджетке төленетін басқа да төлемдер. Қызметтің осы түрі бойынша оларды есептеу үшін компания қолданатын әдіснаманың сипаттамасы (ТТ-ның 7-қосымшасы);
- Тарифтік мөлшерлемелер мен тасымалданатын тауарлар көлемін жариялау (ТТ-ның 7-қосымшасы);
- Мұнайды, газды және минералдық ресурстарды тасымалдаумен байланысты түсетін табысты жариялау (ТТ-ның 7-қосымшасы);
- Өндіруші салалардың абсолюттік түрдегі және ЖІӨ пайызы түріндегі көлемі (ТТ-ның 8-қосымшасы);
- Өндіруші салалардан келіп түсетін абсолютті бірліктер түріндегі және үкіметтің жиынтық табысының пайызы түріндегі үкіметтің жиынтық табысы (салық, роялти, бонустар, комиссиялық және өзге төлемдерді қоса алғанда) (ТТ-ның 8-қосымшасы);
- Абсолютті бірліктер түріндегі және жалпы экспорттың пайызы түріндегі өндіруші салалардың экспорт көлемі (ТТ-ның 8-қосымшасы);
- Өндіруші салалардағы абсолютті бірліктер түріндегі және жұмысбастылықтың жалпы көлемінің пайызы түріндегі жұмысбастылық (ТТ-ның 8-қосымшасы);
- Мұнай-газ және тау-кен секторларының жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуындағы қазақстандық қамту бойынша ақпарат (ТТ-ның 9-қосымшасы);
- Салыстырып тексеруден өтуі тиіс жер қойнауын пайдаланушылардың тізімі (ТТ-ның 10-қосымшасы).

III. 2017 ЖЫЛДАҒЫ ӨНДІРУШІ СЕКТОРҒА ШОЛУ

3.1. Лицензиялар мен келісімшарттар

3.1.1 Құқықтық негіз және қазыналық тәртіп (2.1)

Құқықтық негіз

2017 ж. желтоқсан айында қабылданған **Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексі** жер қойнауын пайдалану туралы заңнамадағы елеулі өзгерістерге алып келді:

1. Жер қойнауын пайдалануға құқықты ұсыну. Қатты пайдалы қазбаларға (ҚПҚ) қатысты лицензиялық жүйе енгізілді, бұл ретте келісімшарт, жер қойнауын пайдалану құқығының пайда болуының құқықтық аспабы ретінде, көмірсутектер (КСШ) мен уранға қатысты сақталған. Лицензияны беру туралы өтінішті құзіретті орган 10 жұмыс күні ішінде қарастыратын болады, ал жер қойнауын пайдалануға келісімшартты жасау мерзімі 40 күнге дейін қысқартылған.

ҚПҚ-ға жер пайдалану құқығы конкурстық емес негізде, мүдделі тұлғаның өтініші бойынша лицензияны беру жолымен берілетін болады:

- 1) 3 жылдан кем мерзімге жер қойнауын геологиялық зерттеуге;
- 2) 6 кезекті жылдарға ҚПҚ барлауға;
- 3) 25 кезекті жылдан аспайтын мерзімге ҚПҚ өндіруге;
- 4) 10 кезекті жылдан аспайтын мерзімге кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге;
- 5) 25 кезекті жылдан аспайтын мерзімге жер қойнауын кеңістігін пайдалануға;
- 6) 3 жыл мерзімге алтын іздеушілікке.

Аукцион негізінде жер қойнауын пайдалану құқығы **келісімшарт жасау жолымен** ұсынылатын болады:

- 1) КСШ барлау мен өндіруге 6 кезекті жылдан аспайтын мерзімге, ал теңіз қойнауы учаскесінде немесе күрделі жобалар бойынша – 9 жылдан аспайтын мерзімге (мұндай келісімшарттың талаптары КСШ үйлестіре барлау мен өндіруге арналған қолданыстағы келісімшарттың талаптарынан толықтай ерекшеленетін болады);
- 2) КСШ өндіру 25 жылдан аспайтын мерзімге, ал ірі және бірегей кен орындарында - 45 жылдан аспайтын мерзімге;
- 3) уранды өндіруге 25 жылдан аспайтын мерзімге, оның ішінде тәжіибелік-өнеркәсіптік өндіру кезеңі бар.

Осылайша, КСШ бойынша келісімшарттардың үш түрінің («барлау», «өндіру», «үйлестіре барлау және өндіру») орнына жаңа кодекс барлау кезеңінің аяқталуының және дайындық кезеңі мен өндіруге өтудің нақты шарттарын белгілей отырып екі түрді («барлау және өндіру» және «өндіру») қарастырады.²

² Жазу кезінде М.Досов, Б.Құжатов мақаласының негізгі ережелері алынды, “Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР жаңа кодексінің негізгі ережелеріне шолу жасау. PwC. https://forbes.kz/process/expertise/obzor_klyuchevyih_polojeniy_novogo_kodeksa_rk_o_nedrah_i_nedropol_zovaniy/

2. Жер қойнауын пайдалану келісімшарты

Жоғарыда аталып өткендей, жер қойнауын пайдалану келісімшарты көмірсутектерді барлау және өндіру немесе өндіру үшін, сонымен қатар, уранды өндіру үшін жасалады. Жер қойнауын пайдалану келісімшартында қамтылатын міндетті шарттар қатарына мыналар кіреді:

- 1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түрі;
- 2) келісімшарттың қолданылу мерзімі;
- 3) жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) шекаралары;
- 4) жер қойнауын пайдаланушының жұмыс (қосымша жұмыстар) бағдарламасында көзделген жер қойнауы учаскелеріндегі жұмыстар көлемі мен түрлері бойынша міндеттемелері;
- 5) **жер қойнауын пайдаланушының қазақстандық кадрларды өндіру кезеңінде оқытуды қаржыландыруы жөніндегі міндеттемелері;**
- 6) жер қойнауын пайдаланушының кадрлардың жергілікті қамтуының ең төмен үлесі жөніндегі міндеттемелері;
- 7) жер қойнауын пайдаланушының осы Кодекстің талаптарына сәйкес келетін жұмыстардағы және көрсетілетін қызметтердегі, оның ішінде көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган бекітетін, басым жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесіне енгізілген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер түрлері бойынша жергілікті қамту үлесі жөніндегі міндеттемелері;
- 8) жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жөніндегі міндеттемелері;
- 9) **жер қойнауын пайдаланушының өндіру кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және ғылыми-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар бойынша міндеттемелері;**
- 10) **жер қойнауын пайдаланушының өндіру кезеңінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстары бойынша міндеттемелері;**
- 11) жер қойнауын пайдаланушының және оның мердігерлерінің көмірсутектер және уран өндіру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын көмірсутектерді барлау немесе өндіру және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін сақтауы жөніндегі міндеттемелері;
- 12) жер қойнауын пайдаланушының осы Кодекспен келісімшарттық міндеттемелерге жатқызылатын көмірсутектерді барлау және өндіру бойынша базалық жобалау құжаттары көрсеткіштерінің бұзылуын, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының және (немесе) оның мердігерлерінің көмірсутектерді барлау немесе өндіру және уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың белгіленген тәртібін сақтауы бойынша міндеттемелерді бұзушылығын қоса алғанда, келісімшарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауаптылығы;
- 13) жер қойнауын пайдалану құқығы берілген өзге де шарттар.

3. Жобалық құжаттар

Кодекс пайдалы қазбалардың түріне байланысты жобалық құжаттардың құрамы және түрлері бойынша өзгерістерді қарастырады.

Кодексте міндеттердің орындалуына мониторингті жүзеге асыру кезінде индикаторлар болып саналатын жобалық құжаттардағы бірқатар техника-экономикалық көрсеткіштерге ерекше назар аударылған.

КСШ бойынша жобалық құжаттар екі топқа бөлінген: базалық және техникалық. Бекітілген жобалық құжаттардың болуы енді КСШ бойынша жер қойнауын пайдалану шартын жасасудың шарттарының бірі болып саналмайды, бұл келісімшартты жасау рәсімін айтарлықтай жеңілдетеді. Осындай жобалық құжаттарды дайындау келісімшартты жасасқаннан кейін жүзеге асырылатын болады.

4. Жер қойнауын пайдаланушының міндеттері

Жоғарыда келісімшарттағы жер қойнауын пайдаланушының барлық міндеттері тізбектеліп айтылған, жер қойнауын пайдаланушының міндеттері бөлігінде өзгерістер қарастырылғанын айта кеткен жөн.

Әлеуметтік міндеттемелер

Кодекс КСШ барлау мен өндіру келісімшарттары бойынша барлау кезеңінде келесіге аударымдар төлеу бойынша жер қойнауын пайдаланушының міндеттерін алып тастады:

- оқыту;
- аймақты әлеуметтік-экономикалық дамыту;
- ҒЗТКЖ.

Бұл міндеттемелер КСШ және уранды өндіру кезеңінде ғана туындайды.

Жұмыс бағдарламасы және жобалық құжаттар

Кодекске сәйкес, КСШ барлау мен өндіру келісімшартының ажырамас бөлігі болып барлау кезеңінде жұмыстардың көлемі, сипаттамасы және орындау мерзімі бойынша ортақ ең төмен көрсеткіштерді қамтитын жұмыстар бағдарламасы саналатын болады. Барлау кезеңіндегі ҚПҚ бөлігінде, қол қойылатын бонус пен жер учаскелерін пайдалану ақысын төлеу бойынша жер қойнауын пайдаланушының міндеттерінен басқа, операцияларға жұмсалатын жыл сайынғы ең төмен шығындар бойынша міндеттемелердің мөлшері белгіленген. Жыл сайынғы ең төмен шығындар пайдалы қазбалардың блоктар санына байланысты белгіленетін болады.

Кен орнын жабу бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету шаралары

Жер қойнауын пайдалану салдарын жою бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етуге қатысты тәртіп өзгертілді. Жер қойнауын пайдаланушының жою бойынша міндеттемесін орындауы:

- кепілдікпен;
- банк салымы кепілімен;
- және (немесе) сақтандырумен қамтамасыз етілетін болады.

Ішкі нарықты шикізатпен қамтамасыз ету

Ертеректе жер қойнауын пайдаланушының ішкі нарықты шикізатпен қамтамасыз ету саласындағы міндеттемесі келісімшарттарға сәйкес қарастырылатын болған. Енді мұндай міндеттеме Кодексте жеке баппен бекітілген, оған сәйкес жер қойнауын пайдаланушы жеткізу кестесіне сәйкес, ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қжеттілігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңдеу үшін мұнайды жеткізуді жүзеге асыруы тиіс.

Жергілікті қамту

Кодекс жер қойнауын пайдаланушылардың тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді (ТЖК) сатып алуын мемлекеттік реттеуді, ТЖҚ бойынша есептілік және ДСҰ талаптарын ескере отырып жергілікті қамту бойынша міндеттерді сақтаған. Жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу үшін сатып алынатын, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының талаптарында, лицензияларда белгіленетін жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті қамту үлесі күнтізбелік жыл ішінде сатып алынған жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемінен **50%-дан кем емес** құрауы тиіс.

Қазақстандық кадрлар мен өндірушілерді КСШ-ға қатысты қолдау саласында құзіретті орган операторды белгілейтін болады, аталмыш оператор жер қойнауын пайдаланушылардың жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді орындауына, жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖҚ тізілімін қалыптастыру және жүргізуіне мониторинг жасау функцияларын жүзеге асыратын болады.

Өз қызметін өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) (ӨБК) шеңберінде немесе Теңіз кен орны бойынша жер қойнауын пайдалану келісімшарты шеңберінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар мен олардың мердігерлерінің тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мәселелеріне келетін болсақ, мұндай жағдайларда тәртіп осындай келісімдерге (келісімшарттарға) сәйкес белгіленген рәсімдермен анықталады.

Жер қойнауын пайдалану келісімшарты мен лицензияға өзгерістер және толықтырулар енгізу

Кодекс лицензиялар мен келісімшарттарға өзгерістер енгізу жағдайларын нақты белгілеген. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялардағы өзгерістерді лицензияларды берген мемлекеттік орган қайта рәсімдеу жолымен, ал жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына – тараптардың келісімшарттарға толықтырулар жасасуы жолмен енгізеді. Жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына қатысты келісімшарттарға толықтырулар жасалатын жағдайлардың шектеулі тізімі қарастырылған.

Кодекс «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР бұрынғы Заңының ұлттық компаниялар мәртебесін реттеуге қатысты ережелер мен тәсілдемелерді, сонымен қатар, «келісімшартты мерзімінен бұрын тоқтату», «жер қойнауын пайдаланушылардың жауапкершілігі», «басым құқық», «жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсат» және т.б. секілді ережелерді сақтаған.

Кодекс пайдалы қазбаларды реттеу тәртіптемелерін **көмірсутектер, уран және қатты пайдалы қазбаларға** бөлді. Осыған байланысты құзіретті органдардың құзіреттілігі:

- жер қойнауын зерттеу бойынша құзіретті орган (687-бап);
- қатты пайдалы қазбалар саласындағы құзіретті орган (687-1-бап);
- көмірсутектер саласындағы құзіретті орган (688-бап);
- уранды табу саласындағы құзіретті орган (688-1-бап);
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзіретті органға бөлінген (697-бап).

Жер қойнауы туралы Кодекске сәйкес, **өндіруші саланы реттейтін заңнамалық актілерге өзгерістер енгізілді**. 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 126-VI «Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен келесідей Заңдар мен Кодексстерге өзгерістер енгізілді.

1998 жылғы 20 қарашадағы №304 «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

- **Жер қойнауын пайдаланушының шығындары туралы деректер аудиті** ұғымы енгізілген– пайдалы қазбаларды барлау және өндіру бойынша операцияларға жер қойнауын пайдаланушының шығындарына аудит жасау (1-баптың 10-4 тармақшасы).
- Аудиторлық ұйымдардың аудиттен басқа көрсете алатын қызметтер тізіміне **жер қойнауын пайдаланушының шығындары туралы деректер аудитін** жүргізу қызметтері қосылған (3-бап, 2-тармақ, 1-бөлігінің 4-3) тармақшасы).
- Міндетті аудиттен өтуі тиіс заңды тұлғалардың тізіміне қатты пайдалы қазбаларды өндіру құқығына ие заңды тұлғалар қосылды: «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексімен қарастырылған жағдайларда, **көмірсутектерді барлау және өндіру және қатты пайдалы қазбаларды барлау не өндіру бойынша операцияларды жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығына ие** заңды тұлғалар (5-бап, 2-тармақ, бірінші бөлігінің жетінші абзацы).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексі:

Жер қатынастары саласындағы заңды және жеке тұлғалардың құқықтарын, сонымен қатар, жер қатынастары саласындағы мемлекеттік органдар құзіреттілігін реттейтін нормаларға өзгерістер енгізілді:

- Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа, **жеке және заңды тұлғалардың жер қатынастары саласындағы құқықтарын** шектеуге болмайды (Жер кодексінің 6-бабы 5-тармағы³);
- Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдарының аудан шекарасы, қала шекарасы (шегі) шебіндегі және оның әкімшілік бағыныстылығына берілген аумақтағы құзыретіне, геологиялық зерттеуге және пайдалы қазбаларды барлауға байланысты жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін **жария сервитуттарды белгілеу бойынша** ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы ұсыныстарының және шешімдерінің жобаларын дайындау (бұрынғы редакцияда – «жер учаскелерін ұсыну») жатады (14-1-бап, 3-тармақ, 2-1 тармақша);
- Аудан шекарасының шегінде жер қатынастарын реттеу саласында аудандық (қалалардағы аудандардан басқа) атқарушы органның құзыретіне геологиялық зерттеуге және пайдалы қазбаларды барлауға байланысты жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін **жария сервитуттарды белгілеу** жатады (бұрынғы редакцияда – «жер учаскелерін ұсыну») (17-баптың 1-1 тармақшасы).

Жерге меншік құқығын реттейтін нормалар айтарлықтай өзгерді:

- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, магистральдық теміржолдарды, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын және магистральдық құбыржолдарды, байланысты, жер қойнауын пайдалануды, энергетиканы дамыту үшін белгіленген тәртіппен резервке қойылған, сондай-ақ бекітілген сәулет-қала құрылысы және (немесе) құрылыс құжаттамасына сәйкес әкімшілік және әлеуметтік маңызы бар объектілер (әуежайлар, әуеайлақтар, вокзалдар, станциялар, жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдар, мемлекеттік

³2018 жылы ҚР Жер кодексіне өзгерістер енгізілуі мүмкін деп болжай отырып, осы жерде және әрі қарай 2017 жылғы 27 желтоқсандағы өзгерістер және толықтырулармен қоса 20.06.2003ж. №442 ҚР Жер кодексіне сілтеме беріледі.

органдардың әкімшілік ғимараттары, ауруханалар, мектептер, мемлекеттік тұрғын үй қоры, парктер, бульварлар, гүлзарлар және қоғамдық пайдаланудағы басқа да объектілер) салуға арналған жер учаскелері резервке қойылған мақсаттарда жер учаскелерін игеру басталғанға дейін жер пайдаланушыларға уақытша жер пайдалану құқығымен басқа мақсаттар үшін берілуі мүмкін, **алайда басқа мақсаттар үшін жеке меншікке беріле алмайды** (26-баптың 4-тармақшасы)

Жерді пайдалану құқығын ұсынудың негіздері мен шарттары және жер қойнауын пайдалану операцияларының түрлері толықтырылды (32-баптың 4-тармағы):

- Егер жер учаскесі жер қойнауын пайдалануға арналған рұқсатты, **лицензияны** немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасасуды талап ететін қызметті жүзеге асыруға немесе іс-қимылдар жасауға арналса, онда осы учаскеге жер пайдалану құқығын беру тиісті жер қойнауын пайдалануға арналған рұқсат, **лицензия** алғаннан немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалғаннан кейін жүргізіледі;
- учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес құзыретті орган ұлттық компаниямен жасасатын **жер қойнауы учаскесін сенімгерлік басқару шарты** негізінде сенімгерлік басқарушыға қайта ресімделеді.
- **Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге, жер қойнауы кеңістігін пайдалануға немесе кен іздеушілікке арналған лицензияның болуы**, көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартты немесе өндіру учаскесінің және өндіру кезеңінің не дайындық кезеңінің бекітіп берілуі көзделетін көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа толықтыруды немесе осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген **жер қойнауы учаскесін сенімгерлік басқару шартын** жасасу осы Кодексте көзделген тәртіппен жер учаскесін дереу беру үшін негіз болып табылады.

Жер учаскелері тізіміне **жер қойнауын уақытылы ақылы пайдалану (жалға алу) құқығын сатып алу** талап етілмейтін объектілер қосылған (33-баптың 1-тармағы):

- 1) республикалық және (немесе) коммуналдық меншікке өтеусіз берілетін ғимараттар (құрылыстар, құрылысжайлар) орналасқан жер учаскесі;
- 2) сенімгерлік басқаруға берілетін ғимараттар (құрылыстар, құрылысжайлар) орналасқан жер учаскесі.

Уақытша ақылы жерді пайдалану (жалға алу) құқығын ұсынудың негіздері мен жер қойнауын пайдалану бойынша операциялардың түрлері толықтырылған:

- Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы **пайдалы қазбаларды өндіру, жер қойнауы кеңістігін пайдалану немесе кен іздеушілік** жөніндегі операцияларды жүргізу мақсаттары үшін жер қойнауын пайдаланушыларға **жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның** немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың бүкіл қолданылу мерзіміне беріледі. (37-баптың 5-тармағы);

Жер учаскесіне құқықты ұсыну тәртібін реттейтін нормаларға өзгерістер енгізілді:

- Жер учаскесі пайдалы қазбаларды өндіру, жер қойнауы кеңістігін пайдалану немесе кен іздеушілік мақсаттар үшін жеке және заңды тұлғаларға берілген жағдайда, өтінішке тиісті жер қойнауын пайдалануға арналған

лицензиялардың немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың көшірмесі қоса беріледі (43-баптың 3-тармағы);

- Жаңа ереже бойынша *жерді резервке қою* жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін де жүзеге асырылады (49-2 бап);
- **Көршілес немесе басқа жер учаскесін шектеулі пайдалану құқығына** ие тұлғалар категориясына, жеке меншік иесі және жер қойнауын пайдаланушыдан басқа, *барлау және геологиялық зерттеу бойынша операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдаланушы* қосылған (69-бап).

Жер кодексі *пайдалы қазбаларды барлау және геологиялық зерттеу үшін жер учаскелерін пайдалануды* реттеу ерекшелігіне қатысты нормамен толықтырылған (71-1 бап):

- Жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қазбаларды барлау немесе геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жерде, мұндай жерді меншікке немесе жер пайдалануға алмай, жария сервитут негізінде жүргізе алады.
- Жеке меншіктегі немесе жер пайдаланудағы жер учаскелерінде пайдалы қазбаларды барлау немесе геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар мұндай учаскелерде қажетті жұмыстарды жеке меншік иелерінен немесе жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алмай жекеше немесе жария сервитут негізінде жүргізе алады.
- Пайдалы қазбаларды барлау немесе геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізу үшін белгіленетін жария сервитут жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша, тиісті жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің шешімімен ресімделеді.
- Пайдалы қазбаларды барлау немесе геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу мерзімдері мен орны, жерді рекультивациялау бойынша міндеттер және өзге де шарттар – жекеше сервитутты белгілеу туралы шартпен, ал жекеше сервитутты белгілеу туралы шарт болмаған кезде соттың шешімімен айқындалады.
- Егер жекеше сервитутты белгілеу туралы шартта өзгеше көзделмесе, жасалған жекеше сервитутты белгілеу туралы шартқа немесе соттың шешіміне сәйкес меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға сервитут үшін төлемақы төленгенге және залалдар өтелгенге дейін жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды барлау немесе геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарға кірісуге құқылы емес.

2003 жылғы 09 шілдедегі №481 Қазақстан Республикасының Су кодексі:

Келесідей ұғымдар енгізілген немесе өзгертілген: *жер асты сулары, құбырлы сүзгіш құдық, өнеркәсіптік жер асты сулары, термалды сулар, шахмат құдығы*

(Су кодексінің⁴ 1-бабы).

Қазақстан Республикасының *су объектілерінің тізімі* нақтыланған: оларға шекарасы, көлемі мен су режимі бар, құрлық беті рельефтеріндегі және жер қойнауындағы су шоғырланымдары жатады. Олар: теңіздер, өзендер, оларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқа да жерүсті және жерасты су объектілері болып табылады (5-бап).

2007 жылғы 09 қаңтардағы №212 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі:

Ашық түрде күкіртті орналастыру нормативтерінің анықтамасы, пайдалану жағдайлары және қолданыс мерзімдері (27-бап) және эмиссия нормативтерін анықтау тәртібі (Экологиялық кодекстің⁵ 28-бабы) берілген:

- Парниктік газдар шығарындыларын қоспағанда, ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің шекті жол берілетін нормативтері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері, *күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтері* қоршаған орта сапасының нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететіндей шартпен эмиссиялардың әрбір стационарлық көзі және тұтастай кәсіпорын үшін есептеулер негізінде белгіленетін эмиссиялар шамалары болып табылады.
- Ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің шекті жол берілетін нормативтері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері, *күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтері* қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар беру кезінде шығарындылардың стационарлық және жылжымалы көздері, технологиялық процестер мен жабдықтар үшін эмиссиялар нормативтерінің есептеу мәндерін, техникалық үлестік нормативтерінің белгіленген мәндерін қамтитын жобалар құрамында пайдаланылады.
- Белгіленген ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің шекті жол берілетін нормативтерінің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтерінің, *күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтерінің* қолданылу мерзімі I, II, және III санаттардағы объектілері үшін – табиғат пайдаланушының өтініміне сәйкес, бірақ күнтізбелік он жылдан аспайтын мерзімге, IV санаттағы объектілер үшін табиғат пайдаланушының өтініміне сәйкес немесе егер өтінімде сұралып отырған мерзім көрсетілмесе мерзімсіз кезеңге белгіленеді.
- Қоршаған ортаға *эмиссиялар нормативтері* көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау құрамында не жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін жекелеген құжаттар (эмиссиялар нормативтерінің жобалары) түрінде негізделеді.
- *Эмиссиялар нормативтерін* белгілеу кезінде эмиссиялардың сандық және (немесе) сапалық сипаттамалары, қоршаған ортаның іс жүзіндегі ластануы ескеріледі. Қоршаған орта сапасы параметрлерінің фондық шоғырлануы бойынша деректерді жобаның тапсырыс берушісімен немесе жобалау ұйымымен шарт бойынша ұлттық гидрометеорологиялық қызмет ұсынады.

⁴Осы жерде және әрі қарай сілтеме 2017 жылғы 27 желтоқсандағы өзгерістер және толықтырулармен қоса 09.07.2013ж. №481 ҚР Су кодексіне берілетін болады.

⁵Осы жерде және әрі қарай сілтеме 2017 жылғы 27 желтоқсандағы өзгерістер және толықтырулармен қоса 09.01.2017ж. №212 ҚР Экологиялық кодексіне берілетін болады.

Қоршаған орта сапасы параметрлерінің фондық шоғырлануы бойынша деректерді ұсыну қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізуге технологиялық байланысты қызметке жатады.

Қоршаған ортаға әсерін бағалау жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызмет *бағалаудың маңыздылығы мен толымдылығы* бойынша I, II, III, IV болып – 4 санатқа бөлінеді (40-бап). I және II санатқа қатысты қызмет түрлерінің тізіміне жаңа объектілер қосылған:

- I санатқа өндірістік объектілерді санитариялық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарына жататын қызмет түрлері, сондай-ақ кең таралғандарынан басқа, пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, *сарқынды суларды (су объектілеріне, жергілікті жердің рельефіне, жинақтауыш тоғандарға және (немесе) буландырғыш тоғандарға, тазарту құрылысжайларына) ағызу* жатады.
- II санатқа *сарқынды суларды (су объектілеріне, жергілікті жердің рельефіне, жинақтауыш тоғандарға және (немесе) буландырғыш тоғандарға, тазарту құрылысжайларына) ағызуды* қоспағанда, өндірістік объектілерді санитариялық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 3-сыныбына жататын қызмет түрлері, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру, орманды пайдаланудың және арнайы су пайдаланудың барлық түрлері жатады.

Экологиялық сараптамалар түрлерінің тізіміне⁶ (*мемлекеттік экологиялық сараптама және қоғамдық экологиялық сараптама*) *жобалардың экологиялық сараптамасы* қосылған (45-бап).

Мемлекеттік экологиялық сараптама нысандарын реттейтін нормалар «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілетін жер қойнауын пайдалану саласындағы жобалау құжаттары міндетті мемлекеттік экологиялық сараптамаға жатпайды» деген нормамен толықтырылған (47-баптың 1-1 тармағы).

«*Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын*» реттейтін нормалар айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, бұрындары Экологиялық кодексте болған «қорытындыны болдырмау» термині «оң қорытындыдан айыру (қайтарып алу)» терминімен алмастырылды, оған қоса норманың тұжырымдамасы да өзгерді:

- *Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысынан айыруды* (қайтарып алуды) оны берген орган табиғат пайдаланушының жазбаша өтініші немесе келісімі негізінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде мемлекеттік экологиялық сараптаманың *оң қорытындысынан айыру* (қайтарып алу) сот тәртібімен жүзеге асырылады (51-баптың 7-тармағы).

Қоршаған орта эмиссиясына рұқсаттарды реттейтін нормаларға өзгерістер енгізілді, бұл өзгерісте қоршаған орта эмиссиясына рұқсаттар берілетін табиғатты пайдаланушылар санаты, сонымен қатар, рұқсатты алу шарттары көрсетілген:

⁶Экологиялық сараптама мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:1) жоспарланып отырған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық, норма шығару және өзге де қызметті іске асырудың қоршаған орта мен халықтың денсаулығына ықтимал теріс зардаптарын айқындау және шектеу; 2) экономикалық даму мен қоршаған ортаны қорғау мүдделерінің балансын сақтау, сондай-ақ табиғат пайдалану процесінде үшінші тараптарға залал келтіруді болдырмау мақсатында жүргізіледі (46-бап).

- Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат Қазақстан Республикасында қоршаған ортаға эмиссияны жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасында тіркелген филиалдары мен өкілдіктеріне олардың өтінімдеріне сәйкес осы Кодексте белгіленген тәртіппен беріледі (69-баптың 2-тармағы);
- Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін рұқсат беру органына қажетті құжаттар топтамасын электрондық нысанда ұсынады («қағаз тасымалдауышта» алынып тасталды)(72-бап 1-тармақ);
- I, II және III санаттардағы объектілері бар табиғат пайдаланушылар үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін құжаттар топтамасы мыналарды қамтиды (72-бап 2-тармақ):
 - 1) рұқсат алуға өтінім;
 - 2) бекітілген эмиссиялар нормативтері қамтылған құрылыс жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы не *ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы*;
 - 3) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.
- Экологиялық рұқсатсыз эмиссияның барлық стационарлық көздерінен қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыруға тыйым салынады.

Мемлекеттік экологиялық бақылаудың бағыттарын(114-баптың 9, 11, 12, 13 және 14 тармақшалары) және **мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымдық тұлғалардың құқықтарын** реттейтін нормаларға енгізілген өзгерістер берілген:

- жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың аяқталуына қарай немесе басқа да бүлдіретін процестер мен жұмыстардан босатылған жердің Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарына сәйкес оны одан әрі пайдалану үшін жарамды жай-күйге келтірілуіне;
- жер қойнауының ластанудан, су басудан және қоршаған орта объектілерін бүлдіруге алып келетін техногендік процестерден сақталуына;
- жер қойнауы учаскесінің және жер қойнауын пайдалану объектілерінің консервациялануына, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарының жойылуына;
- жер қойнауын пайдалану және пайдалы қазбаларды қайта өңдеу кезінде экологиялық нормалар мен қағидалардың сақталуына;
- пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеу кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі жобалық шешімдердің сақталуына;
- табиғат пайдаланушы экологиялық нормалар мен талаптарды, экологиялық немесе өзге де рұқсаттарда көзделген табиғат пайдалану шарттарын бұзған, қоршаған ортаға және (немесе) халық денсаулығына аса ірі нұқсан келтірген жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға арналған экологиялық және өзге де рұқсаттарды тоқтата тұру немесе олардан айыру жөнінде ұсыныстар енгізуге 117-баптың 1-тармағы (5-тармақшасы).

Табиғи ресурстар мониторингін реттейтін нормаларға енгізілген өзгерістер жер қойнауы мониторингі туралы деректер ұсынатын есепке алу объектісіне және жер қойнауы мониторингін жүзеге асыратын құзіретті органға қатысты:

- Жер қойнауының мониторингі жер қойнауының мемлекеттік қорын ұтымды басқаруды қамтамасыз ету және олардың өзгеруін уақтылы анықтау, теріс процестер салдарын бағалау, алдын алу және жою үшін жер қойнауының жай-күйін байқау, оның ішінде Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып байқау жүйесін білдіреді. Жер қойнауы мониторингінің деректері мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрында жинақталады. Жер қойнауы мониторингі деректері Мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрында (бұрынғы редакцияда – «Мемлекеттік жер қойнауы кадастры») жалпыланады (142-баптың 5-тармағы);
- Мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастры бойынша – жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган⁷ – жалпы республика бойынша, ал оның аумақтық органдары – әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде жүзеге асырылады (150-баптың 4-тармақшасы).

Сонымен қатар, Экологиялық кодекске **Экологиялық талаптарға** қатысты өзгерістер енгізілген.

2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі.

Кәсіпкерлік кодексе өзгерістер енгізілді, оған сәйкес **мемлекеттік бақылау және қадағалау** жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және (немесе) лицензиялар талаптарын орындауын бақылауға байланысты қатынастарға қолданылмайды (Кәсіпкерлік кодекстің⁸ 129-бабы 4-тармағы 1-тармақшасы).

Бақылау жүзеге асырылатын кәсіпкерлік субъектілері қызметінен «жер қойнауын пайдалану саласында келісімшарттардың талаптарының орындалуына» бақылау алынып тасталды (138-баптың 3-тармақшасы) және 138-баптың 7-тармақшасының «мұнай операцияларын жүргізу саласында» деген тұжырымдамасы нақты «көмірсутектер, уран өндіру саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде» тұжырымдамасына алмастырылды.

140-баптың 8-тармағына сәйкес, «Шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілеріне қатысты (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғалардан және қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқық мирасқорларынан басқа) мемлекеттік тіркелген күнінен бастап үш жыл бойы тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізуге тыйым салынады». Алайда, кәсіпкерлік кодекске енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес, осы тармақтың күші **«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтаумен»** байланысты бақылау және қадағалауды жүзеге асыруға таралмайды (140-бап, 5-тармақ, 8-тармақ).

Қатердің жоғары дәрежесіне жатқызылған нысандарға қатысты бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде тексерісті жүргізудің ерекше тәртібі

⁷27.12.2017ж. №126-VI «Жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының 1-бабы 3-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, бүкіл мәтін бойынша «жер қойнауын зерттеу және пайдалану бойынша» сөздері «жер қойнауын зерттеу бойынша» сөздерімен алмастырылған.

⁸Осы жерде және әрі қарай 2017 жылғы 27 желтоқсандағы өзгерістер және толықтырулармен қоса 29.10.2015ж. №375 ҚР Кәсіпкерлік кодексіне сілтеме берілген.

қолданылатын мемлекеттік бақылау және қадағалау нысандарының тізіміне *жер қойнауын пайдалану саласы* қосылған.

2012 жылғы 22 маусымдағы № 20-V «Магистральды құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

«Терминал меншік иесі» ұғымы енгізілді— магистральдық мұнай құбыры объектілерінің құрамына кірмейтін, резервуарларды білдіретін, өнім сақтауға арналған өнеркәсіптік объектіге, сондай-ақ мұнайды қабылдауға және (немесе) көлікке (теміржол цистерналары, автоцистерналар, танкерлер және басқалары) немесе мұнай құбырына тиеп-жөнелтуге арналған платформаға иелік ететін жеке немесе заңды тұлға («Магистральды құбыр туралы» ҚР Заңының 13-бабының 20-1 тармақшасы).

Өзгерістер енгізіліп, оған сәйкес «тасымал көлемі мен бағыттарын көрсетумен мұнайды тасымалдау кестесінің нақты орындалуы туралы айлық есепті» ұсыну, сонымен қатар, оны ұсыну мерзімі алынып тасталды. Енді «Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес магистральдық құбыржолдың меншік иесі не магистральдық құбыржолға өзге заңды негізде иелік ететін тұлға уәкілетті органға ведомстволық статистикалық байқау немесе әкімшілік есепке алу үшін қажет мұнай тасымалы жөніндегі деректерді ұсынады (8-баптың 3-тармағы).

«Терминал меншік иелерінің өнімді сақтау, қабылдау және (немесе) тиеп-жөнелту бойынша қызметтер көрсетуі» нормасымен толықтырылған (25-1-бап):

1. Терминал меншік иелері мұнайды сақтау, қабылдау және (немесе) тиеп-жөнелту бойынша қызметтер көрсетуге арналған шартқа, терминал меншік иесінің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жөнелтушілерге резервуарларды білдіретін, өзінің өнім сақтауға арналған өнеркәсіптік объектілерінде, сондай-ақ мұнайды қабылдауға және (немесе) көлікке (теміржол цистерналарына, автоцистерналарға, танкерлерге және басқаларына) немесе мұнай құбырына тиеп-жөнелтуге арналған платформаларда мұнай тасымалдаудың жұмыс істеп тұрған маршруттары бойынша мұнайды сақтау, қабылдау және (немесе) тиеп-жөнелту бойынша қызметтер көрсетеді.
2. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес терминал меншік иелері өздерінің өнеркәсіптік объектілерін есепке алатын бақылау аспаптарымен жарақтандырады.
3. Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес терминал меншік иесі магистральдық құбыржол саласындағы уәкілетті органға ведомстволық статистикалық байқау немесе әкімшілік есепке алу үшін қажет мұнай қозғалысы жөніндегі деректерді ұсынуға міндетті.

2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі.

Ескілік мерзімінің аяқталуына байланысты әкімшілік жауапкершіліктен босатуды реттейтін норманың қолданыс аясы кеңейтілді.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы бұзушылықтар үшін жеке және заңды тұлғаларды, кәсіпкерлік субъектілерін және коммерциялық емес ұйымдарды келесідей бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тартуды реттейтін нормалар өзгертілген немесе толықтырылған:

⁹Осы жерде және әрі қарай 27.12.2017ж. өзгерістер және толықтырулармен қоса 22.06.2012ж. № 20-V «Магистральды құбыр туралы» ҚР Заңына сілтеме берілген.

- Пайдалы қазбалардың қалған қорлары сапасының нашарлауына, олардың жобадан тыс және нормативтен тыс негізсіз ысыраптарына алып келген, **көмірсутектер және уран бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша** жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі қағидаларды бұзу)(345-бап);
- Жобалау құжатында көзделмеген жұмыс түрлерін, тәсілдері мен әдістерін қолдана отырып пайдалы **қатты қазбаларды барлау және (немесе) өндіру** жөніндегі операцияларды жүргізу, сол сияқты белгіленген мерзімде құзыретті органды (келісімшарт тарапы болып табылатын және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия берген мемлекеттік органды) жобалау құжаттарына өзгерістер енгізу туралы хабардар етпеу (346-бап);
- Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі экологиялық нормалар мен қағидаларды бұзу, егер бұл іс-әрекет елеулі нұқсан келтіруге алып келмесе (347-бап);
- Пайдалы қазбалар қорларына мемлекеттік сараптаманы жүзеге асырмай көмірсутектерді өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу (348-бап);
- Жер қойнауын пайдаланушының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген есептілікті беру тәртібін және мерзімдерін бұзуы (349-бап);
- Өндірілген пайдалы қатты қазбаларды, көмірсутектерді анық есепке алуды қамтамасыз етпеу (350-бап);
- Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарын жою бойынша міндеттемелерді орындамау (353-бап);
- Мемлекеттік бақылау органдарына жер қойнауын пайдалану, өндірілген пайдалы қазбалар туралы ақпаратты, сондай-ақ геологиялық ақпаратты уақтылы, толық және анық беруден бас тарту немесе жалтару (354-бап);

Жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу ережелерін бұзуды реттейтін нормаларға өзгерістер енгізілді:

- Жер қойнауын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптарды орындамау
- Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында көзделген көмірсутектер саласында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу шарттарын бұзу, сондай-ақ көмірсутектерді барлау мен өндіру жөніндегі жобалау құжаттарының талаптарын бұзу
- Жер қойнауын пайдалану саласында жобалау құжаттарыңызсыз белгіленген тәртіппен бекітпей іздестіру, бағалау жұмыстарын және өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу
- «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның рұқсатынсыз немесе рұқсат шарттарын сақтамай шикі газды жағу
- Жер қойнауын пайдаланушының шикі газды кәдеге жаратпай және (немесе) қайта өңдемей көмірсутектерді өндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуі –
- Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның рұқсатынсыз немесе рұқсат шарттарын сақтамай теңізде көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу

- Теңізде көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдаланушының, теңізге мұнайдың төгілу тәуекелімен байланысты теңізде қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаның бекітілген мұнай төгілуінің алдын алу және оны жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру жоспарының болмауы
- Теңізге мұнайдың бірінші және екінші деңгейлерде төгілу салдарын жою үшін қажет өзінің материалдары мен жабдығынсыз не мамандандырылған ұйыммен жасалған шартсыз теңізде көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу–

2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы:

Өзгерістердің мәні келесідей – бұрындары пайдаланылған «мұнай және газдың», «көмірсутек шикізаттың» және «пайдалы қазбалардың» терминдері бірқатар мақалаларда «көмірсутектердің» терминімен, «мұнай операцияларымен» термині – «көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру бойынша операциялармен» терминіне, «теңіз құрылысының» термині – «теңіз объектілерінің» терминімен алмастырылды.

2012 жылғы 1 қаңтардағы № 550-IV «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңы:

Ұлттық әл-ауқатты қамтамасыз ету үшін Қордың ерекше құзіреттіліктерін реттейтін нормаларға *жер қойнауын пайдалану құқығын иеліктен шығару бөлігінде* өзгерістер енгізілді.

2013 жылғы 16 қаңтардағы № 70-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Континентальдық шельф¹⁰ тәртіптемесін сақтауға бақылау жасайды реттейтін нормаларға құзіретті орган¹¹ функциялары бөлігінде өзгерістер енгізілді:

- Континенттік қайраң режимін сақтауды бақылау жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жүктеледі (53-баптың 5-тармағы).
- Континенттік қайраң режимінің бұзылуына байланысты құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда, осы Заңға сәйкес жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті заңсыз әрекеттерді тоқтату бойынша қажетті шаралар қабылдайды (54-баптың 2-тармағы).

2006 жылғы 7 шілдедегі №175 «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Мемлекеттік қорық аумақтарында пайдалы қазбаларды табуға рұқсат беруді реттейтін нормаларға құзіретті орган функциялары¹² бөлігінде өзгерістер енгізілді:

¹⁰Континенттік қайраң шегінде теңіз түбі мен жер қойнауының табиғи ресурстарына барлау жүргізуге және оларды игеруге, жасанды аралдарды, қондырғылар мен құрылыстарды жасауға және пайдалануға, оларды консервациялау мен бөлшектеуге, қалдықтар мен өзге де материалдарды көмуге, сондай-ақ теңізде ғылыми зерттеулерді жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асырудың континенттік қайраңдағы тәртібі - континенттік қайраң режимі белгіленеді. (2013ж. 16 қаңтардағы №70-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы» ҚР Заңының 53-бабының 1-тармағы).

¹¹ 27.12.2017ж. № 125-VI ҚРЗ «Жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексінің 64-бабына сәйкес;

¹² 27.12.2017ж. № 125-VI ҚРЗ «Жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексінің 64-бабына сәйкес.

«Пайдалы қазбаларды өндіруге Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 72-бабы 6-тармағы екінші бөлігінде белгіленген арнайы экологиялық талаптар ескеріле отырып, уәкілетті органмен келісілген, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінің негізінде айрықша жағдайларда жол беріледі».

2006 жылғы 7 шілдедегі «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.12.2017ж. редакцияда).

«Осы Заңның ережелері жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты қатынастарға қолданылмайды. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты қатынастар «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес реттеледі және жүзеге асырылады» деген нақтылаулар енгізілді (2-бап 1-тармақтың екінші бөлігі).

Мұнай-газ және тау-кен секторларын қамтитын тау-кен саласын реттейтін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігін (ЭМ), Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігін (ИДМ), Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігін (ҰЭМ) және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін (ҚМ) қамтиды.

19.09.2014ж. №994 Үкімет Қаулысымен бекітілген, ҚР Энергетика министрлігі туралы Ережеге сәйкес, ЭМ мұнай-газ саласын мемлекеттік басқаруды, мемлекеттік саясатты дайындау мен жүзеге асыруды жүзеге асырады.

ЭМ, сонымен қатар, «бөнімді бөлу туралы келісімдерде құзіретті орган ретінде анықталған компанияның қатысу үлестерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады».¹³ Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі берген сенімхаттар негізінде Солтүстік-Каспий және Қарашығанақ жобалары бойынша өнімді бөлу туралы келісімдердегі құзіретті органның мемлекеттік функцияларын «PSA» ЖШС жүзеге асырады. «PSA» ЖШС құрылтайшысы болып «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ табылады.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі туралы Ережеге сәйкес,¹⁴ ИДМ тау-кен саласын мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҰЭМ) стратегиялық және бюджеттік жоспарлау арқылы келісілген макроэкономикалық саясатты құрастыруға жауап береді.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (ҚМ) бюджеттік саясатты, оның ішінде мұнай-газ секторынан түсетін табыстарды жинақтайтын Ұлттық қорды басқару саясатын дайындау мен жүзеге асыруға жауап береді. ҚМ мемлекеттік стратегиялық деп есептейтін активтерге қадағалауды жүзеге асырады. Жекелей алғанда, стратегиялық активтер тізіміне мұнай мен газдың ең ірі өндірушілері кіреді.

Өндіруші саладағы реформалар Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексімен бенефициарларды ашу бойынша енгізілген өзгерістерімен байланысты:

¹³ 20.06.2016 ж. № 355 «Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Үкімет қаулысы

¹⁴ ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері. ҚР Үкіметінің 14.09.2014ж. №995 Қаулысы

1. жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар құрамы туралы есепті беруге міндетті (132-бап, 7-тармақ);
2. уранды өндіру келісімшарты бойынша жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есепті ұсынуға міндетті (180-бап, 11-тармақ);
3. қатты пайдалы қазбаларды барлау лицензиясы бойынша жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есепті ұсынуға міндетті (195-бап, 3-тармақ).

2018 ж. жер қойнауын пайдаланушыны тікелей не жанама бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар құрамы туралы есептілік нысаны бекітілді, нысан БМБЖ-ға қосылды және 2019ж.бастап компаниялар оны толтыруға міндеттенеді.

Оған қоса, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Кодекс SPE-PRMS көмірсутек шикізатының қорлары бойынша бағалау мен есептіліктің халықаралық стандарттарына өтуді қамтамасыз етті. Қорлар бойынша халықаралық жүйемен үйлестіру қорларды есептеудің бірыңғай жүйесін жүргізуге, есептердің қайталануын болдырмауға, табысты болжауға баға берудің шындыққа сәйкестілігі мен дәлдік дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы, бұл саланың инвестициялық тартымдылығын арттырады.

2017ж. **Қазақстан ЭЫДҰ Инвестициялар жөніндегі комитеттің қауымдасқан мүшесі** және халықаралық инвестициялар мен көпұлттық кәсіпорындар¹⁵ бойынша ЭЫДҰ Декларациясына қосылған 48-ші мемлекет болды.

2017 ж.Дүниежүзілік Банкпен бірге 2017 жылғы 22 тамыздағы №498 2018-2022жж. арналған **Ұлттық Инвестициялық стратегиясы** атты ҚР Үкіметінің Қаулысы дайындалды және бекітілді. 2018ж.Қазақстан осы стратегияны жүзеге асыруға кіріседі.

Қазыналық тәртіп

2017ж. Салық кодексі **жер қойнауын пайдалану саласындағы инвестициялық ахуалды** жақсартатын бірқатар шараларды қарастырды:

- коммерциялық анықтау бонусын алып тастау, тау-кен секторы үшін үстеме пайда салығын алып тастау, 2017ж. 27 желтоқсандағы № 125-VI «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексіне сәйкес лицензия алған жер қойнауын пайдаланушылар үшін тарихи шығындардың орнын өтеу бойынша төлемді алып тастау;
- қалайының жер асты қазбасын өндіруге және жер асты суларына салық мөлшерлемелері азайтылды;
- жер қойнауын пайдалануға балама салық енгізілді.

Жер қойнауын пайдалануға балама салық көмірсутекті шикізаттың теңіздік және аса терең кен орындарын игеруді ынталандыру мақсатында енгізілген және **қосымша болып табылмайды**, себебі ол бірқатар арнайы төлемдер мен жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары бойынша өзінің салықтық міндеттемелерін балама жолмен орындау мүмкіндігі болып табылады. Жер қойнауын пайдалануға балама

¹⁵ <http://mid.gov.kz/ru/pages/tezisy-vystupleniya-ministra-po-investiciyam-i-razvitiyu-rk-zhenisa-kasymbeka-na-kollegii-mir>

салықты енгізу жолымен салық жүктемесі *табысты алу сәтіне* ауыстырылады, осылайша жер қойнауын пайдаланушыларды инвестициялар мөлшерін ұлғайтуға ынталандырады.¹⁶

2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI «Салықтар мен бюджетке басқа төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының жаңа кодексінің бұрындары қолданыста болған 2008 жылғы 20 желтоқсандағы №99-VI «Салықтар мен бюджетке басқа төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің ережелерінен негізгі өзгерістерін қарастырамыз.

Келесідей ұғымдар өзгертілген немесе толықтырылған (жаңа Салық кодексінің 1-бабы):

- **жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт** – Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген құзыретке сәйкес құзыретті орган немесе жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы мен жеке және (немесе) заңды тұлға арасындағы пайдалы қазбаларды барлауды, өндіруді, бірлескен барлау мен өндіруді жүргізуге не барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылысжайларын салуға және (немесе) пайдалануға арналған не жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған шарт. Жер қойнауын пайдалану келісімшартына жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар да жатады. Бұл ретте осы Кодексте пайдаланылатын «барлауға арналған келісімшарт», «өндіруге арналған келісімшарт», «бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт» және «барлауға немесе өндіруге арналған лицензия» деген терминдер «жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт» деген ұғымға сәйкес келеді, «барлау мен өндіруге арналған келісімшарт» деген термин «бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт» деген ұғымға сәйкес келеді (22-тармақша);

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар– жер қойнауын геологиялық зерттеуге, пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге қатысты, оның ішінде жерасты суларын, емдік балшықтарды барлауға және өндіруге, жер қойнауын ағынды суларды ағызу үшін барлауға байланысты, сондай-ақ барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес жерасты құрылысжайларын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

көмірсутектерді дайындау – көмірсутектерді дайындайтын технологиялық процестердің кешені, оның ішінде жинау, дайындауға жеткізу, ұңғыма сұйықтығының өлшегіш қондырғыларға түсуі, газсыздандыру, сусыздандыру, тұзсыздандыру, тұрақтандыру, демеркаптанациялау;

минералды шикізат – жер қойнауының жер үстіне шығарылған, құрамында пайдалы қазба (пайдалы қазбалар) бар бір бөлігі (тау-кен жынысы, кен шикізаты және басқалары);

минералды шикізатты бастапқы өңдеу (байыту) – тау-кен өнеркәсібі қызметінің түрі, ол өндірілген жерінде жинауды, бөлшектеуді немесе ұсақтауды, жіктеуді (сұрыптауды), брикеттеуді, агломерациялауды және физикалық-химиялық әдістермен байытуды (пайдалы қазбалардың минералды нысандарын, олардың агрегаттық-фазалық жай-күйін, кристалдық-химиялық құрылымын сапалық жағынан өзгертпестен) қамтиды, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жұмыстардың арнайы түрлері (жерастын газдандыру және балқыту, химиялық және бактериялық сілтісіздендіру, ұсақ тау-кен жынысы бар кен

¹⁶<http://kgd.gov.kz/ru/news/segodnya-22-fevralya-tg-v-komitete-gosudarstvennyh-dohodov-sostoyalsya-brifing-o>

орындарын түйіршіктеу және гидравликалық жолмен игеру) болып табылатын өңдеу технологияларын қамтуы мүмкін;

мұнай операциялары – көмісутектерді барлау, өндіру, қажетті технологиялық және өндірістік объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

пайдалы қазбалар – химиялық құрамы мен физикалық қасиеттері оларды материалдық өндіру және (немесе) тұтыну саласында және (немесе) өзге де мұқтаждарға тікелей немесе өңдеуден кейін пайдалануға мүмкіндік беретін жер қойнауындағы табиғи минералды түзілімдер, көмірсутектер және жерасты сулары, сондай-ақ құрамында пайдалы құрамдастар бар табиғи минералды түзілімдер мен органикалық заттар.

Салық кодексіне «өндіру» ұғымы енгізілді, бұл ұғым «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» жаңа ҚР Кодексында болмаған, алайда 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңында болған.

Салық кодексінің «**Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу**» бөлімі, жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары бойынша салықтық міндеттемелерді орындау тәртібін, сондай-ақ өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау ерекшеліктерін белгілейді (720-баптың 2-тармағы).

Жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері мен салықтары мыналарды қамтиды:

10.12.2008 ж. Салық кодексі (307-баптың 3-тармағы)	25.12. 2017 ж. Салық кодексі (720-баптың 3-тармағы)
1) жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері: а) қол қойылатын бонус; б) коммерциялық табу бонусы (2019 ж. 1 қаңтарынан бастап салық түрі ретінде қысқартылады); в) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер; 2) пайдалы қазбаларды өндіру салығы; 3) үстеме пайда салығы.	1) қол қою бонусы; 2) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем; 3) жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты; 4) роялти; 5) Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесі; 6) пайдалы қазбаларды өндіру салығы; 7) үстеме пайда салығы.

Жаңа Салық кодексінің нормаларына сәйкес, «Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналып жасалған әрбір келісімшарттың шеңберінде жүзеге асырылатын қызметтер бойынша салықтық міндеттемені есептеу үшін, сондай-ақ рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз немесе игерілген кен орындарын игеру кезінде **бөлек салықтық есепке алуды жүргізуге** міндетті....» (723-баптың 1-тармағы).

Алайда бұл ережелер **кең таралған пайдалы қазбаларды**, кендік емес пайдалы қатты қазбаларды¹⁷, жерасты суларын, емдік балшықты барлау және (немесе) өндіру жөніндегі келісімшарттарға, сондай-ақ осы келісімшарттар бойынша **пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық** бойынша салықтық міндеттемені есептеу және орындау бойынша бөлек салықтық есепке алуды жүргізу жөніндегі талаптарды қоспағанда, барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға қолданылмайды (723-баптың 1-тармағы).

¹⁷ Салық кодексінің 746-бабындағы кестенің 13-жолында көрсетілген

Атап өтетін жайт, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасында 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және міндетті салықтық сараптамадан өткен, **өнімді бөлу туралы келісімде (келісімшартта) (ӨБК)**, сондай-ақ **ҚР Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта** айқындалған салық режимі мұндай келісімнің (келісімшарттың) ережелеріне сәйкес оларға қатысты **салық режимінің тұрақтылығы** тікелей көзделген салық және бюджетке төленетін төлемдер үшін сақталады, мұндай келісімнің (келісімшарттың) белгіленген бүкіл қолданылу мерзімі ішінде тек қана оның тараптарына қатысты, сондай-ақ операторларға қатысты қолданылады, мұндай келісімнің (келісімшарттың) тараптары болып табылмайтын тұлғаларға немесе операторларға қолданылмайды және тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін (722-баптың 1-тармағы).

Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасында 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және міндетті салықтық сараптамадан өткен **ӨБК** салық режимінде, сондай-ақ **ҚР Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың** салық режимінде көзделген салықтың және бюджетке төленетін төлемдердің жекелеген түрлерінің күші жойылған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы өнімді бөлу туралы келісімде (келісімшартта) және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген тәртіппен және мөлшерде, олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін оларды бюджетке төлеуді жалғастырады (722-баптың 1-тармағы).

Келісімшарттық қызмет бойынша жеке салықтық есеп жүргізу келесідей салықтар және бюджетке түсетін төлемдер бойынша жүргізіледі:

10.12.2008 ж. Салық кодексі (310-баптың 4-тармағы)	25.12. 2017 ж. Салық кодексі (723-баптың 4-тармағы)
1) корпорациялық табыс салығы; 2) қол қойылатын бонус; 3) коммерциялық табу бонусы**); 4) пайдалы қазбаларды өндіру салығы; 5) үстеме пайда салығы; 6) басқа салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер бойынша.	1) корпоративтік табыс салығы; 2) қол қою бонусы; 3) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем; 4) пайдалы қазбаларды өндіру салығы; 5) үстеме пайда салығы; 6) жер қойнауын пайдалануға баламалы салық; 7) басқа салықтар мен бюджетке төлемдер.

** *коммерциялық табу бонусы* 2019ж. 1 қаңтарынан бастап таратылады.

Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жекелеген келісімшарт бойынша келісімшарттық қызметтің **корпоративтік табыс салығын** есептеу кезінде бөлек салықтық есепке алуды жүргізу мақсатында, **өндірілген көмірсутектерді** (көмірсутектерді дайындауды қоса алғанда) және (немесе) көмірсутектерді дайындау немесе минералды шикізатты бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) ғана өткен минералды шикізатты **өткізуден түскен кіріс** ҚР трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасының сақталуы ескеріле отырып, оларды өткізу бағасының негізінде, бірақ өндірілген көмірсутектердің, минералды шикізаттың және (немесе) бастапқы қайта өңдеу (байыту) нәтижесінде алынған, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және ҚР бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын **табылған көмірсутектердің өзіндік өндірістік құнынан төмендетілмей** айқындалады (723-баптың 12-тармағы).

- Мыналардан басқа:

Егер Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау туралы заңнамасына сәйкес ұлттық оператор *шикі газды* мемлекеттің басым құқығы шеңберінде сатып алса, онда жер қойнауын пайдаланушы мұндай шикі газды өткізуден түскен кірісті Салық кодексінің 227-бабына сәйкес айқындайды (бұрынғы редакцияда – «86-бапқа сәйкес»).

10.12.2008 ж. Салық кодексі (86-баптың 1-тармағы)	25.12. 2017 ж. Салық кодексі (227-баптың 1-тармағы)
Жиынтықты жылдық табысқа қосылатын табыстардан басқа, өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтердің құны өткізуден түскен табыс болып табылады.	Жылдық жиынтықты табысқа қосылатын кірістерден басқа, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді өткізу кезінде туындайтын кіріс сомасы өткізуден түсетін кіріс болып танылады.

- Тізімге ерекшелікті құрайтын жағдай қосылған:

Жер қойнауын пайдаланушы өндірілген мұнайды экспортқа өткізу кезінде, егер де осындай мұнайды өткізу күніндегі мұнайдың дүниежүзілік бағасы осындай мұнайды өндірудің өндірістік өзіндік құнынан төмен болса, осындай мұнайды өткізуден түсетін табыс Салық кодексінің 227-бабына сәйкес анықталады.

Өндірілген **көмірсутектерді** және (немесе) бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) өткен минералды шикізатты кейіннен қайта өңдеу үшін басқа заңды тұлғаға (меншік құқығын ауыстырмай) және (немесе) бір заңды тұлға шеңберінде құрылымдық немесе өзге де технологиялық бөлімшеге берген немесе өзінің өндірістік қажеттеріне пайдаланған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектерді дайындауды немесе минералды шикізатты бастапқы қайта өңдеуді (байытуды) қоса алғанда, **осындай операция бойынша кірісті** өндіру мен бастапқы қайта өңдеудің (байытудың) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын, 20%-ға ұлғайтылған **нақты өзіндік өндірістік құны бойынша** айқындайды.

Қол қою бонусы

Қол қойылатын бонус жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісімшарт аумағы кеңейтілген кезде жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу үшін алған біржолғы тіркелген төлемі болып табылады.

Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын алу конкурсының жеңімпазы болған немесе жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын алған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен **жер қойнауын пайдалануға арналған мынадай келісімшарттардың біреуін** жасасқан жеке немесе заңды тұлға қол қою бонусының төлеушісі болып табылады. (725-бап).

10.12.2008 ж. Салық кодексі (313-бап)	25.12. 2017 ж. Салық кодексі (725-бап)
1) барлауға арналған келісімшарт; 2) пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарт; 3) бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт.	1) барлауға арналған келісімшарт; 2) пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшарт; 3) бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт; 4) геологиялық зерделеуге арналған лицензияны; 5) жер қойнауының кеңістігін пайдалануға арналған лицензияны; 6) кен іздеушілік лицензиясы.

Пайдалы қазбаларды өндіру келісімшартының ережесі тиісті келісімшарт аумағында (жер қойнауы учаскесінде) *барлауға арналған келісімшарттың* шеңберінде коммерциялық табуға байланысты өндіруге құқық алуға айрықша құқығының негізінде келісімшарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушыларға қолданылмайды.

Жер қойнауы және жер қойнауы туралы ҚР заңнамасына сәйкес өткізілетін «конкурс» ұғымы Кодекске сәйкес өткізілетін «аукцион» ұғымымен бірдей.

Қол қою бонусын есептеу тәртібі

1. Қол қою бонусының бастапқы мөлшері жер қойнауын пайдалануға жасалатын әрбір келісімшарт үшін мынадай мөлшерде жеке белгіленеді (726-бап):

1) *барлауға арналған келісімшарттар үшін:*

пайдалы қазбалардың бекітілген қорлары жоқ аумақтағы:

- *Көмірсутектер бойынша* – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе ҚР жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын АЕК-тің 2 800 еселенген мөлшері¹⁸;
- *пайдалы қатты қазбаларды барлауға, іздеушілікке арналған лицензияларды* және техногендік минералдық түзілімдерді игеруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, *пайдалы қатты қазбалар бойынша* – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе ҚР жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын АЕК-тің 280 еселенген мөлшері;
- *кең таралған пайдалы қазбалар*, жерасты сулары мен емдік балшық бойынша келісімшарттар үшін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын АЕК-тің 40 еселенген мөлшері;
- пайдалы қазбалардың бекітілген қорлары бар *аумақта* – өндіруге, олар бойынша қорлар бекітілген тиісті пайдалы қазбаларды бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар үшін қол қою бонусының бастапқы мөлшерін айқындау үшін осы тармақтың 2) тармақшасында айқындалған тәртіппен;

2) *өндіру, бірлесе барлау мен өндіру келісімшарттары үшін:*

- *көмірсутектерді*
- егер қорлар бекітілмеген болса, – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған күнге немесе Қазақстан

¹⁸ АЕК 2017ж. 1 қаңтарынан бастап 2269 теңге көлемінде бекітілген. Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 29 қарашадағы № 25-VI «2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңның 7-бабы.

Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 3000 еселенген мөлшерінде.

Бұл ретте егер жер қойнауын пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес **аумағы блоктарға бөлінген** жер қойнауы учаскесіне берілсе, онда қол қою бонусының бастапқы мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және конкурс шарттары жарияланған немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күнге қолданыста болатын **АЕК-тің 10 еселенген мөлшеріне, 300-шіден кейінгі әрбір блок үшін** ұлғаяды;

- егер қорлар бекітілген болса, қол қою бонусының бастапқы мөлшері формула бойынша анықталады
- техногендік минералдық түзілімдерді игеруге арналған келісімшарттарды және пайдалы қатты қазбаларды өндіруге, кен іздеушілікке арналған лицензияларды қоспағанда, минералды шикізатты өндіруге және бірлескен **барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар үшін** (қол қою бонусының бастапқы мөлшері қордың бекітілгеніне немесе бекітілмегеніне байланысты белгіленеді):
- **кең таралған пайдалы қазбаларға арналған келісімшарттар үшін,**

3) **техногендік минералдық түзілімдерді қайта өңдеуге арналған келісімшарттар үшін**

4) **сарқынды суларды ағызу үшін жер қойнауын барлауға арналған келісімшарттар үшін.**

2. Пайдалы қазбалар қорларының құны:

- 1) шикі газды қоспағанда, **көмірсутектер үшін**, –төленген күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып шетел валютасындағы баға белгіленімінің орташа арифметикалық мәні негізінде айқындалады.
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын баға бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығына өндірілген шикі газды берудің ең аз көлемі туралы жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелері көзделген **жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша шикі газ үшін.**
- 3) **пайдалы қазбалар үшін**, –төленген күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып шетел валютасындағы баға белгіленімінің орташа арифметикалық мәні негізінде айқындалады.

Аукцион нәтижелері бойынша берілетін лицензияларды қоспағанда, **геологиялық зерделеуге, кен іздеушілікке, пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензиялар бойынша қол қою бонусын есептеу ерекшеліктері.**

Аукцион нәтижелері бойынша берілетін лицензияларды қоспағанда, геологиялық зерделеуге, кен іздеушілікке, **пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензиялар бойынша** қол қою бонусының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және қол қою бонусын төлейтін күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткішті білдіретін мөлшерлеме негізге алына отырып есептеледі (727-бап):

25.12. 2017 ж. Салық кодексі.

№	Атауы	Мөлшерлеме, АЕК-пен
1.	Барлауға арналған лицензиясы	100
2.	Өндіруге арналған лицензия	50
3.	Іздеушілікке арналған лицензия:	
3.1.	ұсынылған аумақтың ауданы 0,3 км ² -ге дейін болған кезде	9
3.2.	ұсынылған аумақтың ауданы 0,3 - 0,5 км ² болған кезде	12
3.3.	ұсынылған аумақтың ауданы 0,5 -0,7 км ² болған кезде	15
4.	Геологиялық зерделеуге арналған лицензия	2000

Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалғанға дейін келісімшарт аумағын (жер қойнауы учаскесін) геологиялық зерделеуге және кен орындарын барлауға мемлекет шеккен жиынтық шығындарды өтеу бойынша жер қойнауын пайдаланушының тіркелген төлемі тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем болып табылады (731-бап).

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасқанға дейін келісімшарт аумағын (жер қойнауы учаскесін) геологиялық зерделеуге және кен орындарын барлауға мемлекет шығын шеккен пайдалы қазбалардың кен орындары бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемді төлеушілер болып табылады. (732-бап).

Мынадай шарттарды бір уақытта сақтаған кезде, қатты пайдалы қазбаларды **барлау немесе өндіруге арналған лицензия** шеңберінде қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы **тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемнің төлеушісі болып табылмайды:**

- қатты пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіруге арналған лицензия **2017 жылдың 31 желтоқсанынан** кейін берілген;
- қатты пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіруге қынылған аумақ **2018ж. 1 қаңтарына дейін** жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы ұсынылған аумаққа жатпайды.

Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемді белгілеу тәртібі.

1. Келісімшарт аумағын (жер қойнауы учаскесін) геологиялық зерделеуге және кен орындарын барлауға мемлекет шеккен тарихи шығындар сомасын осы мақсаттар үшін уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен есептейді және аталған сома бюджетке (733-бап 1-тармақша):

1) мемлекет меншігіндегі геологиялық ақпаратты сатып алу төлемақысын шегергенде, құпиялылық туралы келісімде белгіленген мөлшердегі тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем түрінде;

2) мемлекет меншігіндегі геологиялық ақпаратты сатып алу үшін құпиялылық туралы келісімде белгіленген мөлшердегі төлемақы түрінде төлеуге жатады.

Пайдалы қазбаларды өндіру салығы

1. Жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды өндіру салығын (ПҚӨС) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін минералды шикізат, мұнай, жерасты сулары мен емдік балшықтың әрбір түрі бойынша жеке төлейді.

2. Өндірілетін минералды шикізаттың, мұнайдың, жерасты сулары мен емдік балшықтың барлық түрлері бойынша ПҚӨС, жүргізілетін өндіру түріне қарамастан, мөлшерлемелер бойынша және Кодекспен белгіленген тәртіппен төленеді.

10.12.2008 ж. Салық кодексі (331-бап)	25.12. 2017 ж. Салық кодексі (738-бап)
<p>Жер қойнауын пайдалануға арналып жасалған әрбір жекелеген келісімшарт шеңберінде мемлекеттік меншік болып табылатын техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбалар алуды қоса алғанда, мұнайды, минералды шикізатты, жерасты сулары мен емдік балшықты өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар ПҚӨС төлеушілер болып табылады.</p>	<p>Кен іздеушілікке арналған лицензия шеңберінде ғана қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға жасалған әрбір жекелеген келісімшарт шеңберінде олар бойынша ПҚӨС және (немесе) роялти төленбеген техногендік минералдық түзілімдерден пайдалы қазбалар алуды қоса алғанда, көмірсутектерді, минералды шикізатты, жерасты сулары мен емдік балшықты өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар ПҚӨС төлеушілер болып табылады.</p>

Бұрындары пайдаланылған, «мұнай», «шикі мұнай, газ конденсаты және табиғи газ» терминдері жаңа «көмірсутектер» терминіне ауыстырылды және «шикі мұнай, газ конденсаты» терминдері- «мұнай» терминіне, «табиғи газ» - «шикі газ» немесе «газ» терминіне ауыстырылды.

ПҚӨС салу объектісі болып салықтық кезеңде жер қойнауын пайдаланушының өндірген көмірсутектерінің нақты көлемі саналады. Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты есептеу мақсатында жер қойнауын пайдаланушының салықтық кезең ішінде өндірген **көмірсутектерінің** жалпы көлемі мыналарға бөлінеді:

- 1) Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан мұнай өңдеуші зауытқа қайта өңдеуге өткізілген **мұнай**;
- 2) Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан мұнай өңдеуші зауытқа берілетін шикізат ретінде қайта өңдеуге берілген **мұнай**;
- 3) өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланған **мұнай**;
- 4) ПҚӨС, экспортқа рента салығын, роялтиді және ҚР өнімді бөлу бойынша үлесін төлеу бойынша салық міндеттемелерінің орындалу тәртібіне сәйкес, мемлекет атынан алушыға ПҚӨС, экспортқа рента салығын, роялтиді және Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесін төлеу есебіне жер қойнауын пайдаланушы заттай нысанда берген **мұнай**;
- 5) Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізілген және (немесе) өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланылған **шикі газ**.
- 6) Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізілген сұйытылған мұнай газына сәйкес келетін көлемде сұйытылған мұнай газын өндіру үшін пайдаланылған **ілеспе газ**;
- 7) жүзеге асырылуы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі – жер қойнауын пайдаланушы пайдаланған **шикі газ**;
- 8) **тауарлы көмірсутектер** – мұнай, шикі газ және ілеспе газ көлемдерін шегере отырып, жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезеңде жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт шеңберінде өндірген көмірсутектердің жалпы көлемі,

ПҚӨС бекітілген жобалау құжаттарымен қарастырылған мұнайдың алыну коэффициентін арттырумен мақсатымен қайтадан жер қойнауына құйылатын көлемде шикі газ бойынша төленбейді.

Салықтық кезеңде өндірілген көмірсутектер көлемінің құны пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу үшін **салықтық база** болып табылады (740-бап).

Жер қойнауын пайдаланушы салықтық кезең ішінде жер қойнауын пайдалануға жасалған әрбір жеке келісімшарт шеңберінде өндірген **тауарлық көмірсутектердің құны** өндірілген тауарлық көмірсутектердің көлемінің және салықтық кезеңде есептелген өнім бірлігі үшін **әлемдік бағаның** көбейтіндісі ретінде анықталады.

Мұнайдың әлемдік бағасы төменде келтірілген формула бойынша салықтық кезеңдегі күн сайынғы баға кесімдерінің орташа арифметикалық мәні мен тиісті салықтық кезеңдегі валютаның нарықтық орташа арифметикалық айырбастау бағамының көбейтіндісі ретінде анықталады.

Бағаны бағамдау «The McGraw-Hill Companies Inc» компаниясының «Platts Crude Oil Marketwire» дереккөзінде жарияланған ақпараттар негізінде салық кезеңінде «Юралс Средиземноморье» (Urals Med) немесе «Датированный Brent» (Brent Dtd) шикі мұнайының стандартты сортының әрбірін жеке алғанда шетел валютасындағы шикі мұнай бағасын бағамдауды білдіреді.

Осы дереккөзде шикі мұнайдың стандарты сұрыптарының бағасы туралы ақпарат болмаған жағдайда, шикі мұнайдың аталған стандарты сұрыптарының бағалары:

- 1) «Argus Media Ltd» компаниясының «Argus Crude» дереккөзінің деректері бойынша;
- 2) жоғарыда көрсетілген дереккөздерде шикі мұнайдың көрсетілген стандартты сорттарына бағалар туралы ақпарат болмаған жағдайда - Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында айқындалатын басқа да дереккөздердің деректері бойынша пайдаланылады.

Шикі мұнай мен газ конденсатының әлемдік бағасын айқындау үшін өлшем бірліктерін өндірілген шикі мұнайдың өлшемнің стандартты жағдайларына және мұнайдың паспортта көрсетілген сапасына келтірілген нақты тығыздығы мен температурасын есепке ала отырып, баррельден метрикалық тоннаға ауыстыру техникалық реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ұлттық стандартқа сәйкес жүргізіледі.

ПҚӨС есептеу мақсаттары үшін **өлшеу бірліктерін метрлік тоннадан баррельге ауыстыру** формула бойынша баррельдеудің орташа өлшенген коэффициенті негізінде жүзеге асырылады. Баррельдеудің орташа өлшенген коэффициенті үтірден кейінгі төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен есептеледі.

Баррельдеу коэффициенттері Қазақстан Республикасы аумағындағы экспорттық бағдардың басында анықталады.

Шикі газға әлемдік баға бекітілген коэффициентке сәйкес халықаралық өлшеу бірліктерін текше метрге ауыстыруды ескере отырып салықтық кезең ішіндегі шетел валютасындағы күн сайынғы баға кесімдерінің орташа арифметикалық мәні мен салықтық кезең ішіндегі валютаны айырбастаудың орташа арифметикалық нарықтық бағамының көбейтіндісі ретінде анықталады.

Бағаны кесімдеу «The McGraw-Hill Companies Inc» компаниясының «Platts European Gas Daily» дереккөзінде жарияланған ақпарат негізінде «Zeebrugge Day-Ahead»

табиғи газы бағасының салық кезеңі ішінде шетел валютасындағы бағамдалуын білдіреді.

Осы дереккөзде «Zeebrugge Day-Ahead» табиғи газына баға туралы ақпарат болмаған кезде «Zeebrugge Day-Ahead» табиғи газына баға:

1) «Argus Media Ltd» компаниясының «Argus European Natural Gas» дереккөзінің деректері бойынша;

2) жоғарыда көрсетілген дереккөздерде «Zeebrugge Day-Ahead» табиғи газына баға туралы ақпарат болмаған кезде Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында айқындалған басқа да дереккөздердің деректері бойынша пайдаланылады.

ПҚӨС есептеу тәртібі:

- Бюджетке төленуге жататын пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы салық салу объектілерінің, салықтық база мен мөлшерлеменің негізінде айқындалады (742-баптың 1-тармағы)
- ПҚӨС есептеу үшін жер қойнауын пайдаланушы күнтізбелік жыл ішінде жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жекелеген келісімшарт бойынша ағымдағы салықтық жылға арналған өндірудің жоспарланған көлеміне сәйкес келетін мөлшерлемені қолданады.

Бұл ретте *жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарттың* шеңберінде жер қойнауын пайдалану құқығы берілген (ауыстырылған) жағдайда, жер қойнауын пайдалануға арналған осындай келісімшарт бойынша өндірудің жалпы мәлімделген жылдық көлеміне сәйкес келетін ПҚӨС мөлшерлемесі, жер қойнауын пайдалану құқығын беру (ауыстыру) фактісіне қарамастан, қолданылады.

- ПҚӨС есептеудің дұрыстығын және бюджетке толық төленуін қамтамасыз ету мақсатында көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жекелеген келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланушылар бөлінісінде көмірсутектерді өндірудің алдағы жылға жоспарланатын көлемдері туралы мәліметтерді салық органына ағымдағы **күнтізбелік жылдың 20 қаңтарына дейін** ұсынады.
- Егер есепті күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша өндірілген көмірсутектердің нақты көлемі осындай келісімшарт бойынша жоспарланған көлемге сәйкес келмесе және ПҚӨС мөлшерлемелерінің өзгеруіне алып келсе, жер қойнауын пайдаланушы есепті жыл үшін есептелген ПҚӨС сомасын түзетуді жүргізуге міндетті.
- ПҚӨС сомасын түзету есепті салықтық жылдың соңғы салықтық кезең үшін декларацияда айқындалған өндірілген көмірсутектердің нақты көлеміне сәйкес келетін ПҚӨС мөлшерлемесін есепті салықтық жылдың 1–3-тоқсандары үшін ПҚӨС бойынша декларацияларда есептелген салықтық базаға қолдану арқылы жүргізіледі.
- Жүргізілген түзетулер ескерілетін ПҚӨС сомасы есепті жылдың соңғы салықтық кезеңде ПҚӨС бойынша салықтық міндеттеме болып табылады.

Пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері

№ р/н	Жылдық өндіру көлемі	Мөлшерлемелер, %-бен
1.	250 000 тоннаны қоса алғанға дейін	5
2.	500 000 тоннаны қоса алғанға дейін	7
3.	1 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	8
4.	2 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	9
5.	3 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	10
6.	4 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	11
7.	5 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	12
8.	7 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	13
9.	10 000 000 тоннаны қоса алғанға дейін	15
10.	10 000 000 тоннадан жоғары	18

Мұнайды Қазақстан Республикасының ішкі нарығында, оның ішінде заттай нысанда **ПҚӨС, экспортқа рента салығын, роялтиді және Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі үлесін** төлеу есебіне мемлекет атынан алушыға өткізген және (немесе) берген жағдайда немесе осы Кодекстің 739-бабы 2-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында айқындалған тәртіппен өзінің өндірістік мұқтаждықтарына пайдаланған жағдайда белгіленген мөлшерлемелерге 0,5 төмендету коэффициенті қолданылады.

Шикі газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемесі 10 пайызды құрайды. Ішкі нарықта шикі газды өткізу кезінде ПҚӨС жылдық өндіру көлеміне қарай мынадай мөлшерлемелер бойынша төленеді:

№ р/н	Жылдық өндіру көлемі	Мөлшерлемелер, %-бен
1.	1,0 млрд. текше м-ді қоса алғанға дейін	0,5
2.	2,0 млрд. текше м-ді қоса алғанға дейін	1,0
3.	2,0 млрд. текше м-ден жоғары	1,5

Рентабельділігі төмен, тұтқырлығы жоғары, су басқан, дебиті аз, игерілген санаттарына жатқызылатын кен орындары (кен орындары тобы, кен орындарының бір бөлігі) үшін мұнайға арналған ПҚӨС мөлшерлемелерін көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт бойынша ҚР Үкіметі белгілейді.

Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, минералды шикізатқа ПҚӨС

Минералды шикізаттың құрамындағы пайдалы қазбалар қорларының физикалық көлемі (айналыстан шыққан қорлардың салық салынатын көлемі) салық салу объектісі болып табылады).

Салықтық кезеңде минералды шикізаттың құрамындағы пайдалы қазбалардың айналыстан шыққан қорларының салық салынатын көлемінің құны пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу үшін салықтық база болып табылады (745-баптың 1-тармағы).

Пайдалы қазбаларға, минералды шикізатқа ПҚӨС мөлшерлемелері (746-бап).

Қалайыға ПҚӨС мөлшерлемелері 6%-дан 3%-ға төмендетілді.

ҰЭМ деректері бойынша, бұрындары қолданылған ПҚӨС мөлшерлемесі деңгейінде (6%), жобаның рентабельділігі нөлге жақын болатын (Сырымбет – ҚР аумағындағы қалайының жалғыз кен орны).

Пайдалы қазбалар, минералды шикізаттар ПҚӨС мөлшерлемесі тізіміне, оның ішінде тек бірінші қайта өңдеуден өткендерге «Өзге кендік емес минералды шикізаттар» бойынша мөлшерлемелер қосылды.

Пайдалы қазбаларға, минералды шикізатқа ПҚӨС мөлшерлемелері

№ р/н		Пайдалы қазбалардың, минералды шикізаттың, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден ғана өткен минералды шикізаттың атауы	Мөлшерлемелер, пайызбен
1	Кендік емес басқа минералды шикізат	Құрамында саз балшық бар жыныстар (дала шпаты, пегматит)	2,5%
		Каолин, вермикулит және басқа да кендік емес пайдалы қатты қазбалар, құрамында кендік емес пайдалы қатты қазбалар бар минералды шикізат	4,7%

Үстеме пайда салығы

Жер қойнауын пайдаланушы үстеме пайда салығын төлеуші болып табылатын жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша салықтық кезең үшін есептеледі (752-бап).

Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін жер қойнауын пайдаланушы төменде белгіленген тәртіпке сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша салық салу объектісін, сондай-ақ салық салумен байланысты мынадай объектілерді (753-бап):

- 1) үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кірісті;
- 2) үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін салық салынатын кірісті;
- 3) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жылдық жалпы кірісті;
- 4) үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін шегерімдерді;
- 5) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша корпоративтік табыс салығын;
- 6) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша бейрезиденттің тұрақты мекемесінің таза кірісі салығының есеп айырысу сомасын айқындайды.

Төменде көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушылар үстеме пайда салығын төлеушілер болып табылады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған мынадай:

- 1) ҚР Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасында 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) (ӨБК), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар негізінде.
- 2) осы келісімшарттар пайдалы қазбалардың басқа топтарын өндіруді көздемеген жағдайда, пайдалы қатты қазбаларды, жерасты суларын және (немесе) емдік балшықты барлауға және (немесе) өндіруге арналған келісімшарттар негізінде;
- 3) барлауға және өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және пайдалануға арналған келісімшарттардың негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушылар осы тарауда **белгіленген үстеме пайда салығын төлеушілер болып табылмайды.**

Жер қойнауын пайдаланушы үстеме пайда салығын мынадай тәртіппен айқындалатын мөлшерлемелердің өзгермелі шәкілі бойынша төлейді:

№ р/н	Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін деңгейлер бойынша таза кірісті бөлу шәкілі, шегерімдер сомасының пайызы	Үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін таза кірісті бөлудің шекті сомасын есептеуге арналған пайыз	Мөлшерleme (%-бен)
1.	25 пайыздан аз немесе оған тең	25	Белгіленбейді
2.	25 пайыздан 30 пайызды қоса алғанға дейін	5	10
3.	30 пайыздан 40 пайызды қоса алғанға дейін	10	20
4.	40 пайыздан 50 пайызды қоса алғанға дейін	10	30
5.	50 пайыздан 60 пайызды қоса алғанға дейін	10	40
6.	60 пайыздан 70 пайызды қоса алғанға дейін	10	50
7.	70 пайыздан жоғары	Үстеме пайда салығын есептеу тәртібіне сәйкес	60

Экспортқа рента салығы

Мыналарды өткізетін жеке және заңды тұлғалар экспортқа рента салығын төлеушілер болып табылады:

1) шикі мұнай және мұнай өнімдері:

- келісімшарттар шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылар өндірген;
- Қазақстан Республикасының құрлықтық қайраңында немесе теңіздік және аса терең кен орындарында көмірсутектерді өндіру немесе барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылар өндірген шикі мұнай мен газ конденсатының экспорт көлемдерін қоспағанда.

2) көмір.

Жер қойнауын пайдаланушы салықтық міндеттемені орындау есебіне заттай нысанда берген пайдалы қазбалардың экспортқа өткізілетін және мемлекет атынан алушы немесе осындай өткізуге мемлекет атынан алушы уәкілеттік берген тұлға өткізетін көлемдерді қоспағанда, экспортқа өткізілетін шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің, көмірдің көлемі экспортқа рента салығын салу объектісі болып табылады (714-бап).

Экспортқа іс жүзінде өткізілетін шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің көлемі және әлемдік баға негізінде есептелген, экспортталатын шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің құны шикі *мұнай және шикі мұнай өнімдері бойынша экспортқа рента салығын* есептеу үшін салықтық база болып табылады. Бұл ретте шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері үшін әлемдік баға шикі мұнайдың әлемдік бағасын негізге ала отырып айқындалады (715-бап).

Шикі мұнай мен шикі мұнай өнімдерін экспорттау кезінде экспортқа рента салығы 0%-32% мөлшерлемелермен есептеледі¹⁹.

¹⁹ Шикі мұнайға әлемдік баға бір баррель үшін 40 АҚШ долл. төмендеген жағдайда, нөлдік салық мөлшерлемесі пайдаланылады.

Экспортқа рента салығын есептеу мақсатында шикі мұнайдың әлемдік бағасын айқындау үшін **өлшем бірліктерін баррельден метрикалық тоннаға ауыстыру** орташа өлшемді баррельдеу коэффициентінің негізінде жүзеге асырылады.

Баррельдеудің орташа өлшемді коэффициенті үтірден кейін төрт белгіге дейінгі дәлдікпен есептеледі;

Баррельдеудің коэффициенттерін Қазақстан Республикасы аумағындағы экспорттық бағдар басында анықталады.

Нақты экспортқа өткізілетін көмір көлеміне байланысты есептелген экспортталатын **көмірдің құны экспортқа рента салығын** есептеуге арналған салықтық база болып табылады.

Көмірді экспорттау кезінде экспортқа рента салығы 4,7% мөлшерлеме бойынша есептеледі.

Көмір бойынша экспортқа рента салығының 2,1%-дан 4,7%-ға ұлғаюы бюджет шығынының орнын өтеу мақсаттарында **қатты пайдалы қазбалар бойынша үстеме пайдаға салықты** алып тастаумен байланысты.

Бұл ретте көмір бойынша экспортқа рента салығын есептеу мақсаттары үшін **шетел валютасында жасалған операциялар** шартқа (келісімшартқа) сәйкес экспортталатын көмірге меншік құқығының өту күнінде анықталған валютаны айырбастаудың нарықтық бағамын пайдаланумен теңгемен қайта есептеледі.

Осылайша, жаңа Салық кодексінде баррельдеу коэффициентін пайдаланумен және шетел валютасында жасалған операциялармен байланысты даулы мәселелер жойылған.

Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық

ҚР құрлықтық қайраңында және теңіздік және аса терең кен орындарында **көмірсутектерді өндіру немесе барлауға арналған келісімшарттар бойынша** салық міндеттемелерінің орындалуы жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты есептеу және төлеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін (720-баптың 5-тармағы).

1. Жер қойнауын пайдалануға балама салықты (766-бап):

- Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемнің;
- ПҚӨС;
- Үстеме табыс салығының;
- Мұнай экспортына рента салығының орнына пайдалануға құқылы.

ҚР Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес келесідей шарттарды жасасқан заңды тұлға-жер қойнауын пайдаланушылар:

1) ҚР құрлықтық қайраңында көмірсутектерді өндіруге және (немесе) бірлесе барлау мен өндіруге арналған келісімшарт;

2) теңіздік және аса терең кен орындарының көмірсутектерін өндіру және (немесе) барлау мен өндіру келісімшарты.

Жер қойнауын пайдалануға балама салық өндіруге арналған келісімшарт жасалған немесе бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт бойынша өндіру кезеңі басталған күннен бастап жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарттың қолданылуы аяқталған күнге дейінгі кезеңде қолданылады және **өзгертуге жатпайды**.

Салық төлеуші осы құқықты қолдану туралы хабарламаны өндіруге арналған келісімшарт жасалған немесе бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт

бойынша өндіру кезеңі басталған күннен бастап күнтізбелік 30 кешіктірмей тұрған жеріндегі салық органына жібереді.

Мұндай хабарлама болмаған жағдайда тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем, ПҚӨС және үстеме пайда салығы бойынша салықтық міндеттемені орындау жалпы тәртіппен жүзеге асырылады,

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдер мен салықтар жөніндегі салықтық міндеттемені орындауының баламалы тәртібін 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолдану құқығы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданылуының қалған барлық кезеңіне жүргізіледі және **өзгертуге жатпайды**, бұл туралы салық төлеуші тұрған жеріндегі салық органына 2018 жылғы 1 наурыздан кешіктірмей хабарлама жібереді.

Жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты **есептеу тәртібі** 767-бапта көрсетілген.

Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық мұнайдың әлемдік бағасына қарай мынадай мөлшерлемелер бойынша есептеледі:

№ р/н	Әлемдік баға	Мөлшерлеме %-бен
1.	Бір баррель үшін 50 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	0
2.	Бір баррель үшін 60 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	6
3.	Бір баррель үшін 70 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	12
4.	Бір баррель үшін 80 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	18
5.	Бір баррель үшін 90 АҚШ долларын қоса алғанға дейін	24
6.	Бір баррель үшін 90 АҚШ долларынан жоғары	30

Жер учаскелерін пайдалану ақысы

Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін ақыны төлеушілер болып:

- 1) Жер учаскесін уақытша ақылы пайдалануға (жалға) алған;
- 2) Жер қойнауы учаскелерін пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіруге арналған лицензия негізінде алған тұлғалар саналады.

Пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде берілген жер қойнауы учаскесі бойынша төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің 1-күніне қолданыста болатын АЕК мөлшері негізге алына отырып айқындалады және мынаны құрайды:

Жер учаскесін пайдалану ақысының мөлшерлемелері

№	Кезең	Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)
1.	барлауға арналған лицензия қолданысының 1-айынан бастап 36-айы аралығында, 1 блок үшін	15
2.	барлауға арналған лицензия қолданысының 37-айынан бастап 60-айы аралығында, 1 блок үшін	23
3.	барлауға арналған лицензия қолданысының 61-айынан бастап 84-айы аралығында, 1 блок үшін	32
4.	барлауға арналған лицензия қолданысының 85-айынан бастап және әрі қарай, 1 блок үшін	60
5.	Өндіруге арналған лицензия қолданысының 1-айынан бастап және әрі қарай, 1 км ²	450

Блок– бұл ҚР жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаға сәйкес қатты пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіруге лицензия берілген аумақ. Әрбір блоктың оны сәйкестендіретін координаттары мен жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі құзіретті орган беретін дербес коды болады.

Жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде берілген жер қойнауы учаскесі бойынша төлемақының жылдық сомасын есепті жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша лицензия қолданылған және оның қолданылуы аяқталған жағдайда – есепті салықтық кезеңнің 25 ақпанынан кешіктірмей немесе лицензияны есепті жылдың 1 ақпанын қоса алғанға дейін алған кезде –мөлшерлемелер бойынша айқындалатын төлемақының жылдық сомасы мөлшерінде төлейді.

3.1.2. Лицензиялар ұсыну (2.2)

Лицензияларды беру «Е-лицензиялау»²⁰ МДҚ» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Өтініш берушілер лицензияны «жер қойнауын пайдалану» бөліміндегі қызмет түріне «Е-лицензиялау» ғаламтор-порталы арқылы ала алады.

ҚР Үкіметінің 2017ж. 17 қарашадағы²¹ №754 Қаулысының Қосымшасына сәйкес, мұнай және газ саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиялар болып ҚР Энергетика министрлігі, жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласында – ҚР Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті анықталған.

ҚР Үкіметінің 2015ж. 29 маусымдағы №489 қаулысына қосымша.

Бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар)

Лицензияның және жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызмет түрінің атауы	Жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызметтің кіші түрінің атауы
Мұнай және газ саласындағы қызметті лицензиялау	
Мұнай және газ саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия	<ol style="list-style-type: none"> 1) мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру; 2) көмірсутекті шикізат кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу (кәсіпшілік зерттеулер, сейсмикалық барлау жұмыстары; геофизикалық жұмыстар); 3) мұнай; газ; газ конденсаты; айдама ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары; 4) құрлықтағы; теңіздегі; ішкі су айдындарындағы көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды бұрғылау; 5) кен орындарында ұңғымаларды жерасты жөндеу (ағымдағы; күрделі); 6) көмірсутекті шикізат кен орындарында

²⁰Электронды лицензиялау бойынша жалпы ақпаратты «Е-лицензиялау» веб-порталында <http://elicense.kz> мекенжайы бойынша алуға болады.

²¹ҚР Үкіметінің 2017ж. 17 қарашадағы №754 "Мұнай және газ, жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету салаларындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензияларды айқындау және "Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы № 1684 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 489 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қаулысы

Лицензияның және жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызмет түрінің атауы	Жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызметтің кіші түрінің атауы
	<p>ұңғымаларды цементтеу; сынау; игеру; сынаудан өткізу;</p> <p>7) көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды консервациялау; жою;</p> <p>8) мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту;</p> <p>9) құрлықтағы; теңіздегі көмірсутекті шикізат кен орындарында мұнайдың төгілуін болдырмау және жою жөніндегі жұмыстар;</p> <p>10) мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану;</p> <p>11) көмірсутекті шикізат кен орындарына арналған жобалардың жобалық құжаттарын; технологиялық регламенттерін; техникалық-экономикалық негіздемесін жасау;</p> <p>12) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану.</p>
Жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласындағы қызметті лицензиялау	
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге арналған лицензия	<p>1) шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін табиғат қорғауға қатысты жобалау, нормалау;</p> <p>2) шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін экологиялық аудит</p>

ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 2 қарашадағы №708²² қосымшасына сәйкес, экспорты және (немесе) импорты лицензиялануы тиіс тауарлардың, лицензиарлардың және лицензияны беруді келісімнен өткізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тізімі.

Экспорты және (немесе) импорты лицензиялануы тиіс тауарлардың, лицензиарлардың және лицензияны беруді келісімнен өткізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тізімі

Экспорты және (немесе) импорты лицензиялануы тиіс тауарлардың тізімі	Лицензиар	Келісімнен өткізуші мемлекеттік орган
Құнды металлдар мен құнды металлды қамтитын шикізат тауарларының экспорты	ИДМ	-
Минералды шикізат экспорты	ИДМ	-

Рұқсаттар қызметтің келесідей түрлері үшін талап етіледі:

- Жер асты суларына, емдік балшықтарға және қатты пайдалы қазбаларды барлауға, өндіру немесе бірлесе барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу

²² "Экспорты және (немесе) импорты лицензиялауға жататын тауарлардың, лицензиарлардың және лицензия беруге келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 287 қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 2 қарашадағы № 708 қаулысы. Қаулы **ресми жариялау күнінен кейін** 6 айдан соң күшіне енеді.

- Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу
- Көмірсутегі шикізаты, көмір және уран бөлігінде жер қойнауын пайдалануға келісімшарттарды тіркеу
- Көмірсутегі шикізаты, көмір және уран бөлігінде жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу
- Пайдалы қазбалардың кен орындарын өңдеу жобасын бекіту
- Тау-кендік бөлуді беру
- Жер қойнауын пайдаланушының жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды, сондай-ақ мұнай операцияларына байланысты өзге де объектілерді пайдалану процесінде өртке қарсы қорғауды қамтамасыз ету тәртібін мемлекеттік бақылау жөніндегі органдармен келісуі
- Технологиялық жабдықты іске қосу, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағуда ілеспе және (немесе) табиғи газды алауға жағуға рұқсат беру
- Теңіздегі құрылыстарды салуға немесе орналастыруға рұқсат беру
- Теңізде іздестіру, барлау, пайдалану кезіндегі ұңғыманы немесе басқа да ұңғыманы бұрғылауға рұқсат беру
- Теңізде мұнай-газ құбырларын салу, монтаждау және төсеу жөніндегі жұмыстарға рұқсат беру.

Хабарлау тәртібі:

- Теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама
- Бағалы металдарды, асыл тастарды, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама
- Мұнай өнімдерінің көтерме жеткізілімдеріне байланысты қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама

Энергетика министрлігі көмірсутекті шикізат, көмір және кран бөлігінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды, көмірсутекті шикізат, көмір мен уран бөлігінде жер қойнауын пайдалану құқығының кепілі шартын тіркеу жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру жобасын бекітеді.

3.1.3. Лицензиялар/келісімшарттар тізілімі (2.3, 2.4)

Келісімшарттар түрі мен нөмірін, жарамдылық мерзімін, лицензиарды, мәртебесін көрсетумен ӨСАБ-қа қатынасын ғана емес, барлық компаниялардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың тізілімі бойынша ақпарат ҚР ИДМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің сайтында қолжетімді: 01.01.2018 жылдағы қалып бойынша көмірсутек шикізат бойынша тізім

<http://info.geology.gov.kz/images/stories/spravochnik/ubs01.01.18.pdf>

01.04.2018 жылдағы қалпы бойынша қатты пайдалы қазбалар бойынша тізім.

<http://info.geology.gov.kz/images/stories/spravochnik/tpi.01.04.18.pdf>

Бір компания бірнеше келісімшартты жасасуы мүмкін екендігін, сондай-ақ бір келісімшарт бірнеше нысанда жер қойнауын пайдалану құқығына ие болуы мүмкін екендігін айта кеткен жөн. Тиісті тізімді таңдағаннан кейін жер қойнауын пайдаланушы компания, мекенжайы, басшысы, құрылу жылы, негізгі қызмет түрі мен жер қойнауын пайдалану объектісі туралы ақпарат нақты объектіге шерту жолымен қолжетімді болады. Төменде көрсетілген терезе шығады. Осылайша, кез келген қызығушылық тудырып отырған жер қойнауын пайдаланушы компанияны таңдауға және ақпаратпен танысуға болады.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің (ҚР ИДМ) Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің **интерактивті картасы** <https://gis.geology.gov.kz/geo/> картада көрсетілетін ақпаратты таңдауды, картада ақпаратты іздестіруді жүргізуге мүмкіндік береді.

Интерактивті картада ҚПҚ, ЖАС, КСШ, КПҚ бойынша барлық қолданыстағы объектілер белгіленген: рәсімдеу кезеңіндегі келісімшарттық аумақтар, аукционға қойылған, и келіп түскен өтініштер бойынша жеңілдетілген тәртіпте ұсынылған учаскелер, нашар зерттелген бос емес объектілер. Әрбір учаске бойынша өз құрамында келісімшарт нөмірін, қызмет түрін, пайдалы қазба түрін, жер қойнауын пайдаланушы туралы деректерді, сонымен қатар олардың деректемелерін қамтитын деректер бар.

Карта стандарты режимде үнсіз баптау бойынша ашылады. Сол жақта басқару мәзірі қолжетімді, таңбашалар түрінде төрт тараудан тұрады.

1) Легенда – объектілердің шартты белгілемелері.

Қабаттардың шартты белгілемелерін қарау үшін таңбашадағы қабатты басып жазыңыз. Шартты белгілемелер тізімі ашылады.

2) Қабаттар тізімі – қабаттарды басқару.

Мазмұн панеліндегі «Қабаттар тізімі» тарауында республиканың аумағындағы барлық объектілерді қамтитын қабаттар көрсетіледі. Бұл тарауда қабат атауының жанында белгіше қою немесе алып тастау жолымен картадағы объектілердің қабаттарын көрсетуді басқаруға болады. Үнсіз баптау бойынша «ҚПҚ, ЖАС, КСШ, КПҚ бойынша қолданыстағы объектілердің» қабаттары және «Мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасы (МЖҚББ)» көрсетіледі.

Қабаттың шарты белгілемелерін қарау үшін қабат атауының сол жағындағы таңбашадағы қабатты басып жазыңыз. Шартты белгілемелер тізімі ашылады.


3) Карталар галереясы – түптөсемдерін басқару. Түптөсем тек біреу ғана таңдала алады.

4) Картограмма дайындау – бос жолдарды толтыра отырып, орналасқан жерін, объекті контурын анықтау.

«Картограмма» пайдаланушылар тарапынан қызығушылық тудырып отырған объектілерді толтырылған атрибуттар бойынша табуға мүмкіндік береді.

Объектілерді сәйкестендіру үшін, меңзермен оны түртіңіз. Полигон түспен (жасыл) ерекшеленеді және таңдалған аумақта қамтылатын барлық объектілер бойынша ақпаратты қамтитын терезе пайда болады.

1-сурет. Жер қойнауын пайдаланудың интерактивті картасы



Дереккөз: <https://gis.geology.gov.kz/geo/>

3.1.4. Келісімшарттар және ӨБК бойынша ақпарат (2.4)

Келісімшарттарды ұсыну (2.4)

ҚР ИДМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің деректері бойынша, 01.01.2018ж.дейінгі қалып бойынша жер қойнауын пайдалануға 582 келісімшарт қолданыста, оның ішінде қатты пайдалы қазбалар (ҚПҚ) бойынша -и403, оның ішінде барлау (Б) - 182, өндіру (Ө) - 101, барлау және өндіру (БӨ) - 109 және жер асты сулары (ЖАС) – 179, оның ішінде барлау - 2, өндіру -134, барлау және өндіру - 44.

КСШ кен орындарының 90%-нан астамы келісімге отырғызылған: көмірсутек шикізаты бойынша жер қойнауын пайдалануға 214 келісімшарт қолданыста, о.і.: барлауға – 62, бірлесе барлау мен өндіруге – 71, өндіруге – 70, ӨБК – 11.

Жер қойнауын геологиялық зерделдеуге арналған келісімшарттар саны: 2015 ж. – 3, 2016 ж. –19, 2017 ж. –3. **Жер қойнауын геологиялық зерделдеуге арналған келісімшарттар шегінде:** қазіргі кезде жұмыс 19 келісімшарт шеңберінде жүргізілуде. Инвестициялар сомасы -32 млрд.теңге құрады.

2017 жылдағы келісімшарттар саны– 42 келісімшарт, оның ішінде тікелей келіссөздер хаттамалары бойынша– 25 келісімшарт, конкурс қорытындысы бойынша – 15 келісімшарт, түрлендіру жолымен – 2 келісімшарт

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 267-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес тікелей келіссөздер негізінде конкурс жүргізусіз, өндірістік қызметке (технологиялық циклға) байланысты пайдалы қатты қазбаларды барлау, өндіру, бірлесе барлау және өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру бөлігінде индустриалды-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асырады.

2017 жылы өзінің индустриалды-инновациялық жобалары бойынша келесі компанияларға объекті бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы ұсынылды:

- «Қазцинк» ЖШС Шығыс Қазақстан облысындағы Ревнюшинская алаңындағы полиметалл кен мен асыл металлдарды барлауға және Шығыс Қазақстан облысының Шубинская алаңында полиметалл кен мен асыл металлдарды барлауға (кенді қайта өңдеу көлемін жылына 2,25 млн.тоннадан 3,0 млн.тоннаға дейін ұлғайтумен Зырянов тау-кен байыту фабрикасын реконструкциялау);

- «Жайрем ТБК» АҚ Қарағанды облысы Ақбастау алаңында полиметалл кенді, асыл және қара металлды, сонымен қатар ілеспе құрамдастарды барлауға (1,2 және 3 учаскелер) және Қарағанды облысының Қаражал алаңында (1 және 2 учаскелер) полиметалл кенді, асыл және қара металлдарды, сонымен қатар ілеспе құрамдастарды барлауға (кенді қайта өңдеу бойынша өнімділігі жалпы жылына 5,0 млн.тоннаға дейін құрайтын байыту фабрикасының құрылысы бойынша);

- «Ертай» ЖШС Жамбыл облысындағы Дружное кен орнында қорғасын-мырыш кендері мен ілеспе құрамдастарды өндіруге («Дружное» жақын орналасқан кен орнын түрлендіру мақсатымен Ақсүйек байыту фабрикасын флотацзиялық-гравитациялық фабрикаға модернизациялау және реконструкциялау);

- «Металлинвест ТМК» ЖШС Оңтүстік-Қазақстан облысы Аңсай кен орнында барит кендерін барлауға («Аңсай кен орны базасында қуаттылығы жылына 200 мың тонна құрайтын барит концентратын өндіру бойынша ТБК құрылысы»).

Төменде ҚР ИДМ-нің ҚПҚ бойынша құқықтарды беру құқығын қарастыру нәтижелері бойынша хаттамаларының деректері берілген.

№	Жер қойнауын пайдаланушы	Келісімшарт № мен күні	Жүгіну/шешім
2017 жылғы 24 қаңтардағы №1 хаттама			
1	«Central Asia Mining Co» ЖШС	Оңтүстік Қазақстан облысы, Күмісті алаңында алтын, шашыранды алтын, күміс пен түрлі-түсті металлдарды барлауға арналған 28.06.2016ж. №4913 Оңтүстік Қазақстан облысы, Алтынтаусай кен орнында шашыранды алтынды өндіруге 23.06.2016ж. №4898.	«CentralAsiaMining Co» ЖШС-дағы үлестің 30% -ын «Оңтүстік» сауда-өнеркәсіптік корпорациясы» ЖШС пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
2	«АлтынГео» ЖШС	Оңтүстік Қазақстан облысы Қаржан учаскесінде шашыранды алтынды барлауға арналған 14.09.2016ж. №4970	В.В.Руснакқа тиесілі «Алтынгео» ЖШС-дағы үлестің 3% -ын «Оңтүстік» сауда-өнеркәсіптік корпорациясы» ЖШС пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
3	«Ертіс» ӘКК» ҰК» АҚ	Шығыс Қазақстан облысы, Васильевское кен орнындағы алтын камтитын кендерді барлауды жүргізуге арналған 17.04.2015ж. №4579	«Васильевское» тау-кен металлургия компаниясы» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 10% -ын «Олтан» ЖШС пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
4	«Сарыарқа mining» ЖШС	Қарағанды облысы, Түйебай-Сүртісүй алаңында темір-марганец кенін барлау мен өндіруге 08.05.2008 жылғы № 2642	«SAT&Company» АҚ-на «Орталық-Азиялық инвестициялық консалтинг компаниясы» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 99,91% -ын А.С.Өтепбергенов пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
5	«Павлодар» ӘКК» ҰК» АҚ	Павлодар облысы Жамбас алаңында мыс кені мен асыл металлдарды барлауға 11.04.2016 жылғы №4815	«Zambas-PV» ЖШС жарғылық капиталына жарна ретінде жер қойнауын пайдалану құқығына рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр
6	«Семей цемент зауыты» ЖШС	Шығыс Қазақстан облысы, Ертіс өз.сол жағалауындағы Батыс тарамының су жинақтағышында	«БТА Банк» АҚ «Семей цемент зауыты» өндірістік компаниясы» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 100% -ын

№	Жер қойнауын пайдаланушы	Келісімшарт № мен күні	Жүгіну/шешім
		жер асты суларын өндіруді жүргізуге 14.12.2019ж № 3475	«SemeyPortLand» ЖШС пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
7	«Есіл» ӘКК» ҰК» АҚ	Ақмола облысы, Ақбейіт кен орнында алтынды өндіруге арналған 28.02.2014ж. №4350	«EsilGoldcompany» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 20%-ын «DAMEI-ASTANA» ЖШС пайдасына беруге рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
№2017 жылғы 2 ақпандағы №2			
8	«TURAN-KULAGER» ЖШС	Ақмола облысының Зеренді ауданы Кенеткөл кен орнында (№1943 ұңғыма учаскесі) ішетін суды өндіруді жүргізуге 04.04.01ж. № 649. ақмола облысы Құлагер-Арасан кен орнында ішетін емдік-ассу минералдық суды өндіруді жүргізуге 4.04.01 жылғы № 650.	Ахметов Мұрат Қанатұлының Нұртілеуов Шалқар Әбуғалиұлына жер қойнауын пайдаланумен байланысты объектіні «Азия Су Компаниясы» ЖШС жарғылық капиталындағы үлестің 10% түрінде және BlauweRots B.V. компаниясына Серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлестің 30% түрінде жер қойнауын пайдаланумен байланысты объектіні беруіне рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
9	Мұқашева Токжан Аманкелдіқызы	Қарағанды облысы Үлкенжол кен орнында марганец кендерін барлауға 12.04.2013ж. № 4203	«AdelyaInvest» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 50%-ын Мұқашева Сафура Мағауияқызы пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
2017 жылғы 17 ақпандағы №4 хаттама			
10	«Алтын Олжа.кен» ЖШС	Алматы облысы Онжас алаңында алтын мен полиметаллдарды барлау және өндіруге 13.09.2006 ж. № 2157	Иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр: - А.Т.Салжановқа «Алтын Олжа.кен» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 25% -ын EQUINOXMININGPTE. LTDPF пайдасына; - А.М.Набиевке Салжановқа «Алтын Олжа.кен» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 25% -ын COALFIELDINVESTMENTCOMPANY PTE.LTD пайдасына; - О.В.Кулинскийге Салжановқа «Алтын Олжа.кен» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 22,5%-ын COALFIELDINVESTMENTCOMPANY PTE.LTD пайдасына.
11	«Жетісу» ӘКК» ҰК» АҚ	Алматы облысы Малайсары-Батыс кенашылымында алтын қамтитын кендерді барлауға 22.02.2016ж. № 4787	«Малайсары Алтын» ЖШС пайдасына жер қойнауын пайдалану құқығын иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
12	«TURAN-KULAGER» ЖШС	Ақмола облысы Зеренді ауданындағы Кенеткөл кен орнында (№1943 ұңғ.учаскесі) ішетін суды өндіруді жүргізуге 04.04.2001ж. № 649	«Көкшетау минералды сулары» АҚ пайдасына келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
13	«TURAN-KULAGER» ЖШС	Ақмола облысы Құлагер-Арасан кен орнындағы ішетін емдік-ассу-минералды суларды өндіруді жүргізуге 04.04.2001ж. №650	«Көкшетау минералды сулары» АҚ пайдасына келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
14	«Ashaly» ТКК» ЖШС	ШҚО Ашалы-Дәубай кен даласының Асқар алабындағы учаскеде алтынды барлауға	«КЭМП-ВОСТОК» АҚ «Ashaly» ТКК» ЖШС қатысу үлесінің 90%-ын «DUM-BusinessCompany» ЖШС

№	Жер қойнауын пайдаланушы	Келісімшарт № мен күні	Жүгіну/шешім
		16.07.2013 ж. № 4242	пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
2017 жылғы 30 наурыздағы №6			
15	«Тек Казинвест» сыртқы экономикалық компаниясы» ЖШС	Қызылорда облысындағы Қарамұрын кен даласында алтын, күміс, мыс, мырыш пен қорғасынды барлау мен кейінгі өндіруді жүргізуге 03.05.1999ж. № 323	«Марсель Gold» ЖШС пайдасына жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
16	«Сарыарқа» ӘКК» ҰК» АҚ	Қарағанды облысы, Тантап алаңындағы темір-марганец кендерін барлауға 17.04.2015ж. № 4577	«Сарыарқа» ӘКК» ҰК» АҚ қатысу үлесінің 25% -ын «Недра Капитал КЗ» ЖШС пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
17	«Автотранссервис» ЖШС	Павлодар облысының Екібастұз-Шідерті кен орындары тобының никель-кобальт кендерін бірлесе барлау мен өндіруді жүргізе 04.09.2000ж. № 528	«Автотранссервис» ЖШС қатысу үлесінің 22% -ын Т.О.Куанышев пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
18	«Ертіс» ӘКК» ҰК» АҚ	Шығыс Қазақстан облысы Родионов Лог кен орнында темір кендерін барлауға 18.02.2016ж. №4779	«Родионов Лог» ЖШС пайдасына жарғылық капиталға жарна ретінде жер қойнауын пайдалану құқығын иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
19	«Тобол» ӘКК» АҚ	Қостанай облысы Комсомол кен орнында алтынды барлауға 15.08.2016 ж. № 4940	«Комсомольское БК» ЖШС пайдасына жарғылық капиталға жарна ретінде жер қойнауын пайдалану құқығын иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
20	«Сарыарқа Алтын» ЖШС	Қарағанды облысы Қарасу кен орнында алтын қамтитын кенді барлауға 20.08.2015ж. № 4676	«Сарыарқа» ӘКК» АҚ қатысу үлесінің 20%-ын «Азия профити» ЖШС пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
21	«Үлбі металлургия зауыты» АҚ	Шығыс Қазақстан облысындағы Атаманов су жинақтағышы учаскесінде жер асты суларын өндіруге 27.07.2004ж. № 1472	Рыбалко Е.А. 716 дана пұратты акцияларды А.А.Викс пайдасына иеліктен шығаруды жүргізуге ниетті, бұл «Үлбі металлургия зауыты» АҚ-ның 0,0265% құрайды.
22	«АҚСУ-ЕСІЛ» ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» ЖШС	«АҚСУ-ЕСІЛ» ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» ЖШС	«Кен шуак» ЖШС пайдасына жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
23	«СЕНТАС» ЖШС	Шығыс Қазақстан облысының Сенташ кен орнында алтынды барлауға 16.07.2013ж. 4238-ҚПҚ	«ExELT/ЭксЕЛТ» ЖШС-ға «Сентас» ЖШС жарғылық капиталындағы 90% -ды «ВостокИнвестГрупп» ЖШС пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
24	ROSDALE PTE. LTD. (РОСДЕЙЛ ПТЕ.ЛТД.)	«Қызылту» ЖШС Ақмола облысы Қызылту кен орны мен оның қапталдарында молибден-мыс кендері мен шектес құрамдастарды барлауға 10.03.06ж. № 1977 «Ар-ман» ЖШС ШҚО Шорское кен орнында мыс-молибден кенін өндіруге 2017 жылғы 21 тамыздағы № 2452.	ROSDALEPTE. LTD. (РОСДЕЙЛ ПТЕ.ЛТД.) жауапкершілігі шектеулі жеке акционерлік компанияға: - «Степногорск тау-кен химиялық комбинаты»ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 60 %-ын GANBERGUKLTD (ГАНБЕРГ ЮК ЛТД) компаниясының пайдасына; - «Степногорск тау-кен химиялық комбинаты»ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 40 %-ын GEXIORUKLTD (ДЖЕКСИОР ЮК ЛТД) компаниясының пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат беру

№	Жер қойнауын пайдаланушы	Келісімшарт № мен күні	Жүгіну/шешім
			өтінішімен жүгініп отыр.
25	«Қазцинк» ЖШС	Ақмола облысы Васильков кен орнында алтын қамтитын кенді өндіруге 07.07.2003ж. № 1185	«Қазақстан қор биржасы» АҚ « (KASE кұнды қағаздардың ұйымдасқан нарығында «AltyntauKokshetau» АҚ 100% немесе 400 000 қарапайым акцияларды айналымға біріншілей шығаруға рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
26	«Қазфосфат» ЖШС	Шолақтау, Ақсай, Шилібұлақ, Жанатас, Көксу, Көкжон (Қыстас учаскесі) фосфориттер кен орнының фосфорит кендерін игеруге 05.02.1997 жылғы № 94 Техногенді минералды түзілістерден: Көкжан фосфорит кен орнының №5,6 арнайы үйінділерінің фосфат-кремний ернемектерін (Қыстас учаскесі), Жаңатас фосфориттер кен орнының №4 арнайы үйіндісінің, Жанатас фосфориттер кен орнының №№4, 4» арнайы үйінділерінің кремнийін, Жамбыл облысының Түйесай, Сарысу, Талас аудандары мен ОҚО Созақ ауданындағы фосфориттердің кен орнының №№3,4,5 арнайы үйінділерінің кондициялық емес кендерін өндіруді жүргізуге 30.10.2001ж. № 786	«VeroniaEnterprisesCorp.» компаниясына KazphosphateLimited қатысу үлесінің 20% -ын, яғни KazphosphateLimited компаниясының 10 000 акциясын құрайтын үлесін Г.Ш.Есенов пайдасына беруге рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр.
27	«Қазфосфат» ЖШС	Шолақтау, Ақсай, Шилібұлақ, Жанатас, Көксу, Көкжон (Қыстас учаскесі), Жаңатас фосфориттер кен орнының №4 арнайы үйіндісінің, Жанатас фосфориттер кен орнының №№4, 4» арнайы үйінділерінің кремнийін, Жамбыл облысының Түйесай, Сарысу, Талас аудандары мен ОҚО Созақ ауданындағы фосфориттердің кен орнының №№3,4,5 арнайы үйінділерінің кондициялық емес кендерін өндіруді жүргізуге 30.10.2001ж. № 786	«BallianaCapitalLimited» компаниясына KazphosphateLimited қатысу үлесінің 80%-ын Г.Ш.Есенов пайдасына беруге рұқсат беру өтінішімен жүгініп отыр, аталмыш үлес KazphosphateLimited компаниясының 40 000 акцияларын құрайды.
2017 жылғы 13 сәуірдегі №7			
Келешек кеңею жобасы – Ертеулік қысымды басқару жобасы оң нәтижелерге қол жеткізе отырып, дүние жүзі бойынша өз жұмыстарының қарқынын арттыруды жалғастыруда. ККЖ- ЕҚБЖ- бұл мұнай кен орнын іске пайдаланудың жаңа технологияларын енгізіп, сонымен қатар, жаңа жұмыс орындарын құра отырып, мұнай мен газды өндіру көлемін арттырып Қазақстан Республикасына елеулі пайда алып келетін ұлттық маңыздылығы бар жоба.

Қазіргі кезде 30 000-нан астам қазақстандықтар мемлекет ішінде ККЖ- ЕҚБЖ жұмыс жасауда, бұл Қазақстандағы жоба персоналының жалпы санының 92%-ын құрайды.

«Норт Каспиан Оперейтинг Компании Н.В.» (НКОК)

Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге 1997 жылдың 18 қарашасында қол қойылды. ӨБК қатысушылары - «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ –16,88%, «Аджип Каспиан Си Б.В.», «Тоталь», «ЭксонМобил», «Шелл» – по 16,81%, CNPC (Қытай) – 8,33%, Импекс –7,56%.

Бірыңғай операторға бірігу және Солтүстік Каспий жобасын басқарудың жаңа операциялық моделіне өту 2015ж. 13 маусымында аяқталды. Оператор міндеттерін ӨБК Серіктестері атынан әрекет ететін Норт Каспиан Оперейтинг Компании Н.В.» (НКОК) компаниясы жүзеге асырады.²⁵

Солтүстік Каспий жобасы Қазақстан Республикасында теңіздегі мұнай-газ кен орындарын игеру бойынша алғашқы ірі жоба болып табылады. Ол бес кен орнынан тұрады: Қашаған, Қаламқас-теңіз, Қайраң, Ақтоты және Оңтүстік-батыс Қашаған.

Қашаған алып кен орны соңғы төрт он жылдықтағы ашылған ең ірі мұнай кен орындарының бірі болып табылады; оның өндірілетін қорлары шамамен 9-13 миллиард баррель (1-2 миллиард тонна) мұнайды құрайды. Қашаған кен орнының коллекторы Атырау қаласынан 80 км қашықтықта, Каспий теңізінің қайраңындағы 3-4 метр тереңдікте және теңіз түбінен 4 км-ден астам (4 200 метр) тереңдікте жатыр²⁶.

2016 жылы мұнай өндіру басталғаннан кейін НКОК 2017 жылдың басында өндіру көлемін тез және қауіпсіз тәулігіне 180 000 баррельге тең алғашқы мақсатты деңгейге дейін арттыруға қол жеткізді. 2017 жылы ең маңызды техникалық жетістігіміз тамыз айының ортасында күкіртті (немесе шикі) газды кері айдауды қауіпсіз және дер кезінде бастау болды. Бұл Қашаған кен орнында мұнай өндіру көлемін арттыру үшін газ айдау көлемін бірте-бірте артырып, оңтайландыруға мүмкіндік берді. 2017 жылдың аяғына қарай біз мұнай өндіру деңгейін тәулігіне 270

²⁵ Норт Каспиан Оперейтинг Компании Н.В. «Тұрақты даму 2017 туралы есеп». <https://www.ncoc.kz/Documents/sustainability%202017ru.pdf>

²⁶ Сол жерде.

000 баррельге (жылына шамамен 13 миллион тоннаға) жеткіздік. Бұл ретте мұнай өндіру көлемін тәулігіне 370 000 баррельге дейін арттыру 2018 жылы жалғасады.²⁷

2017 ж. жергілікті тауарлар, жұмыстар мен қызметтерге төлемдер 328 млн. АҚШ долл. құрады, бұл жалпы шығындардың 32%-на сәйкес келеді ат.

«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» қазақстан филиалы

Қарашығанақ жобасы 1997 жылдың 18 қарашасында, 1998 жылдың 27 қаңтарынан бастап күшіне енген күннен бастап 40 жыл мерзімге қол қойылған өнімді бөлу туралы Түпкілікті келісім шеңберінде жүзеге асырылады.²⁸ Мердігер компаниялар арасында үлестік қатысудың бөлінісі: «Шелл» –29,25%, «Аджи́п» – 29,25%, «Шеврон» – 18%, «ЛУКОЙЛ» – 13,5% және «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ – 10%. «Шелл» және «Аджи́п» компаниялары жобаның бірыңғай операторы болып табылады.

2017 жылы сұйық көмірсутектерді өндіру 11 247 млн. тонна құрады (104,6%), бұл жылдық жоспардан 0,492 млн тоннаға және 2016 жылмен салыстырғанда 0,781млн. тоннаға көп. Өсу 2016 жылы жоспарлы-алдын алу жұмыстарын жүргізгеннен кейін технологиялық қондырғылардың тұрақты және сенімді жұмыс жасауымен, сонымен қатар, өндіруші ұнғымалардың жоспарланғаннан мерзімнен ерте іске пайдалануға енгізілуімен қамтамасыз етілген.

Мұнайды өндіру деңгейін әрі қарай да арттыру үшін Қарашығанақты кеңейту жобасын жүзеге асыру жоспарланып отыр. Қазіргі кезде жоба концепцияны таңдау сатысында тұр. Жүзеге асыруды бірнеше кезеңмен жүргізу ұсынылып отыр. Бірінші кезең жаңа ұнғымаларды бұрғылау мен ескі ұнғымаларды күрделі жөндеуді, газды дайындау бойынша объектілерді салуды және газды кері айдаудың көлемдерін арттыру үшін қосымша компрессорлар орнатуды, қажетті қосалқы объектілерді салуды және т.б. қарастырады.

ӨБК негізгі қағидаттарына сәйкес, Үкімет шығындардың өтелуін тексеруге құқылы. 2017 жылдың 31 желтоқсанына дейін жүргізілген шығындардың өтелуін тексерулер нәтижесінде, анықталған шығындар орны өтелмейтін ретінде анықталған. ӨБК тараптары осы шығындардың орнын өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде. 2017 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі қалып бойынша ҚазМұнайГаз ҰК топтарының дау тудырып отырған шығындардағы үлесі 242.915 миллион теңге құрайды (31 желтоқсан 2016 жыл: 201.091 миллион теңге). ҚазМұнайГаз және оның ӨБК бойынша серіктестері Үкіметпен осы шығындардың орнын өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде.²⁹

3.1.5. Бенефициарлық құқық бойынша ақпарат (2.5)

Қазіргі кезде қандай да бір компаниялардың бенефициарийлері туралы жеке бөлшектенген деректерді:

- Егер компания бұқаралық (жария) болса, қор биржасы сайтындағы www.kase.kz компаниялар бойынша деректерден;
- Электронды үкімет сайтынан <http://egov.kz/cms/kk>
- <https://dfo.kz> сайтында қолжетімді компаниялардың аудиторлық есептерінен алуға болады

Бенефициар құқығы бойынша Жол картасын жүзеге асыруға сәйкес, құқықтық реформаларды жүргізуде алға басушылық бар, 2017ж. жер қойнауы туралы кодекс қабылданды. Енді, жоғарыда аталып өткендей, Кодекс жер қойнауын

²⁷ Сол жерде.

²⁸ 2017 ж. «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ жылдық есебі.

²⁹ 2017 ж. «Самұрық-Қазына» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігі.

пайдаланушыларға жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын тұлға және (немесе) ұйымдар құрамы туралы есепті ұсыну талабын бекітетін нормаларды қосты. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 47-бабының 1-тармағына сәйкес, Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың, пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияның немесе өндіруге арналған лицензияның негізінде туындаған, жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығының үлесіне) ие жер қойнауын пайдаланушы осындай жер қойнауын пайдалану құқығын берген мемлекеттік органды жер қойнауын пайдаланушының қызметін тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар құрамының өзгергені туралы осындай өзгеріс болған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде хабардар етуге міндетті.

Әрі Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексінде жанама түрде бақылау тұлғаның, ұйымның өз араларында тікелей бақылау болатын үшінші ұйым (үшінші ұйымдар) арқылы басқа ұйымды бақылау мүмкіндігін білдіреді.

ҚР ҚМ Қаржы мониторингті комитеті Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының жобасының концепциясын құрастырды, оның шеңберінде компаниялардың барлық бенефициар меншік иелері бойынша бірыңғай базаны (тізілімді) құру қарастырылған.

Осылайша, Концепция жобасында «ФАТФ 24 және 25 ұсыныстарына сәйкес, мемлекеттер бенефициар меншік және заңды тұлғаларды бақылау туралы жеткілікті, дәл және уақытылы ақпараттың болуын қамтамасыз етуі тиіс, аталмыш ақпаратты немесе оған қолжетімділікті құзіретті органдар шұғыл ала алады. Құзіретті органдарда, жекелей алғанда, құқық қорғау органдарында негізгі ақпараттарға және тиісті тараптарда сақталатын бенефициар меншік бойынша деректерге уақытылы қолжетімділікті алу үшін барлық құзіреттіліктер болуы тиіс» делінеді.

Қазіргі кезде құзіретті органдарға мүліктің нағыз иелері мен мүддесі үшін операциялар жасалып жатқан тұлғаларды уақытылы анықтауға мүмкіндік беретін компаниялардың барлық бенефициар меншіктері (тікелей не жанама) бойынша бірыңғай база (тізілім) жоқ. Мұндай базаның болуы құзіретті органдарға әрбір компанияның нақты жеке тұлғамен «байланысын» анықтауға және күрделі корпоративтік құрылымға шын мәнінде иелік етуді анықтауға мүмкіндік береді.

Бенефициар меншік иелері туралы жеткілікті, дәл және дер кезінде ұсынылатын ақпараттың болуы елдің қаржылық жүйесінің ашықтығын арттыруға, қаржы институттары мен қаржылық емес ұйымдарды ақшаны жылыстату үшін пайдалануының алдын алуға, құзіретті органдарға бенефициар меншік иелері туралы ақпаратты дер кезінде алуға, оның ішінде салық салу мақсаттары үшін алуға мүмкіндік береді.

ФАТФ халықаралық стандарттарының жалпы сөздігіне сәйкес, бенефициар меншік иесі термині түбінде меншік құқықтарына ие немесе клиент және/немесе атынан келісім жасалып отырған жеке тұлғаны бақылайтын жеке тұлғаға (тұлғаларға) жатады. Бұл ұғымға түбінде заңды тұлға немесе құрылымды бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар қосылады.

ФАТФ бенефициар меншік иелері туралы ақпаратты алудың ең үздік тәжірибелерін зерттеген және бенефициар меншік иесі туралы ақпаратты алудың дереккөздеріне байланысты жүзеге асырылатын үш тетікті ұсынды.

24-ұсынысты жүзеге асыру бойынша ФАТФ нұсқаулығына сәйкес, бенефициар меншік иесі туралы ақпаратты алудың үш дереккөзі бар, олар: ақпарат коммерциялық ұйым құзырында бар және оның орналасқан мемлекетіндегі белгілі бір дереккөздерге (компания немесе коммерциялық ұйым ақпаратты ұсынатын орган меңзеліп отыр) жүгінген кезде қолжетімді; заңды тұлғалар тізілімі; қолда бар мәліметтерді пайдалану: қаржы мониторингі субъектілері; басқа органдар (салықтық).

Жоғарыда көрсетілген екінші және үшінші дереккөздер бенефициар меншік туралы деректерді алу үшін қолданылып жүр, нақтырақ айтсақ, АҚК/ЛҚ туралы қолданыстағы Заңның 5-бабында қаржы мониторингі субъектісі жүргізетін клиентті тиісті тексеру аясында бенефициар меншік иесін анықтау қарастырылған. Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығымен бенефициар меншік иесі жолын міндетті толтыру қарастырылған.

Едәуір табысты халықаралық тәжірибені басшылыққа ала отырып, Қазақстан «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексінде пайдаланылатын тәсілдемелерді барлық коммерциялық ұйымдарға таратуы қажет. Барлық үш ақпарат көздерінен алынатын деректерді пайдалану және салғастыру еліміздің құзіретті органдарына нақты бенефициар меншік иесі туралы едәуір шындыққа сай қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

ФАТФ 24 және 25 Ұсыныстарының талаптарын орындау үшін, Қаржы мониторингі комитеті:

1. Коммерциялық ұйымдарды (ұйым қатысушыларының тізілімін жүргізуді бағалы қағаздардың ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыру лицензиясы бар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда) бенефициар меншік иелері (тікелей не жанама) туралы деректерді анықтауға және сақтауға міндеттеуді;
2. Коммерциялық ұйымдарды тиісті мемлекеттік органға өзінің бенефициар меншік иелері (тікелей не жанама) туралы, оның ішінде меншік иелерінің өзгерістері туралы бірден хабар беруге, сонымен қатар, мемлекеттік органдарға коммерциялық ұйымның бенефициар меншік иелері бойынша ақпаратты жүргізу және сақтау (оның ішінде ақпаратты компания таратылғаннан кейін 5 жыл ішінде сақтау) бойынша құзіреттіліктер беру;
3. Коммерциялық ұйымдардың өзінің бенефициарлық меншік иелерінің құрамы туралы ақпаратты уақытылы ұсынбағаны үшін оларға әкімшілік өтем қолдану шараларын қарастыру ұсынады.

3.1.6. Мемлекеттің өндіруші салаларға қатысуы (2.6а, б)

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі №376 «Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы» Қаулысымен бекітілген ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізімі 44 компанияны қамтиды, оның ішінде ӨСАБ үшін мынадай компаниялар маңызды:

Ұлттық басқарушы холдингтер:

1. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік қоғамы.

Ұлттық компаниялар:

1. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.
2. «Қазатомпром» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.
3. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.
4. «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы.
5. «Қазгеология» ұлттық геологиялық-барлау компаниясы» акционерлік қоғамы.

Өндіруші салалардағы мемлекеттік қатысу негізінен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (90,09%), «Қазатомпром» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (100%), «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы³⁰ секілді компанияларды біріктіретін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры (ҰӘАҚ) АҚ арқылы жүзеге асырылады.

4-кесте. «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның компанияларға қатысу үлестері

№ р/н	Атауы	Иелік ету үлесі	
		2017 жыл	2016 жыл
1	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚМГ ҰК») және еншілес ұйымдар	90,09%	90% – 1
2	«ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК	100,00%	100,00%
3	«Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚТЖ ҰК») және еншілес ұйымдар	100,00%	100,00%
4	«ҚазАтомПром» ұлттық атом компаниясы» АҚ («ҚАП ҰАҚ») және еншілес ұйымдар	100,00%	100,00%
5	«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ және еншілес ұйымдар	100,00%	100,00%

Дереккөз: «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның 2017ж. шоғырландырылған қаржы есептілігі.

2017 жылдың ақпанында «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ 12,969 млн. теңге сомаға жарғылық капиталға мүлкті салу жолымен ҚМГ ҰК-ға **0,0881% мөлшерінде қатысу үлесін сатып алды**, ҚМГ-ға қатысудың бақыланбайтын үлесі 4,768 млн. теңгеге азайтылды.

«Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ активтерінің басым бөлігін мұнай-газ активтері құрайды – 62% (5-кесте).

5-кесте. Самұрық-Қазына таза активтерінің құны, 2017

Сала	Үлесі	Валюта	Құндық берісте, млн.
Мұнай және газ	62,0 %	\$	17 666
Тасымал және логистика	10,6 %	\$	3 017
Электр энергетикасы	8,0 %	\$	2 269
Өнеркәсіп	7,8 %	\$	2 216
Тау-кен саласы	6,1 %	\$	1 743
Коммуникациялар	3,9 %	\$	1 126
Химия саласы	1,2 %	\$	344
Жылжымайтын мүлік	0,4 %	\$	125
Барлығы	100 %	\$	28 508

Дереккөз: 2017 ж. «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ шоғырландырылған қаржы есептілігі.

³⁰ <http://sk.kz/company/indicators>

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы АҚ қатты пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, қайта өңдеу және өткізу саласында жер қойнауын пайдалану бойынша тиімді қызметті қамтамасыз ету үшін құрылған тік-біріктірілген компания болып табылады, «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ компаниялар тобына кіреді.

Еншілес ұйымдар:


- «SiliconMining» ЖШС;
- «Масальский ГОК» ЖШС;
- «Северный Катпар» ЖШС;
- «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ;

«Тау-Кен Самұрық» АҚ-ның 2017 жылдағы негізгі оқиғалары арасында мыналарды атап өткен жөн:

- ЕҚДБ-пен Қызылорда облысындағы Шалқия кен орнын игеру бойынша жобаны қолдау туралы келісімге қол қою. Шалқия қорғасын-мырыш кен орны – Қазақстандағы ең ірі кен орындардың бірі. Кен орнында жылына 4 млн.тонна кен өндіру жоспарланып отыр.
- «Масальское» жобасы бойынша жартылай өнеркәсіптік сынауларды аяқтау, оның қорытындысы бойынша технологиялық регламенттер құрастырылды.
- «Алайғыр» жобасы бойынша энергетикалық объектілер құрылысының және «Масальское» жобасы бойынша техника-экономикалық негіздемені құрастыруды аяқталуы.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚМГ ҰК» АҚ) мемлекеттің мұнай-газ саласындағы мүддесін ұсынады. ҚР Энергетика министрі Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады. «ҚМГ ҰК» АҚ – газды барлау және өндіру, тасымалдау, маркетинг, қайта өңдеу және жүзеге асыру саласында қызметті жүзеге асыратын тік біріктірілген компания. 2017ж. соңында 191 ұйым «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобына кіреді.

3-сурет. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ға мемлекеттік қатысу құрылымы



4-сурет. ҚМГ ҰК еншілес компанияларына иелік ету құрылымы

Барлау және өндіру

Ұйым	Ұйым еншілеске қатынасы бойынша (ЕҰ, ТҰ, ОБҰ)	Иелік ету үлесі, %
"ҚазМұнайГаз" БӨ АҚ	ЕҰ	63.00%
"ҚазМұнайТеңіз" ТМК" ЖШС	ЕҰ	100%
"Қазақойл-Ақтөбе" ЖШС	ЕҰ	50%
"Қазақтүркмұнай" ЖШС	ЕҰ	100%
Cooperative KazMunaiGaz U.A.	ЕҰ	100%
"Каспий мұнай-газ компаниясы" ЖШС	БК	50%
"Теңізшевройл" ЖШС	БК	20%
N Block B.V.	ЕҰ	100%
"Н Оперейтинг Компани" ЖШС	ЕҰ	100%
"Урихтау Оперейтинг" ЖШС	ЕҰ	100%
"PSA" ЖШС	ЕҰ	100%
"Сатпаев Оперейтинг" ЖШС	ЕҰ	100%
"ҚМГ Қарашығанақ" ЖШС	ЕҰ	100%
"Центральная мұнай-газ компаниясы" ЖШҚ	БК	50%
"ҚМГ-Евразия" ЖШС	ЕҰ	100%
"ҚМГ-Үстірт" ЖШС	ЕҰ	100%
"Bekturly Energy operating" ЖШС	ЕҰ	50%

Тасымалдау және сақтау

Ұйым	Ұйым еншілеске қатынасы бойынша (ЕҰ, ТҰ, ОБҰ)	Иелік ету үлесі, %
"Казмортрансфлот" НМСК ЖШС	ЕҰ	100%
"ҚазТрансГаз" АҚ	ЕҰ	100%
"ҚазТрансОйл" ЖШС	ЕҰ	90%
"Қазақстан Пайплайн Венчурс" ЖШК	БК	49.90%
"КТК-К" АҚ	ҚК	19%
"КТК-Р" ЖАҚ	ҚК	19%
"ҚазРесГаз" ЖШС	ОБҰ	50%



Қайта өңдеу және маркетинг

Ұйым	Ұйым еншілеске қатынасы бойынша (ЕҰ, ТҰ, ОБҰ)	Иелік ету үлесі, %
"ҚазМұнайГаз Өнімдері" ЖШС	ЕҰ	100%
"АМӨЗ" ЖШС	ЕҰ	99.53%
ТН KazMunaiGaz N.V.	ЕҰ	100%
"ҚазМұнайГаз-Аэро" ЖШС	ЕҰ	100%
"ПМХЗ" ЖШС	ЕҰ	100%
"Caspi Bitum БК" ЖШС	ОБҰ	50%
"Karagandy CCI" ЖШС		25%
"Эр Ликид Мұнай Тех Газы" ЖШС	ТҰ	25%
KMG International N.V.	ЕҰ	100%
"КМГ-Retail" ЖШС	ЕҰ	100%



Сервис

Ұйым	Ұйым еншілеске қатынасы бойынша (ЕҰ, ТҰ, ОБҰ)	Иелік ету үлесі, %
"Каскор-Транссервис" АҚ	ҚК	12.87%
"Қазақстан-Британ техникалық университеті" АҚ	ЕҰ	100%
"ҚазМұнайГаз-Сервис" ЖШС	ЕҰ	95.30%
«KMG - Security» ЖШС	ЕҰ	100%
"Теңіз Сервис" ЖШС	ОБҰ	49.00%
"ҚМГ Құмкөл" ЖШС	ЕҰ	100%
«KMG Systems & Services» ЖШС	ЕҰ	100%
«KMG Drilling & Services» ЖШС	ЕҰ	100%
"ҚазМұнайГаз" өндіру және бұрғылау технологияларының ғылыми-зерттеу институты ЖШС	ЕҰ	100%
"АқтауОйлМаш" ЖШС		25%
"КазОйлМаш" ЖШС	ЕҰ	100%
«Professional Geo Solutions Kazakhstan» ЖШС	БК	50%
«Oil Transport Corporation» ЖШС	ЕҰ	100%
"Мұнайтелеком" ЖШС	ЕҰ	100%
"Маңғыстауэнергомұнай" ЖШС	ЕҰ	100%
«Oil Construction Company» ЖШС	ЕҰ	100%
«Oil Service Company» ЖШС	ЕҰ	100%

Дереккөз: «НК «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ http://www.kmg.kz/group_companies/structure/

«ҚМГ Барлау Өндіру» АҚ - «ҚМГ» ҰК» АҚ еншілес компаниясы, оған орналастырылған қарапайым және пұрсатты акциялардың жалпы санының 58%-ы тиесілі (31.12.2017 ж. жағдайы бойынша Компанияның жылдық есебінің деректері бойынша). «ҚМГ БӨ» АҚ көмірсутек ресурстарын барлау, игеру, өндірумен және жаңа мұнай-газ активтерін сатып алумен айналысады. Компанияның акциялары Қазақстан қор биржасында (KASE) орналастырылған, ал жаһандық депозиттік қолхаттар – Лондон қор биржасында (LSE) орналастырылған. 2017ж. желтоқсан айында ҚМГ өзінің ЖДҚ сатып алу туралы жариялады, ұсыныс бағасы – 1 ЖДҚ

үшін 14\$.³¹ Бақыланатын компания KSEP Investments BV-дегі³² 2015ж. 51%-ды 2017ж. 100%-ға, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «CCEL» және Ural Group Limited BVI («UGL»)-дегі үлестің 50%-ын, сонымен қатар, 33% үлесті «ПетроҚазақстан Инк»-ке (5-сурет) ұлғайтты.³³

5-сурет. ҚМГ БӨ активтерін иелену құрылымы



Дереккөз: 2017 ж. «ҚМГ БӨ» АҚ жылдық есебі

Мұнайды тасымалдауды магистральдыт құбыр бойынша ұлттық оператор – «ҚазТрансОйл» АҚ жүзеге асырады, газды тасымалдауды газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор «ҚазТрансГаз» АҚ жүзеге асырады, танкерлік тасымалдауды «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» АҚ жүзеге асырады. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ең ірі жұмыс берушілер қатарына жатады.

2017ж. 31 желтоқсанында «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларының 10%-ы «Халықтық IPO» бағдарламасы шеңберінде сатып алған миноритарлық акционерлерге тиесілі. «ҚазТрансОйл» АҚ-ға қатысудың бақылау үлесі тиесілі «ҚазТрансОйл» АҚ ірі акционері болып (90%), «ҚазМұнайГаз» АҚ (әрі қарай – «ҚМГ» немесе «Бас компания») табылады.

2017ж. «ҚазТрансОйл» АҚ активтерін басқару құрылымын оңтайлапндыру мақсатында ерікті түрде еншілес компания - «BatumiTerminalsLimited» (BTL). А таратылды. «ҚазТрансОйл» АҚ BTL-ді тарату рәсімдері нәтижесінде «Батумкий нефтяной терминал» ЖАҚ және PetrotransLimited акциялар пакетінің меншік иесіне айналды.

³¹ «ҚМГ БӨ» АҚ 2017 ж. жылдық есебі

³² 2017 жылғы 15 маусымда ҚМГ БӨ MOLHungarianOilandGasPlc. («MOL») –дан 1 АҚШ долларына KSEPIInvestmentsBV («KSEP»)-ке қатысу үлесінің 49%-ын сатып алды және қазіргі таңда KSEP-ке қатысу үлесінің 100% -на иелік етеді. «ҚМГ ҰК» АҚ жылдық есебі.

³³ 2017 ж. «ҚМГ БӨ» АҚ жылдық есебі

«ҚазТрансОйл» АҚ-ға «МұнайТас» СБҚК» АҚ акциялар пакетінің 51%-ы тиесілі (қалған 49%-ы CNPC ExplorationandDevelopmentCompanyLTD-ға тиесілі) және «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС акциялар пакетінің 50%-ы тиесілі (акциялар пакетінің қалған 50%-ы China National Oil and Gas Exploration and Development Corporation-ге тиесілі).

2017 жылғы 28 желтоқсанда жарғылық капиталында «ҚазТрансОйл» АҚ қатысу үлесінің 100% -ын қамтитын «Магистральды су таратқыш» ЖШС тіркелді.

6-кесте. «ҚазТрансОйл» 2016-2017 жж. «ҚазТрансОйл» АҚ-ға қатысу үлестері.

Атауы	Тіркеу орны	Негізгі қызметі	Қатысу үлестері	
			31 желт. 2017 ж.	31 желт. 2016 ж.
«МұнайТас» СБҚК» АҚ	Қазақстан	Мұнайды тасымалдау	51%	51%
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС (әрі қарай – «КҚК»)	Қазақстан	Мұнайды тасымалдау	50%	50%
«Batumi Terminals Limited» (әрі қарай – «BTL»)	Кипр	Мұнай және мұнай өнімдерін жөнелту, аударып тиеу және сақтау, Батуми қ. Теңіз портын және мұнай құю терминалын іске пайдалану	–	100%
«Батумский Нефтяной Терминал» ЖАҚ	Грузия	Мұнай және мұнай өнімдерін жөнелту, аударып тиеу және сақтау, теңіз портын іске пайдалану	100%	–
«Petrotrans Limited»	Біріккен Араб Әмірліктері	Мұнай және мұнай өнімдерін жөнелту	100%	–

Дереккөз: «ҚазТрансОйл» АҚ жылдық есебі


2017 ж. «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобына 12 еншілес және тәуелді компаниялар кірген болатын, олар келесідей бизнес-бағыттарда ұсынылған:

- Ресурстық базаны кеңейту: «Амангелді Газ» ЖШС, «ҚМГ Кансу Оперейтинг» ЖШС;
- Магистральды тасымалдау: «Интергаз орталық Азия» ЖШС, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газқұбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз-Бішкек» ЖШҚ, «АстанаГаз ҚМГ» АҚ;
- Газ тарату жүйелері бойынша тасымалдау: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «ҚазТрансГаз-Тбилиси» ЖШҚ;
- Газбен сауда операциялары: «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС, «ҚазРосГаз» ЖШС;
- Өзге ЕТҰ: «Intergas Finance B.V.».

«Қазатомпром» ҰАК» АҚ ұлттық компаниясы- өндіру бойынша негізгі қызметі шетел компанияларының (AREVA, Франция; Sumitomo Corporation, Kansai Electric Power, Energy Asia Limited, Жапония; CGN, Қытай; Uranium One, Ресей; Cameco, Канада) қатысуымен жүзеге асырылатын атом энергетикасындағы ең ірі ойыншы.

Қазіргі кезде «Қазатомпром» ҰАК» АҚ сайтында уран өнімін өндіру және қайта өңдеумен айналысатын келесідей 15 еншілес және тәуелді кәсіпорындар тізімі берілген (6-сурет).

6-сурет. «Қазатомпром» ҰАК» АҚ еншілес және тәуелді компаниялары



Дереккөз: «Қазатомпром» ҰАК» АҚ <http://www.kazatomprom.kz>

БЕРЕШЕКТЕР

Самұрық-Қазына ҰӘҚ корпоративтік салық есептілігі (КСЕ) 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша компания берешектері бойынша деректерді, оның ішінде төленуі тиіс сыйақыны ашады:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Сыйақы мөлшерлемесі нақты берешектер	4,909,976	3,776,764
Сыйақы мөлшерлемесі ауытқымалы берешектер	2,006,483	1,973,964
Жиыны:	6,916,459	5,750,728
12 ай ішінде жабылуы тиіс соманы алып тастағанда	(1,516,573)	(820,570)
12 айдан кейін өтелуі тиіс сомалар	5,399,886	4,930,158
АҚШ долларымен берілген берешектер	5,507,211	4,587,544
Теңгемен бейнеленген берешектер	1,112,828	935,849
Басқа валюталарда бейнеленген берешектер	296,420	227,335
Жиыны:	6,916,459,	5,750,728

Дереккөз: «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, 2017 жылдағы шоғырландырылған қаржы есептілігі. 2-том

Кейбір берешек келісімшарттарының талаптары бойынша ҰӘҚ еншілес ұйымдары белгілі бір ковенанттарды сақталуы тиіс. ҰӘҚ әрбір есептік күндегі Топтың барлық берешек шарттары бойынша ковенанттардың сақталуын тексереді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша, ковенанттар шарттары орындалмаған және есептік күнінде ковенанттарды қолданбау туралы келісім-хаттар алынған берешектердің теңгерімдік құны 227,388 миллион теңгені құрады.

Тоkyо-MitshubishiUFJ, LTD банкінен алынған берешек

2015 жылғы 30 қазанда Қор Тоkyо-Mitshubishi UFJ, LTD банкімен ҚМГ Қашаған Б.В. акцияларының 50% -ын сатып алушы үшін 1,500 миллион АҚШ доллары сомасына қарыз алу келісімін (бұдан әрі «қарыз туралы келісім») жасасты. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалпы бойынша негізгі қарыздың және төленуі тиіс сыйақының жалпы сомасы 497,311 миллион теңге құрады (2016 жылдың 31 желтоқсаны: 497,056 миллион теңге). Қарыз туралы келісім 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қалпы бойынша сақталған қаржы ковенантын қамтиды. Қосымша түрде, қарыз туралы келісім бірқатар жалпы міндеттер мен шектеулерді қамтиды. Осыған байланысты, ҚМГ Қашаған Б.В.акцияларына шектеулер салу (39-ескертпе) Қарыз туралы келісімнің Қордың немесе нарықтық құны 100 миллион АҚШ долларынан (немесе кез келген басқа валютадағы эквиваленті) асатын маңызды енгілес компаниясының кез келген активтерін қамауға қоюға тыйым салу мен осындай мәселелер бойынша 40 күннен асатын анықтау жұмыстарына тыйым салуға қатысты сәйкес келмейді. Осыған байланысты, Қор Тоkyо-Mitshubishi банкі алдындағы берешектің 494,461 миллион теңге сомаға ұзақ мерзімді бөлігін қысқа мерзімді міндеттер құрамына сынаптамасын ауыстырды. 2018 жылдың 7 наурызында Қор Тоkyо-Mitshubishi банкінен осы бұзушылық бойынша босату хатын алды. Тиісінше, 2018 жылдың 07 наурызынан бастап Қор осы қарыз бойынша міндеттемелерді ұзақ мерзімді міндеттемелерге қайта сыныптама жасады.

Облигациялар шығару және жабу

«ҚМГ» ҰК және «ҚазТрансГаз» АҚ еврооблигацияларының шығарылымы төменде сипатталған.

2017 жыл ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ 500 миллион АҚШ доллары сомасына еврооблигацияларды жабуды жүзеге асырды (жабу күніндегі баға бойынша 167,997 миллион теңгеге эквивалентті).

2017 жыл ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Мәскеу биржасында 15,000 миллион ресейлік рубль сомаға облигацияларды орналастыруды жүзеге асырды (орналастыру күніндегі бағам бойынша 83.100 миллион теңгеге эквивалентті).

Өзге қарыздар. 2017 жыл ішінде «**Бірлескен химиялық компания**» ЖШС ҚХР Мемлекеттік даму **409 млн. АҚШ доллары** сомасына (алу күніндегі бағам бойынша 134,970 миллион теңгеге эквивалентті) қарыз алды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалпы бойынша, ҰӘҚ еншілес ұйымдары қимасындағы қарыздардың теңгерімдік құны төменде ұсынылған:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
ҚМГ ҰК және оның еншілес ұйымдары	4,163,444	3,072,540
ҚТЖ ҰК және оның еншілес ұйымдары	1,158,981	1,086,719
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	808,453	854,533
Самұрық-Энерго және оның еншілес ұйымдары	298,527	329,179
КЕГОК және оның еншілес ұйымдары	161,789	175,099
Қазатомпром ҰАК және оның еншілес ұйымдары	121,284	127,765
Қордың өзге еншілес ұйымдары	203,981	104,893
Берілген қарыздар барлығы	6,916,459	5,750,728

Дереккөз: «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, 2017 ж. шоғырландырылған қаржы есептілігі, 2-том.

31 желтоқсандағы қалпы бойынша **Қазақстан Республикасы Үкіметінің** берген қарыздары мыналарды қамтыған болатын:

Миллион теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Ұлттық қордың активтері есебінен сатып алған облигациялары	719,410	796,275
Қазақстан Республикасының Үкіметінен берілген қарыздар	62,638	60,036
Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен берілген қарыздар		62,100
Жиыны:	782,048	918,411
12 ай ішінде төленуі тиіс соманы алып тастағанда	(5,907)	(6,231)
12 айдан кейін төленуі тиіс сомалар	776,141	912,180

Дереккөз: «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ. 2017 ж. шоғырландырылған қаржы есептілігі. 2-том

2017 жыл ішінде ҰӘҚ 239.771 миллион теңге сомаға облигацияларды толық мерзімінен бұрын жабуды жүзеге асырды.

31 желтоқсандағы қалпы бойынша өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер мыналарды қамтыған болатын:

Миллион теңге	2017 жыл	2016 жыл
Мұнайды жеткізу шарттары бойынша алдын-ала төлем	1,109,265	1,068,819
Кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер	29,157	36,560
Келешек кезең табыстары	25,944	22,587
Акционер алдындағы әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелер (18,5-ескертпе)	7,553	–
Мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер	101	47,413
Солтүстік-Каспий жобасында қосымша үлесті сатып алу бойынша берешек	–	250,523
Өзге қаржы міндеттемелері	2,509	–
Өзге қаржылық емес міндеттемелер	40,798	50,886
Жиыны	1,215,327	1,476,788

Дереккөз: «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ. 2017 ж. шоғырландырылған қаржы есептілігі. 2-том

ҚМГ ҰК мұнайды жеткізу шарты 2016 жылы ҚМГ ҰК тобы шикі алдын-ала төлемді алуды қарастыратын шикі мұнай мен сұйытылған газды жеткізуге ұзақ мерзімді шартты жасасты. **Топ шартты жасасқан сәттен бастап 2021 жылдың наурыз айына дейін мұнай мен сұйытылған газдың ең төменгі көлемін, шамамен 38 миллион тонна мен 1 миллион тоннаға тең болатын ең төмен көлемді жеткізеді.** Осы операция шеңберінде 2017 жылы **ҚМГ ҰК тобы** келісім бойынша шығындарды алып тастаумен **488,536 мың АҚШ доллары сомасында** (алу күніндегі бағам бойынша 159.302 миллион теңгеге эквивалентті) алдын-ала төлем алды (2016 жыл: **2,966,005 мың АҚШ доллары** немесе 1,012,020 миллион теңге). Шарт ағымдағы нарықтық баға кесімдері негізінде бағаны анықтауды қарастырады, ал алдын-ала төлем шикі мұнай мен сұйытылған газды нақты жеткізу жолымен өтеледі. Топ осы шартты Топтың күтетін болжамдары мен сату талаптарына сәйкес қаржылық емес баптарды жеткізу мақсатымен жасалған келісімшарт ретінде қарастырады.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалпы бойынша ҚМГ ҰК **750,000 мың АҚШ доллары** сомасына мұнайды жеткізудің алдын-ала төлемін ішінара өтеді. Алдын-ала төлем бойынша қалдыққа LIBOR + 1,85% мөлшерлеме бойынша пайыздар жыл сайын есептеледі.

2016 жыл ішінде ҚМГ Қашаған Б.В. шикі мұнайды жеткізуге ұзақ мерзімді шартты жасасты. Шарт талаптарына сәйкес, ҚМГ Қашаған Б.В. 2017 жылдың қаңтар айынан бастап 2021 жылдың желтоқсан айына дейінгі кезеңде Қашаған кен орнынан 7 миллион тоннаға тең мұнайдың ең төмен көлемін жеткізеді. 2017 жыл ішінде ҚМГ Қашаған Б.В. шикі мұнайды жеткізу шартына қосымша келісімге қол қойды. Қосымша келісімнің талаптарына сәйкес, мұнайды жеткізу мерзімі 2022 жылдың қыркүйек айына дейін ұзартылды, Қашаған кен орнынан мұнайды жеткізудің ең төменгі көлемі 11,5 миллион тоннаға дейін көбейтілді. Шарттың жаңа талаптарына байланысты, ҚМГ Қашаған Б.В. 2017 жылы Қашаған кен орнында өнділіген шикі мұнайды жеткізумен өтелетін болатын келісім бойынша шығындарды алып тастаумен 596,974 мың АҚШ доллары (алу күніндегі бағам бойынша 197.224 миллион теңгеге эквивалентті) көлемінде қосымша алдын-ала төлем алды (2016 жыл: 990,390 мың АҚШ доллары, алу күніндегі бағам 331,829 миллион теңгеге эквивалентті). Шарт ағымдағы нарықтық баға кесімдері негізінде бағаны анықтауды қарастырады, ал алдын-ала төлем шикі мұнай мен сұйытылған газды нақты жеткізу жолымен өтеледі. Шарт талаптарына сәйкес, мұнайды жеткізу 2017 жылдың қаңтар айынан басталды. ҚМГ Қашаған Б.В. осы шартты ҚМГ Қашаған Б.В.күтетін болжамдары мен сату талаптарына сәйкес қаржылық емес баптарды жеткізу мақсатымен жасалған келісімшарт ретінде қарастырады. Осы алдын-ала төлем бойынша қалдыққа ай сайын LIBOR 1м плюс 2,05% мөлшерлеме бойынша пайыздар есептеледі. Шарт талаптарына сәйкес, Компания шикі мұнайды жеткізілетін көлемдерінің ауырлатылмаған болуын қамтамасыз етуі тиіс.

2016 жыл ішінде ҰӘҚ «Нұрлы жол» бағдарламасы аясындағы мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемені мойындады. 2017 жыл ішінде мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер 4,653 миллион теңге мөлшерде мемлекеттік субсидиялар бойынша табыс сомасына азайтылды. Мемлекеттік субсидиялар бойынша табыстар дисконттың жалпы сомасына берешектер беру пайызын пайдалану арқылы есептеледі. 2017 жыл ішінде, дисконты 2016 жылы мемлекеттік субсидия бойынша міндеттеме ретінде мойындалған Үкіметтен берілетін қарызбен байланысты шарттардың өзгеруіне байланысты, Қор қосымша түрде мемлекеттік субсидиялар бойынша 17,237 миллион теңге сомаға табысты есептеді, сонымен қатар, мемлекеттік субсидиялар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелерді қысқа мерзімді міндеттемелерге қайта сыныптады.

Оған қоса, 2017 жыл ішінде осы бағдарлама бойынша қаражаттың бөлігін пайдаланудың арналымы өзгертілді және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға қайта бағытталды (18.4-Ескертпе). ағытталған қаражат мемлекеттік субсидия ретінде топтастырылмайтындықтан, 11,832 миллион теңгеге міндеттеме қарызды беру сәтінде есептен шығарылды.

Миллион теңге	2017 жыл	2016 жыл
1 қаңтардағы сальдо	47,993	–
Кезеңде алынғаны	–	52,319
Пайда мен шығындарда мойындалғаны	(33,272)	(4,326)
31 желтоқсандағы теңгерім	14,721	47,993
Минус: 12 ай ішінде төлеуге жататын сома	(14,721)	(580)
12 айдан кейін төленетін сома	–	47,413

Дереккөз: Дереккөз: «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ. 2017 ж. шоғырландырылған қаржы есептілігі. 2-том

31 желтоқсандағы жағдайы бойынша өзге ағымдағы міндеттемелер мынаны қамтитын:

Миллион теңге	2017 жыл	2016 жыл
Мұнайды жеткізу шарттары бойынша алдын-ала төлем (21-ескертпе)	332,330	249,968
Солтүстік-Каспий жобасына қатысудың бөлінбейтін үлесіндегі қосымша үлесті сатып алу бойынша берешек	272,148	271,597
Алынған аванстар және келешек кезең табыстары	180,657	123,938
Қызметкерлерге төлемдер бойынша міндеттемелер	105,810	93,139
Төлеуге жататын өзге салықтар	102,982	61,614
Клиенттердің қаражаттары	24,777	24,027
Мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер (21-ескертпе)	14,721	580
Кепіл шарттары бойынша міндеттемелер	10,378	9,551
Төлеуге жататын дивиденттер	4,077	3,965
Акционер алдындағы әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелер (18,5-ескертпе)	4,013	–
Өзге қаржы міндеттемелері	20,967	16,353
Өзге қаржылық емес міндеттемелер	45,374	38,245
Жиыны	1,118,234	892,977

Дереккөз: Дереккөз: «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ. 2017 ж. шоғырландырылған қаржы есептілігі. 2-том

Солтүстік-Каспий жобасындағы қатысудың бөлінбейтін үлесінен қосымша үлесті сатып алу бойынша берешек

2008 жылдың 31 қазанында Солтүстік-Каспий (бұдан әрі «СКЖ») жобасының барлық қатысушылары келісімге қол қойды, оған сәйкес жобаның барлық қатысушылары, ҚМГ Қашағаннан басқа, **2008 жылдың 01 қаңтарынан бастап ретроспективті түрде ӨБК-дегі ҚМГ Қашаған үлесін 8,33% -дан 16,81%-ға ұлғайту үшін пропорционал негізде жобадағы өз үлестерінің бір бөлігін ішінара беруге** келісті. ӨБК-ге қатысудың бөлінбейтін үлесін сатып алу бағасы өз құрамында негізгі қарыз сомасы **1,78 миллиард АҚШ долларын плюс жылдық пайызды** қамтиды. Жылдық пайыз LIBOR 1 м плюс 3% мөлшерлемесі бойынша есептеледі, ол жыл сайын негізгі қарыз сомасына капитализацияланады және қаржы шығындарында көрсетіледі. Жинақталған пайыздармен қоса негізгі берешек сомасы Қашаған кен орнында Қашаған коммерциялық өндірісіне («ҚКӨ») жеткеннен кейін үш тең жыл сайынғы төлемдермен төленуге жатады. 2016 жылдың 7 желтоқсанында ҚМГ Қашаған негізгі берешектің 532,265 мың АҚШ доллары (төлеу күніндегі бағам бойынша 178.335 миллион теңгеге эквивалентті) көлеміндегі ССК бойынша бірінші траншты және жинақталған пайыздардың 247,820 мың АҚШ долларын (төлеу күніндегі бағам бойынша 83.032 миллион теңгеге эквивалентті) төледі. 2017 жылдың 10 тамызында ҚМГ Қашаған негізгі берешектің 532,265 мың АҚШ доллары (төлеу күніндегі бағам бойынша 177,039 миллион теңгеге эквивалентті) көлеміндегі ССК бойынша екінші траншты және жинақталған пайыздардың 272,172 мың АҚШ долларын (төлеу күніндегі бағам бойынша 90,549 миллион теңгеге эквивалентті) төледі. Үшінші төлем 2018 жылдың 1 қарашасында төленеді. 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қалпы бойынша ӨБК-дегі қатысудың сатып алынған бөлінбейтін үлесінің 2,54% мөлшердегі үштен бір бөлігі басқа қатысушылар пайдасына міндеттемені толық төлегенге дейін енгізілді. 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қалпы бойынша, осы берешектің амортизацияланған құны 272,148 миллион теңге

(2016 жылдың 31 желтоқсаны: 522,120 миллион теңге) құрады. Қаржы міндеттемелерінің теңгерімдік құны олардың 2017 жылдың және 2017 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша әділ құнына теңестіріледі.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қалпы бойынша, 65,629 миллиард теңге сомадағы Самұрық-Қазына ҰӘҚ бірқатар берешектеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдік берді (2016 жылғы 31 желтоқсан: 76,155 миллион теңге).

2017 жылдың 19 қаңтарында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (әрі қарай-Компания) ұстаушысы «Қазақстан даму банкі» АҚ табылатын шығарылған облигациялар бойынша ішінара өтеуді жүзеге асырды. Өтеу сомасы 5 006 615 мың теңге сомадағы сыйақыны қосқанда, 22 568 510 мың теңгені құрады.

2017 жылдың қаңтар айында «АМӨЗ» ЖШС («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымы) негізгі берешекті және «Қазақстан даму банкі» АҚ-дан алынған берешектер бойынша сәйкесінше 21 093 млн. теңге және 9 756 млн. теңге сомаға сыйақыны төледі.

2017 жылдың 17 ақпанында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ белгіленген тәртіпте 1 296 788 қарапайым акцияларды орнатты. Төлем ретінде жалпы сома 12 968 млн.теңгеге Компания газқұбырларын және оларға шектес құрылыстарды және 1,3 мың теңге мөлшерде қаражат құралдарын алды (21.02.2017ж. есептелді).

2017 жылдың 19 сәуірінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ көлемі 10,5 миллиард АҚШ долларын құрайтын орташа мерзімді жаһандық ноталарды шығарудың ағымдағы бағдарламасы аясында Компания және Kazmunaigaz FinanceSub B.V. (еншілес ұйым) шығарған жалпы көлемі 2,75 миллиард АҚШ доллары көлемінде (854 315 млн.теңгеге эквивалентті) еврооблигациялардың шығарылымдарын орналастыру үдерісін аяқтады. 2017 жылдың 18 және 27 сәуірінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Самұрық-Қазынаға 18,4 млрд.теңге сомада қосымша пайызсыз қарыз ұсынды. 2017 жылдың сәуір-мамыр айлары ішінде Компания 35 042 млн.теңгені құрайтын жалпы сомада еврооблигациялар бойынша сыйақылар төлеуді жүзеге асырды.

Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге қатысу үлесінің 8,48% -ын сатып алу мақсатында жасалған 2008 жылдың 31 қазанында жасалған сатып алу-сату шарты (ССШ 2008) бойынша міндеттемелердің екінші траншын өтеу үшін қаражат құралдарын тарту мақсатында, 2017 жылдың 04 тамызында ҚМГ Қашаған Б.В. және VitolS.A. компаниясы арасында 2016 жылдың 29 қарашасында жасалған мұнай жеткізілімдерін аванстау бойынша келісім сомасын арттыру туралы қосымша келісімге қол қойылды. 2017 жылдың 10 тамызында ҚМГ Қашаған Б.В. 600 млн.АҚШ доллары көлемінде аванстың қосымша сомасын алды және ССШ 2008 бойынша міндеттердің екінші траншын (негізгі берешек және есептелген сыйақы) 804,4 млн.АҚШ доллары сомасында мерзімінен бұрын жапты.

26 қыркүйекте «ҚазТрансГаз» АҚ 10 жыл айналым мерзіміне жалпы номиналды көлемі \$750 млн. құрайтын еврооблигацияларды 4,4%. Табыстылық мөлшерлемесімен табысты түрде орнатты. Мақсатты пайдалануы – берешекті қайта қаржыландыру.

2017 жылдың желтоқсан айында ҚМГ ҰК-ның «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЧКОО-дағы акциялардың 50%-ын кері сатып алуға опционын орындау мерзімі 2018-2020жж.-дан 2020-2022жж. ауыстырылды.

7-сурет. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қарыздарының өтелуі

Берешек: қарыздар мен еврооблигациялар, 2017ж. соңы.

2017ж. соңында несиелер ҚМГ ҰК берешегінің 29%-ын құрайды, ал облигациялар 71% құрайды.

Қарыздың 95%-ы АҚШ долларында, қалғаны теңгемен деноминацияланған.

Берешектің мөлш. 75%-ы нақты, 25%-ы - өзгермелі

2017ж.соңындағы жағдайы бойынша жалпы сомасы 2,75 млрд.АҚШ долл.еврооблигациялардың 3 шығарылымы шықты; Купондар бойынша мөлшерлемелер 3,875%- 5.75% аралығында.

2018ж.мамыр айындағы берешекті өтеу профилі

(млн.АҚШ долл)



2017 ж. «ҚазТрансГаз» АҚ ТМД бойынша корпоративтік эмитенттер арасында 4,4% тарихи ең төмен табыстылықпен және Ирландия қор биржасы («ISE») мен Қазақстан қор биржасындағы («KASE») листингпен 10 жылға айналым мерзімімен, жалпы номиналды көлемі \$750 млн.еврооблигацияларды сәтті түрде орналастырды. Салыстыру ретінде, 2017ж. Наурыз айында «Газпром» БАҚ АҚШ долларында деноминацияланған, 4,95% табыстылық мөлшерлемесі бойынша жалпы номиналды көлемі \$750 млн. 10-жылдық еврооблигацияларды орналастырды, бұл 55 bps-ке (базистік пунктiге) «ҚазТрансГаз» АҚ орналастыру бойынша мөлшерлемесінен асады;

«Интергаз Орталық Азия» АҚ 2007ж. шығарылған \$600 млн.-нан қалған сома \$128 млн.-ға еврооблигацияларды табысты түрде жапты.; «Интергаз Орталық Азия» АҚ жалпы сомасы \$220 млн.-ға ЕҚҚДБ алдындағы ұзақ мерзімді валюта міндеттемелерін қазақстандық теңгеге табысты түрде конвертациялады, бұл «Интергаз Орталық Азия» АҚ валюта тәуекелдерінің төмендеуін қамтамасыз етті;

«ҚазТрансГаз» АҚ бірлескен кәсіпорны мен TransAsiaGasPipelineLtd (CNPC еншілес ұйымы), «Бейнеу-Шымкент газқұбыры» ЖШС банктер синдикаты Қытай Даму банкі мен Қытай Лимитэд Банкі алдында \$400 млн мөлшерде міндеттемелерді ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды;

«ҚазТрансГаз» АҚ өзінің басты ұйымы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алдында алдында сумму \$350 млн. сомаға міндеттемелерді мерзімінен бұрын жабуды жүзеге асырды;

2017 жылы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ЕҚҚДБ-дан «ҚазТрансГаз» АҚ-ға ұсынылған несиелік желі шеңберінде Маңғыстау, Ақтөбе және Қостанай облыстарында инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған 14,3 млрд.теңге сомаға қаражатты игерді. Модернизациялау және газдандыру нәтижесінде аймақты табиғи газбен апатсыз газбен жабдықтау қамтамасыз етілетін, тарату газ құбырларының өткізу қабілеттілігі ұлғайтылатын, өндірістік шығындар азайтылатын болады.


3.2. Өндіруші салаларға шолу жасау

3.2.1. Мұнай-газ секторы: қорлар, геологиялық барлау (3.3), өндіру (3.5a) және экспорт (3.5b)

ҚОРЛАР

Қазақстан Республикасындағы мұнайдың теңгерімдік қорлары 4,8 млрд.тонна құрайды. Олардың басым бөлігі Атырау (71,5%) және Маңғыстау (11,7 %) облыстарында шоғырланған (8-сурет). Қалған қорлар еліміздің Батыс, Орталық, Шығыс және Оңтүстік аумақтарының бес облыстары бойынша шоғырланған. Көмірсутектердің негізгі барланған қорлары Каспий маңы, Солтүстік-Үстірт-Бұзашы, Оңтүстік-Маңғыстау-Үстірт және Оңтүстік-Торғай, Шу-Сарысу шөкпе бассейндерінде шоғырланған.

8-сурет. Облыстар бойынша мұнайдың алынатын теңгерімдік қорларының бөлінуі, %



Дереккөз: ҚР ИДМ геология және жер қойнауын пайдалану комитеті

2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Мемлекеттік теңгерім 277 кен орны бойынша алынатын мұнай қорларын есепке алған, оның ішінде 7-уінде қорлар тек теңгерімделген. 263 теңгерімдік кен орындарында жер қойнауын пайдалануда қорлары 4745,0 млн. тонна (Қазақстан Республикасы қорларының 99%-ы) құрайтын 256 объекті болды. Игеруге 4507,5 млн. тонна қорлар тартылды (Қазақстан Республикасы қорларының 94%-ы). Қалған кен орындары мен учаскелер консервацияда болды және жалпы қорға кірген болатын. Жалпы қор 51,5 млн. тонна құрайды және 76 объектіні қамтитын (кен орындары мен кен орындары учаскелерін).

Мұнай қорының 90%-нан астамы 15 ірі кен орындарында – Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ, Өзен, Жетібай, Жанажол, Қаламқас, Кеңкияқ, Қаражанбас, Құмкөл, Солтүстік Бұзашы, Әлібекмола, Орталық және Шығыс Прорва, Кенбай, Королевское кен орындарында шоғырланған.

7-кесте. А+В+С1 категориялы қорлары 30 млн. тоннадан асатын мұнайдың негізгі кен орындары (өндіру бойынша деректер жер қойнауын пайдаланушылардың есептіліктерінен алынады)

Жер қойнауын пайдаланушылар	Кен орындары	01.01.2017 ж. алынатын қорлар	
		А+В+С1	
		Барлығы	ҚР қорларынан %
«Теңізшевройл» ЖШС	Теңіз (М)	1028,3	33,1
	Королевское (М)	68,08	2,2
Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.	Қашаған (М)	823,6	26,5
«Өзенмұнайгаз» АҚ	өзен (Карамандыбасты қоспағанда) (ГМ)	108,2	3,5
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	Қаламқас (ГМ)	59,4	1,9
	Жетібай (МГК)	52,7	1,7
«Бұзашы Оперейтинг LTD»	Солтүстік Бұзашы (ГМ)	63,6	2,0
«Қаражанбасмұнай» АҚ	Қаражанбас (ГМ)	43,1	1,4
«Қарашығарақ «Петролеум Оперейтинг Б.В.» ЖШС	Қарашығанақ (МГК)	176,1	5,7
«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ	Жаңажол (МГК)	81,3	2,6
	Солтүстік Тұрба	55,5	1,8
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	Әлібекмола (МГК)	33,7	1,1
«ПҚҚР» АҚ	Құмкөл (М)	15,9	0,5
«Қазгермұнай» БК» ЖШС	Ақшабұлақ Орт.	18,1	0,6
Барлығы:		2628,1	84,6

Дереккөз: ҚР ИДМ геология және жер қойнауын пайдалану комитеті

2017 жылы 20 - 100% аралығында 2007 жылдың деңгейі өндіру өсімі жүзеге асты, осылайша газды өндіру - 100%-ға, мұнайды өндіру - 20 %-ға өсті. Осы жылдары жүргізілген геологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде алынған қорлар өсімі өтелген қорлардың орнын өтемеді.

BP Statistical Review of World Energy деректері бойынша, 2017 жылдың соңында мұнайдың расталған 3,9 миллиард тонна қорлары бойынша, Қазақстан дүние жүзіндегі мұнай қорының 1,8% -на иелік етеді.³⁴ Келешекте Қазақстан халықаралық нарықтың елеулі ойыншысы болып табылады. British Petroleum бағамы бойынша жыл соңындағы жағдай бойынша қорлар деңгейі мен 2017 жылдағы өндіру деңгейі бойынша, «Reserves-to-production (R/P) ratio» 44,8 жылды құрайды – бұл осы уақыт өткеннен кейін мұнай қорлары аяқталады. Өндіру деңгейінің өсімі 2015ж. 49,3 құраған R/P-дің азаюына алып келеді.

Мұнай бойынша болжамдық ресурстар шамамен 18 млрд.тонна құрайды, оның ішінде Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде – 10 млрд.тонна бос газ және мұнайда ерітілгені – шамамен 11 трлн. м³ газ бар.

Газ конденсатының қорларының басым бөлігі ең ірі кен орны – Қарашығанақта шоғырланған – 74%. British Petroleum бағамы бойынша, жыл соңындағы жағдайы бойынша газдың қорлар деңгейі мен 2017ж. өндіру деңгейінде, «Reserves-to-production (R/P) ratio» 42,2 жылды құрайды – бұл осынша жылдан кейін газдың

³⁴BP (2017), Statistical Review of World Energy. June 2018

қорлары аяқталатындығын білдіреді.³⁵ Газды өндірудің өсімі R/P – дің 2015 жылдағы 75,7 жылдан айтарлықтай түсуіне алып келді.

Көмірлердің барланған қорлары 34,1 млрд. тонна құрайды, оның ішінде тас көмірлер-21,1 млрд. тонна (оның ішінде 12 млрд. тонна коксталатыны) және 13 млрд. тонна қоңыр көмір. Қорлар саны мен Қазақстан Республикасының көмірді жылдық өндіру көлемдері бойынша Қазақстан Республикасы әлемде 8 және 10 орындарды тиісінше алып отыр.

Тас көмірлердің негізгі қорлары Республиканың Орталық және Солтүстік аймақтарында шоғырланған –Қарағанды, Екібастұз, Теңіз-Қоржынкөл тас көмір бассейндері және бірнеше жеке кен орындары. Қоңыр көмірлердің негізгі қорлары Торғай (7,5 млрд. тонна) қоңыр көмір бассейнінде, салыстырмалы түрде шағын қорлары Павлодар облысында (Майкөбен бассейні), Ақтөбе облысында (Мамыт кен орны), Алматы облысында (Төменгі іле бассейні) және басқа облыстарда барланған.

Мемлекеттік теңгерім 5 көмір бассейнінің және 49 кен орнының қорларын есепке алған. Бөлінген қорда Қарағанды (7238 млн. тонна) және Екібастұз (9367 млн. тонна) тас көмір бассейнінің және 22 жеке кен орнының, оның ішінде 10 қоңыр көмір және 12 тас көмір кен орындарының қорлары есепке алынған. Қазіргі кезде 5 көмір бассейні және 14 кен орны игеруге тартылған, олардың басым көпшілігі ашық әдіспен өңделеді.

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ

Геологиялық зерттеулердің бүкіл кешені:

- Қазақстан Республикасы аумағындағы геологиялық зерттелу деңгейін арттыруға;
- Пайдалы қазбалардың басым түрлері бойынша (тау-кен аудандарының минералды-шикізат базасын өндіру) республиканың аймақтарының минералды-шикізат базасын толтыру және ұлғайтуға;
- Елдің ұлттық, экологиялық және энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және шетел инвесторлары үшін Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын ұлғайтуға бағытталған.

КСШ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде (ЛКТ орындау) 2012-2016жж. инвестициялар 4600 млрд. теңге құрады, оның ішінде геологиялық барлауға–702,9 млрд. теңге; 42 КСШ кен орындары алғаш рет 2012-2016жж.Мемлекеттік теңгерімге қойылды.

2012-2016жж. КСШ бекітілген қорларының өсімі: мұнай – 449,6 млн. тонна, газ – 181,5 млрд. текше м, конденсат – 92,7 млн. тонна.

2017 жылы геологиялық барлау қарқынының өсуіне байланысты ҚМГ геологиялық барлау жұмыстарына (ГБЖ) күрделі шығындар көлемін ұлғайтты.

2017 жылы ГБЖ жер қойнауын пайдаланудың негізгі аймақтарында – Атырау, Маңғыстау және Қызылорда облыстарының барлау алаңдарында, Урихтау Оперейтинг, Маңғыстаумұнайгаз, Қазақойл Ақтөбе, Бектұрлы Энерджи, Амангелді газ, Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз және ПетроҚазақстан кәсіпорындарында, сонымен қатар, Сәтпаев Оперейтинг және Жамбыл Петролеум теңіз объектілерінде жүргізілді.

³⁵BP (2017), Statistical Review of World Energy. June 2018


ҚМГ объектілерінде геологиялық барлаудың жаңа технологиялары белсенді түрде енгізілуде. Осылайша, 2017 жылы бірқатар жобаларда жаңа төмен жиілікті дірілдеткіштер және жоғары рұқсат бергіш кең азимуттық сейсмосбарлау қолданылды. Технология Жетібай, Бектұрлы Шығыс және Өзен-Қарамандыбас объектілерінде жоғары сапалы деректерді алып апробациялады. Алынған деректердің қорытындысы бойынша, барлау ұңғымаларының орнын белгілеу нүктелері анықталады.

ҚМГ БӨ Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарындағы барлау алаңдарында геологиялық барлау жұмыстарының бағдарламасын жүргізіп келеді.

2017 жылы Компания Маңғыстау облысында да геологиялық барлау жұмыстарын жалғастырды (2016 жылы басталған болатын). Өткен ғасырдың 60-жылдарының басынан Өзен және Қарамандыбас кен орындарына төселу тереңдігі бкм-ден асатын юраға дейінгі түзілістерді зерттеу мақсатымен шектес аумақта кең ауқымды 3D-сейсмосбарлау жұмыстары жүргізілді, оның перспективалығы бұрындары жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша болжанған болатын.

Компания жоғарыда аталған жобалармен тоқтаған жоқ және өнеркәсіптік перспективалығына өзіндік және тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша сатып алу мақсатымен баға беру және сынамалы іске пайдалану сатысында мұнай-газ кен орындарының геологиялық және геофизикалық материалдарын зерттеу бойынша жұмыстарды белсенді жалғастырып келеді.


9-сурет. 2017ж. 31 желтоқсандағы қалпы бойынша ҚМГ БӨ геологиялық-барлау жобалары



Дереккөз: 2016 ж. «ҚМГ БӨ» АҚ жылдық есебі.

2017 ж. ЭЫДҰ-мен 8 жыл ортақ жұмыстан кейін Қазақстан ЭЫДҰ Инвестициялар комитетінің қауымдасқан мүшесіне айналды³⁶.

10-сурет. Геологиялық барлау мен іздестірулерді жүргізу бойынша қызметке ТШИ жиынтық ағыны



Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі


³⁶<http://mid.gov.kz/ru/pages/doklad-ministra-po-investiciyam-i-razvitiyu-rk-zhenisa-kasymbeka-na-otchetnoy-vstreche-pered>

ӨНДІРУ

Көмірді өндіру

2017 ж. тас көмірді өндіру 2016 ж.салыстырғанда 3%-ға өсті және 106,2 млн. тонна құрады, оның ішінде өндірудің 58,8%-ы Павлодар облысымен (0,9%-ға өсім), 34,0% – Қарағанды облысымен (4,4%-ға өсім) және 6,5% – Шығыс Қазақстан облысымен (12,6%-ға өсім) қамтамасыз етілген. Соңғы бірнеше жыл ішінде Павлодар облысында тас көмірді өндіру көлемінің азаю байқалуда, осылайша 2017 ж. 2012 жылмен салыстырғанда 20,5%-ға азаю байқалса, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында тас көмір өндірісі өсуде (11-сурет). Ақмола, Алматы және Жамбыл облыстарында тас көмірдің өте шағын көлемі өндіріледі (6-Қосымша).

11-сурет. 2010-2017 жж.аймақтар қимасында тас көмірді өндіру, млн. тонна




Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Мұнай мен газ конденсатын өндіру

ҚР ҰЭМ Статистика комитеті мен ҚР Энергетика министрлігінің деректері бойынша, 2017ж. мұнайды, оның ішінде газ конденсатын өндіру көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 10,5%-ға өсті және 86,2 млн. тонна құрады, оның ішінде 72,9 млн. тонна шикі мұнай және 13,3 млн. тонна газ конденсаты. 2016 ж. 78,0 млн. тонна мұнай және газ конденсаты өндірілді (2015 жылмен салыстырғанда 1,9%-ға төмендеу).


12-сурет. 2007- 2017 жж. мұнай мен газ конденсатын өндіру қарқыны



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

ҚР Энергетика министрлігінің деректері бойынша, 2017 жылдың желтоқсан айында үш ең ірі компанияға мұнай мен газ конденсатын өндірудің жалпы көлемінен 68,7% келеді. Шикі мұнай мен газ конденсаты нарығының үштен бір бөлігінің астамын «Теңізшевройл» ЖШС алып отыр – 37,5%, одан кейінгі орында Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В түр – 16,8%. Өндіру көлемі бойынша үшінші орында Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.түр –14,4% (13-сурет).

13-сурет. Мұнай мен газ конденсатын өндірудің негізгі көлемін қамтамасыз еткен компаниялар (2017 ж.желтоқсан айындағы деректер),%



Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі


2017 ж. Атырау облысында мұнай мен газ конденсатын өндіру 2016 жылмен салыстырғанда 25,4%-ға, 42,2 млн.тоннаға дейін өсті және Батыс Қазақстан облысында–6,6%-ға, 13,2млн. тоннаға дейін өсті. Қалған аймақтарда төмендеу байқалады: Маңғыстау облысында–0,7%-ға, 18,0 млн. тоннаға дейін, Ақтөбе облысында–3,5%-ға, 6,0 млн. тоннаға дейін және Қызылорда облысында – на 11,2%-ға, 6,8 млн. тоннаға дейін (6-Қосымшаны қараңыз).

2017 ж. өндірудің негізгі өсімі Теңіз (28,7 млн. тонна) және Қарашығанақ (12,5 млн. тонна) кен орындарында өндірістің өсуімен байланысты, сонымен қатар, Қашаған кен орнындағы (8,2 млн. тонна) тұрақты өсім байқалуда. Қызылорда облысындағы өндірістің қысқаруы игерілетін кен орындарының сарқылуымен және суланудың артуымен байланысты.

2018 ж. мұнайды өндіру жоспары 87 млн. тонна құрайды. Негізгі өсім Қашаған есебінен күтіледі. Қашағандағы өндіру жоспары 11 млн. тонна құрайды. Бұл ретте игерудің кеш сатысымен және осы кен орындарының табиғи сарқылуымен байланысты Ақтөбе және Қызылорда топтарының кен орындарында өндірудің төмендеуі күтіледі³⁷.

³⁷ҚР Энергетика министрінің 2017 жылдағы қызмет қорытындысы және 2018ж. арналған міндеттер туралы Министрліктің алқа мәжілісіндегі сөзі.<https://www.zakon.kz/4911798-vystuplenie-ministra-energetiki-rk.html>

14-сурет. 2017 ж. аймақтардағы мұнай мен газ конденсатының өсу қарқыны мен өндіру көлемі




Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Мұнай өндірісіне ең көп салымды Атырау облысының кәсіпорындары енгізді— мұнай мен газ конденсатын өндірудің жалпы көлемінен 49,0%, Маңғыстау облысы— 20,9% және Батыс-Қазақстан облысы —15,3% енгізді (14-сурет).

Табиғи газды өндіру

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша, 2017ж. табиғи газды өндіру 52,9 млрд. текше м³⁸ құрады, 2016ж.салыстырғанда 13,4%-ға өсім болды.

15-сурет. Табиғи газды өндіру, млрд.текше м




Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

2017ж. желтоқсан айындағы деректер бойынша, газды өндіру бойынша Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. көшбасшы болып тұр— 38,0%, «Теңізшевройл» ЖШС— 29,8%, Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В —12,3% және «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ тұр— 11,5%. Осы компаниялардың үлесіне табиғи газды өндірудің жалпы көлемінен 91,6% келеді.

³⁸ҚР Энергетика министрлігінің деректері бойынша, табиғи газды өндіру көлемі— 52,9 млрд. текше м.


16-сурет. Табиғи газды өндірудің негізгі көлемін қамтамасыз еткен компаниялар (желтоқсан 2017 ж.), %



Дерекөз: ҚР Энергетика министрлігі

2017 ж. табиғи газды өндіру Қызылорда облысынан басқа барлық аймақтар бойынша ұлғайды, Қызылорда облысында өндіру 2016 жылмен салыстырғанда 10,1%-ға, 1,28 млрд. текш. м-ден 1,15 млрд. текш. м-ге дейін қысқарды. Атырау облысында 20,9 млрд. текш. м табиғи газ өндірілді, 2016 жылмен салыстырғанда 31,4%-ға өсім, Батыс Қазақстан облысында – 20,2 млрд. текш. м (5,1%-ға өсім), Ақтөбе облысында – 6,7 млрд. текше м (2,2%-ға өсім), Маңғыстау облысы бойынша – 3,1 млрд. текш. м (7,0%-ға өсім) анықталды (17-сурет және 6-Қосымша).

17-сурет. 2017 ж. аймақтардағы табиғи газды өндіру көлемі және өсу қарқыны



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Аймақтық қимада, Атырау облысының табиғи газды өндіруге үлесі 2016ж. 34,1%-дан 2017ж. 39,9%-ға өсті, ал Батыс Қазақстан облысының салымы 2016ж. 41,2%-дан 2017ж. 38,5%-ға түсті. Сонымен қатар, Ақтөбе облысының салымы да– 2016ж. 14,1%-дан 2017ж. 12,8% -ға төмендеді.

Өндірудің бағалық берілісі келесі екі кестеде берілген.

8-кесте. 2016-2017 жж. өнеркәсіптік өнімді (тауарлар, қызметтер) өндіру көлемі, млн. теңге

Атауы	Өнеркәсіптік өнімді (тауарлар, қызметтер) өндіру көлемі, млн. теңге		Өзгеріс, 2017 ж. 2016 жылға %-бен
	2017 жыл	2016 жыл*	
Өнеркәсіп	22 790 209	19 038 243	7,3
Тау-кен өндіруші өнеркәсіп және карьерлер игеру, оның ішінде	11 568 785	9 397 794	9,3
Көмір мен лигнит өндіру	292 079	232 703	5,2
Шикі мұнай мен табиғи газды өндіру	9 202 733	7 409 929	10,6
<i>Шикі мұнайды өндіру</i>	8 994 914	7 293 085	10,5
<i>Табиғи газды өндіру</i>	207 819	116 844	12,6
Металл кенді өндіру	1 188 391	989 193	7,5
<i>Темір кен өндіру</i>	244 024	194 828	7,0
<i>Түрлі-түсті металл кенді өндіру</i>	944 368	794 365	7,6
Тау-кен өндіруші өнеркәсіптің басқа салалары	191 988	175 869	10,6
Тау-кен өндіруші өнеркәсіп саласындағы техникалық қызметтер	693 593	590 100	2,9
Өңдеуші өнеркәсіп, оның ішінде	9 400 848	8 058 165	5,6
Негізгі асыл және түрлі-түсті металлды өндіру	2 531 768	2 239 582	6,3

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

9-кесте. 2016-2017 жж. өнеркәсіптік өнімді (тауарлар, қызметтер) өндіру көлемі, құндық берілісте аймақтар бойынша, млрд. теңге

Атауы	Өнеркәсіптік өнімді (тауарлар, қызметтер) өндіру көлемі, млрд. теңге		Өзгеріс, 2017 ж. 2016 жылға %-бен
	2016 жыл	2017 жыл	
Өнеркәсіп			
Қазақстан Республикасы	19026,8	22790,2	19,8
Ақмола	455,6	561,3	23,2
Ақтөбе	1291,1	1597,1	23,7
Алматы	681,9	795,7	16,7
Атырау	4495,5	5508,2	22,5
Батыс Қазақстан	1567,0	1914,5	22,2
Жамбыл	341,3	374,0	9,6
Қарағанды	1947,7	2318,4	19,0
Қостанай	599,4	764,3	27,5
Қызылорда	669,2	731,4	9,3
Маңғыстау	1887,6	2316,2	22,7
Оңтүстік Қазақстан	789,0	832,1	5,5
Павлодар	1370,4	1778,4	29,8
Солтүстік Қазақстан	198,0	240,5	21,5
Шығыс Қазақстан	1506,6	1581,5	5,0

Астана қ.	454,4	573,9	26,3
Алматы қ.	772,1	902,5	16,9
Тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді игеру			
Тау-кен өндіруші өнеркәсіп және карьерлерді игеру	9397,6	11568,8	23,1
Ақмола	69,2	55,0	-20,6
Ақтөбе	822,4	954,1	16,0
Алматы	13,9	12,1	-12,5
Атырау	3948,9	4931,0	24,9
Батыс Қазақстан	1388,6	1690,3	21,7
Жамбыл	36,0	43,6	21,2
Қарағанды	209,4	287,8	37,5
Қостанай	236,5	296,0	25,2
Қызылорда	515,1	583,8	13,3
Маңғыстау	1613,9	2037,1	26,2
Оңтүстік Қазақстан	216,9	152,7	-29,6
Павлодар	202,7	340,4	67,9
Солтүстік Қазақстан	3,2	2,1	-34,9
Шығыс Қазақстан	121,1	182,7	50,9
Көмір және лигнит өндіру			
Қазақстан Республикасы	232,7	292,1	25,5
Ақмола	0,4	0,9	94,3
Алматы	0,1	0,2	25,3
Жамбыл	0,0	0,1	4,9
Қарағанды	110,6	145,0	31,1
Қостанай		0,0	
Павлодар	103,7	123,6	19,2
Шығыс Қазақстан	17,8	22,3	25,5
Шикі мұнай мен табиғи газды өндіру			
Қазақстан Республикасы	7409,9	9202,7	24,2
Ақтөбе	541,6	596,1	10,1
Атырау	3763,1	4716,8	25,3
Батыс Қазақстан	1276,2	1614,8	26,5
Жамбыл	7,3	13,2	81,8
Қызылорда	415,6	476,4	14,6
Маңғыстау	1398,6	1776,4	27,0
Шығыс Қазақстан	7,6	9,0	18,6
Шикі мұнайды өндіру			
Қазақстан Республикасы	7293,1	8994,9	23,3
Ақтөбе	538,5	543,4	0,9
Атырау	3759,4	4686,9	24,7
Батыс Қазақстан	1205,6	1543,0	28,0
Жамбыл	1,1	1,2	12,1
Қызылорда	415,0	475,9	14,7
Маңғыстау	1373,4	1744,5	27,0
Шығыс Қазақстан	0,1	0,0	-27,5

Табиғи газды өндіру			
Қазақстан Республикасы	116,8	207,8	77,9
Ақтөбе	3,1	52,7	1592,9
Атырау	3,7	30,0	713,1
Батыс Қазақстан	70,6	71,9	1,8
Жамбыл	6,2	12,0	93,5
Қызылорда	0,6	0,5	-9,7
Маңғыстау	25,2	31,9	26,7
Шығыс Қазақстан	7,5	8,9	19,0
Металл кен өндіру			
Қазақстан Республикасы	989,2	1188,4	20,1
Ақмола	47,2	37,2	-21,1
Ақтөбе	217,7	247,8	13,8
Алматы	0,1	0,1	-21,2
Жамбыл	4,4	3,3	-24,5
Қарағанды	78,9	111,8	41,7
Қостанай	210,2	264,7	25,9
Қызылорда	51,0	40,1	-21,3
Оңтүстік Қазақстан	204,8	138,5	-32,4
Павлодар	90,6	206,0	127,4
Солтүстік Қазақстан	0,1	0,2	169,6
Шығыс Қазақстан	84,2	138,7	64,6
Темір кен өндіру			
Қазақстан Республикасы	194,8	244,0	25,3
Ақмола	2,4	3,0	24,4
Ақтөбе	1,2	1,4	18,8
Алматы	0,1		
Қарағанды	16,6	24,8	48,7
Қостанай	173,7	214,4	23,4
Оңтүстік Қазақстан			
Шығыс Қазақстан	0,8	0,4	-44,4
Түрлі-түсті металл кендерін өндіру			
Қазақстан Республикасы	794,4	944,4	18,9
Ақмола	44,7	34,2	-23,6
Ақтөбе	216,5	246,4	13,8
Алматы	0,0	0,1	278,7
Жамбыл	4,4	3,3	-24,5
Қарағанды	62,3	87,1	39,9
Қостанай	36,5	50,3	37,8
Қызылорда	51,0	40,1	-21,3
Оңтүстік Қазақстан	204,8	138,5	-32,4
Павлодар	90,6	206,0	127,4
Солтүстік Қазақстан	0,1	0,2	169,6
Шығыс Қазақстан	83,5	138,2	65,6
Тау-кен өндіруші өнеркәсіптің басқа салалары			
Қазақстан Республикасы	175,7	192,0	9,3
Ақмола	16,3	11,5	-29,1

Ақтөбе	15,6	24,1	54,9
Алматы	12,2	10,1	-17,7
Атырау	54,4	58,9	8,1
Батыс Қазақстан	0,9	0,9	-0,9
Жамбыл	21,9	25,6	17,1
Қарағанды	9,0	11,0	22,0
Қостанай	20,7	22,5	8,9
Қызылорда	1,9	2,3	18,9
Маңғыстау	4,5	4,5	0,1
Оңтүстік Қазақстан	5,2	5,3	1,3
Павлодар	5,8	8,0	38,5
Солтүстік Қазақстан	1,1	1,4	27,6
Шығыс Қазақстан	6,1	5,8	-4,9
Тау-кен өндіруші өнеркәсіп саласындағы техникалық қызметтер			
Қазақстан Республикасы	590,1	693,6	17,5
Ақмола	5,3	5,3	0,2
Ақтөбе	47,5	86,1	81,1
Алматы	1,4	1,8	31,0
Атырау	131,3	155,3	18,3
Батыс Қазақстан	111,5	74,5	-33,1
Жамбыл	2,4	1,4	-41,6
Қарағанды	10,9	20,0	83,4
Қостанай	5,6	8,8	58,1
Қызылорда	46,6	65,0	39,5
Маңғыстау	210,8	256,2	21,6
Оңтүстік Қазақстан	6,9	8,9	29,8
Павлодар	2,7	2,8	5,2
Солтүстік Қазақстан	2,0	0,5	-75,2
Шығыс Қазақстан	5,3	6,9	29,9
Негізгі асыл және түрлі-түсті металды өндіру			
Қазақстан Республикасы	2239,5	2531,8	13,0
Ақмола	110,5	205,9	86,4
Алматы	2,2	4,5	101,2
Жамбыл	15,2	19,3	26,7
Қарағанды	592,7	694,8	17,2
Қостанай	33,2	50,3	51,5
Қызылорда	44,5	31,4	-29,6
Оңтүстік Қазақстан	52,8	59,9	13,5
Павлодар	279,1	315,6	13,1
Солтүстік Қазақстан	0,2	0,1	-50,6
Шығыс Қазақстан	927,0	933,5	0,7
Астана қ.	152,8	191,4	25,3
Алматы қ.	29,2	25,1	-14,0

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

ЭКСПОРТ

КӨМІРСУТЕКТЕР ЭКСПОРТЫ

Тас көмір экспорты

2017 ж. тас көмір экспорты 2016ж.салыстырғанда нақты көлемде де (15,8%-ға, 27,5 млн. тоннаға дейін), құндық көлемде де (1,5 есе) өсті. Ресейге тас көмір экспортының жалпы көлемінен 77,4% келеді. Сонымен қатар, Финляндия, Қырғызстан мен Швейцарияға қазақстандық көмір экспорты да өсуде (10-кесте). Көмір өндіруші аймақтар – Павлодар және Қарағанды облыстары – тас көмірдің негізгі экспорттаушылары (6-Қосымша).

10-кесте. Мемлекеттер бойынша тас көмір экспорты

Тауардың, негізгі жеткізілу елдерінің атауы	Өлш. бірл.	2017 ж.		2016 ж.		2017 ж. 2016 жылмен салыстырғанда, %	
		көлем	млн. АҚШ долл.	көлем	млн. АҚШ долл.	көлемі бойынша	құны бойынша
Тас көмір	мың тонна	27501,9	448,9	23751,8	296,7	15,8	51,3
Қырғызстан		1080,2	18,7	967,5	17,6	11,6	6,3
Ресей		21291,8	259,4	19376,3	175,5	9,9	47,8
Украина		404,4	54,6	591,5	53,3	-31,6	2,4
Финляндия		3 450,3	51,4	2 062,2	31,6	67,3	62,4
Швейцария		760,7	48,6	296,1	11,5	2,6 есе	4,2 есе
Өзгелері		1275,2	64,8	754,3	18,7	69,0	3,5 есе

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, ҚМ мемлекеттік кірістер комитеті

Мұнай және газ конденсатының экспорты


2016 ж. желтоқсан айында (Вена, Австрия) ОПЕК мемлекеттері мен ОПЕК-ке кірмейтін мемлекеттердің министрлік мәжілісі өтті, оған 25 мемлекет, оның ішінде 14 ОПЕК қатысушы мемлекеттері мен картельге кірмейтін 11 мемлекет (Қазақстан, Ресей Федерациясы, Әзірбайжан, Бахрейн, Боливия, Экваториалық Гвинея, Малайзия, Мексика, Оман, Судан және Оңтүстік Судан) қатысты. Қорытындысы ретінде, мемлекеттер мұнайды өндірудің жиынтық көлемін тәулігіне 1,8 млн.баррельге төмендету есебінен мұнайдың әлемдік нарығындағы тепе-теңдікті ұалпына келтіру рәсімін жылдамдату келісіміне келді. Бұл келісім 2017ж. 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Келісім ұзарту мүмкіндігімен 2017ж. бірінші жарты жылдығына жасалған болатын. 2017 жылдың мамыр айында оның әрекет ету мерзімі 9 айға -2018 жылдың наурыз айының соңына дейін ұзартылды.

2017ж. мұнайды өндіруді қысқарту туралы ОПЕК+ келісімі шеңберіндегі мәміле мұнай нарығындағы ұсынысты теңдестіруге және мұнай бағасын көтеруге мүмкіндік берді. Нәтижесінде, ЕІА деректері бойынша, шикізаттың әлемдік нарықтарында 2017ж. Brent мұнайы үшін орта баға бір баррель үшін 54,25 долл. құрады (2016 ж. – баррель үшін 43,64 долл.).

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің және ҚР ҚМ мемлекеттік кірістер комитетінің деректері бойынша 2017 ж. мұнай мен газ конденсатының экспорты 68,7 млн. тонна құрады, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 10,5%-ға көп, оның ішінде ЕБДҰ елдеріне 131,9 мың тонна құрады, бұл 2016 жылдан 19,9%-ға көп, сонымен қатар, 3,6 млн. тонна мұнай өнімдері мен 16,8 млрд. текше м. табиғи газ экспортталды. Әлемдік нарықтардағы шикі мұнай бағаларының өсуінің арқасында шикі мұнай экспортынан түскен табыстар 26,6 млрд. долл. жетті– өсім 37,8% болды (жылға жыл). ҚР Энергетика министрлігінің деректері бойынша, мұнай экспорты 69,8 млн. тонна немесе 2016ж.112,4% құрады.³⁹ (айырмашылық 1,1 млн. тонна).

³⁹Энергетика министрі Қ.А.Бозымбаевтың баспасөз конференциясындағы тезистері. 22.01.2018 ж. <http://www.zakon.kz/4904094-tezisy-ministra-energetiki-k-a.html>

18-сурет. 2017ж. мұнай және газ конденсаттарын импорттаушы топ 10 мемлекет, %



Дереккөз: Статистика комитеті, Мемлекеттік кірістер комитеті

2017ж. мұнайды өндіруді қысқарту туралы ОПЕК+ келісімінің шеңберіндегі мәміле мұнай нарығындағы ұсынысты теңдестіруге және мұнай бағаларын арттыруға мүмкіндік берді.

11-кесте. Мемлекеттер бойынша мұнай және газ конденсаты экспорты

Тауардың, негізгі жеткізілу елдерінің атауы	Өлш. бірл.	2017 ж.		2016 ж.		2017ж. 2016жылмен салыст.,%	
		көлемі	млн. АҚШ долл.	көлемі	млн. АҚШ долл.	көлемі бойынша	құны бойынша
Шикі мұнай және газ конденсаты	мың тонна	68715,3	26587,4	62 174,1	19295,7	10,5	37,8
Белорусь		64,2	21,4	44,3	12,6	44,9	69,8
Ресей		66,2	16,1	64,7	12,3	2,3	30,9
Өзбекстан		182,9	75,4	136,8	51,4	33,7	46,8
Болгария		444,6	157,7	203,2	66,0	2,2 p	2,4 p
Греция		1 998,6	799,6	2 594,7	789,4	-23,0	1,3
Үндістан		1 527,4	619,1	500,7	177,8	3,1 p	3,5 p
Испания		3 484,4	1 380,2	2 937,8	911,1	18,6	51,5
Италия		21 283,4	8 450,7	21 865,3	7 306,2	-2,7	15,7
Қытай		2 357,1	853,4	3 240,9	876,5	-27,3	-2,6
Корея Республикасы		2 375,5	956,0	270,6	93,6	8,8 p	10,2 p
Литва		1 320,1	515,8	671,1	186,7	96,7	176,3
Мальта		499,2	191,0	125,2	48,5	4,0 p	3,9 p
Нидерланды		9 424,1	3 643,7	7 850,6	2 376,5	20,0	53,3
Польша		927,7	350,7	317,0	99,1	2,9 p	3,5 p
Португалия		1 518,6	596,0	1 122,5	355,3	35,3	67,7
Румыния		2 409,2	878,7	2 829,5	811,4	-14,9	8,3
Түркия		469,5	180,1	535,2	175,8	-12,3	2,4
Франция		7 029,8	2 806,0	5 000,0	1 572,8	40,6	78,4
Хорватия		723,9	288,7	118,8	31,8	6,1 p	9,1 p
Швейцария		7 459,4	2 633,2	7 556,8	2 065,9	-1,3	27,5
Жапония		833,9	339,4	678,8	210,7	22,8	61,1
Өзгелер		2 497,2	909,7	3 645,3	1 115,5	-31,5	-18,4

Дереккөз: Статистика комитеті, Мемлекеттік кірістер комитеті

Табиғи газ экспорты

ҚР ҰӘК Статистика комитетінің және ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері бойынша, 2017ж. табиғи газ экспорты 25,6 млрд. текше м құрады, бұл 2016 жылдан 18,5%-ға көп. Құндық берілісте табиғи газ экспорты 1,6 млрд. АҚШ долларына жетті, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 23,9%-ға көп. Бұл 2017ж. Қазақстанның экспорттан түсімдерінің жалпы көлемінің 3,3%-ын құрайды.

Энергетика министрлігінің деректері бойынша, 2017ж. газ экспорты 17,3 млрд. текше м құрады немесе 2016 жылғы көрсеткіштен 26,3%-ға көп болды (8,3 млрд. текше м. айырмашылық).

2017 ж. табиғи газды Украинаға жеткізу көлемдері 2016ж. салыстырғанда 53,4%-ға өсті және 9,0 млрд. м³-қа жетті, Швейцарияға жеткізу көлемі –37,1ға (5,5 млрд. м³) өсті. Дәл осы кезеңде Польшаға табиғи газды жеткізу көлемі 10,8 есе, 220,4 млн. м³-қа дейін қысқарды.


ҚР Энергетика министрлігінің деректері бойынша, 2017ж. Қытайға газды экспорттау көлемі 1,1 млрд. м³ құрады.⁴⁰ ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетіне сілтеме жасалатын ҚР ҰӘМ Статистика комитетінің деректері бойынша, Қытайға табиғи газды экспорттау көлемі 2016ж. 459,2 млн. куб. м-ден 2017ж. 646,3 млн. куб. м. дейін, 40,7%-ға өсті. Яғни табиғи газды 2016-2017жж. жиынтықты экспорттау көлемінің өзі 1,1 млрд. м³ құрайды.

2017 жылы газ құбыры жүйесінің қосымша қуаттылықтарының, нақты айтсақ, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газқұбырының және Қазақстан-Қытай газқұбырының «С» желісінің іске пайдаланылуына байланысты, Қытайға газды экспорттаудың техникалық мүмкіндігі пайда болды. 2017 ж. бірінші рет қазақстандық газ «ҚазТрансГаз» АҚ мен «Petro China International Company Limited» компаниясы арасында қол қойылған Шарттың шеңберінде Қытайға экспорттала бастады. Жылына 5 млрд. текше м. көлемде газды жеткізу шарты жасалды. ҚХР-ға газды жеткізу көлемін жылына 10 млрд. текше м дейін ұлғайту бойынша келіссөздер жүргізілуде. Бұл отандық компаниялардың табыстарын және бюджетке түсімдерді арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, республикамыздың тарихында балама экспорт мүмкіндігі пайда болды.

2017 ж. Ресейге табиғи газ экспорты шамалы төмендеді – 2016ж. салыстырғанда 1,7%-ға төмендеді және 8,8 млрд. текше м. құрады. 2017 ж. Өзбекстанға 1,5 млрд. текше м. табиғи газ экспортталды.

⁴⁰Энергетика министрі Қ.А.Бозымбаевтың баспасөз конференциясындағы тезистері. 22.01.2018 ж. <http://www.zakon.kz/4904094-tezisy-ministra-energetiki-k-a.html>

19-сурет. 2016-2017 жж. табиғи газ экспорты мен импорты



Дереккөз: ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті

Ішкі нарықты газбен қамтамасыз ету мақсатында 2006 жылдың 27 желтоқсанында «Газпром» ААҚ, «Узбекнефтегаз» ҰХК және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасында өзара газды жеткізу туралы Келісімге қол қойылды. Келісімге сәйкес, газ импорты толығымен (19-сурет) Қарашығанақ экспортымен бағасы бойынша және тең көлемде «свопталады». Келісім аясында жыл сайын Қарашығанақ кен орнының газын Қазақстан Республикасының оңтүстігі мен Қостанай облыстарына өзара жеткізу келісімшарттары жасалады⁴¹.

⁴¹Мұнай және газ министрі С.Мыңбаевтың 2012ж. қорытындысы бойынша министрлік алқасындағы баяндамасы. 2013 жылдың 28 қаңтары.

2007 ж. бастап өзара жеткізулер арқылы «КазРосГаз» ЖШС ҚР ішкі нарығына газ жеткізілімдерін жүзеге асырады. «КазРосГаз» пайдаланған өзара жеткізуді қамтамасыз ету тетігіне Қостанай облысы тұтынатын ресейлік газды, Қазақстанның оңтүстік өңірлері тұтынатын өзбекстандық және түркмендік газдарды Келісімнің күзіретті тараптары «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «Газпром» ААҚ келісімнен өткізген және Қазақстан Республикасының үкіметі бекіткен нақты бағалар бойынша қайта өңделген қарашығанақ газының балама көлемдерімен ауыстыру жолымен қол жеткізіледі.

20-сурет. «КазРосГаз» ЖШС газды жүзеге асырудың негізгі сұлбалары



Дереккөз: <http://kazrosgas.org/rus/devatelnost/realizaciya-gaza-na-vnutrenniy-rinok/>

Жыл сайын Келісім шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «Газпром» ААҚ айырбастау операциялары бойынша газ көлемі мен бағасы көрсетілетін, газ саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша жиналыс хаттамасына қол қояды.

Газбен өзара алмасу бойынша жүзеге асырылатын келісім бағасын белгілеу туралы

Өзбекстан Республикасы Қазақстан Республикасы шекарасына жеткізілетін өзбек газының және Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасы шекарасына жеткізілетін ресей газының тең көлемін қарсы жеткізу жолымен Қазақстан Республикасының ішкі нарығын 2017 жылы газбен қамтамасыз ету үшін «КазРосГаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Газпром» ашық акционерлік қоғамы уәкілеттік берген «GAZPROM Schweiz AG» ұйымымен жасасатын мәмілелер бойынша газдың бағасы Қазақстан Республикасы Ресей Федерациясы шекарасы, «Александров Гай» газ өлшеу станциясы DAP шартымен 4,9 млрд. текше метрге дейін көлемдегі Қарашығанақ кен орнының өңделген газына – 1000 текше метрі үшін 3660 ресейлік рубль баға болып баға белгіленсін;

Дереккөз: ҚР Үкіметінің 2017ж. 31 мамырдағы №320 Қаулысы. Қаулы 2017ж. 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000320/links#from>

12-кесте. Мемлекеттер бойынша табиғи газ экспорты, млн м³

Тауар, негізгі алушы мемлекеттер атауы	2017 ж.		2016 ж.		2017 ж. 2016-ға салыстырғында, %	
	көлемі	млн. АҚШ долл.	көлемі	млн. АҚШ долл.	көлемі бойынша	құны бойынша
Табиғи газ тектес күйінде	25628,6	1590,7	21621,8	1283,7	18,5	23,9
Ресей	8782,2	149,6	8934,3	120,2	-1,7	24,5
Өзбекстан	1 506,7	118,0				
Украина	8 998,7	853,2	5 865,9	504,3	53,4	69,2
Қытай	646,3	67,6	459,2	72,4	40,7	-6,7
Польша	220,4	32,9	2 370,6	274,7	-90,7	-88,0
Швейцария	5 474,3	369,5	3 991,8	312,0	37,1	18,4

Дереккөз: ҰЭМ Статистика комитеті, ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті

Табиғи газ экспорты 2017ж. 25,6 млрд. текше м.кұрады, оның ішінде Ресейге – 8,9 млрд. текше м., Украинаға – 9,0 млрд. текше м (барлық дерлік өсім Украинаға келді), Өзбекстанға – 1,5 млрд. текше м, Швейцарияға – 5,5 млрд. текше м, Қытайға – 0,6 млрд. текше м., Польшаға– 0,2 млрд. текше м.кұрады (6-Қосымша).

3.2.2. Тау-кен секторы: қорлар, геологиялық барлау (3.3), өндіру (3.5a) және экспорт (3.5b)

ҚОРЛАР

Қазақстанда мемлекеттік теңгерім минералды шикізаттың 102 түрі бойынша пайдалы қазбалардың қорын, оның ішінде қатты пайдалы қазбалардың 40 түрлері бойынша қорларды есепке алады.

Игерілетін негізгі пайдалы қазбалардың басым бөлігі бойынша 2017 жылы 2007 жылдың деңгейіне 8%-15%-дан бастап 100-326% аралығында өндіру көлемінің өсуі байқалды. Әсіресе уран өндірісі (326%), мыс өндірісі (47%), қорғасын өндірісі (25%), алтын өндірісі (19%) артты. Осы жылдары жүргізілген геологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде алынған қорлар өсімі жабылған қорлардың орнын өтей алмайды (темір, марганец, мыс және алтынды қоспағанда). Оған қоса теңгерімнің соңғы жылдары есепке алған мыс, алтын, темір мен марганец қорлары, негізінен, төмен сапамен сипатталады және жабылған қорларға тең бағалы эквивалент бола алмайды.

Белсенді іске пайдалану салдарында 2007 жылдың деңгейіне қатысты мырыш (14,7%), алюминий (15%), қорғасын (9%), хром (7%), күміс (8,5%) қорлары азайды. Жүргізілген зерттеулер, қазіргі кезде қол жеткізген өндіру деңгейінде Қазақстан тек көмір мен қара металл қорларымен ғана салыстырмалы түрде ұзақ уақытқа қамтамасыз етілгендігін көрсетеді.

Қара және легирлеуіш металлдар. Қазақстан Республикасы темір кендерінің расталған қорлары бойынша әлемде бесінші, ал олардың сапасы бойынша үшінші орында. Темір кендерінің баланстық қорлары шамамен 20 млрд. тоннаны құрайды, олардың 79%-ы Торғай (Қостанай облысы) темір кені аймағында шоғырланған.

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 68 объекті бойынша темір кенінің қоры Мемлекеттік балансқа алынды, оның ішінде 10,2 млрд. тонна баланстық қоры бар 38 объекті жер қойнауын пайдаланушыларға барлау және өндіру жұмыстарын жүргізу үшін берілді.

2007 жыл және 2017 жылдар аралығында барлығы 468 млн. тонна, оның ішінде 2017 жылы 35,7 млн. тонна темір кені өндірілді. 2015-2017 жылдары жүргізілген геологиялық барлау жұмыстары және олардың есептері мемлекеттік сараптамадан өткеннің нәтижесінде, темір кенінің мөлшері 1 млрд. тоннаға өсті.

Қазақстан Республикасы марганец кенінің расталған қорлары бойынша әлемде үшінші орында, бірақ олардың сапасы бойынша негізгі әлемдік өндірушілерден айтарлықтай артта. Марганец кені қорларының негізгі бөлігі Қарағанды облысында шоғырланған, осы жерде оларды игеру жүзеге асып жатыр. Қалған анықталған қорлар Маңғыстау, Ақмола, Жамбыл, Ақтөбе, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында жатыр. 2017 жылғы 1 қаңтарда 42 объекті (38 кен орындар және 6 техногенді-минералдық түзілімдер (бұдан әрі – ТМТ) бойынша қорлар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік балансына алынды, оның ішінде 4 баланстан тыс кендер. 664 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 98%-ы) қоры бар 38 баланстық объектілердің 28-і жер қойнауын пайдаланушыларға пайдалану және барлау үшін берілді (бөлінген қор). 2016 жылы олар баланстық қоры 194 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 28,6%-ы) 6 объектіні игеруге тартты. Қалған объектілерде геологиялық барлау жұмыстары және пайдалануға дайындық жүргізілді. Сонымен қатар, 15 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 2,2%-ы) қоры бар 11 объект резервте (бөлінбеген қор) тұр.

Қазақстан Республикасы хром кенінің жалпы қоры және сапасы бойынша әлемде бірінші орынды иеленеді. АҚШ Геологиялық қызметінің деректеріне сәйкес әлемдегі хром кені қорының 86%-ы Қазақстан Республикасына және ОАР-ға тиесілі. Хром кенінің баланстық қорлары 362,7 млн. тоннаны құрайды. Олар Кемпірсай ультрабазиттік сілемнің (Ақтөбе облысы) оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан хромиттік кен орындарында шоғырланған. 2017 жылғы 1 қаңтарда хром кені қорларының Мемлекеттік балансына 17 кен орны алынды. 9 кен орны (қоры 356,4 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 98%-ы) екі жер қойнауын пайдаланушыға («Қазхром» трансұлттық компаниясы) АҚ және «Восход-Oriel» ЖШС) берілді. Олар 2016 жылы 344,8 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 95%-ы) қоры бар 7 объектіні игеруге тартты. 8 объекті, оның ішінде баланстық қоры бар 6 объекті резервте тұр. 2007 жыл мен 2016 жыл аралығында барлығы 41421 мың. тонна хром кені өндірілді. Қазақ КСР-нің 40 жылдығы кен орнындағы Дүбірсай учаскесінде жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде 321 мың. тонна қорлар өсімі алынды. Осылайша, хром кенінің игерілген қорларының қажетті орнын толтыру мүлдем жүзеге асырылмайды.

Қазақстан Республикасы титан диоксидінің расталған қорлары бойынша әлемде 9 орында. ТМД елдері арасында 2 орында (Ресейден кейін). Қорлар бойынша көшбасшылар үштігіне Қытай (220 млн. тонна), Австралия (150 млн. тонна) және Үндістан (85 млн. тонна) кіреді. Титан диоксидінің 16 объектісі Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорларының Мемлекеттік балансына алынған, олардың 5-нде тек баланстан тыс қорлар бар. TiO_2 баланстық қоры 40 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 87%-ы) 9 объекті жер қойнауын пайдалануда болды, олардың ішінде 2,8 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 6%-ы) қоры бар 2 кен орны (Сәтпаев және Шоқаш) игерілуде болды. TiO_2 баланстық қоры 5574,7 мың тонна және титан диоксидінің мөлшері төмен 8 шашырандылар резервте тұрды. 2007-2016 жылдары Шоқаш (2007-2016 жылдары), Сәтпаев (2007-2016 жылдары), Обухов (2010-2012 жылдары) және Оңтүстік Велихов (2014 жыл) шашыранды кен орындары пайдалануда болды, олардан 125,3 мың тонна титан диоксиді өндірілді. Қарастырылып отырған кезеңде Оңтүстік Велихов, Тымлай титан-магнетиттік кен орындарында жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының және шашыранды кен орындарын қайта бағалау нәтижесінде 2016

жылы санаттар бойынша TiO_2 қорлары 2007 жылмен салыстырғанда 21,5 млн. тоннаға артты (негізінен Тымлай кен орны есебінен).

Қазақстан Республикасы ванадий пентоксидінің расталған қорларының мөлшері бойынша көптеген әлемдік өндірушілерден айтарлықтай артта қалып отыр. Негізінен, олардың сапасы әлемдік нарық талаптарына сәйкес келмейді. АҚШ Геологиялық қызметінің деректері бойынша ванадийдің негізгі қорлары Қытайдың (9000 тонна), Ресейдің (5000 тонна) және ОАР-дің (3500 тонна) кен орындарында шоғырланған. Құрамында ванадий бар минералдық шикізатты өндірудің негізгі көлемі аталған елдерге – Қытайға (42 000 тонна), Ресейге (16 000 тонна), ОАР-ға (12 000 тонна) келеді. 15 кен орны, оның ішінде қатты пайдалы қазбалардың 11 кен орны және КСШ-нің 4 кен орны бойынша ванадий пентоксидінің қоры Мемлекеттік баланса алынды. Қараөткел және Жебағлы ұсақ кен орындарынан басқа, олардың барлығы бөлінген қорда тұр.

Түрлі-түсті металдар. Мыс. Мыстың баланстық қоры 40,8 млн. тоннаны құрайды. Олардың басымы бөлігі (82%) еліміздің Шығыс және Орталық өңірлерінде шоғырланған. Қорлардың қалған 18%-ы Қазақстан Республикасының барлық аумағында әрқелкі бөлініп орналасқан. 125 кен орны бойынша қорлар Мемлекеттік баланса алынды, олардың 8 кен орнында тек баланстан тыс қорлар есепке алынды. Мыстың 40 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 97%-ы) қоры бар 93 баланстық кен орны бөлінген қорда тұр. 2017 жылы жер қойнауын пайдаланушылар мыстың 20,4 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 50%-ы) қоры бар объектілерді игеруге тартты.. Қалған объектілерде барлау және пайдалануға дайындық жұмыстары жүзеге асырылды. Сонымен қатар, мыстың қоры аз және салыстырмалы түрде құрамы төмен, 0,93 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 2,3%-ы) қоры бар 23 объекті резервте (бөлінбеген қор) тұр. 2015-2017 жылдары жүргізілген геологиялық барлау жұмыстары және олардың есептері мемлекеттік сараптамадан өткеннің нәтижесінде, мыс қорының мөлшері 1673 мың тоннаға өсті. Бұл өндіру кезінде өтелген қорлардың орнын толық толтыруға мүмкіндік берді.

Никель, кобальт. АҚШ Геологиялық қызметінің деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасы никельдің расталған қорлары бойынша әлемде 13 орында, ал кобальт бойынша 9 орында. Никель өндіру көлемі бойынша көшбасшылар тобына Филиппин, Ресей, Канада, Австралия кіреді. Никельдің баланстық қоры 2041 мың тоннаны, кобальттікі 208 мың тоннаны құрайды. Олардың басым бөлігі Қостанай (52% және 69%) және Ақтөбе (25% және 13%) облыстарында, осында бөлінген Қостанай және Орал кобальт-никельді провинциялар шегінде шоғырланған. Никель мен кобальттің қалған қорлары Шығыс Қазақстан (Ертіс маңы кен ауданы) және Павлодар (Екібастұз Баянауыл кен ауданы) облыстарындағы кобальт-никельді объектілерімен байланысты. 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорларының Мемлекеттік балансында никельдің 41 кен орны және кобальттің 58 кен орны есепке алынды, олардың ішінде тиісінше 8 және 18 объектілерде тек баланстан тыс қорлар алынды. Баланстық қоры 537,7 мың тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 26%-ы) никельдің 4 объектісі және 83 мың тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 40%-ы) қоры бар кобальттің 6 объектісі бөлінген қорда тұр. 1503 мың тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 73%-ы) қоры бар никельдің 29 объектісі және 125,3 мың тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 60%-ы) баланстық қоры бар кобальттің 34 объектісі резервте (бөлінбеген қор) тұрды. Жалпы алғанда 2007-2016 жылдар аралығында жүргізілген қайта бағалау нәтижесінде никельдің баланстық қоры 219 мың тоннаға артты. Кобальттің қорлары, негізінен, баланстан тысқа көшіру нәтижесінде 166,3 мың тоннаға азайды..

Қалайы. Қазақстан Республикасы қалайының расталған қорлары бойынша әлемде 8 орында, олардың сапасы бойынша (Сырымбет кен орны) негізгі әлемдік өндірушілерден қалыспайды. 15 кен орны Мемлекеттік балансқа алынды, олардың үш объектісінде қорлар баланстан тыс. Қазіргі уақытта еліміздің нақты шикізат базасы бір Сырымбет кен орнымен танылған, қалайы бар қалған объектілер оның мөлшерінің аздығынан, негізінен, қорларының елеусіздігінен практикалық маңызы жоқ. Сырымбет кен орнын пайдалануды тоқтатып тұрған негізгі себеп – оның сазды кендерін тиімді байыту технологиясының болмауы. Осы мәселенің шешілуі кен орындарындағы қалайы кендерін ғана емес, сондай-ақ, оның кенді алаңында анықталған бірыңғай карьермен игерілетін танталонды мүжілген қабықтар учаскесін пайдалануға мүмкіндік береді.

Қорғасын, мырыш. Қорғасын мен мырыш табиғатта әдетте бірге кездеседі және түрлі геологиялық-өнеркәсіптік типтегі кен орындарындағы кешенді қорғасын-мырыш кендері түрінде ұсынылады. Негізінен, олар еліміздің Шығыс, Оңтүстік, Орталық және Батыс өңірлерінде шоғырланған. Қазақстан мырыш пен қорғасынның расталған қорлары бойынша әлемде 4 және 3 орындарды иеленеді. Кендердегі осы металдардың орташа мөлшері бойынша Қазақстан негізгі әлемдік өндірушілер – Австралия мен Қытайдан айтарлықтай артта. Қазіргі уақытта елімізде қорғасын өндірудің 44,3%-ын және мырыштың 66,2%-ын қамтамасыз етіп отырған, геологиялық-өнеркәсіптік типтегі Кенді Алтай кен орнының (Шығыс Қазақстан) ел экономикасы үшін маңызы зор.

2015-2017 жылдары жүргізілген және есептері мемлекеттік сараптамадан өткен геологиялық жұмыстар нәтижесінде, 3984,1 мың тонна көлемінде қорлардың өсіміне қол жеткізілді, бұл өндіру кезінде жабылған барлық қорлардың орнын толтырып қана қоймай, марганец кендерінің шынайы өсіміне қол жеткізуге мүмкіндік берді.

2017 жылғы 1 қаңтарда мырыштың 93 кен орны және қорғасынның 96 кен орны Мемлекеттік балансқа алынды. Олардың ішінде, тиісінше, 19 және 22 кен орындарындағы қорлар тек баланстан тыс. 2017 жылы 28,7 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 88,2%-ы) мырыштың және 13,7 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 87,2%-ы) қорғасынның баланстық қоры бар 63 кешенді кен орны жер қойнауын пайдалануда (бөлінген қор) болды. 9,2 млн. тонна мырыштың (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 28,3%-ы) баланстық қорлары бар 18 кен орны және 3,6 млн. тонна қорғасынның қорлары бар 15 кен орны игеруге тартылды. Қалған кен орындарында геологиялық барлау жұмыстары немесе пайдалануға дайындық жүзеге асырылды. Тиісінше, 34 және 37, негізінен, 3,8 млн. тонна мырыштың және 2,0 млн. тонна қорғасынның жиынтық баланстық қоры бар ұсақ кен орындары резервте тұр. 2007-2017 жылдары 18-ден 32-ге дейін кен орны пайдалануға тартылды. Осы кезеңде олардан 6714 мың тонна мырыш және 1152 мың тонна қорғасын өндірілді. 2015-2017 жылдары жүргізілген геологиялық барлау жұмыстары және олардың есептері мемлекеттік сараптамадан өткеннің нәтижесінде, мырыш пен қорғасынның қорлары, тиісінше, 1,7 мың тоннаға және 110 мың тоннаға өсті.

Алюминий. АҚШ Геологиялық қызметінің деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасы бокситтердің расталған қоры бойынша әлемде 13 орында, ал кендік өндіру көлемі бойынша 8 орында. Барлық өнеркәсіптік-маңызды бокситтердің кен орындары Торғай бокситті провинциясында (Қостанай облысы) шоғырланған, ондағы бокситтердің қоры 311,3 млн. тоннаны құрайды. Онда 3 бокситті аймақ: Батыс, Шығыс және Орталық Торғай ерекшеленеді, оларда провинциядағы қорлардың 86,9%, 5,3% және 7,8% орналасқан. Отқа төзімді саз балшықтар (Краснооктябрь кен орны) бокситтердің ілеспе пайдалы қазбалары, ал галлий мен

ванадий ілеспе құрамбөліктері болып табылады. 27 кен орны бойынша қорлар Мемлекеттік балансқа алынды, олардың екеуіндегі (Үштөбе және Сырымбет) қорлар баланстан тыс. 283,8 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 89,0%-ы) қорлары бар 13 кен орны жер қойнауын пайдалануда (бөлінген қор) болды, олардың ішінде 149,2 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 46,8%-ы) қорлары бар 5 кен орны игерілді. 35,0 млн. тонна (Қазақстан Республикасындағы қорлардың 11,0%-ы) қоры бар 12 кен орны резервте (бөлінбеген қор) болды. Қарастырылып отырған кезеңде (2007 және 2017 жылдар аралығы) 6-дан 8-ге дейін кен орны пайдалануда болды. Барлығы 52 млн. тонна, оның ішінде 2017 жылы 5,1 млн. тонна боксит өндірілді. Алюминий шикізатының (бокситтердің) барланған қоры 318,8 млн. тоннаны құрайды (52 %-ы – пайдаланылуда, 28 %-ы – барлануда, 20%-ы – лицензияланбаған), оның 311 млн. тоннасы Торғай бокситті провинциясында (Қостанай облысы) шоғырланған. Бұнда төмен сұрыпты бокситті кендердің 22 кен орны көбірек орналасқан.

Жалпы алғанда 2007 және 2017 жылдар аралығында бокситтің қоры 56,4 млн. тоннаға азайды. Төмен сұрыпты бокситтік кендерді қайта өңдеу технологиясына қатысты мәселенің толық шешілуі саланың маңызды проблемасы болып табылады, бұл резервтегі кен орындарын пайдалануға мүмкіндік береді. Бокситтердің 27 кен орны Мемлекеттік балансқа алынды, олардың ішінде 9 кен орны – пайдаланылатын, 6 кен орны – барланатын, 12 кен орны – резервтік.

Асыл металдар. Алтын. Алтынның баланстық қоры 2418,1 тоннаны құрайды (75% - пайдаланылады, 21% – барланады, 3% - лицензияланбаған), олардың 85%-ы еліміздің Шығыс, Солтүстік және Орталық өңірлерінде орналасқан. Қалған 15%-ы Қазақстанның Оңтүстік және Батыс облыстарында шоғырланған. Алтын өндіру саласының шикізат базасының негізін құрайтын алтын кен орындарының жетекші геологиялық өнеркәсіптік типтері жеке меншік алтын кенді (60% баланстық қорлар және 67% алтын өндіру) және кешенді (тиісінше, 36% және 32%) болып табылады. 2007-2016 жылдары 483,2 тонна алтын өндірілді.

2015-2017 жүргізілген жылдары геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде алтынның қоры 120931 килограммға артты. Байытылған тірек кендері мәселесін шешу саланың басты міндеті болып табылады. Бұл ең ірі Бақыршық алтын кен орнын және бірқатар ұқсас объектілерді пайдалануға мүмкіндік береді. Елдің барланған алтын қорларымен қамтылуы шамамен 40 жылды құрайды (өнімділікке қол жеткізген кезде). Алтынның 343 (386 объекті) кен орны Мемлекеттік балансқа алынған, олардың ішінде 110 объект – пайдаланылатын, 176 объект – барланатын, 100 объект – резервте.

2017ж. «Қазгеология» ҰТК» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ, «AltyntauKokshetau» АҚ⁴², «Қазақалтын» ТМК» АҚ⁴³, «Алтыналмас АҚ» АҚ, «KAZMineralsPLC», «PolymetalInternationalPLC» жылдық есептері, сонымен қатар, 2016ж. «KMGOLD» АҚ жылдық есептері жарияланды.⁴⁴

2017 ж., ҚР ИДМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің деректері бойынша, пайдалы қазбалар қорларының өсімі болды: алтын – 35 тонна, күміс – 25 мың тонна, мыс – 1,1 млн. тонна, қорғасын – 1,5 мың тонна, уран – 14,3 мың тонна. Алтынның болжамды ресурстарының өсімі бойынша жоспарлы көрсеткіштерге қол

⁴²https://kase.kz/files/emitters/ATKT/atktp_2017_rus.pdf


⁴³https://kase.kz/files/emitters/KZAL/kzalp_2017_rus.pdf

⁴⁴<https://www.kazminerals.com/media/7191/kaz-minerals-plc-annual-report-and-accounts-2017-russian.pdf>

жеткізілді—1,5 мың тонна, мыс— 28,2 млн. тонна, полиметаллдар —22,6 млн. тонна. Жаңа перспективалы алаңдар мен учаскелер анықталды.⁴⁵

«Қазгеология» ҰКК» АҚ деректері бойынша, Қазақстанда хром кенінің әлемдік қорының 37,60%-ы, марганец кенінің 30%-ы және темір кенінің 6%-ы шоғырланған. Мыс қорлары 7,10%, қорғасын қорлары 22% және мырыш қорлары 15,20% құрайды. Алтын қорлары бойынша Қазақстан әлемде 8-орынды, ал күміс қорлары бойынша -2 орынды иеленіп отыр. Қазақстанның алтын өндіруші өнеркәсібінің шикізаттық базасы негізінен шағын және орта кен орындарымен ұсынылған.

21-сурет. Қазақстанның жалпы әлемдік барланған қорлардағы үлесі



Дереккөз: «Қазгеология» ҰКК» АҚ жылдық есебі

Жалпы алғанда Қазақстанда 293 алтын кен орны бар (оның ішінде 38% кешенді, 60% алтын-кенді және 2% шашыранды). Кен орындары елдің барлық облыстарында анықталған. Көшбасшы орынды Шығыс, Солтүстік және Орталық Қазақстанның кен орындары алады. 11-кестеде Қазақстанның едәуір ірі кен орындары көрсетілген.

13-кесте. Қазақстан Республикасының ірі кен орындары

Аймақ	Кен орны
Солтүстік Қазақстан	Васильковское, Варваринское, Узбой, Сымбат, Комаровское, Элеваторное, Аккаргинское, Жетыгоринское
Орталық Қазақстан	Майқайың, Кварцитовые Горки, Еңбекші, Пустынное
Шығыс Қазақстан	Бакыршық, Суздальское, Большевик, Васильевское, Риддер-Сокольное, Жанан, Ақжал, Қасқабұлақ
Оңтүстік Қазақстан	Ақбақай, Алтынтас, Далабай, Ақсақал-Бескемпір, Мыңарал, Жарқұлақ, Қарамұрын, Арқарлы, Күмісті
Батыс Қазақстан	Юбилейное

Дереккөз: ҚР ИДМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті

Қазақстандағы ең ірі алтын кен объектісі болып Көкшетау қ. солтүстік бағытта 17 км.қашықтықта орналасқан «Васильковское» кен орны табылады. Васильковское кен орнының дәлелденген қорлары 370 тонна алтынды құрайды, кендегі металлдың орташа мөлшері 2,8 г/т. Кен орны 1979 жылдан бері игеріліп келеді. 1991 жылдан бастап Васильков кен-байысту комбинатында үймелік сілтісіздендіру әдісін пайдаланумен кенді қайта өңдеудің жартылай өнеркәсіптік сынаулары жүргізілді.

⁴⁵<http://geology.mid.gov.kz/ru>

Қорлардың шамасы бойынша екінші орынды Қазақстанның солтүстік-шығысында орналасқан Бақыршық (Семей қаласынан 100 км қашықтықта) кен орны алады. Оның кен қорлары орташа мөлшері 7,5 г/т болумен 208 т құраса, минералды ресурстары – орташа мөлшері 6,9 г/т болумен 118 т («Большевик» кен орнын қосқанда) құрайды. Кен орнын игеру кенде көміртектің, сонымен қатар, улы күшаланың жоғары мөлшерде болуынан қиындатылған, бұл қоршаған ортаның ластану тәуекелін туындатады. Кен орны флотоконцентраттарды бактериалды немесе автоклавты сілтісіздендіру технологиясын пайдаланумен өңдеу үшін қызықты.

Қорлар және өнеркәсіптік маңыздылығы бойынша келесі орында «Ақсу», «Кварцитовые Горки», «Бестөбе», «Жолымбет» кен орындары тұр. Бұл кен орындары жер асты амалымен өңделеді.

WorldGoldCouncil деректері бойынша, 2017ж. қорытындысы бойынша Қазақстан 286 тонна таза алтын қорына ие бола отырып, алтын қоры бойынша әлемнің топ-20 елдер қатарына кірді.

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ

Қазақстан уран қорлары мен ресурстарының көлемі бойынша әлемдегі екінші мемлекет болып табылады. ХАТЭА қорлары мен Қазақстандағы уран ресурстары қазіргі кезде шамамен 1,6 млн. тонна құрайды. 2015-2017жж.жүргізілген және есептері мемлекеттік сараптамадан өткен геологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде 16855 тонна көлемінде уран қорларының өсіміне қол жеткізілді.


2016 ж.	2017 ж.
Уранның теңгерімдік қорлары бар 54 барланған кен орындарынан 16-сы игеріледі, ал қалған 38 – резервте тұр.	Уранның баланстық қорлары бар 56 барланған кен орнынан 16-сы игеріледі, ал қалғаны 40 – резервте тұр.

Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің деректеріне сілтеме берумен ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша, минералды-шикізат кешенін жер қойнауын пайдалануға инвестициялар көлемі (КСШ-ға инвестицияларды есепке алмағанда) 2017ж. 1260,1 млрд.теңге құрады, оның ішінде:

- Геологиялық барлауға– 28,9 млрд. теңге (инвестициялардың жалпы көлемінен 2,3%),
- Өзге инвестициялар– 1231,2млрд. теңге (97,7%).

Жер қойнауын пайдалануға инвестициялар салу бойынша көшбасшы облыстар болып Шығыс Қазақстан облысы– 349,7 млрд. теңге (инвестициялардың жалпы көлемінен 27,8%), Қарағанды облысы – 313,7 млрд. теңге (24,9%), Қостанай облысы– 213,3 млрд. теңге (16,9%), Ақтөбе облысы– 137,6 млрд. теңге (10,9%), және Ақмола облысы– 119,2 млрд. теңге (9,5%) табылады. (22-сурет).


22-сурет. 2017 ж.аймақтар бойынша жер қойнауын пайдалануға инвестициялардың бөлінуі



Дереккөз: Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің деректеріне сілтеме берумен ҚР ҰЭМ Статистика комитеті. www.stat.gov.kz

2017 ж. инвестициялаудың басым бағыттары болып мысты жер қойнауын пайдалану объектілері табылады—317,3 млрд. теңге (инвестициялардың жалпы көлемінен 25,2%), сонымен қатар, ірі инвестициялар пайдалы қазбалардың негізгі түрлеріне бағытталған: полиметаллдарға (қорғасын және мырыш) – 260,9 млрд. теңге (барлық инвестициялардан 20,7%), алтынға –254,7 млрд. теңге (20,2%), темір мен марганецке – 174,5 млрд. теңге (13,8%), хромиттерге – 78,9 млрд. теңге (6,3%) және алюминийге (бокситтерге) – 34,0 млрд. теңге (2,7%) (23-сурет).


23-сурет. 2017ж. пайдалы қазбаларға инвестициялардың бөлінуі, %



Дереккөз: Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің деректеріне сілтеме берумен ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

2017 ж. пайдалы қазбаларды өндіруге жұмсалған шығындар – 896,4 млрд. теңге құрады (инвестициялардың жалпы көлемінен 71,1%), жер қойнауы жағдайының (ластануының) мониторингіне шығындар – 12,4 млрд. теңге (2,3%), әлеуметтік сала мен жергілікті инфрақұрылымға шығындар – 9,2 млрд. теңге (0,7%) құрады және қазақстандық мамандарды оқытуға бөлінген қаражаттар –3,1 млрд. теңге (0,2%). (24-сурет).

24-сурет. 2017 ж. жер қойнауын пайдалануға салынған инвестициялар құрылымы. (шығындар, млрд. теңге)



Дереккөз: Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің деректеріне сілтеме берумен ҚР ҰЭМ Статистика комитеті. www.stat.gov.kz

«Қазгеология» АҚ 3 жылдан аса уақыт бойы Rio-Tinto, Ulmus, Iluka секілді ең ірі тау-кен өндіруші компаниялармен серіктес болып келеді. 2017 ж. «JOGMEC» жапондық корпорациясымен жобаны аяқтады. «Қазгеология» АҚ Жылдық есебіне сәйкес, геологиялық барлау жұмыстары шетел инвесторларымен серіктестікте жүзеге асырылатын 10 инвестициялық жобалар шеңберінде жүргізіледі:

14-кесте. Шетел инвесторларымен серіктестікте жүзеге асырылатын 10 инвестициялық жоба

№	Жоба	Инвестор
1	Қарағанды облысы Қорғانتас учаскесінде мыс-порфир кендерін барлау	«Rio Tinto» (Ұлыбритания)
2	Қарағанды облысының Сарышаған алаңында мыс-порфир кендерін барлау	«Rio Tinto» (Ұлыбритания)
3	Қарағанды облысы Бесшоқы алаңында асыл және түрлі-түсті металдарды барлау	«Ulmus Fund» (Германия)
4	Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Қостанай облыстарының үш учаскелерінде жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу	«Iluka Resources Ltd» (Австралия)
5	Қарағанды облысы Қыземшек учаскесінде жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу	«JOGMEC» (Жапония)
6	Қостанай облысы Шекара учаскесінде жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу	«Полиметалл» АҚ (Ресей)

№	Жоба	Инвестор
7	Қарағанды облысы Ақадыр учаскесінде жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу	«Персиан Гадир» (Иран)
8	Қостанай облысындағы алаңда түрлі түсті металлдарды (бокситтерден басқа) барлау	Жоқ
9	Қарағанды облысы Дүйсембай учаскесінде полиметалл кенді барлау	Жоқ
10	Шығыс-Қазақстан облысы Бақанас алаңы шегінде Майлышат учаскесінде алтын қамтитын кенді барлау	Жоқ

Дереккөз: «Қазгеология» ҰТК» АҚ жылдық есебі

Аталған жобалар шеңберінде іздестіру сатысындағы тартылатын инвестициялар сомасы 16 млрд.теңге құрайды. 2015-2017 жж. 5,8 млрд. теңге инвестициялар тартылды, оның ішінде «Қазгеология» АҚ компаниясы перспективалы жобаларға 445 млн.теңге инвестициялады. 2017ж. инвестициялар көлемі 2016ж. салыстырғанда 1,9 есе өсті.

15-кесте. Тартылатын инвестициялар сомасы

Инвестор	Ел	Жер қойнауы учаскесі	Инвестициялар көлемі, млн. теңге		Өзгеріс, %/есе
			2016 ж.	2017 ж.	
Rio Tinto	Ұлыбритания	Қарағанды облысындағы Қорғантас	414,2	1 028	2,5 есе
		Балқаш-Сарышаған, Қарағанды обл.	597,7	942	57,6
ULMUS FUND	Германия	Қарағанды облысындағы Бесшоқы	283,9	289,9	2,1
ILUKA	Австралия	Солтүстік Қазақстандағы үш учаскеле	240,5	438	82,1
JOGMES	Жапония	Қарағанды облысындағы Қыземшек	16,4	18	9,8
Персен Гадир	Иран	Қарағанды облысындағы Ақадыр		75	
«Полиметаллы» АҚ	Ресей	Қостанай облысындағы Шекара		318	
«Қазгеология» ҰКК» АҚ	Қазақстан	Қостанай облысындағы аумақ	81,9	209	2,6 р
		Қарағанды облысындағы Дүйсембай	154,9	96	-38,0
		ШҚО-дағы Майлышат	15,6	43,7	2,8 есе
Барлығы			1 788	3 459	1,9 есе

Дереккөз: «Қазгеология» ҰКК» АҚ жылдық есебі

Монокалалар Риддер, Зыряновск ауданында алтынды, мыс пен полиметаллды барлау бойынша «Қазцинк» ЖШС-мен бірге бес жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыстар басталды. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС минералды-шикізат базасын кеңейту үшін монокалалар Жезқазған, Сәтпаев, Балқашта Серіктестік мыс қамтитын кендерді барлауды жүргізуге 5 объектіні алу бойынша рәсімдерді бастады.

«Yildizlar SSS» түрік холдингімен Қазақстанда 50 млн.АҚШ доллары сомасына геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге инвестициялар туралы келісім жасады. Сонымен қатар, түрік компаниясы «Yildirim Holding A.S.» хром, алтын қамтитын және платиноидты кендерді барлау бойынша 6 жобаны жүзеге асыруға қызығушылық танытып отыр.

«GHADIR Investments» иран компаниясымен серіктестікте Қарағанды облысындағы Ағадыр учаскесінің алаңдарында 6 жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу бойынша жұмыстар басталды.

«ILUKA Resources» компаниясымен ортақ жоба шеңберінде, 307 ұңғыманы 9 109 кума метр көлемінде «Air core» құрғақ бұрғылаудың австралиялық технологиясын пайдаланумен Қостанай облысында бұрғылау жұмыстарын орындады. Жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша жүргізілген жұмыстардың көлемдері бойынша Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында шашыранды титан-цирконий кендерін барлауға арналған келісімшарттады алу үшін 2 перспективалы алаңдар таңдалды.

Қостанай облысындағы алаңда «Казгеотех» ЖШС 564 қ.км жұмыстар көлемімен ZTEM әдісімен аэроэлектрмагнитті түсіруді жүргізді. Аэрогеофизикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша мыс-алтын кен ашылымдарына перспективалы 6 (алты) аномальды аумақтар орамалы бұрғылауға бөлінді және ұсынылады.

Ресейлік «Полиметалл» АҚ компаниясы алғаш рет Қазақстандағы геологиялық барлау жұмыстарын қаржыландыра бастады. «Қазгеология» АҚ-мен бірге алтын-күміс, мыс-алтын скарнон, алтын-сульфидтік кендердің өнеркәсіптік шоғырын анықтауға перспективалы Қостанай облысы Шекара учаскесінде аэрогеофизикалық зерттеулер орындалды.

Геологиялық барлауға шетел инвесторларын тартумен қатар, «Казгеология» АҚ «юниорлық отандық компаниялар» бастамасын белсенді түрде қолдайды. Осылайша, 2017 жылы «Казгеология» АҚ геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу бойынша стратегиялық серіктес ретінде 6 компаниялармен жұмыс жасауды бастады. Олар бойынша инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 3 млрд.теңге, алаңның ауқымы – 1 100 ш.км құрайды.

Қарағанды облысындағы Дүйсембай учаскесінде қорларды есептеу бойынша пилоттық жоба ретінде халықаралық CRIRSCO стандарттары қолданылатын болады.

ӨНДІРУ

ҚАТТЫ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ


2017 ж. ҚР ҰЭМ Статистика комитеті аймақтардағы ҚПҚ кейбір түрлерін өндіру бойынша деректерді, мысалы, Астана қ. алтынды табу бойынша деректерді, Шығыс Қазақстан облысында күмісті өндіру бойынша деректерді ашпайды. Өндіру туралы көрсеткіш орнына x және ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің түсіндірмесі көрсетілген:» x » - деректер өнімнің осы түрінің облыстағы жалғыз кәсіпорынмен жүргізілетініне байланысты толтырылмаған. Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257 «Мемлекеттік статистика туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес, респондентті тікелей не жанама түрде белгілеуге не ол туралы бастапқы статистикалық деректерді анықтауға мүмкіндік беретін статистикалық ақпарат құпия болып табылмайды және респондент келісімі болған жағдайда ғана таратыла алады⁴⁶.

⁴⁶ www.stat.gov.kz

АЛТЫН

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша, 2017ж.өңделмеген және жартылай өңделген не алтын ұнтағы түрінде алтын өндіру 2016 жылмен салыстырғанда 14,2%-ға ұлғайды және 85 339 кг (85,3 тонна) құрады. Алтын өндірісі үздіксіз өсіп жатыр, 2017ж. 2010 ж.салыстырғанда 2,8 есе өсті.

25-сурет. 2016 -2017 жж.аймақтар қимасында алтын өндірісі



* Өзгелері – Астана қ. және Солтүстік Қазақстан облысы

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті. Авторлардың есептеулері.

Ақмола облысында алтын өндірісі на 3,1%-ға өсті және 26,9 тонна немесе Қазақстан Республикасындағы 2017ж. жалпы көлемнен 31,5% құрады. Шығыс Қазақстан облысында алтынды өндіру 1,5%-ға 22,7 тоннаға дейін төмендеді, жалпы көлемнен 26,6%-ға төмендеді (25-сурет). 2017ж. Қарағанды облысындағы алтынды өндіру

2016 жылмен салыстырғанда 25,7%-ға, 10,3 тоннаға дейін, Қостанай облысында 1,6 есе, 4,5 тоннаға дейін, Жамбыл облысында –12,7%-ға 2,1 тоннаға дейін және Павлодар облысында – 1,8 есе, 0,4 тоннаға дейін төмендеді (6-Қосымша).

2016 ж. алтынды өндірудің басым бөлігі Астана қаласында болды – 12,4 тонна немесе жалпы көлемнен 16,6% құрайды. 2017ж. Астана қ. алтынды өндіру бойынша деректерді ҚР ҰЭМ Статистика комитеті ашылмады.

«Тау-Кен Самұрық» ҰКК» АҚ деректері бойынша Қазақстанда өңделмеген алтынды өндірудің жалпы көлемі 85 029 кг құрады, бұл 2016 жылдың балама кезеңінен 13,8% -ға көп. Статистика комитетінің деректері бойынша, өңделмеген алтынды өндіру көлемі 85 339 кг құрады (әрі қарай қараңыз) –310 кг айырмашылық.

«Тау-Кен Самұрық» ҰКК» АҚ деректері бойынша, 2017ж. Қазақстан аумағында «Полиметалл», «Қазақалтын», «Алтынтау», «Қазақмыс», «Алтыналмас» және басқа компаниялар 19,7 млн.тонна алтын қамтитын кенді өндірді.

Қазақстанда өндірілген барлық алтынды, қазіргі кезде мемлекет сатып алып, елдің алтын валюталы қорларын тазартылған алтын кесектерімен толтырып жатыр. 2017ж. «Тау-Кен Самұрық» ҰКК» АҚ деректері бойынша, Астана қаласындағы азарту зауытында тазартылған алтынды өндіру көлемі 579 мың унция (18 тонна) құрады, оның ішінде 113 мың унцияны (3,5 тоннаны) беру негізінде (толлинг) алынған шикізаттан қайта өңделді. 2017ж. тазартылған алтынды өндіру жоспары жоспарға 120% -бен орындалды. 2017 жылдағы металлургиялық кремнийді өндіру жоспары 66%-ға орындалды.

«Altyntau Kokshetau» АҚ

«Қазцинк» ЖШС еншілес компаниясы, «Altyntau Kokshetau» АҚ алтын қамтитын кенді өндіруден бастап катодтық алтынды (Доре қорытпасы) шығаруға дейін алтын өндірісін қамтамасыз етеді⁴⁷. Компания «Васильковское» кен орнын игеруді жүргізуде.

2016 ж.5 қыркүйегінен бастап өткізудің негізгі өнімі тазартылған алтын, ал негізгі сатып алушысы ҚР Ұлттық банкі болды. Тазартылған алтынды өткізу ҚР Ұлттық банкінің жеңілдіктерін алып тастай отырып Лондон Асыл металлар биржасында белгіленген бағалар бойынша жүргізіледі.

«Altyntau Kokshetau» АҚ жылдық есебінің деректері бойынша, 2017 ж. 13228,06 кг тазартылған алтын өткізілді. 2017ж. соңында Лондон Асыл металлар биржасында алтын бағасы троя унциясы үшін 1296,5 АҚШ долл.құрады, Glencore болжамы бойынша болжамды баға 2018ж. соңында троя унциясы үшін 1315 АҚШ долл.құрайды.

«Қазақалтын ТМК» АҚ

2017 ж. Ақмола облысындағы тау-кен өндіруші саланың ең ірі кәсіпорны «Қазақалтын ТКК» АҚ өзінің 85-жылдық мерейтойын өткізді. Кәсіпорында жер асты және ашық әдістермен алтын қамитын кенді өндіру бойынша 3 жұмыс алаңдары табысты түрде жұмыс жасайды – кеніштер: «Ақсу», «Жолымбет» және «Бестөбе». «Қазақалтын ТМК» АҚ негізгі қызметі - геологиялық барлау жұмыстары, кен шикізатын қайта өңдеу және асыл металларды көтерме өткізу.

«Қазақалтын ТКК» АҚ жылдық есеп деректері бойынша, 2017ж. компанияның табысы қалдықтағы алтынды (46 %), флотоконцентратты (19 %) және кварц кенін (24 %) сату есебінен құралды. 2016ж. қалдықта өндірілген алтынның негізгі көлемі

⁴⁷https://kase.kz/files/emitters/АТКТ/atktp_2017_rus.pdf

«Тау-Кен Алтын» ЖШС тазарту зауытына (93%) және «Красцветмет» ААҚ-ға (7%) өткізілді. 2017 ж. басынан бері қалдықтағы өндірілген алтынның бүкіл көлемі «Тау-Кен Алтын» ЖШС тазарту зауытына өткізіледі.

Әлемдік нарықтардағы алтынға орташа мөлшерлі бағаның 2017 жылы 15%-ға өсуі компанияның табысының өсуіне септігін тигізеді. 2017ж. «Ақсу» және «Жолымбет» кеніштерінде жаңа алтын табатын фабрикаларды іске қосу жүзеге асырылды.

«Алтыналмас» АҚ» АҚ

«Алтыналмас» АҚ» АҚ негізгі қызметі болып геологиялық барлау жұмыстары, асыл металл мен басқа пайдалы қазбаларды өндіру, оларды қайта өңдеу, кенді емес материалдарды өндіру, асыл металлдарды өндіру табылады. Компанияның келесі жерлерде географиялық шоғырланған жер қойнауын пайдалану құқығы бар:

- Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ақбақай кен даласында («Ақбақай» жобасы);
- Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы Северное Прибалхашье («Пустынное» жобасы).

«Алтыналмас» АҚ» АҚ түпкілікті өнімі болып Доре қорытпасындағы алтын табылады, ол әрі қарай Астана қ. «Тау-Кен Алтын» ЖШС-ға («Тау-Кен Самұрық» ТҚК бөлімшесі) тазарту зауытына тазарту үшін жібереді, аталмыш зауыт тазартуды және елдәі алтын валюта резервтерін толтыру үшін ҚР Ұлттық банкіне өткізу немесе алтынды тұтынудың ішкі/дүниежүзілік нарықтарға жібереді.

2017 ж. қызметтің басты нәтижелері:

- Алтынды өндіру 2016 жылмен салыстырғанда 10% -ға өсті және 3894 кг (120 мың унциядан асады) құрады;
- «Цифрлы кеніш» жобасы бойынша ресми старт берілді;
- ISO 9001:2015, ISO 14001: 2015, OHSAS 18001-2007 халықаралық сапа стандарттарына негізделетін біріктірілген менеджмент жүйесін енгізу.

Ұлттық банк

2016ж. 14 қаңтардағы №444-V «Асыл металлдар мен асыл тастар туралы» Заңына сәйкес, Ұлттық банк отандық өндірішүлерден тікелей тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің пұрсатты құқығын алған. Пұрсатты құқықты жүзеге асыру тәртібі ҚР Ұлттық банкінің Басқармасының Қаулысымен анықталады⁴⁸. Мемлекеттің пұрсатты құқығы күшіне енген сәттен бастап (2011ж.соңы⁴⁹) ішкі кесек түріндегі алтынды тұрақты толтыру жүзеге асады. Жақын жылдары ҚР Ұлттық банкі Қазақстанда шығарылатын барлық тазартылған алтынды сатып алуды жоспарлап отыр. Отандық тазарту зауыттарының алтын кесектері асыл металлдардың мемлекеттік және халықаралық стандарттарына сәйкес келеді.


⁴⁸ «Бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін аффинирленген алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 61 Қаулысы <http://nationalbank.kz/?&switch=kazakh>

⁴⁹ ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін толықтыру үшін құймалар түріндегі тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру ережесін бекіту туралы» 2011 жылғы 30 қыркүйектегі №121 қаулысы және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының "Бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 24 тамыздағы № 241 қаулысы (күштерін жойған).

Күміс

2017 ж. тазартылған күміс өндірісі 2016ж. салыстырғанда 11,9-ға қысқарды және 1041,8 тонна құрады, 2010ж. салыстырғанда 1,9 есе өсті (26-сурет). Қарағанды облысында 6%-ға 359,3 тоннаға дейін өсті (6-Қосымша). Шығыс Қазақстан облысында күмісті өндіру бойынша деректерді ҚР ҰЭМ Статистика комитеті аспаған.

26-сурет 2010-2017 жж. алтын мен күмісті өндіру



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

«KAZZINC» ЖШС

«KAZZINC» ЖШС өнім түрлері бойынша өндіріс көлемі оның сайтында берілген.⁵⁰ 2017 ж.өзінің кен базасынан алтынды өндіру 585'483 унция (біздің есебіміз бойынша, 16596,3 кг) құрады, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 12,3%-ға көп, өзінің кен базасынан күмісті өндіру – 4'978'136 унция (біздің есебіміз бойынша, 167,6 тонна), бұл 2016 жылдан 18,8% -ға көп. Тазартылған қорғасынды өндіру 151,5 мың тонна құрады, бұл 2016ж. 1,9%-ға көп, металл мырыш – 317,0 мың тонна (3,8%-ға) және мыс– 62,7 мың тонна, 2016 жылдан 8,0% -ға азырақ.

Өңделмеген алюминий; алюминий оксиді, тонна	1 745 801	1 771 697	1,5
Алматы	-	783	
Қарағанды	21	16	-23,8
Оңтүстік Қазақстан	1 165	2 806	140,9
Павлодар	1 740 181	1 764 029	1,4
Алматы қ.	4 434	4 063	-8,4

Мыс

2007-2017 жылдары 25-тен 53-ке дейін кен орны іске пайдалануда болды. Оның ішінде осы кезеңде 5537 мың тонна мыс өндірілді. Мысты жылдық өндіру 472 мың тонна мен 755 мың тонна арасында болды.

2017 ж. тазартылған өңделмеген мысты өндіру 2016 жылмен салыстырғанда 4,3%-ға өсті және 426,2 мың тонна құрады, оның ішінде Қарағанды облысында – 335,6 мың тоннан (немесе жалпы көлемнен 78,7%) және Шығыс Қазақстан облысында– 81,1 мың тонна (немесе жалпы көлемнен 19%).

⁵⁰<http://kazzinc.com/kz/Өндіріс>

«KAZ Minerals»

«KAZ Minerals PLC» 2014ж. «Kazakhmys PLC»-ді қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды. «KAZMinerals» Қазақстандағы ең ірі мыс өндірушісі болып саналады, оның акциялары Лондон, Гонконг және Қазақстан қор биржаларында кесімделеді.

2017 ж. компанияның өндірістік қызметі Павлодар облысы мен Қазақстанның Шығыс аймағында орналасқан «Бозшакөл» және «Ақтоғай» ашық типті кеніштерінде, Шығыс Қазақстандағы үш жер асты кеніштерінде, Қырғызстандағы «Бозымчак» алтын-мыс кенішінде жүргізілді. 2011 ж. бергі кезеңде компания «Бозшакөл» және «Ақтоғай» жобаларын игеруге шамамен 4 млрд. долл.инвестиция жасады.

«KAZMinerals» жылдық есебінің деректері бойынша, 2017 ж.компания 258,5 мың тонна өндірді, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 1,8 есе көп (16-кесте).

16-кесте. 2016-2017жж. «KAZMinerals» өндірістік қызметі

Атауы	2017	2016
Мыс өндірісі, мың тонна	258.5	143.5
Бозшакөл	101.3	48.0
Ақтоғай	90.2	18.1
Шығыс аймақ және Бозымчак	67.0	77.4
Концентратты мырыш, мың тонна	57.6	75.4
Алтын өндірісі (мың унция)	178.7	127.7
Күміс өндірісі (мың унция)	3,506	3,284

Дереккөз: KAZMinerals жылдық есебі

2017 ж. «KAZ Minerals» Қазақстаннан шамамен 112 мың тонна катодтық мыс пен 144 мың тонна мыс концентратын экспорттады. «KAZ Minerals» өткізуден түскен табыстары 1663 млн. долл.құрады, Қазақстан бюджетіне төленген салықтар мен аударымдардың сомасы–365 млн.долл., оның ішінде ҚПҚӨС–183 млн.долл., КТС – 182 млн.долл.

Полиметаллдар

17-кесте. Мыс пен полиметаллдар өндірісі

Атауы	Көлемі		2017 ж. %-бен 2016 ж.
	2016 ж.	2017 ж.	
Мыс, тазартылған өңделмеген, қоспаланбаған, тонна	408 435	426 191	4,3
Қарағанды	314 730	335 622	6,6
Павлодар	1 323	X	
Шығыс-Қазақстан	79 651	81 135	1,9
Алматы қ.	12 731	X	
Өңделмеген қорғасын, тонна	134 192	149 129	11,1
Қарағанды	179	107	-40,2
Оңтүстік Қазақстан	-	1 738	
Шығыс Қазақстан	134 013	X	
Өңделмеген мырыш, тонна	325 820	331 018	1,6
Қарағанды	85	59	-30,6
Шығыс Қазақстан	325 735	330 959	1,6

«Polymetal International PLC» – асыл металлдарды өндіру бойынша көшбасшылардың бірі. Компанияның Ресейде, Қазақстанда және Арменияда активтері бар, ал олардың акциялары Лондон қор биржасында кесімделеді. «Полиметалл» алтын мен күмістің 8 қолданыстағы кен орындарына иелік етеді.

2009 ж. «Polymetal» компаниясы Қазақстанда Варваринское (Қостанай облысы) кен орнын сатып алды.

2017 ж. шамамен 2 млн. тонна кен «Комаровское» кен орнынан өндірілді және темір жолмен «Варваринское» кен орнына тасымалданды. Нәтижесінде, «Варваринское» кен орнында алтын эквивалентінде 130 мың унция жүргізілді, бұл алтын эквивалентінде 85 мың унция шығарылған 2016 жылдан 54% -ға көп⁵¹.

«Бакырчик» және «Большевик» кен орындарын қамтитын «Қызыл» жобасы 2014 жылы сатып алынды. «Қызыл» игеру сатысындағы алтын табушы жобалардың дүние жүзіндегі ең үздіктерінің бірі болып табылады. Жоба кестеге сәйкес жүзеге асырылады, оған сәйкес бірінші концентраты өндіру 2018 жылдың 3-тоқсанына жоспарланған.


2017 ж. өңделмеген мырыштың 149,1 мың тоннасын өндірді, бұл 2016 жылдан 11,1%-ға жоғары. ҚР ЭМ Статистика комитеті Шығыс Қазақстан облысы – өңделмеген мырыштың негізгі өндірушісі бойынша деректерді ашады (17-кесте). Шығыс Қазақстан облысы да өңделмеген мырыштың көлемінің 100% -ын өндіруші болып табылады – 331,0 мың тонна, 2016 жылмен салыстырғанда 1,6%-ға өсім орын алды (17-кесте және 6-Қосымша).

Темір кен

2017 ж. 18,0 млн. тонна темір кендері өндірілді, бұл 2016ж. салыстырғанда 10,1%-ға көп. Өндірілген темір кендерінің жалпы көлемінен 68,5% Қостанай облысына және 30,2% – Қарағанды облысына келеді (27-сурет). Темір кендерін өндіру Ақтөбе облысында (2017ж. деректер ҚР ҰЭМ Статистика комитеті аспаған) басым, Ақмола облысында (2015-2017жж. деректер жок), 2017ж. Оңтүстік Қазақстан облысында өте шағын көлем– темір кендерінің 33,2 мың тоннасы келеді (6-Қосымша).

⁵¹ https://www.polymetalinternational.com/upload/iblock/12d/Polymetal_annual_report_2017_interactive_rus.pdf

27-сурет. 2010-2017 жж.аймақтар қимасында темір кендерінің өндірісі*, млн. тонна



* Өзгелері: Ақмола, Ақтөбе және Оңтүстік Қазақстан облыстары
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Марганец кендері

2007-2017 жылдар аралығындағы кезеңде 28,3 млн. тонна марганец кендері өндірілді.

2017 ж. марганец кендерін өндіру 2016 жылмен салыстырғанда 8,8%-ға қысқарды және 1,5 млн. тонна құрады. Соңғы 7 жыл ішінде марганец кендерін өндірудің төмендеуі байқалуда. 2017ж. марганец кендерін өндіру 2010 жылмен салыстырғанда 2,1 есе қысқарды (28-сурет). Қарағанды облысында Қазақстан Республикасындағы марганец кенін өндіру көлемінің 99,6%-ы келеді (6-Қосымша). Шығыс Қазақстан облысында марганец кенін өндіру бойынша деректерді ҚР ҰЭМ Статистика комитеті ашпаған.


Бокситтер

Алюминий кендерін (бокситтерді) өндіру Қостанай облысында жүзеге асырылады және 2017ж. өндіру көлемі 2016ж. салыстырғанда 0,9%-ға өсті және 4,7 млн. тонна құрады (6-Қосымша). 2014-2015жж. алюминий кендерін өндірудің біршама баяулауы байқалды (28-сурет).

Хром кені

Хром кенін өндіру Ақтөбе облысында жүзеге асырылады және 2017ж. өндіру көлемі 2016ж. салыстырғанда 13,9%-ға өсті және 6,3 млн. тонна құрады, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 24% -ға көп (28-сурет).

28-сурет. Марганец, алюминий және хром кендерін 2010-2017ж. өндіру.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті.

2017 жылы 338,5 мың тонна мырыш және 69,6 мың тонна қорғасын өндірілді.


УРАН ӨНДІРІСІ

ҚР Энергетика министрлігінің деректері бойынша, 2017 ж. уранды өндіру көлемі 23 390 тонна құрады, бұл 2016 жылдан 5,3%-ға азырақ (біздің есептеулеріміз бойынша, 2016ж. 4,2%-ға азырақ). ҰЭМ Статистика комитеті уранды өндіру бойынша деректерді ашпайды. «Казатомпром» ҰАК» АҚ сайтында 2017 жылдағы уранды өндіру бойынша деректер әзірге жарияланбаған.

2017 ж. қаңтар айында Қазақстан уранды өндіру көлемін на 10%-ға қысқарту туралы мәлімдеді, бұл – жоспарлы өндірістен 2000 тоннадан көп уран мөлшері.⁵² 2017ж. 4 желтоқсанда «Казатомпром» ҰАК» АҚ өндіру көлемін сұранысқа сәйкес келтіру мақсатында, Компанияның кәсіпорындарын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес жоспарланған уран өндірісін 20%-ға қысқарту ниетін жариялады.

Соңғы жылдары әлемдік нарықтағы тұрақсыздық салдарынан уран бағасы, уранға сұраныс төмендеп жатыр. Осылайша, 2015ж.наурыз айынан бастап 2016 ж. қарашасына дейін уранның орташа айлық спорттық бағасы 2,2 есе, 39,45 долл./фунттан 18,0 долл./фунтқа дейін қысқарды (29-сурет).

29-сурет. 2014-2017 жж. уранға орташа айлық бағалар (спот,долл./фунт)



<https://www.cameco.com/>

⁵² <http://www.kazatomprom.kz/ru/history/2017>

ЭКСПОРТ

Өндіруші салалардың өнімі қай елдерге жеткізілкенді?

ҚАТТЫ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ЭКСПОРТЫ

Алтын Шығыс Қазақстан облысынан жеткізілетін Ұлыбританияға экспорттың төмендеуінен *Алтын* экспорты 10,1 есеге, 2016ж. 128,2 кг-нан 2017ж. 12,6 кг алтынға дейін қысқарды. Алтын экспортының күрт қысқаруына Қазақстан Республикасы аумағынан өңделмеген асыл металдар, сынықтар мен асыл металл қалдықтарын шығаруға тыйым салу әсер етті.⁵³

2017ж. *күміс* экспорт Ұлыбританияға жеткізудің қысқару салдарынан 2016ж. салыстырғанда 11,4%-ға қысқарды және 1036,6 тонна құрады: Шығыс Қазақстан облысынан экспорт 16,6%-ға, 686,5 тоннаға дейін және Қарағанды облысынан-2,1 есе, 168,3 тоннаға дейін қысқарды. Сонымен қатар, 2017ж. Қарағанды облысынан Германияға 167,3 тонна күміс экспортталды және 14,6 тонна АҚШ-қа экспортталды (6-Қосымша).

Алтын және күміс экспорты

Тауардың, негізгі жеткізілу елдерінің атауы	Өлш. бірл.	2017 ж.		2016 ж.		2017ж. 2016ж.-ға қатынаста, %	
		көлемі	млн. АҚШ долл.	көлем	млн. АҚШ долл.	Көлемі бойынша	Құны бойынша
Алтын	кг	12,6	2,9	128,2	22,0	-10,1 есе	-7,6 есе
Біріккен Корольдік		12,6	2,9	128,2	22,0	10,1 есе	-7,6 есе
Күміс	тонна	1 036,6	538,1	1 169,8	584,5	-11,4	-7,9
Біріккен Корольдік		854,7	439,3	1 169,8	584,5	-26,9	-24,9
Германия		167,3	91,0	-	-	-	-
АҚШ		14,6	7,9	-	-	-	-

2017 ж. *марганец темір және хром кендерінің экспорты* нақты да, құндық көлемде де айтарлықтай өсті. Негізгі импорттаушылар болып Ресей және Қытай қалуда. Бұл ретте темір кендерінің экспортының жалпы көлемінен 86,0% , марганец кендерінің жалпы көлемінен 87% және хром кендерінің жалпы көлемінен 81% Ресейге келеді. 2017 ж. хром кендері Швецияға да экспортталды. Хром кендерінің экспорты Ақтөбе облысынан жүзеге асырылады, осы облыста хром кендерін өндіру жүргізіледі. Негізгі бөлік, темір кендерінің жалпы көлемінен 81% Қостанай облысынан экспортталған. Қарағанды облысынан экспортқа темір және марганец кендері жіберілді (6-Қосымша).

Темір, марганец және хром кендерінің экспорты

Тауардың, негізгі жеткізілу елдерінің атауы	Өлш. бірл.	2017 ж.		2016 ж.		2017ж. 2016ж.-ға қатынаста, %	
		көлемі	млн. АҚШ долл.	көлемі	млн. АҚШ долл.	Көлемі бойынша	Құны бойынша
Темір кендері	мың тонна	9459,8	512,1	8373,8	389,4	13,0	31,5
Ресей		8131,8	462,7	7110,0	347,9	14,4	32,7
Қытай		1 309,0	49,4	1 256,1	41,2	4,2	19,8
Марганец кендері	мың тонна	446,1	48,9	282,9	23,6	57,7	2,1 есе
Ресей		388,3	40,1	240,9	17,8	61,2	2,3 есе
Қытай		57,8	8,8	42,0	5,8	37,8	51,9

⁵³Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 тамыздағы № 867 «Қазақстан Республикасының аумағынан өңделмеген бағалы металдарды, бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын әкетуге тыйым салуды енгізу туралы» бұйрығы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500011965/history>

Тауардың, негізгі жеткізілу елдерінің атауы	Өлш. бірл.	2017 ж.		2016 ж.		2017ж. 2016ж.-ға қатынаста, %	
		көлемі	млн. АҚШ долл.	көлемі	млн. АҚШ долл.	Көлемі бойынша	Құны бойынша
Хром кендері	мың тонна	963,7	201,1	781,8	116,4	23,3	72,8
Ресей		781,7	144,7	740,6	105,3	5,5	37,4
Қытай		123,1	37,8	41,2	11,1	3,0 есе	3,4 есе
Швеция		58,9	18,6				

Мемлекеттер бойынша өңделмеген алюминий экспорты

Өңделмеген алюминий	Мың тонна	234,3	473,2	213,8	345,3	9,5	37,0
Ресей		53,7	104,2	55,3	86,1	-2,5	21,0
Өзбекстан		21,3	41,7	21,8	33,3	-2,2	24,9
Болгария		18,3	37,7	2,7	3,9	6,8 есе	9,7 есе
Греция		59,4	117,6	49,4	81,6	20,2	44,1
Италия		24,1	48,1	32,3	51,0	-25,5	-5,7
АҚШ				16,6	24,9		
Түркия		45,1	90,2	24,5	39,9	83,5	126,4

Қытай *тазартылған мыстың, өңделмеген қорғасын және мырыштың* негізгі импорттаушысы болады. Мыс және мырыштың Түркияға жеткізілім көлемі, мырыш және қорғасынның Вьетнамға жеткізілімі өскен. Осы елдер бойынша экспорттың бағалық көлемінің өсу қарқыны экспорттың нақты көлемінің өсу қарқынынан басып озуда (төменде қараңыз). «Kazzinc» кәсіпорны орналасқан Шығыс Қазақстан облысы мырыш, қорғасын және тазартылған мыстың негізгі экспорттаушысы болып қалады. Мысты Қарағанды облысы да экспорттайды (б-қосымша).

Мыс, қорғасын және мырыш экспорты

Тауардың, негізгі жеткізілу елдерінің атауы	Өлш. бірл.	2017 ж.		2016 ж.		2017ж. 2016ж.-ға қатынаста, %	
		көлемі	млн. АҚШ долл.	көлемі	млн. АҚШ долл.	Көлемі бойынша	Құны бойынша
Тазартылған мыс	мың тонна	406,6	2 341,9	402,2	1 825,9	1,1	28,3
Біріккен Корольдік		47,2	279,1	48,6	229,4	-2,9	21,7
Қытай		192,8	1 095,9	190,3	854,3	1,3	28,3
БАӘ		92,5	537,4	56,7	262,8	63,0	2,1 есе
Түркия		68,8	401,3	59,3	269,0	16,0	49,2
Өзгелері		5,3	28,2	47,3	210,4	- 8,9 есе	-7,5 есе
Өңделм.қорғасын	мың тонна	125,6	251,0	122,2	216,9	2,8	15,7
Вьетнам		62,0	127,0	49,5	91,5	25,3	38,8
Испания		31,3	54,1	44,4	75,9	-29,6	-28,7
Қытай		21,9	47,0	12,3	21,4	77,4	2,2 есе
Өзгелері		8,0	17,9	2,7	4,9	3,0 есе	3,6 есе
Өңделмеген мырыш	мың тонна	299,6	834,8	287,7	551,7	4,1	51,3
Украина		21,3	41,7	21,8	33,3	-2,2	24,9
Ресей		13,8	42,6	23,4	53,7	-41,0	-20,7
Вьетнам		47,5	127,7	23,9	46,7	2,0 есе	2,7 есе
Қытай		115,5	325,5	96,4	180,1	19,9	80,7
Нидерланды		18,7	49,4	43,3	77,0	-56,9	-35,9
Түркия		88,1	244,3	87,6	167,2	0,6	46,1

УРАН ЭКСПОРТЫ

Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері бойынша, 2017ж. уран экспорты нақты да 4,1%-ға), құндық та (22,2%-ға) көлемде қысқарды және 28,1 мың тонна құрады. Қытайға уран экспорты нақты көлемде 45,0%-ға және құндық көлемде 15%-ға өсті. Қытайдың қазақстандық уран экспортындағы үлесі 2016ж. 45,1%-дан 2017ж. 68,3%-ға дейін өсті.

Барлық қалған импорттаушы мемлекеттер бойынша теріс тренд байқалуда. Уран Қытайға, Ресейге, Францияға, Үндістанға, Канадаға, АҚШ, Украинаға экспортталды. (6-Қосымша).

Уран экспорты

Тауардың негізгі жеткізілу елдерінің атауы	Өлш. бірл.	2017 ж.		2016 ж.		2017ж. 2016ж.-ға қатынаста, %	
		көлемі	млн. АҚШ долл.	көлемі	млн. АҚШ долл.	Көлемі бойынша	Құны бойынша
Табиғи уран, өңделген	мың тонна	28,1	1340,1	29,3	1721,1	-4,1	-22,2
Ресей		3,3	149,5	4,1	245,0	-19,5	-39,0
Украина		0,2	11,6	0,2	9,4	-6,6	23,0
Үндістан		1,7	78,3	3,0	195,3	-40,8	-59,9
Канада		1,5	59,5	2,7	115,6	-42,1	-48,5
Қытай		19,2	946,5	13,2	823,3	45,0	15,0
АҚШ		1,2	51,8	1,9	128,8	-35,9	-59,8
Франция		0,9	42,9	4,2	203,7	-79,2	-78,9

Дереккөз: Мемлекеттік кірістер комитеті

3.3 Өндіруші салалар құралатын үкімет табыстары

3.3.1. Салықтар мен басқа төлемдер (4.1)

Ұлттық Қор келешек ұрпақтарға сақтау үшін, екінші жағынан – мұнай бағасы төмендеген жағдайда, мемлекеттік табыстардың, бірінші кезекте әлеуметтік табыстардың қажетті деңгейін ұстап тұру үшін оңтайлы баға конъюнктурасында жэономиканың өндіруші секторы қалыптастыратын табыстардың бөлігін жинақтайды.⁵⁴

ҚР ҚМ және ҚР ЭМ жыл сайын бекітетін тізіммен анықталған мұнай газ секторы компанияларынан түсетін салықтар ҚР Ұлттық қорына заң белгілеген салықтар және төлемдер бойынша жіберіледі. Ерекшелікті құрайтын-республикалық бюджетке жіберілетін шикі мұнайға экспорттық кедендік баж (ЭКБ). Тау-кен секторы компанияларынан секілді басқа салықтар мен төлемдер республикалық және жергілікті бюджеттерге түседі және басқа экономика секторларынан алынатын салықтардан бөлінбейді.

2017 ж., ҚР ҚМ Статистикалық бюллетень деректері бойынша, шикі мұнайға ЭКП сомасы 2016 жылмен салыстырғанда 33,7%-ға ұлғайды және 854,5 млрд. теңге құрады.

2016 ж. желтоқсан айында ОПЕК елдерінің және ОПЕК-ке кірмейтін 11 мемлекеттің (Қазақстан, Ресей Федерациясы, Әзірбайжан, Бахрейн, Боливия, Экваториалық гвинея, Малайзия, Мексика, Оман, Судан және Оңтүстік Судан) мәжілісі өтті. Нәтижесінде мемлекеттер мұнайды өндірудің жиынтықты көлемін тәулігіне 1,8 млн.


⁵⁴ Махмутова М. (2008) Управление нефтяными доходами: Концепция Национального фонда. Алматы, ФСК.

баррельге төмендету есебінен мұнайдың әлемдік нарығындағы тепе-теңдікті қалпына келтіру үдерісін тездетуге мәмілеге келді. Бұл мәміле 2017ж. 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Бұл мәміле ұзарту мүмкіндігімен 2017ж. бірінші жарты жылдығына жасалған болатын. 2017 жылдың мамыр айында оның әрекет ету мерзімі 9 айға -2018 жылдың наурыз айының соңына дейін ұзартылды.⁵⁵

2017ж. мұнайды өндіруді қысқарту туралы ОПЕК+ келісімі шеңберіндегі мәміле мұнай нарығындағы ұсынысты теңдестіруге және мұнай бағасын көтеруге мүмкіндік берді. Нәтижесінде, ЕІА деректері бойынша, шикізаттың әлемдік нарықтарында 2017ж. Brent мұнайы үшін орта баға бір баррель үшін 54,25 долл. құрады (2016 ж. – баррель үшін 43,64 долл.).

2017 ж. Ұлттық қорға түсімдер 2016ж. салыстырғанда 3,5 есе, 3 479,8млрд. теңгеге дейін ұлғайды. (18-кесте). Корпоративтік табыс салығының (КТС) 1,8 есе, пайдалы қазбаларды өндіру салығының (ПҚӨС) 2,2 есе, үстеме табыс салығының (ҮТС) 42,3%-ға және экспортқа рента салығының 2,1 есе өсімінің нәтижесінде, 2017 ж. мұнай секторы ұйымдарынан тікелей салықтар (жергілікті бюджетке есептелетін салықтарды қоспағанда) 2016 жылмен салыстырғанда 1,8 есе, 2001,1 млрд.теңгеге дейін өсті. Бонустар 3,7%-ға қысқарды.

30-сурет. 2016-2017жж. Ұлттық қорға түсетін мұнай-газ секторынан тікелей салықтар (жергілікті бюджетке есептелетін салықтарды қоспағанда)



Дереккөз: 2016-2017жж. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының түсімдері және пайдалану туралы есебі <http://www.minfin.gov.kz/>.

2017 ж. мемлекеттік бюджеттің табыстары 2016ж. салыстырғанда 24,3%-ға өсті (ІЖӨ-ге 22,4%), Ұлттық қордан трансферттердің елеулі түсімі есебінен, өсім 54,6% (ІЖӨ-ге 8,6%) құрады⁵⁶.

2017 ж. Ұлттық қордан республикалық бюджетке 4 трлн. 414 млрд. теңге (немесе доллар берілісте 13,5 млрд. долл., орташа жылдық бағам бір доллар үшін 326 теңге болғанда) көлемінде трансферттер түсті. Оның ішінде 2 трлн. 92 млрд. теңге (немесе доллар берілісте 6,4 млрд. долл.) банк секторын сауықтыру үшін «Проблемалық несиелер қоры» АҚ-ға жіберілді⁵⁷.

Атап өтетін жайт, Банк секторын сауықтыру үшін Ұлттық қордан мақсатты трансфертті бөлу туралы ҚР Президентінің нұсқауында 2 трлн. 92,9 млрд. теңге

⁵⁵<http://energo.gov.kz/>

⁵⁶ Махмутова М, Қазақстан: Макроэкономический обзор за 2017 г. PublicPolicyResearchCenter.

⁵⁷ Сол жерде.

емес, 1 трлн. 92,9 млрд. теңге⁵⁸ (немесе доллар берілісінде 3,35 млрд. долл. теңге мөлшерде қаражат қарастырылған.

18-кестеде 2016-2017ж. Ұлттық қор түсімдері мен қаражатты пайдалану туралы есеп пен өзгерістер келтірілген.

18-кесте. 2016-2017жж. Ұлттық қор түсімдері мен пайдалану туралы есеп.

Атауы	Сома млн. теңге		2017 ж. 2016 жылға қатынаста, %
	2016 ж.	2017 ж.	
Есептік кезең басындағы Ұлттық қордың қаражаты (кассалық орындау), барлығы:	25 754 359,1	23 865 623,8	-7,3
Түсімдер:	985 647,5	3 479 812,5	3,5 р
Мұнай секторы ұйымдарынан тікелей салықтар (жергілікті бюджетке есептелетін салықтарды қоспағанда)	1 130 056,8	2 001 136,0	1,8 р
Мұнай секторы ұйымдары жүзегет асыратын операциялардан басқа түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелетін түсімдерді қоспағанда)	7 867,8	32 369,0	4,1 р
Республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру мен өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	0,0	7 427,3	-
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	835,0	444,2	-46,8
Қорды басқарудан түсетін инвестициялық табыстар	-155 070,6*)	1 429 000,2**)	
республикалық бюджеттен кепілдік трансфертті қайтару	0,0	0,0	
республикалық бюджеттен мақсатты трансфертті қайтару	420,8	9 435,8	22,4 есе
Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған басқа түсімдер мен табыстар	1 537,8	0,0	-
Пайдалану, барлығы:	2 874 382,8	4 420 911,5	53,8
Оның ішінде:	0,0	0,0	
- кепілдікті трансферттер	2 110 000,0	2 880 000,0	36,5
- мақсатты трансферттер	745 574,1	1 534 317,4	2,1 р
- Қорды басқарумен және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізумен байланысты шығындарды жабу	18 808,7	6 594,1	-2,9 есе
Есептік кезең соңындағы Қор қаражаты, барлығы:	23 865 623,8	22 924 524,8	-3,9

*) 2016ж. инвестициялық шығынды ескере отырып, Ұлттық қорды сенімгерлік басқару бойынша 2016ж. ҚРҰБ бекітілген есебіне сәйкес

***) 2017ж. инвестициялық табысты ескере отырып, Ұлттық қорды сенімгерлік басқару бойынша 2017ж. ҚРҰБ бекітілген есебіне сәйкес.

Дереккөз: 2018ж. 1 қаңтарындағы ҚР Статистикалық бюллетені. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2016-2017жж. түсімдері мен пайдалану туралы есеп. <http://www.minfin.gov.kz/>.

Өндіруші салалардың абсолютті бірліктерде және үкіметтің шоғырландырылған табыстарынан % түрінде құрылатын үкіметтің жиынтықты табыстарын қарастырайық (19-кесте). 2017 ж. мемлекеттік бюджеттің жиынтықты табыстары 7 634 млрд. теңге құрады, Ұлттық қорға түсімдер, оның жылдық есебіне сәйкес, мемлекеттік бюджет табыстарының 23,1% -ын құрады.

⁵⁸ «2017 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан мақсатты трансфертті бөлу туралы» ҚР Президентінің 14.02.2017ж. №421 Нұсқауы.

Негізінен ҚР Ұлттық қорында мұнай-газ секторынан тікелей салықтар жиынтықталады – ол мемлекеттік бюджеттің барлық табыстарының 52,4%-ын құрайды. Ұлттық қор Өнімді бөлу туралы келісімдер бойынша Қазақстан Республикасының үлесін толықтай жинақтайды – 99,3%, толықтай дерлік – экспортқа рента салығы(98,2%), бонустар (46,8%), мұнай секторы ұйымдарының залалдың орнын өтеу туралы арыз талаптар бойынша табиғатты пайдаланушылардан түскен түсімдер (91,0%), үстеме табыс салығы (86,6%), пайдалы қазбаларды өндіру салығының басым бөлігі (70,7%).

19-кесте. 2017ж. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсімдер, олардың мемлекеттік бюджет табысындағы үлесі

Төлемдер түрлері	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсімдер (мың теңге)	Мемл.бюджет табыстары * (мың теңге)	Үкіметтің жалпы табыстарынан Ұлттық қор түсімдерінің үлесі, %-бен
Түсімдер	3 479 812 466	11 567 961 000	23,1
Оның ішінде: Мұнай секторы ұйымдарынан тікелей салықтар (жергілікті бюджетке есептелетін салықтарды қоспағанда)	2001135951	1 816 727 000	52,4
Оның ішінде: Корпоративтік табыс салығы	782 798 272	1 538 785 000	33,7
Үстеме пайда салығы	50 603 683	6 507 000	86,6
бонустар	5 083 596	5 784 000	46,8
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	626 349 595	259 183 000	70,7
Экспортқа рента салығы	250 407 739	4 462 000	98,2
Қазақстан Республикасының жасалған шарттар бойынша өнімді бөлу бойынша үлесі	285 893 066	2 006 000	99,3
Мұнай секторы ұйымдары жүзегет асыратын операциялардан басқа түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелетін түсімдерді қоспағанд, оның ішінде:	32 368 996	338 260 000	8,7
Орталық мемлекеттік органдар, олардың аймақтық бөлімшелерінің мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдары, өсімпұлдары, ықпалшаралары, өтемдер	4 812 646	22 392 000	17,7
Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің мұнай секторы ұйымдарына салатын өзге айыппұлдары, өсімпұлдары, ықпалшаралары, өтемдер	299 927	39 311 000	0,8
Мұнай секторы ұйымдарының залалдың орнын өтеу туралы арыздар бойынша табиғатты пайдаланушылардан алынған қаражат	27 251 201	2 685 000	91,0
Мұнай секторы ұйымдарынан басқа салықтық емес түсімдер	5222	273 872 000	0,0
Республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру мен өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	7 427 304		

Дереккөз: * - мұнай секторы ұйымдарынан түсімдерді қоспағанда

Тау-кен секторы компанияларынан түсетін салықтар секілді басқа салықтар мен төлемдер республикалық бюджетке және жергілікті бюджеттерге түседі және әдетте ҚР ҚМ статистикалық есептерінде экономиканың басқа секторларынан алынатын салықтардан бөлінбейді.⁵⁹

20-кестеде республикалық және жергілікті бюджетке және Ұлттық қорға салықтардың түсімінің егжей-тегжейлі ақпараты берілген.

20-кесте. 2017ж. шоғырландырылған бюджеттің салық түсімдерінде (МБ + ҰҚ), республикалық және ұлттық бюджеттерде өндіруші сектор компаниялардың салық түсімі туралы деректер, мың теңге

Атауы	Төлеушілер саны	ҚР бойынша барлығы (МБ+ҰҚ)	оның ішінде:			
			МБ (РБ+ЖБ)	РБ	ЖБ	ҰҚ
ҚР бойынша БАРЛЫҒЫ		9 187 515 496	7 153 566 306	5 011 400 081	2 142 166 225	2 033 949 190
Салықтықтық түсімдер		8 811 987 241	6 810 851 290	4 848 028 319	1 962 822 971	2 001 135 951
Салықтық емес түсімдер		306 832 856	274 463 859	159 426 280	115 037 579	32 368 997
Негізгі капиталды сатудан түсімдер		68 695 399	68 251 157	3 945 482	64 305 675	444 242
Оның ішінде:						
ҚР бойынша мұнай-газ секторынан (КСШ) түсімдер барлығы	159	3 298 530 397	1 265 166 215	1 052 591 763	212 574 452	2 033 364 182
<i>оның ішінде КСШ бойынша салыстыру тізімі бойынша түсімдер сомасы</i>	72	3 272 904 740	1 243 229 972	1 031 966 481	211 263 491	2 029 674 768
КСШ бойынша жалпы түсімдерден үлесі (%)		99,22	98,27	98,04	99,38	99,82
ҚР бойынша тау-кен секторынан (ҚПҚ) түсімдер сомасы барлығы	369	594 771 952	594 771 952	470 253 957	124 517 995	-
<i>оның ішінде ҚПҚ салыстыру тізімі бойынша түсімдер сомасы</i>	82	584 832 409	584 832 409	465 056 682	119 775 727	-
ҚПҚ бойынша жалпы түсімдерден үлес (%)		98,33	98,33	98,89	96,19	-
КСШ және ҚПҚ бойынша барлығы	528	3 893 302 349	1 859 938 167	1 522 845 720	337 092 447	2 033 364 182
КСШ және ҚПҚ салыстыру тізімі бойынша түсімдер барлығы	154	3 857 737 149	1 828 062 381	1 497 023 163	331 039 218	2 029 674 768
ҚР бойынша жалпы түсімдерден үлесі (%)	154	42,38	26,00	30,39	15,74	99,97

Дереккөз: ҚР ҚМ

⁵⁹ҚР ҚМ Статистикалық бюллетені

http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?NavigationTarget=ROLES://portal_content/mf/kz.ecc.roles/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonym_budgeting/budgeting/reports_fldr

3.3.2. Заттай нысандағы төлемдер(4.2)

2017 ж. заттай берілімде төлемдер жоқ. ЛКТ бойынша есептердің деректері бойынша мұнай-газ және тау-кен секторларының компаниялары заттай берілісте төлемдерді жүзеге асырмаған.

3.3.3. Тасымалдаудан түскен табыстар (4.4)

Мұнайды тасымалдау

Қазақстандық мұнайды тасымалдау Ақтау портынан Каспий теңізіне, Батуми және Новороссийск порттары арқылы Қара теңізге, сондай-ақ «Қазмортрансфлот» ұлттық теңіз жолы компаниясының мұнай танкерлерімен Жерорта теңізінің айдынына мұнай құбыры көлігімен теңіз тасымалдары, сонымен қатар, темір жолмен жүзеге асырылады.

Мұнайды магистральды мұнай құбырлары бойынша тасымалдауды «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес компаниясы, «ҚазТрансойл» АҚ жүзеге асырады, оның ұзақтығы 5377 км магистральды мұнай құбырлары желісі және ұзақтығы 1975 км су таратқыштар желісі бар. Оған қоса, «ҚазТрансОйл» АҚ басқа шектес құбыр жүйелерімен мұнайды сақтау, ауыстырып тиеу және тасымалдау экспедициясын жүзеге асырады.

Оған қоса, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Каспий құбыр консорциумы (КҚК) мұнай құбырында 20,75% көлемде акционерлік капиталға ие, оның ішінде ҚР Үкіметі – 19%-ға және Қазақстан Пайплайн Венчурске –1,75% тиесілі.

Қазақстандық мұнайды тасымалдау бағыттарын диверсификацияның «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үшін ерекше рөлі бар, себебі ол әлемдік нарықтарға көмірсутек ресурстарды тасымалдаудың едәуір экономикалық тиімді маршруттарын таңдау мүмкіндігін береді және экономикалық қауіпсіздік кепілдігі қызметін атқарады.⁶⁰

Негізгі қолданыстағы мұнайдың экспорттық маршруттары:

- Атырау-Самара мұнай құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ– 100%);
- КҚК мұнай құбыры («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ –20,75%);
- Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ – 50%);
- Ақтау теңіз терминалы.

Атырау-Самара мұнай құбыры

Атырау-Самара мұнай құбыры (өткізу қабілеттілігі– жылына 17,5 млн. тонна мұнай), жалпы ұзақтығы 697 км (оның ішінде 535 – қазақстандық учаске) Ресей Федерациясы аумағы бойынша «Транснефть» ЖАО мұнай құбыры жүйесі арқылы Қара және Балтық теңіздерінің порттарына қолжетімділікті ұсынады.

2017 ж. Атырау-Самара мұнай құбыры бойынша мұнай тасымалы көлемі 15,9 млн. тонна, бұл 2016 жылдыдан 5,9% -ға жоғары (21-кесте).

Каспий құбыр консорциумы (КҚК)

Жалпы ұзақтығы 1510 км құрайтын (оның ішінде 452 – қазақстандық учаске) КҚК мұнай құбыры (өткізу қабілеттілігі– жылына 41 млн. тонна мұнай) «Теңіз» кен орнын және Қара теңіздегі Южная Озереевка (РФ Новороссийск қ.) теңіз

⁶⁰ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2017ж. жылдық есебі.

терминалын байланыстырады және қазақстандық мұнайды әлем нарықтарына шығаруды қамтамасыз етеді.⁶¹

Жоба қатысушылары Ресей – 31%, Қазақстан – 20,75% және өндіруші компаниялар.

2017 ж. мұнайды тасымалдау көлемі 2016ж. салыстырғанда 3,5%-ға ұлғайды және 58 538 мың құрады. Мұнайдың жүк айналымы 12,1%-ға ұлғайды және 48 360 млн. тонн-км-ға жетті.

Қазақстан-Қытай мұнай құбыры

«Атасу-Алашанькоу» магистральды мұнай құбырының «Алашанькоу» қабылдау-өткізу пункті арқылы мұнай құбыры іске қосылған сәттен бастап 100-миллион тонна мұнай тасымалданды.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральды мұнай құбырларының жүйесіне мұнайды өткізу көлемдерінің негізгі өсуі «Роснефть» ҰК» ЖАҚ-пен жасалған, мұнайды тасымалдау бойынша қызметтерді ұсынуға жасалған ағымдағы келісімшартқа Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ҚХР-ға ресейлік мұнай транзитінің көлемін жылына 10 млн.тоннаға дейін ұлғайту туралы қосымша келісім аясында ресейлік мұнай транзитінің ұлғаюымен байланысты.

«Атырау-Самара» мұнай құбыры бойынша жеткізілімнің ұлғаюы Қашаған кен орнынан магистральды мұнай құбырлары жүйесіне мұнайды өткізудің басталуымен, сонымен қатар, осы мұнай құбыры бойынша жеңіл қазақстандық мұнайды бөлек айдаудың басталуымен байланысты.

Өзбекстан бағытындағы ресейлік мұнайды айдау

Омск-Павлодар-Шымкент-Шағыр мұнай құю эстакадасы бағдары арқылы «ҚазТрансОйл» АҚ магистральды мұнай құбырлары жүйесімен ресейлік мұнай жеткізілімдері басталды (т/ж цистерналарға құю).

21-кесте. «ҚазТрансОйл» АҚ жүйесі бойынша бағыттар және тұтынушылар бойынша мұнайды тасымалдау көлемдері, мың тонна.

Бағыты	2017 ж.	2016 ж.	Өзгеріс, %
мұнай өңдеуші зауыттарға			
«Атырау мұнай өңдеуші зауыты» ЖШС	4 629	4 666	-0,8
«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС	4 686	4 497	4,2
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС	4 732	4 599	2,9
«CASPI BITUM» ЖШС	718	624	15,1
Ресей Федерациясы аумағы арқылы транзит			
«Атырау – Самара» мұнай құбыры	15 913	15 024	5,9
Ақтау порты арқылы түсіру			
Ақтау БМАС танкерлеріне түсіру	1 192 2	196 2	45,7
Құбыр компанияларына мұнайды ауыстырып тиеу			
«ККТ» ЖШС («Атасу – Алашанькоу» мұнай құбыры)	12 289 (о.і.транзит 9 989)	10 068 (о.і.транзит 6 992)	22,1
«КҚК-К» АҚ (КҚК мұнай құбыры)	2 884	3 023	-4,6
«МұнайТас» СБҚК» АҚ	3 306	4 233	-21,9
«КҚК» ЖШС («Кенкияқ-Құмкөл» мұнай құбыры)	4 683	4 215	11,1
«Шағыр» МҚП темір жол эстакадасы			
«Шағыр» МҚП темір жол эстакадасы	261	210	- 24,2

* «ҚазТрансОйл» АҚ қатысу үлесін ескере отырып
Дереккөз: «ҚазТрансОйл» АҚ жылдық есебі

⁶¹ 2017 ж. «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ жылдық есебі

Мұнайды теңізбен тасымалдау

Мұнайды теңізбен тасымалдауды «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес ұйымының – «ҚазТеңізТрансФлот» ҰТК ЖШС кемелері жүзеге асырады.

Бүгінгі таңда мұнайды теңізбен тасымалдаудың негізгі қолданыстағы бағдарлары келесідей:

- Ақтау- Баку (Каспий теңізі);
- Ақтау – Махачкала (Каспий теңізі);
- Қара және Жерорта теңіздерінің айдындарына бағдарлар.

31-сурет. Магистральды құбырлар сызбасы



Дереккөз: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Тау-кен секторы өнімдерін, мұнай және газды тасымалдаудан түскен табыстарды төленетін салықтарды бюджетке бөлу мүмкін емес, себебі бюджетке салықтар мен басқа міндетті төлемдердің сомалары тасымалдауды жүзеге асыратын компаниялардың бүкіл қызметінен жалпы төленеді және жеке қызмет түрлеріне бөлінбейді. Компаниялардың өздері тасымалдаудан түсетін табыстарды ашады және осы Есеп аталмыш табыстарды бейнелейді.

«ҚазТрансОйл» АҚ тарифтік мөлшерлемелері мен көлемдері 7-Қосымшада келтірілген.

«ҚазТрансОйл» АҚ жүйесі бойынша мұнайды тасымалдау мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады (22-кесте):

22-кесте. 2017 ж. мұнайды тасымалдау бағыттары мен көлемдері

№	Тасымалдау бағыты	Мұнай көлемі, млн.тонна
	Тасымадау көлемі	46,3
1	ҚР МӨЗ, оның ішінде:	14,8
	<i>АМӨЗ</i>	4,6
	<i>ПКОП</i>	4,7
	<i>ПМХЗ</i>	4,7
	<i>Битум зауыты</i>	0,7
2	Самара ҚӨП	15,9
3	Т/ж түсірімдері	0,3
4	Теңізбен түсіру (Ақтау порты арқылы экспорттау)	1,2
5	КҚК МҚ жүйесіне аударып тиеу	2,9
6	Атасу-Алашанькоу м/қ-да аударып тиеу	12,3
	оның ішінде, транзиттік ресейлік мұнай	10,0

Дереккөз: «ҚазТрансОйл» АҚ деректері

2015ж. 18 мамырдан бастап «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» ҚР заңына өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгізілді, оларға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит және Қазақстан Республикасынан тысқары экспорт мақсатта магистральды құбырлармен мұнайды тасымалдау бойынша қызметтер табиғи монополиялар саласының реттелуінен шығарылады.

ҚР Энергетика Министрінің 2017 жылғы 1 наурыздағы №80 бұйрығымен 2017-2018ж. кезеңге Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына (ҚХР) ҚҚС қоспағанда 1 тонна үшін 11 доллар 36 цент көлемінде 10 млн.тоннаға дейінгі мөлшерде ресейлік мұнайды тасымалдау құны бекітілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) 2017ж. 10 қарашадағы №186 бұйрығымен 2017 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңге «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Өзбекстан Республикасына транзит мақсатында ресейлік мұнайды тасымалдау бойынша қызметтерінің тарифі мен құны бекітілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №223 бұйрығымен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Өзбекстан Республикасына транзит мақсатында ресейлік мұнайды тасымалдау бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ қызметтерінің тарифтері мен құны бекітіліп, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін болды.

2015 жылдың маусым айында «ҚазТрансОйл» магистральды құбырлармен мұнайды айдау бойынша қызметтерге мынадай тарифтерді бекітті (№64 бұйрық):

- Қазақстан Республикасынан тысқары экспорт мақсатында–1000 км-ге 1 тоннасы 5 817,2 теңге мөлшерде (ҚҚС қоспағанда), 2015 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді;

- Түймазы-Омск – Новосибирск-2 магистральды құбырының қазақстандық учаскесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит мақсатында – 1000 км-ге 1 тоннасы үшін 1 727,1 теңге мөлшерде, 2015 жылдың 26 маусымынан бастап күшіне енеді.

2015-2019 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ магистральды құбырлар жүйесімен Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнайды айдау бойынша

реттелетін қызметке тарифтердің шекті деңгейлерін Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (2015 жылдың 21 тамызындағы №347-ОД бұйрық) бекітті, келесідей мөлшерде 2015 жылдың 01 қаңтарынан бастап күшіне енеді:

- 2015 жылы – 1000 км-ге бір тоннасы үшін 3 225,04 теңге (ҚҚС қоспағанда);
- 2016 жылы – 1000 км-ге бір тоннасы үшін 3 547,46 теңге (ҚҚС қоспағанда);
- 2017 жылы – 1000 км-ге бір тоннасы үшін 3 902,13 теңге (ҚҚС қоспағанда);
- 2018 жылы – 1000 км-ге бір тоннасы үшін 4 292,40 теңге (ҚҚС қоспағанда);
- 2019 жылы – 1000 км-ге бір тоннасы үшін 4 721,72 теңге (ҚҚС қоспағанда).

23-кесте. 2017 жылдағы «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай тасымалымен байланысты алынатын табыстар турады деректер

Табыстар атауы	Сома, мың теңге
Мұнайды тасымалдау бойынша қызметтерді көрсетуден түскен табыс, оның ішінде:	184 818 487
Мұнайды экспортқа тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуден түскен табыс	120 919 129
Мұнайды ішкі нарыққа тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуден түскен табыс	44 022 263
Мұнайды (ТОН 2) бойынша тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуден түскен табыс	3 228 594
Мұнайды ТОН-2 бойынша тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуден түскен табыс	395 823
Роснефть мұнайын тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуден түскен табыс	10 146 025
Тасымалдау кезінде мұнайдың орнын толтыру бойынша қызметтер көрсетуден түскен табыс	6 106 653
Өзге қызметтер көрсетуден түскен табыс, оның ішінде:	5 298 604
Мұнайды сақтау бойынша қызметтер көрсетуден түскен табыс	100 327
Жеткізілмей қалған мұнайдың міндетті ең төмен жылдық көлемі (МЕТК) үшін айыппұлдар бойынша түскен табыс	5 198 277
Бірыңғай маршруттау бойынша сыйақы түріндегі табыс, оның ішінде:	697 652
Бірыңғай бағдарлау бойынша операторлық қызмет бойынша қызметтер көрсетуден түскен табыс	675 062
Бірыңғай бағдарлау бойынша операторлық қызмет бойынша қызметтер көрсетуден түскен табыс (ішкі нарық)	22 590
Барлығы	190 814 743

Дереккөз: «ҚазТрансОйл» АҚ

2017 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобы бойынша 33 190 885 мың теңге сомаға бюджетке салықтар мен басқа міндетті төлемдер төленді. «ҚазТрансОйл» АҚ-да қызмет түрлері бойынша салықты есептеуге арналған жеке әдістеме жоқ. Компания Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық салудың жалпы белгілерген тәртібінде салықтардың есебін жүргізеді. Салықтарды компания қызметтің барлық түрлері бойынша жиынтықты түрде төлейді. **2017ж. мұнайды тасымалдаудан түскен табыстар 179,5 млрд. құрады (7-Қосымша).** Төменгі кестеде компанияның қызметтің барлық түрлері бойынша жиынтықты төлеген салықтары көрсетілген.

24-кесте. 2017ж. «ҚазТрансОйл» АҚ салықтары мен бюджетке төлемдер

Салықтар атауы	Сомасы, мың теңге
Корпоративтік табыс салығы	15 031 420
Заңды тұлға-бейрезиденттерден төлеу көзінен ұсталатын КТС	21 373
Резиденттерден ұсталатын ҚҚС	2 900 000
Бейрезиденттер бойынша ҚҚС	15 368
Кеден одағы бойынша ҚҚС	8 292
ЖТС	4 247 634
Әлеуметтік салық	3 783 901
ПҚӨС (жер асты суы)	1 362
Мүлік салығы	6 860 304
Жер салығы	25 578
Көлік құралдарының салығы	39 344
Қоршаған ортаға эмиссиялар төлемі	90 954
Су ресурстарын пайдалану ақысы	7 983
Радиожиілікті спектрді пайдалану ақысы	24 848
Өзге салықтар	132 524
Жиыны	33 190 885

Дереккөз: «ҚазТрансОйл» АҚ деректері

Газды тасымалдау

Газды магистральды құбырлармен және газ бөлу жүйелерімен тасымалдауды «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы жүзеге асырады. Газды магистральды тасымалдауды «Интергаз Орталық Азия» АҚ, сонымен қатар, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС біріккен кәсіпорындары, «Бейнеу-Шымкент газқұбыры» ЖШС жүзеге асырады. Бөлу газқұбырларымен газды тасымалдауды «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жүзеге асырады.

«ҚазТрансГаз» АҚ «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ құрамына кіреді және еліміздегі ұзақтығы 17,7 мың км, өткізу қабілеттілігі жылына 160 млрд. текше метрге дейін құрайтын тасымалдағыш газ құбырларының негізгі желісін, ұзақтығы 40 мың км-ден асатын газ бөлу құбырларының желісін бақылайды, 322 газ айдаушы агрегат орнатылған 31 компрессор станцияны қамтамасыз етеді, үш жер асты газ қоймаларына қызмет көрсетеді.

Қазақстан Республикасының газ транзиті бойынша газ тасымалдау инфрақұрылымы негізгі магистральді құбырлардан тұрады:

- «Орта Азия-Центр» – ұзақтығы шамамен 4000 км, қуаттылығы 60 млрд. текше м.дейін (түркмендік және өзбек газы);
- «Бұқара-Орал» – ұзақтығы шамамен 4500 км, қуаттылығы 7,2 млрд. текше м. дейін (өзбек газы);
- «Оренбург-Новопсков және «Союз» МГ – ұзақтығы 760 км, қуаттылығы 10 млрд. текше м. және 20 млрд. текше м. (ресейлік газ);
- «Қазақстан-Қытай» – ұзақтығы шамамен 1310 км., ең кірі газ кен орны Галкыныштан (Түркменстан) Қытайға газды тасымалдауға арналған «Орталық Азия-Қытай» магистральды газқұбырының бөлігі, ағымдағы қуаттылығы 37 млрд. текше м.құрайды, келешекте 55 млрд. текше м-ге дейін ұлғайту мүмкіндігі қарастырылуда.

2017 ж. алғаш реет қазақстандық газ «ҚазТрансГаз» АҚ және «Petro China International Company Limited» компаниясы арасында жасалған Шарт шеңберінде Қытайға экспорттала бастады. Бұл Азиядағы ең перспективалы және ауқымды өткізу нарығы болып саналады. «ҚазТрансГаз» АҚ Орта және Орталық Азиядағы газ

ағындарының ең маңызды және технологиялық ең қуатты операторына айналды. Ресей, Еуропа және Қытай бағыттарында орта азиялық газ транзитінің көлемдері ұлғайды. Үкіметаралық келісімдер қорытындысы бойынша Өзбекстан аумағы арқылы газ транзиті басталды.

«ҚазТрансГаз» АҚ жүзеге асырған тағы бір маңызды жоба – бұл Қазақстанның батысынан оңтүстігіне қарай ұзақтығы шамамен 1,5 мың км және өткізу қабілеттілігі жылына 10 млрд. текше метр құрайтын «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газқұбырының құрылысы. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГ құрылысының аяқталуымен Қазақстанның Батысы мен Оңтүстігінің магистральды жүйелерін біріктіру аяқталды және Республиканың магистральды газқұбырларның бірыңғай жүйесі құрылды.

2015-2030 жылдарға арналған, бекітілген Басты газдандыру жүйесі жаңа газқұбырларының кең ауқымды құрылысы ғана емес, республика аймақтарын газбен жабдықтаудың оңтайлы көздерін іздестіру арқылы да Қазақстанның газға ішкі мұқтаждылықтарына қамтамасыз етуге жағдай жасауға бағытталған. Оған қоса, аймақты сұйытылған табиғи газбен газдандыруды ынталандыру және дамыту шеңберінде газды мотор отыны ретінде пайдаланатын көлік құралдары үшін ынталандыру шараларын қарастырған.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының 14 облысынан 10 облыс, басым түрде облыстық орталықтар газбен жабдықталған. Қазақстан Республика тұрғындарының газбен жабдықталу ауқымының деңгейі 2017 ж. 47,38% құрады.

Бөлу газқұбырлары бойынша инвестициялық жобалар шеңберінде газбен жабдықтау бойынша жұмыстар жүргізілді:

- «Тараз қ.газ тарату желілерін жаңарту» - полиэтилен газқұбырының 82,3 км салынды, 2596 шкафтық пункттер орнатылды, 3 518 абонент қайта тіркелді.
- «Маңғыстау облысының газ бөлу жүйелерін модернизациялау, реконструкциялау және жаңа құрылысы» - 737,4 км газқұбыры төселді, оның ішінде жоғары қысымды – 384 км, орта қысымды – 41,2 км, төмен қысымды – 312 км. Орнатылды: ШГРП - 23 бірл., БГП - 28 бірл. және АГТЖ – 6 бірл.
- «Ақтөбе облысының елді мекендерін газбен қамтамасыз ету және газ бөлу желілерін модернизациялау» - 33 км полиэтилен газқұбыры төселді, АГТЖ – 2 бірл., БГП – 2 дана орнатылды.
- «Қостанай облысының елді мекендерін газбен жабдықтау» - 178,788 км газ құбыры, 7 пункт газ-блоктық, 2 газ бөлгіш шкафтық пунктті орнатылды.

ҚР «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңына сәйкес, Ұлттық оператор – «ҚазТрансГаз» АҚ Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайданушылардан шикі және тауар газын сатып алуға мемлекеттің пұрсатты құқығын жүзеге асырады. 2017ж. 1 шілдесінде ҚР Энергетика министрлігі ішкі нарықта тауар газын көтерме өткізудің шекті бағаларын бекітті.

«ҚазТрансГаз» қызметінің негізгі түрлері болып сыртқы және ішкі нарықтарда газды өткізу, сонымен қатар, газды өндіру және өткізу, магистральды және бөлу газқұбырларын тасымалдау және іске пайдалану бойынша қызмет іске асыратын еншілес және тәуелді ұйымдарға кураторлық жасау табылады.

32-сурет. Қазақстан Республикасының газ құбыры желісі



Дереккөз: 2017 ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жылдық есебі

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Түркіменстан және Өзбекстаннан Қытайға және Ресей Федерациясына табиғи газ транзиті жүзеге асырылады.⁶²

2017ж. «ҚазТрансГаз» АҚ шоғырландырылған табысы 662,4 млрд. теңге құрады, бұл 2016 жылдан 77,5 млрд. теңгеге көп. Бұл ретте «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының таза пайдасы есептік кезеңде 74,8 млрд. теңге құрады, бұл жоспарланған көрсеткіштен 23 млрд.теңгеге жоғары.

2017 жылы Ұлттық оператор «ҚазТрансГаз» АҚ және оның еншілес кәсіпорындары республика бюджетіне жалпы сома 60,3 млрд.теңгеге салықтар мен өзге міндетті төлемдерді енгізді.

2017ж. «ҚазТрансГаз» АҚ топтары бойынша газды тасымалдаудан түскен тарифтер мен табыстар бойынша деректер 3-кесте, 7-қосымшада берілген.

2015 жылдың мамыр айында Табиғи монополиялар туралы Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, газды экспортқа тасымалдау бойынша қызметтер мемлекеттік реттеуден алынып тасталған. Газ транзиті мен экспортының тарифтері келіссөздік негізде, Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің реттеуінсіз белгіленеді.

Ішкі нарықта газды тасымалдау тарифтерін Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті заңнамамен белгіленген тәртіпте реттейді. Магистральды құбырлармен тауар газын Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін тасымалдау тарифтері келесі мөлшерде бекітілген:

⁶² 2017 ж. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жылдық есебі

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ, 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап – мың м3 үшін 2 212,7 теңге (ҚҚС қоспағанда);
- «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 2016 жылдың 1 наурызынан бастап – мың м3 үшін 3 494,4 теңге (ҚҚС қоспағанда);
- «Бейнеу-Шымкент газқұбыры» ЖШС, 2016 жылдың 1 наурызынан бастап – 18 071 теңге/мың м3 (ҚҚС қоспағанда).

Газды тасымалдау бойынша бюджетке төлемдер

Компания салықтар есебін Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық салудың жалпы белгіленген тәртібінде жүргізеді. Салық кодексінде қызмет түрлерінің қимасында міндетті бөлу қарастырылмаған. Салықтар есептеу және төлеу Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

2017 жылы «ҚазТрансГаз» компаниялар тобы бойынша тасымалдаудан түскен табыс 822,1 млрд. теңге құрады. Бюджетке 54,7 млрд. теңге сомаға салықтар мен өзге міндетті төлемдер (7-Қосымша) төленді, оның ішінде:

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ – 25,5 млрд. теңге (салыстыратын болсақ, 2015 ж. 11,7 млрд. теңге болды);
- «ҚазТрансГаз – Аймақ» АҚ – 4,4 млрд. теңге (салыстыратын болсақ, 2015 ж. 2,2 млрд. теңге болды);
- «Азиялық Газқұбыры» ЖШС – 24,1 млрд. теңге (2015 ж. болмады);
- «Бейнеу-Шымкент газқұбыры» ЖШС – 0,7 млрд. теңге (2015 ж. болмады).

Темір жолмен тасымалдау

Мұнай менг тау-кен секторы өнімдерін тасымалдау үшін темір жол пайдаланылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 маусымдағы №682 «Жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау ережелерін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес, жүкті тасымалдауды жүзеге асыру үшін тасымалдаушы мен жүкті жөнелтуші арасында тасымалдау шарты жасалады, бұл ретте жүктерді тасымалдау шарты теміржол көлік жүкқұжатымен рәсімделеді.

2001 жылғы 08 желтоқсандағы №266-ІІ ҚР «Теміржол көлігі» туралы Заңына сәйкес (бұдан әрі – Заң) теміржол тасымалдау жүкқұжатында жүк жөнелтуші – жүкті жіберуші тұлға көрсетіледі.

Оған қоса, Заңға сәйкес:

- Тасымалдау болып жолаушыларды, жүкті, жүктің пошта жөнелтілімдерін жөнелту пунктінен жеткізу пунктіне ауыстыру саналады;
- Тасымалдау үдерісі – темір жол көлігімен тасымалдауды дайындау, жүзеге асыру және аяқтау кезінде орындалатын ұйымдастырушылық және технологиялық өзара байланысты операциялардың жиынтығы;
- Тасымалдау үдерісінің қатысушысы болып тасымалдау бойынша қызметтерді пайдаланушы, тасымалдаушы, Ұлттық инфрақұрылым операторы, локомотивті пойыз операторы, вагондар (контейнерлер) операторы табылады.

Жүктерді темір жол көлігімен республика ішіндегі және халықаралық (экспорттық-импорттық) қатынастарда тасымалдау құны төрт құрамдастардан қалыптастырылады:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің (ТМБҚК) бұйрығымен бекітілген магистральды теміржол желісі (бұдан әрі – МТЖ) қызметтеріне тарифтер;
- «ҚТЖ – Жүк тасымалдары» АҚ бұйрығымен бекітілген жүктерді тасымалдау бойынша қызметтерге (локомотивті пойыз қызметтеріне (бұдан әрі – ЛП), жүк және коммерциялық жұмыстар бойынша қызметтерге (бұдан әрі – ЖК), жүк вагондарын және контейнерлерін (бұдан әрі – ВП) пайдалануға тарифтер.

Жүктерді тасымалдау тарифтерін құру қағидаты тасымалдау қашықтығына байланысты дифференциацияға; жылжымалы құрам түріне; жылжымалы құрамның тиістілігіне (инвентарлық (жалпы) немесе меншікті (жалға алынған)); жүк түріне; вагонның жүктелуіне және т.б. негізделген.

ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңына сәйкес, табиғи монополия саласына МЖС қызметтері жатады. Жүктерді тасымалдау бойынша қызметтерді ұсынатын теміржол тарифінің қалған құрамдастары (ЛП, ЖК, ВП) ҚР Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бағасын мемлекет реттейтін қоғамдық маңызды қызметтерге жатады.

НК «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ республикалық (облыс аралық) және халықаралық (экспорттық, импорттық) қатынастарда жүктерді тасымалдауға тариф деңгейі туралы деректерді ұсынды (7-Қосымша). «ҚТЖ-Жүк тасымалдары» АҚ тарифтік нұсқаулығы (прейскурант) 2016 жылдың 1 шілдесінде күшіне енген және жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау бойынша қызметтерге тариф пен тасымалдаумен байланысты қосымша операциялар үшін алымдарды есептеу тәртібін анықтайды.

Сонымен қатар, «Қазақстан темір жолы» ҰК-да «ҚазТрансойл» АҚ және «ҚазТрансГаз» АҚ жылдық есептерінде мұнай мен газды тасымалдау сызбаларын ашуға балама жүктерді тасымалдау бойынша жылдық есепте ақпаратты ашу тәжірибесі жоқ.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-да тасымалдау бойынша төленген салықтар мен бюджетке басқа төлемдердің жеке есебі жүргізілмейді, осыған байланысты тасымалдау бойынша төленген салықтар мен бюджетке басқа төлемдер туралы деректерді ұсыну мүмкін емес болып отыр.

3.3.4. Инфрақұрылымды ұсыну және басқа-бас айырбас келісімдері (4.3)

ЛКТ бойынша есептіліктерге сәйкес, жер қойнауын пайдаланушы компаниялар аймақтағы инфрақұрылым объектілерін (5-Қосымша) қаржыландырады. 2017 ж. әлеуметтік салаға шығындар (толығырақ, 3.5-тарауда) мен жергілікті инфрақұрылымға шығындар 8,007 млрд. теңге құрады.

Басқа-бас айырбас келісімдер. 3.2.1. Мұнай газ секторы: қорлар, геологиялық барлау, өндіру және экспорт атты тарауда газ свопы бойынша мәселелер айқындалған: ішкі нарықты газбен жабдықтау үшін 2006 жылдың 27 желтоқсанында «Газпром» ЖАҚ, «Узбекнефтегаз» ҰХК және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасында өзара газ жеткізілімдері туралы Келісімге қол қойылды. Келісімге сәйкес, газдың бүкіл импорты Қарашығарақ экспортымен бірдей баға бойынша және бірдей көлемде «свопталады». Келісім шеңберінде Қарашығарақ кен орнының газын Қазақстан

Республикасының оңтүстігіне және Қостанай облысына өзара жеткізу шарттары жал сайын жасалады⁶³.

Қазақстан және Ресей арасында жасалған үкімет аралық келісімге сәйкес, РФ-нан 2012-2013 жылдары Қазақстанға жеткізілген мұнай өнімдеріне қатысты РФ федералдық бюджетінің шығындарының орнын өтеу үшін, Қазақстан Ресейге шикі мұнайды жеткізуді жүзеге асырды. 2015 жыл ішінде ҚМГ БӨ 916 мың тонна көлемде (2014 жылы -447 мың тонна) шикі мұнайды жеткізуді жүзеге асырды. Жеткізулер 2015 жылдың тамыз айында аяқталды. 2015 жылға арналған ӨСАБ Ұлттық есебі осы мәселелерді қарастырған болатын. ҚМГ БӨ жылдық есебінде 2017 жылы ішкі нарықтағы АИ-92 маркілі бензинді тұтынудың жалпы көлемінен 28%-дың Ресейден импортталғаны айтылған, 2019ж. Ішкі сұранысты үш МӨЗ-ді жаңарту есебінен өзіміздің өндірісіміздің есебінен қанағаттандыру жоспарланып отыр. 2017ж. бензин жеткізілімдеріне жауап ретінде мұнайды Ресейге өзара жеткізу туралы ҚМГ БӨ Жылдық есебінде ештеңе айтылмаған (<https://www.kmgep.kz/rus/>).

Қазақстан, Ресей және Иран каспий маңындағы мемлекеттермен мұнайлық своп-операцияларды жаңартуды жоспарлап отыр. Бірінші кезеңде күніне 50–100 мың баррель мұнай свопы мүмкін, кейіннен көлем біртіндеп өсе бастайды. Сондай-ақ, Тегеран каспий маңындағы мемлекеттермен своп-операциялар үшін қуаттылықты тәулігіне 120 мың баррельден 1,5 млн.баррельге дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Қазақстан кейіннен қайта өңдеу үшін шикі мұнайды қажет ететін Иранмен своп-жеткізілімдерді жүзеге асырған болатын. Оның орнына Қазақстан мұнайды Парсы шығанағында алатын, осы шығанақтан әлемнің кез келген нүктесіне теңіз танкерлеріне қолжетімділік ашылады.

Иранның негізгі өндіруші кен орындары Парсы шығанағының маңында орналасқан, ал елдің солтүстігінде осы тұрғыдан алғанда біршама жетіспеушілік байқалады. Дәл осындай жағдай ҚР-да бар – Батыстағы елеулі өндіруге қарамастан, Солтүстік пен Оңтүстік Ресейден мұнай мен мұнай өнімдерінің импортына тәуелді. Иран Ислам Республикасынан ықпалшаралар мен шектеулерді алып тастау табысты ұлғайтуға, жеткізуді әртараптандыру және жаңа нарықтарда бекітілуге септігін тигізе отырып осы бағытты қайтадан ашады. Своп-операциялардың мәні – Иран Каспий теңізінің жағалауындағы өзінің порттарына орталық азиялық мұнайды алады және оны өзінің МӨЗ-не жібереді. Бұның орнына Иран өзінің мұнайының дәл осындай көлемін Парсы шығанағындағы өзінің порттарынан жібереді. Своп бойынша тараптар қаражатпен өзара есеп айырысуды жүзеге асырады. Бұл Ресей, Қазақстан және Түркменстан үшін өте пайдалы, себебі тасымалдау мен транзит үшін төлеу қажеттілігі болмайды. Барлық мұнайды экспорттаушы мемлекеттердің нарықтағы мүддесі қандай болса, Қазақстанда да дәл осындай мүдделер бар. Ресейлік компаниялар ағымдағы жылдың басында-ақ Иранмен своп-операциялар мәселелерін талқылап, ортақ серіктестікке қызығушылығын білдірген болатын. Мұнай бойынша своп-келісімдер технологиясы өзге тасымалдау бағыттарында, бұл жағдайда – Парсы шығанағының порттарында жеткізілетін мұнайдың көлемдерімен алмасуды қарастырады.

Своп-келісімдер қатысушыларының пайдасы – мұнайды жеткізу географиясын, оның ішінде өзіндік тасымалдау дәліздері жоқ сатып алушыларға да кеңейту мүмкіндігінің болуында.

Ресми түрде Қазақстан жетекші экспорттаушылардың бірі болып табылады, алайда іс жүзінде экспорттың елеулі бөлігі бағдары белгіленіп қойған батыстық және қытайлық компанияларға тиесілі. «ҚазМұнайГаз» тобының да жеткізу бойынша өз

⁶³Мұнай және газ министрі С.Мыңбаевтың 2012ж.қорытындысы бойынша министрлік алқасындағы баяндамасы. 2013ж. 28 қаңтары.

міндеттері бар. Мұнайды тәуелді өндірушілер үлесі көп емес. Сол себепті, Каспийдегі своп-операциялар, ең алдымен, Иранмен жасалған келісімдер есебінен өседі деп болжам жасауға болады.

3.3.5. Мемлекеттік компаниялардың транзакциялары (4.5)

Мемлекеттің өндіруші салалардағы мемлекеттің қатысуы бойынша бөлініс ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың тізімін ашады. Үкімет «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ 100% акционері болып табылады. «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ корпоративтік қаржы есебі «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ, «Қазатомпром» ұлттық атом компаниясы» АҚ, «Қазақстан Темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ ұлттық компаниялармен жасалған транзакцияларды ашып көрсетеді. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ және «Қазатомпром» ұлттық атом компаниясы» АҚ жылдық есептері еншілес компанияларымен транзакцияларды ашып көрсетеді.

2017ж. Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ Үкіметтің 2017 жылғы 13 қарашадағы Қаулысына сәйкес, 2016 жылдың қорытындысы бойынша 11.899 миллион теңге мөлшерде Акционерге дивиденттер төлеуді жүзеге асырды. 2017 жылы ҰӘАҚ «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ және басқа компаниялардағы қатысудың бақыланбайтын үлестерін ұстаушыларға 19.781 миллион сомаға дивиденттер жариялады. 2017 жылы ҰӘАҚ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-дағы қатысудың бақыланбайтын үлесінің ұстаушысы ретінде **4.547 миллион теңге** сомаға дивиденттер жариялады.

Еншілес компаниялар «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-да дивиденттердің алушылары болып та, төлеушілері болып та табылатын ұлттық компанияларға дивиденттер төлейді (шоғырландырылған түрде, яғни өзінің барлық еншілес компаниялары мен ұйымдарынан, оның ішінде өндіруші компаниялардан).

Сонымен қатар, атап өтетін жайт, Қазақстанда мемлекеттік кәсіпорын (МК) және мемлекет арасындағы қаражат аударымдарын реттейтін ережелер мен практика жоқ. Осылайша, мысалы, қазіргі кезде ҚР Ұлттық банкі ҚМГ ҰК-дағы 10% акциялардың ұстаушысы болып табылады, алайда осы үлесті сатып алу осы шешімді қабылдағанға дейін еш жерде қарастырылмаған және ҚР ҰБ-ның әлі қанша уақыт ҚМГ ҰК акционері болып қалатындығы түсініксіз.

«Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ға төленген дивиденттер бойынша еншілес компаниялардың шоғырландырылған есептеріне сәйкес (2-2 қосымша):

- «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ (мемлекеттік үлес 90%) – 41 330 046 мың теңге.
- «Тау-Кен Самұрық» АҚ - 5 617 478 мың теңге,
- «Қазатомпром» ҰАҚ» АҚ - 65 848 704 мың теңге құрады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ҚР Ұлттық банкіне (мемлекеттік үдеріс 10%) – 4 547 451 мың теңге аударды.

«Қазгеология» Ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ Астана қ. Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына 79 467 мың теңге аударды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2017 жылы келесідей еншілес компаниялардан дивиденттер алды (2-2 Қосымша):

- «ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру» АҚ (63%) - 12 452 145 мың теңге;
- «Қазақтүркмұнай» ЖШС (100% мемлекеттік үлес) – 12 000 000 мың теңге;
- «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС (100%) – 6 026 712 мың теңге;
- «ҚазТрансОйл» АҚ (90%) – 53 656 666 мың теңге;

- «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС (100%) – 100 000 мың теңге;
- «KMG System & Services» ЖШС (100%) – 2 296 287 мың теңге;
- «KMG-Security» ЖШС – 60 000 мың теңге;
- «Теңгішевройл» ЖШС (20%) – 79 694 300 мың теңге;
- «Қылыш» сауда серіктестігі – 195 609 мың теңге;
- «Professional Geo Solutions Kazakhstan» ЖШС (50%) – 312 500 мың теңге;
- «КазРосГаз» ЖШС – 18 647 418 мың теңге.

«Тау-Кен Самұрық» АҚ еншілес компаниялардан дивиденттер алмаған, себебі олар қайтадан қалыптасқан және табысқа ие емес.

«Қазатомпром» ҰАК» АҚ 2017 ж. келесідей еншілес компаниялардан дивиденттер алды (2-2 Қосымша):

- «Заречное» БК АҚ 949,98%) – 1 088 794 мың теңге,
- «Семизбай-У» ЖШС – 314 767 мың теңге,
- «Ақбастау БК» АҚ (50%) – 10 765 703 мың теңге,
- «Оңтүстік тау-химиялық компаниясы» БК» ЖШС (30%) – 5 016 061 мың теңге,
- «Орталық ӨК» ЖШС (100%) -1 426 674 мың теңге,
- «Қаратау» ЖШС (50%) – 11 861 373 мың теңге,
- «Катко» қазақстан-француз кәсіпорны ЖШС (49%) – 10 833 900 мың теңге.

«Қазгеология» Ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ еншілес компаниялардан дивиденттер алмады.

2017 ж. желтоқсанда Қазатомпром және Самесо арасында 2016 жылдың мамыр айындағы жүзеге асыру туралы келісімде белгіленген «Іңкәй» БК» ЖШС қайта құрылымдау туралы құжаттарға қол қойылды. Жүзеге асыру туралы келісімнің талаптарына сәйкес, 2018ж. 1 қаңтарынан бастап Компания Іңкәй біріккен кәсіпорнындағы өзінің қатысу үлесін 40%-дан 60%-ға дейін ұлғайтты және операциялық бақылау алды. Сонымен қатар, келісімінің шеңберінде Іңкәй жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының мерзімін 2045ж. дейін ұзартуға рұқсат алды.

2016 ж. және 2017 ж. ішінде «Бетпак-Дала» БК ЖШС операциялық қызметті жүзеге асырмады. Кәсіпорын 2018 жылдың 1-жартысында таратылады деп күтілуде. 2017ж. «Атом станциялары» Қазақстан-Ресей компаниясы» АҚ (АСҚРК), «Қазатомпром-Сорбент» ЖШС және «КАС» ЖШҚ таратылды.

Жалғыз акционер 2018 жылдың 11 маусымындағы «Қазатомпром» ҰАК АҚ шешіміне сәйкес, «Қазатомпром» ҰАК АҚ-ға 2017ж. акциялар пакетіне дивиденттер есептеді.

Бір қарапайым акцияға дивидент мөлшері **1 215,06** (бір мың екі жүз он бес) теңге 06 (алты) тиын, жалпы сома **45 019 066 000** (қырық бес миллиард он тоғыз миллион алпыс алты мың) теңге құрайды.

45 019 066 000 (қырық бес миллиард он тоғыз миллион алпыс алты мың) теңге мөлшеріндегі төлем 2018 жылдың 19 маусымында қаражатты Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ банк шотына аудару жолымен жасалды.

Жалғыз акционер «Қазатомпром» ҰАК АҚ-ның 2018 жылдың 25 маусымындағы қосымша шешіміне сәйкес, 2017 жылдың қорытындысы бойынша алынған **138 527 669 000** (жүз отыз сегіз миллиард бес жүз жиырма жеті миллион алты жүз алпыс тоғыз мың) теңге мөлшеріндегі таза шоғырландырылған табыстан алынған 2017 жылдағы **93 508 603 000** (тоқсан үш миллиард бес жүз сегіз миллион алты жүз

үш мың) теңге мөлшеріндегі «Қазатомпром» ҰАК АҚ шоғырландырылған таза табысының бөлінбеген бөлігі келесі тәртіпте бөлінуі тиіс:

- 1) Жалғыз акционерге дивиденттер төлеуге **89 992 949 000**(сексен тоғыз миллиард тоғыз жүз тоқсан екі миллион тоғыз жүз қырық тоғыз мың) теңге;
- 2) Қоғам құзырында **3 515 654 000** (үш миллиард бес жүз он бес миллион алты жүз елу төрт мың) теңге көлемінде таза табысты қалдыру.

2017 жылдың қорытындысы бойынша бір қарапайым акцияға дивиденттің жалпы мөлшері **3 643,96** (үш мың алты жүз қырық үш) теңге 96 (тоқсан алты) тиын құрайды.

Төлем дивиденттерді төлеудің басталу күні -2018 жылдың 31 тамызынан бастап 90 күнтізбелік күн ігінде қаражаты Жалғыз акционер- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ банк шотына аудару жолымен жүзеге асырылатын болады.

Дереккөз: <http://www.kazatomprom.kz/ru/shares/akcii-ao-nak-kazatomprom>

3.4. Өндіруші салалардан түсетін табыстарды бөлу (5.1)

Жоғарыда аталып өткендей, мұнай-газ секторының өндіруші компанияларынан түсетін табыстар ҚР Ұлттық қорына түседі. Тау-кен өндіруші компаниялардан табыстар салық немесе төлем түріне байланысты республикалық және жергілікті бюджеттерге түседі.

25-кесте. 2017ж. ҚР Ұлттық қорынан мақсатты трансферттерді пайдалану,

млн.теңге

Министрлік	Бюджет шығындарының баптары	Бюджет шығындарының бағыттары	Орындалуы
АШМ	ҚР Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт қаражатынан сыртқы қарыздарды қаржыландыру есебінен	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыз алуы жөніндегі жобаларды іске асыру үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайту	569
		ҚР тұрақты даму мен өсуіне қолдау көрсету шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру	604
ЕӘҚМ	ҚР Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен	ҚР тұрақты даму мен өсуіне қолдау көрсету шеңберінде бағдарламалық жобаларды жүзеге асыру	273
БҒМ	ҚР Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен	ҚР тұрақты даму мен өсуіне қолдау көрсету шеңберінде бағдарламалық жобаларды жүзеге асыру	1 387
ҰЭМ	ҚР Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен	ҚР тұрақты даму мен өсуіне қолдау көрсету шеңберінде бағдарламалық жобаларды жүзеге асыру	30
ҚМ	ҚР Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен	«Проблемалы несиелер қоры» АҚ-ға нысаналы аудару	1 092 941
ЭМ	ҚР Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	984
		облыстық бюджеттер, Астана және Алматы қаласының бюджеттеріне жылумен жабдықтау жүйелерін реконструкциялау сен салуға несиелер	5 560

Министрлік	Бюджет шығындарының баптары	Бюджет шығындарының бағыттары	Орындалуы
		беру	
		ҚР тұрақты дамуы мен өсуіне қолдау көрсету шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайтуға арналған облыстық бюджеттер, Астана және Алматы қаласының бюджеттеріне нысаналы даму трансферттері	467
		Республикалық деңгейдегі автомобиль жолдарын дамыту	143 517
		Астана халықаралық әуежайы» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту	3 470
		«Үлестік салымдарды кепілдендіру тетігін іске асыру үшін «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ жарғылық капиталын кейіннен ұлғайта отырып, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту	10 000
		ҚР тұрақты дамуы мен өсуіне қолдау көрсету шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайтуға арналған облыстық бюджеттер, Астана және Алматы қаласының бюджеттеріне нысаналы даму трансферттері	3 551
		Областық бюджеттерді, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерін жылу, сумен жабдықтау және суды қайыру жүйелерін реконструкциялау мен салуға несие беру	41 133
ИДМ	ҚР Ұлттық Қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен	«ҚДБ-Лизинг» АҚ арқылы өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылым жобаларын лизингтік қаржыландыруды іске асыру үшін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның жарғылық капиталын кейіннен ұлғайтумен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту	20 000
		Қазақстандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушы – жеке тұлғаларды кредиттеу үшін, сондай-ақ қазақстандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, автокөлік құралдарын және арнайы мақсаттағы автотехниканы лизингке сатып алатын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді лизингтік қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді шартты қаржыландыру арқылы отандық автомобиль өндірушілерді қаржыландыру үшін «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру	10 000
ҰЭМ	ҚР Ұлттық Қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен	Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ капиталын ұлғайту	26 552

Министрлік	Бюджет шығындарының баптары	Бюджет шығындарының бағыттары	Орындалуы
БҒМ	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға және Алматы облысының облыстық бюджетіне, Алматы қаласының бюджетіне балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымдардың сейсмикалық күшейту үшін республикалық бюджет қаражаты есебінен берілетін нысаналы даму трансферттері	Сапалы мектеп білімінің қолжетімділігін қамтамасыз ету	76 410
ЭМ		Жылу-электр энергетикасын дамыту	2612
	ҚР Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен жылу энергетикалық жүйесіне дамытуға облыстық бюджеттер, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін нысаналы трансферттер		2 596
	ҚР Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен жылумен жабдықтау жүйелерін модернизациялау және салу шеңберінде тапсырманы орындау жөніндегі сенімді агентке ақы төлеу		16
ИДМ		«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының шеңберінде іс-шараларды жүзеге асыру	77130
	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға республикалық бюджет қаражаты есебінен берілетін нысаналы даму трансферттері		50 130
	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен берілетін нысаналы даму трансферттері		25 000
	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферті есебінен құрылыс салушылардың кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін		700

Министрлік	Бюджет шығындарының баптары	Бюджет шығындарының бағыттары	Орындалуы
	субсидиялау		
	ҚР Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферті есебінен халыққа берген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау		667
	ҚР Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы бойынша субсидиялау шеңберінде көрсетілетін оператор қызметтеріне ақы төлеу		633
		2020 жылға дейін Аймақтардың даму бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында іс-шараларды жүзеге асыру	4955
ИДМ	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферттің есебінен жылу және сумен қамтамасыз ету, су бұры жүйелерінің құрылысын жаңғырту шеңберінде берілген тапсырмаларды орындау бойынша сенімді агентке қызметтерінің ақысын төлеу		503
	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферт есебінен жылу, - сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды субсидиялау шеңберінде операторға көрсетілетін қызметтерінің ақысын		41
	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферт есебінен жылу, - сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды субсидиялау		4 410
ҰЭМ	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферт есебінен индустриалды инфрақұрылымды дамытуға Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дамытуға нысанады трансферттер	«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды жүзеге асыру	8 561
	ҚР Ұлттық қорынан нысаналы трансферт қаражатынан бірлесе қаржыландыру есебінен	ҚР тұрақты дамуы мен өсуіне қолдау көрсету шеңберінде техникалық көмек көрсету іс-шараларын жүзеге асыру	3 569
		БАРЛЫҒЫ	1 534 275

Дереккөз: 2018ж. 1 қаңтарындағы №12 ҚР ҚМ Статистикалық бюллетені

3.5. Әлеуметтік шығындар (6.1)

ЛКТ есептілігіне сәйкес, 2017ж. әлеуметтік сала мен жергілікті инфрақұрылымға шығындар 47,9 млрд. теңге құрады, оның ішінде мұнай-газ компанияларының шығындары 39,9 млрд. теңге (жалпы сомадан 83%), тау-кен компанияларының шығындары 8,0 млрд. теңге. Аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға төлемдердің есептелуі бюджеттік сыныптама коды (БСК) 206114 «Аймақты әлеуметтік-экономикалық дамыту және оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары» кодына түседі.⁶⁴

Сонымен қатар, әкімшілік облыстар әкімдіктерінде жыл сайынғы негізде компаниялар, жұртшылық, БАҚ-ты тартумен ашық жиналыстар өткізіледі, ол жерде жергілікті әкімшілік органдар (әрі қарай - ЖӘО) компанияның аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға бөлген қаражаттарын пайдалану туралы есепті ұсынады. Бұл ретте, БСК 206114-ке жіберілген қаражаттан басқа, меморандумдар, әлеуметтік серіктестік шарттары аясында шығындар жүзеге асырылады. 2017ж. материалдармен ӨСАБ ұлттық сайтында танысуға болады <http://eiti.geology.gov.kz/ru/about-us/meetings-in-akimats>

2017 ж. наурыз айында «Қазатомпром» ҰАҚ» АҚ, «УМЗ» АҚ және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі арасындағы серіктестік туралы Меморандумға қол қойылды, осы меморандум шеңберінде 2017-2019жж.кезеңде Шығыс Қазақстан облысының бюджетіне аймақты әлеуметтік-экономикалық дамытуға 3 млрд.теңге мөлшерде жиынтықты соманы аудару жоспарланып отыр.

3.6. Мемлекеттік компаниялардың қазыналық сыңайлы шығындары (6.2)

Мемлекеттік компаниялардың жылдық есептері ішінара немесе толықтай қазыналық іспеттіге жатқызыла алатын шығындар бойынша есепті келтіреді. Мысалы, 2017 жылдағы «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ жылдық есебінде демеушілік және қайырымдылық көмек бойынша және мемлекеттік субсидиялар бойынша деректер келтірілген.⁶⁵ Балама ақпаратты 2017ж. ҚМГ ҰҚ, Қазатомпром ҰАҚ жылдық есептерінен табуға болады.

2018 ж. бірінші рет ӨСАБ есептілігіне қазыналық сыңайлы шығындар бойынша нысан қосылды. Ұлттық компаниялар, еншілес компаниялар және меншіктегі мемлекеттік үлесі бар бірлескен кәсіпорындардың 2017ж. қазыналық сыңайлы шығындар бойынша есеп 4-Қосымшада келтірілген. Жеке компаниялар 833,0 млрд.теңгеге қазыналық сыңайлы шығындар жасаған. Бұл ретте, аталған іс-шараларға жұмсалған барлық сомалардың «болмысын» анықтау мүмкін емес. Компаниялар қайсысы қазыналық сыңайлы шығындар болатынын, қайсысы болмайтынын анықтауға мүмкіндік беретін шығындардың егжей-тежейлі жіктелімі келтірілмейді.

«Самұрық-Қазына» ҰАҚ-ға кіретін компаниялар, өздерінің мәлімдеуі бойынша 15,0 млрд.теңгеге «Самұрық-Қазына Траст» арқылы қазыналық сыңайлы шығындар жүргізді. «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ қайырымдылық шараларының компанияның алған пайдасының есебінен (бұл жағдайда қазыналық сыңайлы

⁶⁴ «Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 71 «Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 17.07.2014ж. №199 бұйрығы.

⁶⁵ <https://www.sk.kz/about-fund/otchety-i-plany/>

операциялар болып саналмайды) қаржыландырылғаны немесе мемлекет нұсқауы бойынша бюджеттік қаражаттан қаражаттандырылғаны (онда бұл іс-шаралар қазыналық сыңайлы болады) анық емес. «Самұрық-Қазына» ҰАҚ ҚҚК-дан «Самұрық-Қазына Траст» табыстарының қалыптасу көздерін анықтау мүмкін болмады. Егер олар кәсіпорын құзырында қалған таза пайдадан аударымдар есебінен қалыптастырылса, олар қазыналық шынайлы шығындарға жатқызыла алмайды. Бұндағы мәселе – компаниялардың 4-Қосымшада келтірілген деректерді толтыратын кезде квазишынайлы шығындар мәнін қалай түсінетіндігінде. Осындай шығындар «табиғатын» анықтау үшін және оларды квазишынайлы шығындарды жатқызуға болатынын/болмайтынын анықтау үшін, сізге қосымша зерделеу жүргізу ұсынамыз.

«Қазақстан Республикасының Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі» біріктірілген ақпараттық жүйесінде (ҚР ЖП ББМЖ БАЖ) Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы бойынша есепті құрастыру және ұсыну тәртібі туралы әдістемелік нұсқаулық қазыналық шығайлы шығындар анықтамасын және өндіруші компаниялардың оларды анықтау әдістемесін қамтымайды.

«Самұрық-Қазына» ҰАҚ ҚҚК қазыналық сыңайлы шығындарға қатысты түсіндіруді қажет ететін шығындар қатарын қамтиды. Осылай, мысалы, **«Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберіндегі мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер** 2016 жылы «Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемені мойындады. 2017 жыл ішінде мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер 4.653 миллион теңге мөлшерде мемлекеттік субсидиялар бойынша табыс сомасына азайтылды. Мемлекеттік субсидиялар бойынша табыстар дисконттың жалпы сомасына қарыздар беру пайызын пайдалану жолымен есептеледі. 2017 жыл ішінде, дисконты 2016 жылдағы мемлекеттік субсидия бойынша міндеттеме ретінде мойындалған Үкіметтен берілген қарызбен байланысты шарттардың өзгеруіне байланысты, Қонд 17,237 миллион теңге сомаға мемлекеттік субсидиялар бойынша табысты есептеді, сонымен қатар, мемлекеттік субсидиялар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелерді қысқа мерзімді міндеттемелерге қайта сыныптады.

Оған қоса, 2017 жыл ішінде осы бағдарлама бойынша қаражаттың бөлігін пайдалану мақсаты өзгертілді және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға қайта жіберілді. Қайта жіберілген қаражаттар мемлекеттік субсидия ретінде сыныпталмайтындықтан, 11382 миллион теңге сомаға міндеттеме қарызды беру сәтінде есептен шығарылды.

Оған қоса, 2017ж. «Самұрық-Қазына» ҰАҚ ӨБК шеңберінде құзіретті органның мемлекеттік функцияларын жүзеге асыратын «PSA» ЖШС-нің 5,803 млн.теңгеге шаруашылық қызметінің нәтижесін Акционерге өзге бөліністер ретінде мойындады.

Осы қаражаттардың табиғаты, болжам бойынша, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ бюджеттік қаражат есебінен өзінің Жарғылық капиталын толтыратындықтан басынан бюджеттік болып табылады, сондықтан «Самұрық-Қазына» ҰАҚ түпкілікті алушыға дейін бюджеттік қаражаты жүзеге асыратын кезде осы шығындар қазыналық сыңайлы шығындар болып саналады.

Оған қоса, ҚҚК-да көрсетілген «Самұрық-Қазына» ҰАҚ шығындарының осы бағыттарымен да қиыншылық туындады. 2012 жылғы 5 сәуірдегі, 2013 жылғы 7 қазандағы және **2017 жылдың 3 шілдесіндегі** Қазақстан Республикасының экономикасын жаңарту мәселелері бойынша Мемлекеттік комиссияның шешімдеріне сәйкес, 2017 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі қалып бойынша **Қор жалпы сомасы 174,954 миллион теңгеге бірқатар инвестициялық жобаларды қаржыландыруды жүзеге асыруы тиіс.** 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қалпы

бойынша Қордың міндеттері игеруге 22.434 миллион теңге көлеміндегі «Қолжетімді баспана -2020» бағдарламасын қаржыландыру бойынша міндеттемелерді және 152,520 миллион теңге мөлшердегі инвестициялық жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді қамтиды, оның ішінде:

- ▶ 56.770 миллион теңгеден артық емес мөлшерде «KPI Inc.» ЖШС жарғылық капиталындағы «Фирма АЛМЭКС ПЛЮС» ЖШС қатысу үлесінің 48%-ын Бірлескен Химия компаниясының сатып алуын қаржыландыру;
- ▶ «Атырау облысында интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Бірінші фаза» инвестициялық жобасының іске асырылуын 92.316 миллион теңгеден артық емес мөлшерде қаржыландыру, оның ішінде «Атырау облысында интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші фаза» инвестициялық жобасының іске асырылуына бұрын бөлінген қаражаттың есебінен 12.495 миллион теңге сомасына қаржыландыру;
- ▶ 3.434 миллион теңге мөлшерінде «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймақты құру» жобасын қаржыландыру.

3.7. Қазақстандық қамтылу бойынша ақпарат

2017 жылдағы тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы қазақстандық қамту бойынша ақпарат 9-Қосымшада келтірілген. **2017ж. сатып алынатын ТЖҚ-дағы қазақстандық қамтылу үлесі 42% құрады.**

Мұнай газ секторы (КСШ). Қазақстан жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларының негізгі үлесі негізгі үш жер қойнауын пайдаланушыға келеді: ТШО, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. және North Caspian Company B.V.).

2017 жылы салыстырудан өткен жер қойнауын пайдаланушылардың тартатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша жалпы сома 4402,8 млрд.теңге құрады, қазақстандық қамту үлесі – 39,8 % (1 753,8 млрд.теңге).

Тау-кен секторы (ҚПК). 2017 жылы салыстырудан өткен жер қойнауын пайдаланушылардың тартатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша жалпы сома 713,8 млрд.теңге, қазақстандық қамту үлесі – 55,1% (393,4 млрд.теңге) құрады.

ДСҰ-ға кіру бойынша келіссөз үдерісінде қол жеткізілген шарттарға сәйкес, Қазақстан 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісімшарттары үшін 2021 ж. 1 қаңтарына дейін жергілікті қамтуды сақтау құқығын мәлімдеді.

3.8 Өндіруші салалардың экономикаға қосатын үлесі (6.3)

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің есептеулері бойынша, 2017ж. мұнай-газ секторының жиынтықты қосылған құны (ЖҚҚ) 9877,1 млрд. теңге немесе ЖЖӨ-ге 18,6% құрады⁶⁶ (2016 ж.– ЖЖӨ-ге 18,2%). Шикі мұнай мен табиғи газды өндіру үлесі; тау-кен өндіруші өнеркәсіптегі техникалық қызметтер ЖЖӨ-ге 11,1% құрайды (2016 ж.– ЖЖӨ-ге 10,4%).

Бейресми сектор қызметінің бағасын Статистика комитеті жүргізбейді, осы есеп шеңберінде мұндай бағамдар жүргізу мүмкін емес.

2017ж. тау-кен өндіруші өнеркәсіп және карьерлерді игеру секторындағы өндіріс көлемі 2016ж. салыстырғанда 9,3%-ға өсті және 11 568,8млрд. теңге құрады, өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлеміндегі оның үлесі 2016 жылдағы 49,4% -дан 50,8%-ға жетті (26-кесте).

⁶⁶ҚР ҰЭМ Статистика комитеті. 31.07.2018ж. № 36-2/274 жедел ақпарат.

Бүкіл тау-кен өндіруші сектор (яғни мұнай газ және тау-кен секторы) өнеркәсіптің 61,9 %-ын қамтамасыз етеді.

26-кесте. 2016-2017 жж. Қазақстан өнеркәсібі құрылымындағы тау-кен өндіруші өнеркәсіп

	Өндіріс кәсіпорындарының саны	Өндіріс көлемі, млрд. тенге		2017 ж. 2016ж %-бен	Үлес, %	
		2016 ж.	2017 ж.		2016ж.	2017ж.
Өнеркәсіп – барлығы	12 385	19 038,2	22 790,2	7,3	100,0	100,0
Тау-кен өндіруші өнеркәсіп және карьерлер игеру	1 458	9 397,8	11 568,8	9,3	49,4	50,8
1. Көмір және лигнит өндіру	36	232,7	292,1	5,2	1,2	1,3
2. Шикі мұнай мен табиғи газды өндіру	100	7 409,9	9 202,7	10,6	38,9	40,4
<i>Шикі мұнай өндіру</i>	98	7 293,1	8 994,9	10,5	38,3	39,5
<i>Табиғи газды өндіру</i>	2	116,8	207,8	12,6	0,6	0,9
3. Металл кен өндіру	100	989,2	1 188,4	7,5	5,2	5,2
<i>Темір кен өндіру</i>	13	194,8	244,0	7,0	1,0	1,1
<i>Түрлі-түсті металл кенін өндіру</i>	87	794,4	944,4	7,6	4,2	4,1
4. Тау-кен өндіруші өнеркәсіптің басқа салалары	707	175,9	192,0	10,6	1,0	0,8
5. Тау-кен өндіруші өнеркәсіп саласындағы техникалық қызметтер	515	590,1	693,6	12,9	3,1	3,1

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті. Кестеге ескертпелер: курсивпен ерекшеленген жолдар қалың қаріппен жолда көрсетілген соманың түсіндірмесі болып табылады

Өндіруші салалардағы жұмысбастылық

2017 ж. тау-кен өнеркәсібі қызметкерлерінің саны 2016 жылмен салыстырғанда 1,4% -ға өсті және 199,8 мың адам құрады (өнеркәсіптегі қызметкерлердің жалпы санынан 31,0%).

2017ж. тау-кен өндіруші өнеркәсіптің қызметкерлерінің экономкаға тартылған жалпы саннан үлесі 2016 ж.деңгейінде сақталды – 2,3%. Өндіруші салалардағы жұмысбастылық бойынша деректер абсолютті бірліктерде және жұмысбастылықтың жалпы санынан пайыз түрінде (27-кестеде) келтірілген.

27-кесте. Тау-кен өндіруші өнеркәсіп қызметкерлерінің саны және олардың жұмысбастылардың жалпы санындағы үлесі

№ р/н	Атауы	2016 ж.	2017 ж.	2017 ж.2016 ж-ға қатынаста,%
1	Экономикаға тартылғандар барлығы, мың адам	8 553,4	8 585,2	0,4
2	Өнеркәсіп	653 697	643 532	-1,6
3	Тау-кен өндіруші салада, барлығы, адам, оның ішінде:	197 071	199 758	1,4
4	Көмір және лигнит өндіру	29 686	28 420	-4,3
5	Шикі мұнай мен табиғи газды өндіру	47 283	48 332	2,2
6	Металл кен өндіру, адам	78 191	82 062	5,0
7	Тау-кен өндіруші өнеркәсіптің басқа салалары	12 782	11 556	-9,6
8	Тау-кен өндіруші өнеркәсіп саласындағы техникалық қызметтер	29 129	29 388	0,9
9	Экономикаға тартылғандардың жалпы санынан тау-кен өндіруші өнеркәсіп қызметкерлерінің үлесі, %	2,3	2,3	

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

IV. ЕСЕП ТӨЛЕМДЕРІН САЛЫСТЫРУ

4.1. Елеулі салықтық және салықтық емес Төлемдер/Түсімдер туралы жиынтықты есеп

Алушы ҚР ҚМ МКД ақпараттық жүйесінің- Аналитикалық есептер құрастырғышы деректеріне сәйкес алынған Төлеушілер бойынша мәліметтерді ұсынды. Бюджетке аударымдарды, оның ішінде өндіруші салалардың аударымын бақылау Есеп комитетінің Жыл сайынғы бақылау іс-шараларының жоспарлары бойынша сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау бағдарламасында қарастырылған.

«Елеулі салықтық және салықтық емес Төлемдер/Түсімдер туралы есептерді» салыстыру төмендегіні қосқанда сатып алынатын қызметтердің техникалық сипаттамасына сәйкес жүргізілген:

- Тізімді нақтылау;
- ҚР ЖҚП БМБЖ БАЖ жүйесінен Төлеушілерден Есептер алу;
- Төлеушілермен есептер бойынша жұмыс жасау (деректерді нақтылау, есепті толтыру нұсқаулығына сәйкес құрастыру тәртібін бұзумен байланысты техникалық деректерді түзету);
- Алушыдан Төлеушілер бойынша есепті алу;
- Төлеушілердің есебін Алушының есептерімен салыстыру;
- Айырмашылықты анықтаған жағдайда растаушы құжаттарды (банктердің, төлем тапсырмаларының, дербес шоттардың және т.б.үзінді көшірмелері) ұсыну үшін Төлеушілерге электронды пошта бойынша сұраныстар жібердік;
- «Елеулі салықтық және салықтық емес Төлемдер/Түсімдер туралы жиынтықты есепті» құрастыру.

Салыстыру барысында біз 148 Төлеушіде қаржылық есептіліктің Халықаралық стандарттарына сәйкес құрастырылған, 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы қаржы есептілігіне аудит жүргізілгенін анықтадық, осыдан келіп Төлеушілердің есептерінде ұсынылған ақпарат тексерілген және аудиторлық есеппен расталған деген қорытынды жасауға болады. Қалған Төлеушілерде аудиторлық тексеріс жүргізілуде, 2018 жылдың қараша айының соңында аяқталады деп күтілуде. Аудиторлық есепті ұсынбаған компаниялар бойынша 1 974,2 мың теңге сомда салықтар төленген, ол келіп түскен салықтардың жалпы сомасынан 0,52% құрайды. Төлеушілер бойынша ақпарат 1-4 және 1-5 қосымшаларда ұсынылған.

Айырмашылықтарды нақтылауға және айырмашылықтардың себептерін анықтауға бағытталған рәсімдерді жүргізгеннен кейін, біз «2017 жылдағы Қазақстан Республикасының мұнай-газ және тау-кен секторларының Төлеушілерінің елеулі салықтық және салықтық емес Төлемдері/Түсімдері туралы жиынтықты есепті» құрастырдық (1-6 Қосымшасы). Төлеушілер қимасындағы бюджетке төлемдер бойынша ақпарат 1-4 және 1-5. Қосымшаларында ұсынылған. 2017 жылы Техникалық тапсырмаға сәйкес салыстыруға 163 компания, оның ішінде 91 тау-кен секторының компаниясы және 72 мұнай-газ секторының компаниялары қосылған.

Тау-кен секторының 91 компанияларының ішінде «Қазақмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы – «Карагандацветмет» өндірістік бірлестігі салыстыруға кірмейді, себебі Алушы ол бойынша деректерді жеке ұсынбады, салыстыру бүкіл компания бойынша жалпы орындалды. Бір компания есепті ұсынбалы («Сатбор» ЖШС), жұмыстар жүргізілуде, оған шаралар қолданылуда. «Сарыарқа» ӘКК» ҰК» АҚ компаниясы, «Стандарт Цемент» ЖШС, «Крамдс Кварцит» ЖШС келесідей себептермен салыстыруға қатыспайтындығы туралы хаттарды ұсынды:

- «Сарыарқа» ӘКК» ҰК» АҚ 2017 жылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша қызметті жүзеге асырмады;
- «Крамдс-Кварцит» ЖШС Тектұрмас кварциттер кен орнын игеруде және кең таралған пайдалы қазбаларды (ҚТПК) өндірумен айналысуда;
- «Стандарт цемент» ЖШС негізгі қызметі болып цемент өндіру табылады, 2017 жылы «ОҚО Созақ ауданы Таскөмірсай кен орнында көмірді өндіру келісімшарты бойынша жұмыс бағдарламасына» сәйкес өндіру бойынша жұмыстар жүргізілмеді және бюджетке төлемдер болмады.

Олардың салықтары мен төлемдерінің жалпы сомасындағы үлесі 1 613,32 млн.теңге құрады (2017ж. тау-кен секторы бойынша салықтардың жалпы сомасынан 0,28 %).

Мұнай-газ секторының 72 компаниясының ішінен салыстырудан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ алынып тасталды, ол өзінің «ӨзенМұнайГаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдарын жеке акционерлік қоғамдарға қайта ұйымдастырды. Осы АҚ-лар салыстыруға дербес жер қойнауын пайдаланушы-компаниялар ретінде қатысады.

«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» филиалы, «PSA» ЖШС, «КОР» мұнай компаниясы» АҚ компаниялары келесідей себептермен салыстыруға қатыспайтындығы туралы хаттарды ұсынды:

- «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» филиалы жер қойнауын пайдаланушы емес, Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісім шеңберінде тағайындалған Оператор болып табылады;

- «PSA» ЖШС мемлекет атынан 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы Келісім бойынша үлесті алушысы ретінде анықталған. Осыған байланысты, жер қойнауын пайдаланушыдан заттай нысандағы салық міндеттемесінің орындалу есебінде алынған пайдалы қазбаларды заттай нысандағы салық міндеттемесінің орындалу есебінде өткізеді;

- «КОР» мұнай компаниясы» АҚ Компанияның құпия саясатына байланысты ӨСАБ бойынша есепті ұсынбады.

Олардың салықтары мен төлемдерінің жалпы сомасының үлесі 28 471,73 млн.теңге құрады (2017ж. мұнай-газ секторы бойынша салықтардың жалпы сомасынан 0,87 %).

Салықтар мен бюджетке өзге міндетті төлемдердің алушылары (бұдан әрі –»Алушы»):

- Қазақстан республикасыны Қаржы Министрлігінің мемлекеттік табыстар комитеті, – салықтар, кедендік және бюджетке басқа төлемдер бойынша;
- ҚР энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, - заттай нысанда жүргізілетін Төлемдер бойынша.

2017 жылы жер қойнауын пайдаланушы Төлеушілерден (салыстыру жүргізілген) 3 827 652,1 млн.теңге сомада салықтар мен өзге төлемдер бойынша бюджетке табыстар түсті, оның ішінде мұнай-газ секторы Төлеушілерінен 3 244 433,01 млн.теңге сомада (табыстардың жалпы сомасынан 84,76%), тау-кен секторы Төлеушілерінен 583 681,42 млн.теңге сомада (табыстардың жалпы сомасынан 15,24%) табыстар түсті.

Төлеушілерді деректері мен Алушыларды деректерінің 2017 жылдағы айырмашылықтары 16 018,27 млн. теңге құрады, (Төлемдердің жалпы сомасынан 0,42%), оның ішінде мұнай газ секторы бойынша 14 873,76 млн.теңге, тау-кен секторы бойынша 1 144,51 млн.теңге құрады. Айырмашылық негізінен I-III «Салықтар» және IV»Кеден төлемдері» тарауы бойынша жүзеге асты. Анықталмаған айырмашылықтар бойынша төлемдер дербес шоттармен, салыстыру актілерімен және төлем тапсырмаларымен расталған.

Төлеушілердің деректері мен Алушының деректері арасындағы айырмашылықтың сипаттамасы төменде берілген. Төлеушілердің деректері мен Алушының деректері арасындағы жалпы айырмашылықтар объективті көрсету мақсатымен модуль бойынша есептелген, осыған байланысты айырмашылықтарды жақсырақ түсіну үшін пайдаланушыларға бөдшектенген ақпараттармен танысу керек.

4.1.1. Салық түсімдері

Мың теңге 2017

Төлеушілер есебі	1 371 085 543
Алушы есебі	1 383 934 849

Айырма **13 563 671**

Оның ішінде салықтар қимасында салыстыру нәтижесі:

1. Корпоративті табыс салығы, БСК 101105-101110

Корпоративті табыс салығының жалпы қорытынды сомасы бұл сомалардың белгілі бір кезеңге жатқызылуынан тәуелсіз, өсімпұл мен айыппұлдарды ескере отырып, корпоративті табыс салығының барлық түрлері бойынша есепті кезеңде іс жүзінде төленген Төлемдерден, сондай-ақ көрсетілген БСК-на қатаң сәйкестікте артық төленген басқа салықтар немесе төлемдер сомаларының есебінен салық берешегін өтеу сомасынан тұрады. Басқа салықтың немесе төлемнің есебіне жазылған салықтың артық төленген сомасын төлем сомасын азайту деп санаған жөн.

Мың теңге 2017

Төлеушілердің есебі	1 378 811 860
Төлем алушының есебі	1 378 717 296

Айырма **394 564**

Төлеушілердің деректерімен Төлем алушының деректері арасындағы «Корпоративті табыс салығы» бойынша айырмашылық 394 564 мың теңге құрады.

Айырмашылықтар бойынша ақпарат төменде келтірілген:

№ р/н	Компания	Қорытынды деректер		Айырмашылық	
		Төлеуші	Төлем алушы	Анықталған	Анықталмаған
1	«Ақбастау» БК АҚ «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг	4 421 659	4 571 659	150 000	-
2	Б.В.» қазақстан филиалы	(2 900 000)	(2 949 682)	49 682	-
3	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	4 381 020	4 246 081	134 939	-
4	«Теңізшевройл» ЖШС	608 083 741	608 023 798	59 943	-
Жиыны		613 986 420	613 891 856	394 564	-

Анықталмаған айырмашылықтар бойынша төлеушілер бюджетпен есептеулер жағдайы туралы дербес шоттан үзінді көшірмелерді, төлем тапсырмаларын және жазбаша түсініктемелерді ұсынды.

«Ақбастау» БК» АҚ және Алушы арасындағы айырмашылық 150 000 мың теңгені құрады.

БСК	Компания	Қорытынды деректер		Айырмашылық	
		Төлеуші	Төлем алушы	Анықталған	Анықталмаған
101110	«Ақбастау» БК» АҚ	4 421 659	4 571 659	150 000	-
Жиыны		4 421 659	4 571 659	150 000	-

Төлеуші, «Ақбастау» БК» АҚ растаушы құжаттар ретінде 150 000 мың теңгені 105302-ден БСК101110 -ға ауыстыру бойынша 05.07.2017 жылғы салықтар, төлемдер мен өсімпұлдардың артық (қате) төленген сомасын есептеуге арналған

өтінішті, 2017 жылдағы жоғарыда көрсетілген БСК бойынша абсолютті дербес шоттар бойынша үзінді көшірмелерді ұсынды. Айырмашылық Төлеушінің өзінің есебінде сомалардың басқа БСК-дан аударылғанын есепке алмағанының нәтижесінде орын алған:

№ р/п	БСК	Төлөнді			Бюджеттен қайтарылды (ауыстыру)			Жиыны
		салық	өсімпұл	айыппұл	салық	өсімпұл	айыппұл	
1	101110	4 421 659	-	-	150 000	-	-	4 571 659
2	105302	-	-	-	(150 000)	-	-	(150 000)
Жиыны		4 421 659	-	-	-	-	-	4 421 659

«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» және Алушы арасындағы айырмашылық 49 682 мың теңгені құрады. Айырмашылық Төлеушінің бейрезидени-компания үшін жасалған төлемді ескермеуінің салдарында орын алды.

БСК	Компания	Қорытынды деректер		Айырмашылық	
		Төлеуші	Төлем алушы	Анықталған	Анықталмаған
101105	«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» қазақстан филиалы	(2 900 000)	(2 949 682)	49 682	-
Жиыны		(2 900 000)	(2 949 682)	49 682	-

Растамасы ретінде «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» ЖШС БСК 101105 бойынша дербес шотынан үзінді көшірмені жіберді, аталмыш көшірмеде Төлеушінің бейрезидент компания үшін 49 682 мың теңгені төлегені көрінеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және Төлеуші арасындағы айырмашылық 134 939 мың теңге құрады.

БСК	Компания	Қорытынды деректер		Айырмашылық	
		Төлеуші	Төлем алушы	Анықталған	Анықталмаған
101110	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	-	(134 939)	134 939	-
Жиыны		-	(134 939)	134 939	-

Төлеуші растаушы құжаттар ретінде 31.12.2017ж. жағдайы бойынша нөлдік түсімдерді қамтитын абсолютті дербес шот бойынша үзінді көшірмені ұсынды. Алушы берген түсініктемелерге сәйкес, осы айырмашылық Төлеушінің 2016 жылы жасаған қате төлемді қайтару салдарында орын алған, ал 2017 жылы аталмыш төлемді Алушы қажетті БСК-ға аудару жолымен реттеген болатын.

«Теңізшевройл» ЖШС және Алушы арасындағы айырмашылық 59 943 мың теңгені құрады.

БСК	Компания	Қорытынды деректер		Айырмашылық	
		Төлеуші	Төлем алушы	Анықталған	Анықталмаған
101110	«Теңізшевройл» ЖШС	-	(31 698)	31 698	-
101105	«Теңізшевройл» ЖШС	608 083 741	608 055 496	28 245	-
Жиыны		608 083 741	608 023 798	59 943	-

Төлеуші растаушы құжаттар ретінде 31.12.2017ж. жағдайы бойынша БСК 101110 бойынша нөлдік түсімдерді қамтитын абсолютті дербес шот бойынша үзінді көшірмені ұсынды. Ауызша түсініктемесіне сәйкес, «Теңізшевройл» ЖШС мұнай секторының ұйымы болып табылады, сәйкесінше, осы БСК «Мұнай секторы

ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан ұсталатын корпоративтік табыс салығы» бойынша ешқандай операцияларды жүзеге асырмайды.

Қосымша сұрау салу бойынша, ҚР ҚМ және Қазынашылық «ERUMA SECURITY INTERNATIONAL LIMITED» компаниясының пайдасына, Компанияның 22.11.2017 жылғы хатына сәйкес жүргізілген 84 820,11 АҚШ доллары сомасында жүргізілген қайтаруды растады, бұл теңге эквивалентінде 28 245 мың теңгені құрады. Сондай-ақ, Компанияның 30.01.2017ж. хатына сәйкес, «ГТТ Прайм» ЖАҚ пайдасына жүргізілген теңге эквивалентінде 31 698 мың теңгені құрайтын 96 427,12 АҚШ долларын қайтару жүргізілген. «Атырау облысы бойынша МКД» РММ жоғарыда көрсетілген компаниялар мен Төлеушінің мекенжайларына хаттар жіберді, аталмыш хата Салық комитеті тақырыптық тексерістерді жүргізгеннен кейін төлеу көзінен ұсталған салықтарды Төлеушіге қайтару қажеттілігі көрсетілген. Қосымша түрде, біздің сұранысымызға сәйкес, растау ретінде ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті Атырау облысы бойынша «Шетел валютасындағы шоттар, сыртқы берешектердің немесе байланысты гранттардың шоттары, сыртқы берешектердің немесе байланысты гранттардың шоттарына арналған шоттар бойынша үзінді көшірмені» жіберді, аталмыш үзінді көшірмеде операциялардың арналымында жоғарыда көрсетілген деректер көрсетілген. Төлеуші өз есебінде аталмыш қайтаруларды көрсетпегендіктен, бұл айырмашылықтардың пайда болуына себеп болды.

2. Жеке табыс салығы, БСК 101201-101202, 101204-101205

Жеке табыс салығының жалпы қорытынды сомасы белгілі бір кезеңге тиістіліне қарамастан, өсімпұл мен айыппұлдарды ескере отырып, жеке табыс салығының барлық түрлері бойынша есепті кезеңде іс жүзінде төленген төлемдерден, сондай-ақ көрсетілген БСК-на қатаң сәйкестікте артық төленген басқа төлемдердің есебінен салық берешегін өтеу сомасынан тұрады. Басқа төлемнің есебіне жазылған артық төленген төлем сомасы есепке жазылған сомаға азайтылды.

Мың теңге **2017**

Төлеушілердің есебі	78 242 453
Төлем алушының есебі	90 981 903

Айырмашылық **12 739 450**

Төлеушілердің деректері мен Төлем алушының деректері арасындағы «Жеке табыс салығы» бойынша айырмашылық 12 739 450 мың теңге құрады.

Айырмашылықтар жайлы ақпарат төменгі кестеде көрсетілген:

№ р/н	Компания	Қорытынды деректер		Айырмашылық	
		Төлеуші	Төлем алушы	Анықталған	Анықталмаған
1	«VERTEX HOLDING» ЖШС	4 669	4 864	195	-
2	«Теңізшевройл» ЖШС	6 109 486	18 531 903	12 422 418	-
3	«ҚазМұнайТеңіз» теңіз мұнай компаниясы» АҚ	48 800	365 638	316 838	-
Жиыны		6 162 955	18 902 405	12 739 450	-

Анықталмаған айырмашылықтар бойынша төлеушілер бюджетпен есептеулер жағдайы туралы дербес шоттан үзінді көшірмелерді, төлем тапсырмаларын және жазбаша түсініктемелерді ұсынды.

«ҚазМұнайТеңіз» теңіз мұнай компаниясы» АҚ және Төлеуші арасындағы айырмашылық жыл сайын пайда болатын 316 838 мың теңгені құрады.

БСК	Компания	Қорытынды деректер		Айырмашылық	
		Төлеуші	Төлем алушы	Анықталған	Анықталмаған
101201	«ҚазМұнайТеңіз» теңіз мұнай компаниясы» АҚ	48 800	365 638	316 838	-
Жиыны:		48 800	365 638	316 838	-

«ҚазМұнайТеңіз» теңіз мұнай компаниясы» АҚ бойынша:

БСК	Айырмашылық	Түсініктеме	Ұсынылған құжаттар
101201	316 838	«Толқын» және «Боранкөл» келісімшарт аумақтарын сенімгерлік басқару (СБ) бойынша қызметті жүзеге асырады. СБ бойынша қызмет шенберінде салықтар мен бюджетке төлемдерді төлеу ҚР ЭМ рұқсатымен арнайы банк шотынан жүзеге асырылады. СБ бойынша қызметті есепке алу жеке жүргізіледі, ҚМТ филиалының жеке қаржы есептілігінде көрсетіледі және «Ernst & Young ЖШС аудиторлары растаған ҚМТ қаржы есептілігінде шоғырланбайды.	15.08.2018ж. № 201-09/784 шығыс хаты , 21.07.2010ж. № 1 ДУ-УВС/198-26 және № 2-ДУ-УВС/197-26 келісімшарт
103101	286 084		
104309	6 039		
105115	625		
105326	17 691		
204110	599		
204201	227		
106110	1 315 873		
106201	512		

Жиыны 1 944 488

«Теңізшевройл» ЖШС және Алушы арасындағы айырмашылық 12 422 418 мың теңгені құрады.

БСК	Компания	Қорытынды деректер		Айырмашылық	
		Төлеуші	Төлем алушы	Анықталған	Анықталмаған
101201	«Теңізшевройл» ЖШС	6 109 486	18 531 903	12 422 418	-
Жиыны :		6 109 486	18 531 903	12 422 418	-

«Теңізшевройл» ЖШС бойынша БСК 101201 бойынша 12 422 418 мың теңге сомасында айырмашылық қалыптасты, Төлеуші соманы Шеврон компаниясының іссапарға жіберілген қызметкерлерінің ЖТС-ның төлемі ретінде түсіндіреді. Шеврон компаниясы ЖТС-ны ҚР бюджетіне тікелей төлейді, есептеу «Теңізшевройл» дербес шоттарына жыл сайын БСК 101201-ге жүзеге асырылады, алайда Төлеуші бізге құжаттық растау берген жоқ.

«Vertex Holding» ЖШС және Алушы арасындағы айырмашылық 195 мың теңгені құрады.

БСК	Компания	Қорытынды деректер		Айырмашылық	
		Төлеуші	Төлем алушы	Анықталған	Анықталмаған
101202	«Vertex Holding» ЖШС	-	195	195	-
Жиыны:		-	195	195	-

